ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘӨЖ 811.512.122’373.611(043.3) Қолжазба құқығында

АҚЖІГІТОВА АҚҚИБАТ ОРАҚБАЙҚЫЗЫ

Қазақ сөзжасамындағы заттану: семантикалық-коммуникативтік аспект

«8D02307 – Қазақ филологиясы»
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы
А.Б.Салқынбай
(Алматы, Қазақстан)

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Кастамону университетінің профессоры,
PhD Орхан Сөйлемез
(Кастамону, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 3
КІРІСПЕ 4

1 ЗАТТАНУ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ 9
1.1 Қазақ сөзжасамындағы заттанудың зерттелуі 9
1.2 Заттану үдерісінің түркітануда және орыс тіл білімінде зерттелуі 17
1.3 Заттану – сөзжасамдық үдеріс 26

2 СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ ЗАТТАНУЫ: СЕМАНТИКАЛЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК СИПАТЫ 46

2.1 Етістік тұлғаларының заттануы: семантикасы мен қолданысы 46
2.2 Есім сөздердің заттану үдерісі: семантикалық модельдері мен қолданыс ерекшеліктері 69
2.3 Заттанған үстеу, еліктеу сөз бен одағайлардың семантикалық-коммуникативтік ерекшеліктері 97

3 ЗАТТАНҒАН СӨЗДЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК АСПЕКТІСІ 109
3.1 Заттанған сөздердің коммуникативтік ерекшелігі 109
3.2 Қазақ поэзиясындағы заттанған сөздердің қолданысы (Абай өлеңдері негізінде) 128
3.3 Қазақ паремиологиясындағы заттанған сөздер: семантикалық даму және коммуникативтік қолданыс 137
3.4 ЖИ мәтіндеріндегі заттанған сөздердің жиілік көрсеткіші (ғылыми мәтіндер негізінде) 147

ҚОРЫТЫНДЫ 154
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 164
ҚОСЫМША А 172

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі

ЖИ – жасанды интеллект (OpenAI компаниясы әзірлеген ChatGPT моделі)

М.Ә. – Мұхтар Әуезов

С.М. – Сәбит Мұқанов

Ғ.М. – Ғабит Мүсірепов

Ғ.Мұст. – Ғабиден Мұстафин

А.Б. – Ақымет Байтұрсынұлы

Ж.Ж. – Жамбыл Жабаев

С.Ш. – Сафуан Шәймерденов

«Қаз. мұғ.» – «Қазақстан мұғалімі» журналы

Мақ. – мақал

КІРІСПЕ

Диссертацияның өзектілігі. Қазіргі қазақ тіл білімінің сөзжасам жүйесі – тілдің ішкі даму заңдылықтарын айқындайтын жетекші салалардың бірі. Кез келген тілдің сөздік қоры мен байлығы сол тілдің сөзжасамы арқылы толығып, мағыналық өзгерістерге түсіп, дамиды. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі соңғы уақытта жан-жақты зерттеліп, тіл білімінің жеке саласы болып қалыптасты. Зерттеушілер соңғы жылдары сөзжасамын саласын әртүрлі аспектіден зерттеу жүргізіп келеді.

Қазақ сөзжасамындағы заттану үдерісі – тілдің динамикалық сипатын, лексика-грамматикалық категориялардың байланысын, мағыналық дамудың күрделілігін айқын көрсететін құбылыс. Осыған байланысты заттану мәселесін қазақ тіл білімінде морфология, синтаксис және сөзжасам шеңберінде әр қырынан қарастыру – өзектілігін жоғалтпаған мәселе. Сонымен қатар бұл үдерістің семантикалық дамуы мен коммуникативтік қызметін кешенді түрде зерттеу де ғалымдардың міндеті.

Қазақ тіліндегі заттану құбылысы көбіне сын есім мен есімшенің аясында ғана зерттеліп келді. Алайда есімше мен сын есімдерден басқа да сөз таптары түрлі дәрежеде заттана алады. Осы тұрғыдан алғанда заттану үдерісін барлық сөз таптарының шеңберінде қарастыру орынды. Сондай-ақ тілдің қазіргі функционалдық парадигмасы аясында сөздерді тек құрылымдық емес, семантикалық және коммуникативтік қырларын қатар қарастыруымыз керек. Себебі заттану арқылы туындаған атаулардың мағыналық аясын жан-жақты түсіндірудің маңызы зор.

Сонымен бірге қазіргі қазақ тілінің қоғамдық-коммуникативтік кеңістігі едәуір кеңейіп, ғылыми, публицистикалық және көркем мәтіндерде тілдік бірліктердің қызметі күрделене түсуде. Осындай үдерістер заттану құбылысын бұрынғыдай тек сөзжасам шеңберінде емес, оның функционалдық мүмкіндіктерін жаңа қырынан қарастыру қажеттігін туындатады. Заттанған сөздер мен тіркестердің мәтін құраудағы орны, сондай-ақ олардың номинациялық және референциялық қызметтері семантикалық және коммуникативтік аспектілердің өзара байланысы арқылы көрінеді. Дегенмен, аталған мәселелер қазақ сөзжасамы аясында толық жүйеленіп, кешенді сипатта арнайы зерттеу нысанына айнала қойған жоқ.

Осыған байланысты қазақ сөзжасамындағы заттану құбылысын семантикалық-коммуникативтік аспектіде арнайы қарастыру тіл біліміндегі бірқатар теориялық мәселелерді нақтылай түсуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл бағыт сөзжасамдық үдерістерді тек құрылымдық емес, функционалдық қырынан тануға жол ашады. Мұндай зерттеу нәтижелері қазақ тілінің сөзжасам жүйесін антропоөзектік және функционалдық парадигмалар негізінде жаңаша түсіндіруге негіз болады. Сондай-ақ тілдік бірліктердің мағынасы мен олардың қолданысы арасындағы байланысты тереңірек сипаттауға жағдай жасайды. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыстың

тақырыбы қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылады.

Қазақ тіл білімінде әлі де толық шешімін таппаған, арнайы қарастыруды қажет ететін мәселелер бар. Солардың бірі – қазақ сөзжасамындағы заттану құбылысы. Аталған зерттеуде заттанған сөздер мен олардың негізінде қалыптасқан атаулар жүйесінің дамуы мен қызметі халықтың танымдық жүйесімен, сондай-ақ рухани және материалдық мәдениетімен сабақтастықта қарастырылады.

Қазақ тіл білімінде заттану үдерісіне қатысты алғашқы ғылыми тұжырымдар А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, А. Ысқақов, Ә. Төлеуов, Ж. Шәкенов, Р. Әмір, Р. Сыздық, Н. Оралбаева, А. Салқынбай, Б. Қасым еңбектерінен көрініс табады. Жалпы алғанда, басқа тілдердегі сияқты қазақ тілінде де заттану үдерісінің бар екені ғалымдар тарапынан бірнеше рет айтылғанымен, бұл құбылысты арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырған еңбектердің саны көп емес. Дегенмен заттануды негізгі тақырып ретінде қарастырған зерттеулер де кездеседі. Осы қатарда М. Матжанова, Ж. Амирова, С. Саменова еңбектерін атауға болады. Аталған зерттеулерде заттану құбылысы көбіне есімше мен сын есімнің заттануы шеңберінде сипатталады. Ал басқа сөз таптарының заттану ерекшеліктері, заттанған бірліктердің семантикалық сипаты мен олардың коммуникативтік қырлары арнайы қарастырудан тыс қалып келеді. Кейінгі жылдары сөзжасам саласы құрылымдық грамматикадан бөлек қарастырыла бастағандықтан, заттану құбылысы зат есім сөзжасамының бір тәсілі ретінде танылды. Бүгінде тілімізде қолданылу аясы өте кең, тілге ену тарихы әріде жатқан бұл үдерістің теориялық тұрғыдан негізделуінің жеткіліксіз болуы – осы мәселені әлі де толықтырудың, зерттей түсудің қажеттілігін көрсетеді. Демек, қазақ сөзжасамындағы заттану үдерісін семантикалық және коммуникативтік аспектіде қарастыру – қазақ сөзжасамында өзекті мәселелердің бірі.

Диссертацияның нысаны. Заттанған сөздер мен атаулардың семантикалық табиғаты және олардың коммуникативтік қызметі.

Диссертацияның пәні. Қазақ тіліндегі заттану үдерісі арқылы жасалған атаулар мен контексте заттанған сөздер.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың мақсаты – қазақ сөзжасамындағы заттанған сөздердің мағыналық даму ерекшеліктерін, толық заттану мен контекстік заттанудың айырмасын семантикалық тұрғыдан талдап, қазіргі қолданыс аясын коммуникативтік аспектіде зерттеу. Осы мақсатқа орай диссертациялық жұмыста мынадай **міндеттерді** жүзеге асыру белгіленді:

– қазақ сөзжасамындағы заттану үдерісінің пайда болу, даму жолдарын айқындау арқылы зат есімнен басқа сөз таптарының заттану деңгейін анықтау;

– әртүрлі сөз таптарынан пайда болған атауларды талдау арқылы олардың ішкі мағыналық құрылымын ашу;

– заттанған сөздерді топтастырып, семантикалық модельдерге жіктеу;

– заттанған сөздердің заттану дәрежесін анықтап, уақытша заттанған сөздердің коммуникативтік сипатын ашу;

– түрлі мәтіндерде (қазақ паремиологиясында, өлең мәтіндерінде, ауызекі тілде т.б.) кездесетін контекстік заттанған сөздер мен атау деңгейінде заттанған сөздердің мағынасын жүйелеп көрсету;

– жасанды интеллект (OpenAI компаниясы әзірлеген ChatGPT моделі) құрастырған ғылыми мәтіндерде кездесетін заттанған сөздердің жиілік көрсеткішін анықтау.

Диссертацияның дереккөздері. Жұмыстың дереккөздері ретінде жалпы тіл біліміндегі заттану теориясына қатысты айтылған пікірлер; арнайы ғылыми зерттеу еңбектері және «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (Т. Жанұзақов, 2008), «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі» (1974-1986), «Абай тілінің сөздігі» (1968), «Қысқаша этимологиялық сөздік» (1966), М. Қашқари «Диуани лұғат ат-Түрік» сөздігі (құраст. А. Егеубаев), «Бабалар сөзі» ұжымдық еңбегі, Қазақ тілінің ұлттық корпусы (https://qazcorpus.kz/), М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, С. Сейфуллин, Д. Досжан т.б. қазақ қаламгерлерінің шығармалары, ауыз әдебиетінің үлгілері, қазақтың мақал-мәтелдері, бұқаралық ақпарат құралдары мен ауызекі сөйлеу тілінің материалдары мен жасанды интеллект (OpenAI компаниясы әзірлеген ChatGPT моделі) құрастырған ғылыми мәтіндер пайдаланылды.

Диссертацияның әдіснамалық негіздері. Зерттеу жұмысында тіл ғылымындағы заттануға қатысты ғылыми пікірлер, қағидалар, теориялық ұғым-түсініктер негізге алынды. Ғылыми деректерге талдау жасалып, алынған түйіндер жұмысқа теориялық және әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар жұмыста А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, А. Ысқақов, Ә. Төлеуов, Ж. Шәкенов, М. Оразов, Р. Әмір, Н. Оралбаева, Р. Сыздық, А. Салқынбай, Д. Алкебава, Б. Қасым т.б. ғалымдардың еңбектерімен қоса, М. Матжанова, Ж. Амирова, С. Саменова т.б. заттануды зерттеген ғалымдардың зерттеулері, сондай-ақ шетел ғалымдарынан Л.Б. Перльмуттер, И.М. Подгаецкая, Г.А. Абдурахманов, С.Д. Липкин, А.М. Барзилович, М.Ф. Лукин, В.В. Лопатин, Ф.А. Ганиев, А.А. Аймурзаева, Е.М. Хачирова, О.В. Редькина, И.В. Высоцкая, А.Ф. Гайнутдинова еңбектері, сөзжасам, аталым, уәждеме, семантика, функционалды грамматика, когнитивтік теорияларға қатысты ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынды. Диссертация жұмысында жалпы 2269 заттанған бірлік талданды. Оның ішінде сын есімдерден жасалған заттанған сөздер 48 пайызды, етістік тұлғаларынан жасалған заттанған сөздер 37 пайызын, ал басқа сөз табынан заттанған тілдік бірліктер 15 пайызды құрады.

Диссертацияның әдіс-тәсілдері. Зерттеу барысында тілдік бірліктерді жинақтау, жүйелеу және оларды семантикалық топтарға жіктеу әдістері қолданылды. Тілдік деректерді талдау барысында салыстырмалы талдау және дескриптивті талдау тәсілдері пайдаланылды. Қазақ және шетелдік ғалымдардың еңбектері теориялық негіз ретінде алынып, олардың тұжырымдары жалпылау және қорыту әдістері арқылы дәйектелді. Әртүрлі

мәтіндерде кездесетін заттанған сөздердің мағынасы мен қолданыс ерекшеліктерін анықтау мақсатында семантикалық және контекстік талдау жүргізілді. Ал заттанған тілдік бірліктердің қолданыс жиілігі мен ерекшеліктерін айқындау үшін статистикалық талдау әдісі қолданылды.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысында қазақ тіліндегі заттанған сөздер және олардың негізінде қалыптасқан атаулар тұтас қарастырылып, заттану үдерісінің табиғатын ашатын негізгі белгілері айқындалып, жасалу жолдары сараланып, тілдегі қолданылу аясы анықталды. Зат есім категориясын байытудағы заттанудың атқаратын қызметі көрсетіліп, заттану үдерісінің сөзжасамдық, семантикалық сипаты мен коммуникативтік қызметі айқындалды. Атап айтқанда:

– қазіргі қазақ тіл біліміндегі зат есімнен басқа сөз таптарына тән тіл бірліктері талданып, олардың заттану дәрежесі анықталды;

– заттық мағынаның қалыптасуына ықпал ететін сөздің ішкі мағыналық құрылымының мәні нақты тілдік деректер арқылы сараланды;

– заттанған сөздердің семантикалық моделдері айқындалды;

– заттанған тіл бірліктері коммуникативті аспектіден қарастырылып, мысалдар арқылы талданды;

– түрлі қолданыста көрініс тапқан заттанған сөздердің мағынасы жүйеленді;

– жасанды интеллект (OpenAI компаниясы әзірлеген ChatGPT моделі) құрастырған ғылыми мәтіндерде кездесетін заттанған сөздердің жиілік көрсеткіші түзілді.

Диссертацияның теориялық және практикалық маңызы. Зерттеу нәтижелері мен жасалған пайымдаулар қазақ тіліндегі заттану үдерісінің семантикалық және сөзжасамдық табиғатын тереңірек түсіндіруге және оның функционалдық-коммуникативтік қырларын айқындауға мүмкіндік береді. Диссертацияда ұсынылған материалдар мен тұжырымдарды жоғары оқу орындарында қазіргі қазақ тілінің «Семантика» және «Сөзжасам» салаларын оқыту үдерісінде, сондай-ақ сөзжасам мәселелеріне арналған арнайы курстар мен элективті пәндерді әзірлеу және жүргізу барысында қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

– Қазақ тіліндегі заттанған сөздер тілдік қолданыста жиі кездесіп, сөзжасам жүйесінде өнімді құбылыс ретінде көрінеді. Жинақталған тілдік деректер олардың атау жасау процесіндегі орнын, қалыптасу жолдарын, мағыналық аясын және қолданыс ерекшеліктерін айқындауға негіз болады. Сонымен қатар бұл материалдар заттанудың сөзжасамдық сипатын кешенді тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді;

– Зат есімнен өзге сөз таптарының (сын есім, етістік, сан есім, үстеу және т.б.) заттануы атаужасамда жаңа ұғымдар мен мағыналардың қалыптасуына жол ашады. Бұл құбылыс тілдің ішкі даму заңдылықтарын айқындаумен қатар, оның лексикалық құрамының толығуына да әсер етеді;

– Заттану үдерісінің қалыптасуына түрлі тілдік факторлар ықпал етеді. Олардың қатарында үнем заңы, мағынаның құбылуы, сондай-ақ мағынаның

кеңеюі мен тарылуы сияқты үдерістер ерекше орын алады. Аталған факторлар заттанған жаңа тілдік бірліктердің пайда болуына негіз болады;

– Заттанған сөздердің барлығы атау сөз деңгейіне дейін жете бермейді. Кейбір тілдік бірліктер заттық мағынаға белгілі бір контексте ие болып, сөйлемде уақытша заттық мән үстейді. Контекстік заттану сөйлеу барысында жүзеге асып, коммуникативтік мақсатқа байланысты әртүрлі мағыналық реңктердің қалыптасуына жағдай жасайды;

– Сын есімдер, етістіктер және сан есімдердің заттануы нәтижесінде пайда болған бірліктер семантикалық ерекшеліктеріне қарай мағыналық модельдерге жіктелді. Бұл модельдер заттанған сөздердің номинациялық қызметін, мағыналық құрылымын және қолданыс аясын жүйелі түрде сипаттауға негіз болады;

– Заттанған тілдік бірліктер тек табиғи мәтіндерде ғана емес, жасанды мәтіндерде де белсенді қолданыс табады. Мұндай қолданыс ойды ықшам әрі нақты жеткізуге жағдай жасап, мәтіннің коммуникативтік тиімділігін күшейтеді.

Диссертацияның талқылануы мен жариялануы. Зерттеудің негізгі мазмұны мен бағыттары бойынша халықаралық конференцияларда «М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ат-Түрік» сөздігіндегі есімшелердің заттанған тұлғалары», «Мақал-мәтелдердегі заттанған сөздердің семантикасы мен қолданысы» тақырыптарында баяндамалар жасалды. Диссертация мазмұны бойынша 15 ғылыми мақала жарық көрді. Атап айтар болсақ, ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған басылымдарда 5 мақала, Scopus деректер қорына кіретін ғылыми басылымдарда 2 мақала, халықаралық ғылыми конференция материалдарында 8 мақала жарық көрді.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 ЗАТТАНУ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

1.1 Қазақ сөзжасамындағы заттанудың зерттелуі

Заттану (затсымақтану, субстантивация) – басқа сөз таптарының зат есімдер тобына ауысуын білдіретін күрделі құбылыс. Заттану конверсиялық процестің бір түріне жатады. Қазіргі қазақ тіл білімінде барлық сөз табы заттану құбылысына ұшырайды деуге болады. Себебі зат есімдердің тілдегі қызметі, лексикалық аясы өте кең болғандықтан, басқа да сөз таптары функционалды, семантикалық, коммуникативтік аспектіде заттық мәнді иеленіп отырады. Сондықтан тілдегі заттану құбылысының зерттеу аясы – кең әрі күрделі мәселе.

Қазақ тіл білімінде заттану теориясы орыс тіл білімімен, шетел тіл білімімен салыстырғанда жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Қазақ тіл білімі ғалымдары өздерінің ғылыми еңбектерінде, оқулықтарында қысқаша тоқталса, кей ғалымдар мақала деңгейінде сөз еткен. Ал арнайы зерттеу тақырыбына арқау етіп, заттану құбылысын жеке қарастырған саусақпен санарлық қана ғалымды атай аламыз. Дәл осы жағдай түркі тіл білімінде де қайталанады. Демек, заттану құбылысының теориялық тұрғыдан зерттелуі қазақ және түркі тіл білімінде кенже қалып отыр деуге негіз бар.

Қазақ тіл білімінде заттану құбылысына алғашқы болып пікір білдірген ғалым А. Байтұрсынұлы болды. Ол заттану мәселесін ең алғаш қозғап, сын есімнің заттануын сөз етеді. Ақымет Байтұрсынұлы өзінің «Тіл-құрал» еңбегіндегі қазақ тілінің сарфы (морфологиясы) баяндалатын еңбегінде сын есімдерді екіге бөліп қарастырады. Оның алғашқы түрі – тек сыны болса, екіншісі – сыр сыны. Тек сынына «ағаш аяқ, күміс қасық, алтын жүзік, қағаз ақша, жез құман, киіз қалпақ» т.б. мысалдар келтіреді. Ал сыр сынына «Сыр сыны нәрсенің ішкі, тысқы сырын, реңін, яғни, түрін, түсін, тегін, тұлғасын, пішінін, жайын, күйін көрсетеді» деп анықтама береді де, оның үш шырайы (жай шырай, талғаулы шырай, таңдаулы шырай) бар екенін айтып өтеді [1, 151]. Ал сын есімнің бұл түрлері қазіргі қазақ тіл білімінде сапалық және қатыстық сын есімдер деп қарастырылып жүр.

Сын есімнің сөйлемдегі қызметіне байланысты Ақымет Байтұрсынұлы мынадай пікір білдіреді: «Есімдер аттың сынын да, істің сынын да көрсетеді, мәселен, жақсы: жақсы кісі деп те, жақсы еткен деп те айтамыз; жаман ат деп те, жаман жүреді деп те айтамыз; оңай жұмыс деп айтамыз, оңай істедім деп те айтамыз; шапшаң адам деп те, шапшаң сөйлейді деп те айтамыз; шабан ат деп те, шабан жүреді деп айтамыз уа ғайри сондай. Бұлар үстеу орнына жүргендіктен, сын есім болмай үстеу болады» [1, 151]. Бұл ережеден сын есім заттанып қана қоймай, үстеудің де қызметін атқаратын байқаймыз. Дәл осы құбылыс қазіргі қазақ тіл білімінде адвербиалдану деп аталып жүр. Сын есімнің екінші бір қызметі туралы ғалым тағы да пікір білдіреді: «Сын есімнің кейбіреулері зат есімнің орнына жүреді. Мәселен, «арзан еттің сорпасы татымас» дегеннің орнына «арзанның сорпасы татымас деп айтылады. «Арзан

еттің» деген екі сөздің орнына «арзан» деген жалғыз сөз жарап тұр. Сондықтан мұндай зат пен сын орнына бірдей жүретін сөздерді зат-сын дейміз» [1, 152]. Бұл пікірден А. Байтұрсынұлының ең алғаш жалпы транспозиция құбылысына, соның ішінде субстантивтену, адвербиалдану құбылыстарына тоқталып, сын есімдердің жиі заттанатынын көрегенділікпен байқағанын көреміз. Ғалым заттану құбылысына «зат-сын», кейбір жерлерде «затсымақтану» деген атау ұсынады.

Заттану құбылысына ғалым Қ. Жұбанов та еңбегінде пікір білдіреді: «Сөз топтарының ішінде бір-бірінен енші алысып болғандары да, болмағандары да бар: ағаш, темір сияқтылар тек зат есім болып, жақсы, ұзын сияқтылар тек сын есім болып шекарасын түгел ашып болған таптар. Енді бұлардай емес, зат есім мен сын есімге ортақ шөре-шөре есімдер (әрі зат есім, әрі сын есім болатын) бар» дейді [2, 132]. Қ. Жұбановтың бұл пікірінде «шөре-шөре есімдер» деп аталған сөздер қазіргі таңда заттану құбылысы арқылы пайда болған атаулар негізінде қарастырылады.

Сонымен қатар ғалым Қ. Жұбанов: «Когда же за именем прилагательным не следует определяемое слово, оно (имя прилагательное) приобретает значение имени существительного: жақсыдан жаман туады» деп анықталушы сөздің түсіп қалуы нәтижесінде сын есімнің заттық мәнге ие болатынын көрсетеді [2, 120]. Ғалымның бұл пікірі сын есімдердің заттануға бейімділігін тілдегі үнем заңы тұрғысынан түсіндіруге мүмкіндік береді. Яғни сөйлеу барысында артық тілдік элементтерді қысқарту, ықшамдау үрдісі жүзеге асып, анықталушы зат есімнің түсірілуі оның мағынасын өзіне жақын тұрған сын есімге жүктейді. Нәтижесінде сын есім заттық мәнге ие болады. Осы тұрғыдан алғанда, сын есімдердің заттануы тек синтаксистік құбылыс емес, сонымен қатар тілдің үнемдеу, ықшамдау заңдылықтарымен тығыз байланысты семантикалық-номинативтік үдеріс ретінде танылады.

Қазақ сөзжасамын зерттеген ғалымдардың еңбектерінде заттану мәселесі назардан тыс қалмайды. Соның ішінде С.Аманжолов сын есімдердің заттануын синтаксистік тұрғыдан түсіндіреді. Ғалым: «Затқа айналған субстантталған сын есімнің бастауыш болатынында да екі түрлі сыр бар. Біріншіден, сын есім тура затты анықтамайтын болып, заттың орнына айтылуы керек, екіншіден, сөйлем ішінде субъект болған сын есімнен басқа тағы бір сын есім я сын есімнен шыққан сөз болуы керек» деп, сын есімнің сөйлем ішінде заттық қызмет атқару шарттарын нақтылайды [3, 18]. Зерттеуші сын есімдер мен зат есімдердің шығу тегінің жақындығын атап өтіп, сын есімдердің заттық мәнде қолданылуын тілдің ішкі заңдылықтарына сай құбылыс ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, сын есімдердің заттануы тек синтаксистік қызметінің ауысуы емес, сонымен қатар сөз таптары арасындағы тарихи және семантикалық байланыстың көрінісі болып саналады.

Қазақ тіл білімінде қай сөз табы болса да заттану құбылысына ұшырайды. Соның ішінде, сын есім мен есімшелер заттануға бейім келеді. Сондықтан да көптеген ғалымдар заттану құбылысына қатысты пікір білдіргенде сын есімнің не есімшенің заттануын сөз етеді. Ғалым А. Ысқақов өз еңбегінде «Бір алуан

жұрнақтар етістік негізіне жалғанып, олардан етістік қасиеті де, есім қасиеті де бар есімше деп аталатын жаңа категория тудырады. Есімге де, етістікке де телі бұл категорияға тән формалар (есімшелер) қолданылу ыңғайына қарай көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғауларына жұмсалып, сөйлемнің барлық мүшелері де бола алады. Мысалы, Біздің білетіндеріміз – осылар; Құлақ есіткенді көз көреді; Айтылар сөз айтылады; Аларманға алтау аз, беременге бесеу көп деген сөйлемдерді алсақ, олардағы: біл-етін-дер-іміз – бастауыш, есіт-кен-ді – толықтауыш, айтыл-ар – анықтауыш болып тұр. Бұдан есімшелерге көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары мен жұрнақ қосылуы нәтижесінде олардың қолданылу аясы кеңейіп, синтакситік қызметтерінің өрісі ұлғаятыны және осы ерекшелік қазақ тіліндегі есімшелерге үйреншікті екені анық көрінеді» деген пікір білдіреді [4, 300]. Ғалым бұл жерде заттану теориясы туралы сөз қозғамаса да, есімшелердің зат есімдерше түрлене алатынын, сөйлемде заттық мәнде жұмсала алатынын меңзейді.

Осы тұста А.Байтұрсынұлының ғалым ретінде көрегендігін айта кеткен жөн. Қазақ грамматикасын жүйелеп, ғылыми терминдерді қалыптастырған кезеңде етістіктің ерекше категориясын «есімше» деп атауы кездейсоқ емес [1]. Бұл атаудың өзінде-ақ оның әрі қимыл, әрі есім сипаттарының тоғысуы көрініс тапқан. Есімше тұлғалардың заттануға бейімділігі де осы қызметіне байланысты. Яғни олар бір жағынан етістікке тән қимыл мағынасын сақтаса, екінші жағынан есім сөздерге тән қызметтерді атқаруға икемді келеді. Осы ерекшелік есімшелердің заттану үдерісінде белсенді қолданылуына негіз болады. Демек, А.Байтұрсынұлы енгізген «есімше» термині тек атау ғана емес, тілдік құбылыстың ішкі табиғатын дәл бейнелейтін ғылыми категория ретінде бағалануы тиіс.

Заттану үдерісін ғылыми тұрғыдан талдау барысында оның тілдік негізін құрайтын басты ұғымдар ерекшеленеді. Атап айтқанда, субстантив, субстантиват, субстантивтену терминдері осы құбылысты түсіндіруде отандық, әсіресе шетел тіл білімінде негізгі тірек ұғымдар ретінде қарастырылады.

«Лингвистикалық сөздікте» субстантив, субстантиват, субстантивтену терминдеріне мынадай анықтама беріледі:

«Субстантив (*лат.substantivum* - зат есім, substantia - мән). Зат есім.

Субстантиват. Субстантивацияға (заттануға) ұшыраған сөз.

Субстантивтену (*лат.substantivum* - зат есім). Сөзжасамдық конверсия – басқа сөз таптарына жататын сөздердің зат есімге айналуы. Зат есім мен басқа сөз табының байланысы үзіліп, көрінбейтін жағдайда этимологиялық талдау арқылы субстантивтенуді (заттануды) ашуға болады» [5, 211].

Жалпы алғанда, заттану құбылысына қазақ грамматистері азды-кем тоқталғанымен, субстантивация мәселесін ғылыми еңбектерінде әртүрлі сұрақ аясында талқылаған қазақ ғалымдарының қатарына Р. Әмір, Н. Оралбай, С. Исаев, Б. Қалиев, А. Салқынбай, Б. Қасым, М. Матжанова, С.Н. Саменова, Ж.Р. Амирова, Ғ.Б. Шойбекова т.б. ғалымдарды жатқызамыз. Ал мақала деңгейінде ой қозғаған авторлардың қатарында Ә. Төлеуов, Ж. Шәкенов, С. Жақыпақынова, З. Әділова т.б. ғалымдар бар.

Мәселен, Р. Әмір өзінің «Жай сөйлем синтаксисі» еңбегінде атаулы сөйлемнің негізгі мүшесі ретінде сын есім, есімше жұмсалғанда, олардың субстантивтеніп тұратынын айтады. Ғалым: «Осылай болғандықтан олар септік тұлғаға ие болады. Негізгі мүше көбіне атау тұлғада тұрады. Бірақ сын есім, тұйық етістік негізгі мүше қызметін табыс септік формасында тұрып та атқара алады. Жаздың ыстығын! Күтпеген жерден келуін!» деп пікір білдіреді [6, 102]. Бұл пікірден заттанған сөздердің атау не табыс тұлғасында тұрып, атаулы сөйлем жасайтынын аңғарамыз. Сонымен қатар ғалым атаулы сөйлемдерді негізгі мүшенің грамматикалық түр-тұрпатына қарай мынадай топтарға бөледі: «негізгі мүшесі атау тұлғалы зат есімнен болған атаулы сөйлем, негізгі мүшесі сын есімнен болған атаулы сөйлем, негізгі мүшесі -ған, -ген, -тын, -тін тұлғалы есімшеден болған атаулы сөйлем, негізгі мүшесі тұйық етістіктен болған атаулы сөйлем, негізгі мүшесі табыс септіктегі сөзден (зат, сын есім, есімше, тұйық етістік) болған атаулы сөйлем» [6, 103]. Ғалымның бұл жіктеуінен атаулы сөйлем жасауда заттанған сөздердің белсінділігін, сондай-ақ сын есім, есімше, тұйық етістіктің септік не тәуелдік жалғауларын қабылдап, түрлі формада атаулы сөйлемдер жасау қабілеттілігін байқаймыз.

Н. Оралбай, К. Құрманалиев, Ж. Балтабаева бірігіп жазған «Қазақ тілінің сөзжасамы» еңбегінде заттанған сөздерді «мағына тәсілі арқылы заттық атаулардың жасалуы» тақырыбы аясында қарастырады да сөз таптарының заттануына қысқаша тоқталады [7, 209].

С. Исаев «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде сөздің лексикалық және грамматикалық мағынасын қарастырады. Ғалым: «Зат есімнің түрлену жүйесі оның көптелуі, тәуелденуі, септелуі болып табылады, өйткені көптік, тәуелдік, септік категорияларының білдіретін мәндері заттық мағынамен байланысты, олардың тұлғалары өзі жалғанған сөздерге субстантивтік мән үстейді» деп зат есімнің түрлену жүйесі тікелей заттық мағынаға байланысты екенін айтады [8, 200]. Сондай-ақ ғалым сын есімнің сөйлемдегі қызметін сөз еткен тұста: «Сын есім әдетте, көптелмейді, тәуелденбейді, септелмейді. Егер сын есімге көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғанса, онда сын есім зат есімнің орнына жұмсалып, зат есімнің қызметін атқаруын сын есімнің заттануы (субстантивтенуі) дейді» деп пікір білдіреді [8, 218].

Ғ. Қалиев «Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері» атты еңбегінде тәуелдік жалғаудың зат есімге тән жалпылық сипатын атап көрсетеді: «Тәуелдік жалғау бүкіл зат есімге тән категория, оның жалпылық қасиетінің кеңдігі сондай – ол зат есім қызметін атқаратын (субстантивтенген) сөздердің бәріне де жалғана береді (кітабы, үлкені, үшеуі, ертеңгі, бергені т.б.)» [9, 6].

Б. Қалиев сөздерді таптастыру мәселесін қарастыра отырып, сөз таптарының өзара ауысуы лексикалық мағынаның өзгеруімен тығыз байланысты екенін көрсетеді: «Лексикалық мағынасында өзгеріс болмай тұрып, бір сөз табының басқа бір сөз табына ауысуы мүмкін емес. Мәселен, жоғарыда айтылғандай, ауыру деген тұйық етістік семантикалық жақтан дами келіп, бұл күнде сын есім мағынасында да (ауру адам), зат есім мағынасында да (ауруды емдеу) қолданыла береді» [10, 69-70].

Ә. Төлеуов «Кейбір субстантивтенген сөздер» атты мақаласында сөз таптарының заттануын сөз тудырудың синтаксистік тәсілі ретінде сипаттайды. Ғалымның айтуынша, «Қазақ тіліндегі сын есім, сан есім, есімше және кейбір модаль сөздер субстантивтену арқылы өздерінің лексикалық мағынасын, грамматикалық сипатын өзгертеді» [11, 51]. Ғалым өз еңбектерінің бірінде заттану үдерісінің тілде пайда болу жолына да тоқталып, оны былайша түсіндіреді: «Сын есім, сан есім, есімше және кейбір модаль сөздер заттану үшін анықталушы зат есім бұрынғы сөйлемде мәлім болады да, екінші сөйлемде ол түсіп, оның орнын тетелес келген анықтауыш сөз басады» [12, 87].

Заттану құбылысына қатысты пікірлер Р. Әмір, С. Жақыпақынова, З. Әділова бірлесіп жазған еңбекте де көрініс табады. Авторлар: «Мағынасы, грамматикалық табиғаты өзгеше сөздерді ортақ ережеге түсірудің негізгі тірегі – субстантивтену» екенін атап өтеді [13, 71]. Сонымен қатар зерттеушілер түркі тілдерінде етістік пен есім сөздердің түрленуі, грамматикалық формаларға енуі көбіне ортақ қосымшалар арқылы жүзеге асатынын айқындайды [13, 72].

Қай тілде болмасын, сөз таптарының ішінде сын есімдер – заттану құбылысына ең бейім сөз табы. Бұл мәселе Ж. Шәкенов еңбегінде арнайы қарастырылады. Ғалымның пікірінше, «субстантивтенген сын есімдер белгілі формантар арқылы жасалатын тарихи категория емес, ол синтаксистік тәсіл арқылы сөйлем ішінде уақытша пайда болатын құбылыс. Әдетте, мұндай сөздер сөйлемде зат есім қызметін атқарғанымен, өзінің сындық қасиетін толық жоғалтпайды» [14, 68]. Зерттеуші заттанған сын есімдердің бірнеше негізгі белгісін көрсетеді: біріншіден, олар зат есімдер сияқты түрленеді; екіншіден, сөйлемде зат есімнің қызметін атқарады; үшіншіден, басқа сөйлем мүшелерімен зат есімге тән байланысқа түседі [14, 68-71].

Қазақ тілінің заттануына қатысты ауқымды еңбек жазған ғалымдардың ішінде Ж. Амирова еңбегін атаймыз. Ғалым өзінің «Функциональные аспекты субстантивации в казахском языке» еңбегінде заттанған сөздерді функционалды аспектіден қарастырады. Ғалым: «Субстантивация – это сложный языковой феномен, который необходимо рассматривать в разных аспектах, это соответствует его многогранности и универсальности в языке, его связи с когницией человека», - деп заттану үдерісін тілдегі жай ғана сөзжасам тәсілі емес, оның феномен екенін айтады [15, 9]. Сондай-ақ ғалым заттанған сөздерді мағынасына қарай тура және ауыспалы деп екі түрге бөледі: «По способу выражения семантики субстантивированных слов в данной работе выделена прямая и переносная субстантивацию (метафорическую и метанимическую)» [15, 28]. Автор алғашқы топқа тура мағынасында заттанған тілдік бірліктерді (ақымақ, ақылды, білімді, ауру т.б.) жатқызса, екінші топқа ауыспалы мағынада заттанған тілдік бірліктерді (жуан, қалталы, дарылдақ, жансыз т.б.) жатқызады.

Ал А. Ысқақов субстантивтенген сөздерді екі топқа бөліп қарастырады: «Бірінші топта басқа сөз таптарының (сын есім, сан есім, үстеу, есімше формалары) зат есімге біржолата ауысуын, яғни шын мәнінде бүтіндей субстантивтенуін жатқызады. Басқа сөз таптары зат есімге ауысып, шын

мәнінде субстантивтенсе, ол өз бойына зат есімге тән қасиет-сипаттардың бәрін де жиып алады. Мысалы: жас, қарт, ауру т.б» [4, 266]. Екінші топқа субстантивтенгенімен зат есімге толық ауыспаған сөздерді жатқызып, оларды уақытша субстантивтенген деп есептейді де мынадай анықтама береді: «Уақытша субстантивтену деп – зат есімнен басқа сөз таптарынан, атап айтқанда: сын есім, сан есім, атрибуттік есімдіктердің, үстеулердің, етістіктің кейбір формаларының т.б. қолданылу ерекшілігіне қарай, белгілі бір сөйлемде зат есім ретінде жұмсалуын айтамыз» [4, 266]. Бұған қоса А. Ысқақов мұндай уақытша субстантивтенген сөздердің (ол қай сөз табынан болса да) өзіндік белгілерінен мүлдем алшақтап кетпейтінін, тек өз белгісіне уақытша зат есімнің мағынасы мен қызметін жамап алатынын ескертеді [4, 266].

Ғалым А.Б. Салқынбай сөзжасамның семантикалық тәсілін транспозиция аясында қарастырады да, транспозиция құбылысын толық және окказионалды деп екіге бөледі: «Толық транспозиция тілдің ұзақ даму процесінде, сөздің қызметтік жағдайында ғана емес, жекелей тұрғанда да жаңа дара мағына ретінде ұғыныла алатындығымен айқындалады. Толық транспозиция – сөзжасамдық мағына жасалғанда, жаңа номинативті мағына туғанда ғана мүмкін болады. Мұндай сөздер толық мағыналы атауыш сөз ретінде жалпы халықтық деңгейде қолданылады, номинациялық талаптарға толық жауап бере алады. Окказиональды транспозиция – контекстегі сөздің қызметімен байланысты. Бір сөз тобындағы сөздер контексте уақытша сол сөз табының қызметін атқара алады. Ауызекі тілде де, окказиональды транспозиция жиі ұшырасады. Окказиональды транспозиция өмір сүретін ортасы тек контекст саналады» [16, 193-194].

«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» еңбегінде заттануды семантикалық тәсіл ретінде қарастырады. «Қазақ тілінде зат есімнен өзге сөз таптарының бәрі субстантивтенеді, яғни зат есім сияқты бәрі септеледі, тәуелденеді, көптеледі. Субстантивтену деп әдетте сөз мағынасының заттануын, заттық тиянақтылық алуын айтады. Егер зат есім емес сөз не септелуге келсе, не тәуелденуге жараса, не көптік жалғауын қабылдай алса, онда бұл оның субстантивтенуге жарамдылығын көрсетеді. Демек субстантивтенудің бірден бір белгісі – зат есім емес сөздердің жоғарыдағы жалғаулардың бірін қабылдауға қабілеттігі» [17, 224]. Заттанған сөздерді жалаң құрамды субстантивтер және күрделі құрамды субстантивтер деп бөледі де, жалаң құрамды субстантивтерді реестрлік сөз дәрежесі тұрғысынан жалпыхалықтық субстантивтер, стильдік (контекстік) субстантивтер, окказионалдық субстантивтер, кірме субстантивтер деп төртке бөледі. Ал күрделі құрамды субстантивтердің заттануы кей жағдайда синтаксистік тәсілмен байланысты болса, ал енді бірде фразеологизмдік құбылыстармен байланысты екенін айтады [17, 224-231].

Қазақ тіл білімінде ең алғаш заттану құбылысына байланысты жазылған еңбек – М. Матжановаңың 1995 жылы қорғалған кандидаттық диссертациясы. Ғалым орыс тілінде «Орыс және қазақ тілдеріндегі есімшенің заттануы» тақырыбында қорғайды. Бұл еңбекте орыс және қазақ тіліндегі есімшелер

салыстырыла зерттеледі. Диссертацияда екі тілдегі есімшелердің заттану деңгейін төртке (полная субстантивация, относительно полная субстантивация, традиционная субстантивация, оакказиональная субстантивация) бөліп қарастырады. Автор өз еңбегінде: «Для причастий, перешедших в существительные, характерны сужение и конкретизация их общего лексического значения. Причастие, сохраняющее глагольные признаки, выражает действие само по себе, т.е. такое действие, которое может относиться к различным предметам или понятиям» деп [18, 21], есімшелердің мағыналық аясының тарылуы мен нақты заттық мағынаны білдіруі есімшелерге тән құбылыс екенін айтады. Сондай-ақ автор қазақ тіліндегі есімшелер көп жағдайда дерексіздену үдерісі арқылы заттанатынын айтады (Келген – дәулет, кеткен – бейнет). Алайда автор орыс тіліндегі заттанған есімшелерді басты назарда ұстағаны байқалады. Себебі берілген мысалдардың басым бөлігі орыс тілінде беріледі де, қазақша мысалдар аз беріледі. Сондай-ақ кей тұста мысалдардың ғылыми түсініктемесін бермей, тек мысалдарды ғана келтіреді. Мәселен, автор: «При субстантивации может прозойти полное изменение лексикческого значения слова» дейді де, сөзіне дәлел болу үшін орыс тіліндегі «Избранное» заттанған есімшесін алып, оған Чехов пен Тургенев еңбектерінен мысалдар береді [18, 24]. Ал қазақ тіліндегі заттанған есімшелердің мысалдары қалыс қалады. Еңбектен осы секілді қазақ тіліндегі заттанған заттанған есімшелердің мысалдары, ғылыми түсініктемелері қалыс қалып, назардан тыс қалғанын байқадық. Дегенмен М. Матжановаңың ғылыми еңбегінде қазақ сөзжасамындағы заттанған есімшелер алғаш рет қарастырылғандықтан, қазақ тіл білімі үшін құнды еңбек болып саналады және бұл еңбектің ғылыми айналымда негізгі еңбектердің қатарынан табылатыны орынды.

«Қазақ грамматикасы» атты ұжымдық еңбекте субстантивтенген зат есімдерге арнайы тоқталып, оларды зат есімдердің дәстүрлі бөлінісі секілді түбір субстантив зат есімдер, туынды субстантив зат есімдер, күрделі субстантив зат есімдер деп үш топқа бөледі де, олардың лингвистикалық табиғатына, өзіндік негізгі тілдік ерекшеліктеріне тоқталып, әрқайсысына мысалдар келтіреді. Көптеген ғалымдардың жалпылама туынды зат есім ретінде талдаған жекелеген сөздері бұл еңбекте туынды субстантив зат есімдер ретінде жеке қарастырылып, олардың жасалу жолдары талданады [19, 339-342].

Сын есімдердің заттануын арнайы қарастырған зерттеулердің қатарында С.Саменова «Заттанған сындардың танымдық және функционалдық қызметі» тақырыбында қорғалған кандидаттық диссертациясы ерекше орын алады. Зерттеуде заттанған сын есімдер танымдық негізде сипатталып, олардың сөзжасамдық әрі функционалдық қырлары айқындалады. Ғалым заттанған бірліктерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөледі: толық заттанған сөздер; уақытша заттанған сөздер [20, 112]. Сонымен бірге автор заттанған сын есімдерді ономасиологиялық тұрғыдан талдап, олардың ішкі мағыналық құрылымына назар аударады. Осы негізде олар бірнеше мағыналық топтарға жіктеледі: адам мағынасын білдіретін заттанулар, мал атауларын білдіретін

заттанулар, ит-құс және басқа да жануарларға қатысты заттанулар, нақты зат атауларын білдіретін, сондай-ақ абстракт мағынадағы заттанулар [20, 112].

Заттану үдерісі үнем заңымен тығыз байланысты. Осы тұста ғалым Б.Сағындықұлының «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» еңбегінде үнем заңын сөз етеді. Ғалым тілдің даму барысында артық тілдік элементтердің қысқарып, ықшамдалуға бейім болатынын көрсетеді [21]. Осы заңдылық заттану үдерісінде де айқын байқалады. Тілдік қолданыста кей жағдайда анықталушы зат есім түсіріліп, оның қызметін анықтауыш атқарады. Нәтижесінде бастапқыда басқа сөз табына жататын тілдік бірлік заттық мағынаға ие болып, сөйлемде зат есімнің қызметін атқарады. Мұндай құбылыс тілдің номинациялық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сондықтан заттануды тек грамматикалық құбылыс ретінде емес, тілдің үнемдеуге ұмтылуымен тығыз байланысты динамикалық үдеріс ретінде қарастыруға болады.

Етістіктің есімше категориясынан басқа категорияларының заттануы тіл білімінде қарастырылмаған тақырыптың бірі деуге болады. Осы орайда қимыл есімдерінің заттануына қатысты арнайы тоқталған ғалым А.Б. Салқынбайдың «Қимыл есімдердің семантикасы» еңбегін атап кеткініміз орынды. Ғалым өз еңбегінде: «Қимыл есімінің жалпылық мәнде жұмсала алуы жаңа сөзжасамға алып келеді. Қимыл есімнің толық заттық мағынаға көшуі – ұзақ тарихи процесс. Сөйлеу барысында, қимылдың атауы, есімі болатын сөз белгілі бір қимыл, іс-әрекет жасайтын затты, нәрсені атау қажеттігі туғандықтан да бірте-бірте номинативтік, заттық мағынаға ауысады. Яғни жаңа мағыналы сөз -у тұлғасы жалғанғаннан кейін емес, тек осы форманың затты, нәрсені атау қажеттігі тууы нәтижесінде субстантивтенуі арқылы жасалады. Мысалы: «жүн сабау үшін пайдаланатын жіңішке ағаш – *сабау*. Атаулық мағына алуына оның жүн сабайтын құрал болуы себеп болып тұр, сондықтан нақтылы мағынаға ауысқан. Сондай-ақ, *сайлау* - адамдарды таңдап сайлау әрекеті; *жабу* – нәрсенің, заттың т.б. үстіне жабу үшін пайдаланатындығы нәтижесінде пайда болған атау; *арнау* - арнайы шығарылғандағы (арнау өлең); *асу* – белгілі объектіні үстінген асып өту мағынасында жұмсалуының нәтижесінде пайда болған» деп пікір білдіреді [22, 19].

Конверсия мәселесі тілдегі сөз таптарының өзара ауысуын қамтитын күрделі құбылыс ретінде субстантивтену, адъективтену, адвербиалдану тәрізді үдерістермен тығыз байланысты қарастырылады. Осы бағытта заттану мәселесін жанама түрде қамтыған зерттеушілердің бірі – Ж.Сарбалаев. Ғалым қазақ тіліндегі конверсия теориясына, соның ішінде адъективацияға кеңінен тоқталып, оның тілдік табиғатын терең талдайды [23].

Қазақ тіл біліміндегі заттану құбылысына қатысты жазылған пікірлерге, іргелі еңбектерге шолу жасау нәтижесінде байқағанымыздай, бұл тақырып әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді. Атап айтар болсақ, заттану ұғымының терминологиялық жүйесі, сөзжасамдық ерекшеліктері, синтаксистік қызметі, теориялық негіздері, әртүрлі сөз таптарының заттануының арақатынасы мен айырмашылығы жүйеге түспеген.

1.2 Заттану үдерісінің түркітануда және орыс тіл білімінде зерттелуі

Сөз таптарының заттануы – түркі тілдерінің бәріне қатысты тілдік құбылыс. Бірақ түркологияда да бұл мәселенің зерттелу қарқыны баяу, көптеген тілдерде оқулық, мақала төңірегінде ғана зерттелген [24], [25], [26].

Түркі тілдеріндегі сөз таптарының өзара байланысы, зат есімнен басқа сөз таптарының заттық мәнде қолданылуы т.б. маңызды ғылыми мәселелер түрколог ғалымдардың назарын аудартқаны анық. Соның ішінде субстантивация – зат есімдер қатарына басқа сөз таптарының ену процесі – функционалды-семантикалық және когнитивтік негізде зерттеуді қажет ететін күрделі құбылыс. Түркологияда бұл мәселе көбінесе синтаксистік, морфологиялық, семантикалық, кейде стилистикалық аспектіде қарастырылған. Бұл орайда түркі тілдері грамматикасын зерттеуде жүйелі еңбек сіңірген ғалымдардың бірі – Н.А. Баскаков. Ол зат есімдердің жасалу жолдарын сипаттай отырып, сын есім мен есімдіктердің заттануы туралы: «Түркі тілдерінде сөз таптарының арасында функционалды көшу жиі кездеседі. Бұл, әсіресе, сын есімдердің зат есім ретінде қолданысынан айқын көрінеді» – деп жазады [27].

Түркі тілдерінде сөз таптарының өзара байланысы, сондай-ақ зат есімнен өзге сөз таптарының заттық мәнде жұмсалуы түрколог ғалымдардың зерттеу нысанынан тыс қалған емес. Соның ішінде басқа сөз таптарының зат есімдер қатарына өту үдерісі функционалды-семантикалық әрі когнитивтік тұрғыдан арнайы қарастыруды қажет етеді. Түркологияда бұл мәселе әртүрлі қырынан сипатталып келеді. Зерттеулерде көбіне синтаксистік, морфологиялық және семантикалық аспектілер басым болса, кей еңбектерде стилистикалық ерекшеліктері де ескеріледі. Осы бағытта жүйелі зерттеулер жүргізген ғалымдардың бірі – Н.А. Баскаков. Ғалым өзінің «Ногайский язык и его диалекты» зерттеу еңбегінде ноғай тіліндегі есімшенің функциясына тоқтала отырып, есімшенің заттануына қатысты арнайы тоқталмаса да, оның кей жағдайда зат есім мен сын есімнің қызметінің ұқсастығы бар екенін айтады: «Все перечисленные выше причастные формы имеют общую с именами существительными и прилагательными систему словоизменения (т. е. изменяются по числам, лицам и падежам), а в некоторых случаях (и не для всех форм) и общие словообразующие аффиксы» [27, 61]. Сондай-ақ, Н. Баскаков есімшенің заттануға бейім өнімді жұрнақ ретінде -ған/-ген, -қан/-кен формасы екенін атайды: «Наиболее распространенной в системе словообразования производной формой является форма на *гъан* с именным аффиксом обладания лы, т. е.» [27, 62].

Ал «Қарақалпақ тілі» еңбегінде сын есімнің заттануын, заттанған сын есімнің сөйлемдегі қызметін сөз етеді. Ол: «В позиции этих членов предложения прилагательные обычно без какого бы то ни было морфологического оформления превращаются сами по себе, в силу занимаемой ими позиции, в субстантивированные формы» дейді [28, 97].

Ал қарақалпақ тіліндегі заттанған сөздерді арнайы қарастырған ғалым – А.А. Аймурзаева. Түркі тілдерінің басым көпшілігінде сын есімдер мен есімшелер жиі заттанатын болғандықтан, бұл ғалым да зерттеу объектісіне сын есімнің және есімшенің заттануын алады. Ғалым: «Основные причины субстантивации – экономия сил в речевой деятельности и выражение стилистического эффекта» деп тұжырым жасайды [29, 52]. Сондай-ақ есімшелердің сөйлемде толықтауыштың, бастауыштың қызметін атқаратын жағдайларының барлығы бірдей оның заттанғанын білдіре алмайтынын баса айтады. Біз де есімшенің көбі шатастыратын осы қасиетін келесі тарауда толығырақ баяндаймыз.

Қазіргі татар тіліндегі заттанған сөздерді қарастырған К.С. Сабиров сын есімдердің жиі заттанатынын айта келе, заттануды екіге бөіліп қарастырады: 1) толық заттану (чистая субстантивация), 2) контекстуалды заттану (контекстуальная субстантивация). Автордың айтуынша, бірінші топқа өзінің бастапқы мағынасын жоғалтып, зат есімдер қатарына кірген сөздер жатса, екіншісіне уақытша заттық мәнді иеленген сөздер жатады [30].

Татар және орыс тілдеріндегі транспозиция құбылысын салыстырмалы тұрғыдан талдаған А.Ф. Гайнутдинова еңбегінде татар тіліндегі заттану мәселесінің әлі де толық зерттелмегені айтылады. Зерттеуде заттану семантикалық, құрылымдық-функционалдық және стилистикалық қырынан қарастырылған. Сонымен бірге етістіктердің, сын есімдердің, есімшелердің, сан есімдер мен есімдіктердің екі тілдегі заттану ерекшеліктері, сондай-ақ заттанған сөздердің лексикографиялық сипаттары талданады [31].

Қырғыз тіл білімінде түр-түсті білдіретін сын есімдердің заттануы арнайы зерттеу нысанына айналып, К. Саматов докторлық диссертациясында қарастырылады. Аталған еңбекте қырғыз тіліндегі түр-түс атауларының лексика-семантикалық және стилистикалық ерекшеліктері талданған [32].

Түрік тіліндегі сөз таптарының транспозициясын зерттеген А.Н. Кононов заттану құбылысының тілде екі түрлі тәсіл арқылы көрініс табатынын көрсетеді: лексико-синтаксистік тәсіл; морфологиялық тәсіл. Ғалымның жіктеуінше, лексико-синтаксистік тәсілге белгілі бір контексте заттық мәнге ие болатын сөздер жатады. Ал морфологиялық тәсіл үшінші жаққа тән аффикстердің жалғануы арқылы жасалады. Біздің пайымдауымызша, бұл тұста автор мәселені жалпылама сипаттап, заттану үдерісінің жасалу жолдарына толық тоқталмаған [33].

Ал Э.В. Севортян субстантивацияны тарихи сөзжасамдық үдерістермен байланыстыра отырып қарастырады. Оның пікірінше, түркі тілдеріндегі көптеген абстрактілік ұғымдар заттану арқылы қалыптасқан: «Абстрактные имена в тюркских языках зачастую возникают на базе адъективной или глагольной основы, что отражает активные процессы субстантивации» [34]. Оның зерттеулері заттанудың тарихи даму динамикасын көрсетуімен құнды болып есептеледі.

И.С. Улуханов – түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын зерттеген және заттану құбылысын когнитивтік қырынан қарастырған ғалым. Ол қазақ

тілінде жиі кездесетін заттанған сын есімдер мен есімдіктерді былай сипаттайды: «Қазақ тілінде ‘жақсы’, ‘кәрі’, ‘үлкен’, ‘кішінің’ зат есім ретінде қолданылуы мәтіндік контекске тәуелді және бағалауыштық сипат алады. Мұндай қолданыстарда сын есім заттану арқылы концептілік мәнге ие болады» [35].

Башқұрт тілін зерттеген Г.Ш. Шарафуддинова заттану құбылысын тілдердің типологиялық жақындығы негізінде түсіндіреді. Зерттеуші түркі және моңғол тілдеріне ортақ заңдылық ретінде сапалық және қатыстық сын есімдерінің бастауыш қызметінде жүйелі түрде заттанып қолданылатынын атап көрсетеді: «В тюркских и монгольских языках наблюдается тенденция к регулярной субстантивации качественных и указательных прилагательных в синтаксической позиции подлежащего» [36, 52].

Заттану құбылысын зерттеу объектісіне алып, арнайы қарастырған ғалымдардың қатарында Б.Р. Мамедов, Д.А. Джафаров есімдерін атаймыз. Б.Р. Мамедов ағылшын және әзірбайжан тілдеріндегі заттану құбылысын салыстыра зерттесе [37], Д.А. Джафаров сөз таптарының бірінің екіншісіне ауысу процесін қарастырған [38].

Жоғарыда заттану теориясының қазақ және түркі тілдерінде зерттелуін сөз еттік. Байқап отырғанымыздай, заттану құбылысы қазақ тілінде де, түркі тіл білімінде де бірлі-жарымды ғылыми тақырыптарға арқау болып, басқа жағдайда тек оқулық деңгейінде сөз етіледі. Ал орыс ғалымдары заттану құбылысына ерте кезеңнен бастап көңіл бөлген. Орыс тіл білімінде заттану құбылысы лексикалық, морфологиялық, синтаксистік және семантикалық деңгейлерде кеңінен қарастырылған. Бұл бағыттағы зерттеулер А.А. Потебня еңбектерінен бастау алып, кейін Н.В. Вербицкая, Г.А. Золотова, Н.Д. Арутюнова сияқты зерттеушілердің еңбектерінде жалғасын тапты. Аталған еңбектерде заттану тек тілдік форма ретінде ғана емес, ойлау мен таным үдерістерінің тілдегі көрінісі ретінде қарастырылады.

Сөз таптарының заттануы мәселесі қарастырылған еңбектерде сын есімдердің заттануына ең бірінші назар аударылған. Сын есімдердің заттануын Н.И. Греч, В.Г. Белинский, Г.П. Павский, И.И. Давыдов, Ф.И. Буслаев еңбектерінде қарастырылады. Сонымен қатар, заттану құбылысы Л.Б. Перльмуттер (1948), И.М. Подгаецкая (1950), Г.А. Абдурахманов (1950), С.Д. Липкин (1950, 1956), Н.Н. Чурилова (1959), О.М. Доконова (1953, 1964), В.М. Марков (1957, 1961), И.Ф. Протченко (1958, 1971), Л.И. Ройзензон (1962), А.М. Барзалович (1962), Н.П. Голубева (1963, 1970), М.Ф. Лукин (1965, 1973, 1986), В.В. Лопатин (1967), Ф.Г. Гусейнов (1967), Ф.А. Ганиев (1969, 1985, 2004), Г.Г. Соколова (1973), В.Я. Кузнецов (1976), Е.Г. Ковалевская (1977), А.А. Аймурзаева (1979, 1985), Г.П. Снетова (1980, 1984, 1992), З.М. Валиуллина (1983), С.А. Остапенко (1990), Т.Ю. Щуклина (1995), Т.К. Бардина (2003), Е.М. Хачирова (2003), О.В. Редькина (2003), С.И. Богданов, Ю.Б. Смирнов (2004), И.В. Высоцкая (2006) еңбектерінде сөз болады.

Мәселен XIX ғасырдың бірінші жартысында орыс тіл білімінің алғашқы кезеңіндегі көрнекті өкілдері Н.И. Греч пен А.Х. Востоков еңбектерінде заттану құбылысы туралы алғашқы пікірлер кездеседі. Бұл ғалымдардың еңбегінде субстантивация термині қазіргі мағынасында атала қоймаса да, заттық мағынада қолданылатын өзге сөз таптарына назар аударады. Н.И. Греч өзінің «Грамматика русского языка» еңбегінде сын есімдердің (молодой, старый) заттық мағынада қолданылуын лексикалық кеңею немесе контекстік мағына өзгерісі ретінде қарастырады [39]. Ал А.Х. Востоков өзінің «Русская грамматика» еңбегінде кейбір етістіктердің, сын есімдер мен үстеулердің заттық мағынада қолданылуын – тілдің икемділігі мен дамуының көрінісі деп таниды. Ғалым кейбір заттық мағынада қолданылатын сөздердің (*Прекрасное* манит человека) дерексізденетініне де назар аударады [40].

Н.И. Греч пен А.Х. Востоковтан кейін заттану (субстантивация) құбылысына кеңірек және теориялық тұрғыдан алғаш терең мән берген ғалым – А.А. Потебня болды. Потебняның тіл туралы теориясының өзегі – ойлау мен тілдің бірлігі. Осы негізде ол сөз таптарының өзара байланысын, соның ішінде субстантивация құбылысын да семантикалық-психологиялық тұрғыдан түсіндіреді. Сондай-ақ Потебня сөздердің грамматикалық категорияларды иеленуін ойдың дамуы мен адамның абстрактілі ойлау қабілетімен байланыстырады. Оның пікірінше, субстантивация – ойлау әрекетінің нәтижесі, яғни адам белгілі бір әрекетті, сапаны, белгіні зат ретінде қабылдап, оған атау береді. Мысалы, Потебня «красное» (қызыл – сын есім) сөзінің заттық мәнге өтіп, «красное – как явление» деген мағынада қолданылуын субстантивация деп есептейді. Бұл жерде белгілі бір сапа заттық мәнге ие болып тұр. Сонымен қатар, ғалым көркем мәтінде қолданылатын тілдік тәсілдерге ерекше мән беріп, поэзияда кездесетін сапалық, үстеулік мәндер зат есімге айналып, эмоционалды-эстетикалық әсер береді деп есептейді. А.А. Потебня субстантивацияны таза грамматикалық өзгеріс емес, ойлау формасының тіл арқылы көрініс табуы деп бағалаған. Оның бұл көзқарасы кейінгі когнитивті лингвистика мен психолингвистика бағыттарының қалыптасуына әсер етті. Субстантивация Потебня үшін – адамның танымдық және тілдік әрекетінің бірлігі мен дамуын сипаттайтын терең семантикалық құбылыс [41].

Заттану теориясына қатысты алғашқы ғылыми пікірлер Ф.И. Буслаев еңбектерінде көрініс табады. Ғалым: «Всякая другая часть речи, употребленная подлежащем, получает смысл существительного» деп, сөйлемде бастауыш қызметінде жұмсалған кез келген сөз табының заттық мағынаға ие болатынын көрсетеді [42, 29]. Зерттеуші заттану құбылысын арнайы теориялық тұрғыдан терең талдамаса да, оның еңбектері сөз таптарының транспозициясын түсіндіріп, кейінгі зерттеулерге негіз болды. Осыдан кейін заттану мәселесі орыс тіл білімінде жүйелі түрде қарастырыла бастайды. Бұл бағытты А.М. Пешковский мен А.А. Шахматов жалғастырып, заттанған сөздерді синтаксистік тұрғыдан талдауға назар аударады.

А.М. Пешковский «Русский синтаксис в научном освещении» атты еңбегінде заттану құбылысын синтаксистік қырынан талдайды. Зерттеуші

заттанған сын есімдер мен етістіктердің қолданысы сөйлеушінің интенциясына және грамматикалық құрылымдарға тәуелді түрде өзгеріп отыратынын көрсетеді. Ғалымның пайымдауынша, «Слово может сохранять морфологические признаки при утрате своей изначальной синтаксической функции, переходя в разряд существительных», яғни сөз бастапқы синтаксистік қызметінен ажырап, морфологиялық белгілерін сақтап, зат есімдер қатарына ауыса алады [43]. Бұл тұжырым сөйлеу барысында жүзеге асатын семантикалық және позициялық өзгерістердің мәнін айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге аталған еңбекте заттану құбылысы негізінен контекст аясында қарастырылып, оның ішкі құрылымы мен семантикалық байланыстары толық ашыла қоймайды.

Заттану құбылысын синтаксистік тұрғыдан қарастырған зерттеушілердің қатарында А.А. Шахматов еңбектерінің орны ерекше. Ғалым заттанған құрылымдарды тіл дамуының заңды нәтижесі ретінде бағалап, оны сөзжасам мен синтаксис тоғысындағы құбылыс деп түсіндіреді. Сонымен бірге зерттеуші заттанудың қалыптасу жолдарын сипаттап, заттанған сөздерді тұрақты және кездейсоқ деп жіктейді [44].

Орыс тілі синтаксисі мен стилистикасын терең зерттеген В.В. Виноградов заттанған сөздерді тек синтаксистік шеңберде ғана емес, морфологиялық және семантикалық қырларымен бірлікте қарастыру қажеттігін көрсетеді. Сонымен бірге ғалым поэзия тіліндегі заттанған сын есімдердің семантикалық ерекшеліктеріне арнайы тоқталады. Зерттеуші заттануды контекстке тәуелді лексика-грамматикалық құбылыс ретінде сипаттап, оны тілдің номинативтік қызметімен тығыз байланыстырады. Осы тұрғыда В.В. Виноградов «О языке художественной литературы» еңбегінде: «Слово, будучи прилагательным по форме, в поэтическом контексте может приобрести устойчивое существительное значение – как результат вторичной номинации» деп жазады [45, 34]. Ғалымның пікірінше, субстантивация көркем мәтінде бейнелілік пен жинақылықты арттыруға қызмет етеді. Мысалы, «прекрасное», «неизвестное», «великое» сияқты сөздер контексте заттық мәнге ие болып, поэтикалық мағына тудырады.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс тіл білімінде заттану құбылысы жүйелі түрде қарастырылып, ғылыми зерттеулердің өзекті бағыттарының бірі ретінде қалыптасты. Сол тұста транспозияция, конверсия құбылыстары тереңірек зерттеліп, біршама ғалымдар субстантивация құбылысын транспозицияның төңірегінде қарастыра бастайды. Мәселен, Е.С. Кубрякова лексикалық категориялардың ауысуы туралы жазып, «Транспозиция – это сдвиг в пределах одной парадигмы, связанный с переходом в иную категорию при сохранении первоначального значения» деп, заттану процесін транспозиция арқылы түсіндіреді [46]. Ал Г.А. Золотова «Очерки по функциональному синтаксису русского языка» атты еңбегінде сөйлеу актісі контекстінде субстантивацияның «позициялық» сипатын көрсетеді: «Предикативные единицы, оказавшись в именной позиции, теряют коммуникативную функцию и обретают номинативную ценность» [47].

Заттану құбылысын жаңа қырынан зерттеген ғалымдардың бірі Н.Д. Арутюнова болды. Ол субстантивацияны когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастырып, оны концептуалдық модельдеу жүйесіне енгізеді. Ол өзінің «Типы языковых значений: оценка. Событие. Факт» еңбегінде былай жазады: «Номинализация есть отражение когнитивной потребности в фиксации событий как сущностей» [48, 24].

Заттану құбылысын Л.А. Вербицкая өзінің «О частеречной трансформации в современном русском языке» еңбегінде құрылымдық грамматика төңірегінде сөз етіп, сын есім мен есімшенің заттануын талдайды [49].

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, орыс тіл білімінде сын есім мен есімшенің заттануына қатысты кандидаттық диссертациялар қорғала бастайды. Бұл қатардан С.Д. Липкин, О.М. Доконова, А.М. Барзилович, И.М. Подгаецкая еңбектерін көре аламыз.

С.Д. Липкин заттанған сын есім мен есімшенің көркем әдебиеттегі қолданысын зерттесе [50], О.М.Доконова заттанған сын есімдердің мағыналық өзгерістеріне кеңірек тоқталады [51]. Ал А.М.Барзилович сын есімдердің заттануына, олардың жасалу тәсілдеріне, орыс тіл білімінде кең етек алған грамматикалық омономия мәселесіне тоқталады [52]. Сонымен қатар ғалым сын есімнің заттануының мынадай себептеріне тоқталады:

«Существительные образуются из сочетаний «прилагательное + существительное» в результате опущения обычного существительного, субстантивации прилагательного, впитывания прилагательным значения предметности, выраженного ранее целым сочетанием («рабочий человек»→ «рабочий»; «портной мастер» → «портной», «столовая комната» → «столовая» и др.). Это морфолого-синтаксический путь образования исследуемых сушествительных. Существительные прилагательного склонения образуются по аналогии с уже имеющимися в языке существительными так же, как и в предыдущем случае, в результате субстантивации прилагательных, ибо в языке имеются созвучные данным существительным прилагательные. Однако субстантивация прилагательных в данном случае происходит непосредственно, вне сочетания «прилагательное – существительное». Это лексико-грамматический путь образования исследуемых существительных: образованне грамматических омонимов, каждому из которых присущи свое грамматическое значение, свой круг грамматических особенностей (ср. «русский»/»русский»; «дежурный»/»дежурный» и др.)». Яғни, автордың айтуынша, зат есімдер «сын есім + зат есім» тіркестерінен қалыптасады. Мұнда әдеттегі зат есімнің түсіп қалуы, сын есімнің заттық мағына иеленуі нәтижесінде жаңа зат есім жасалады («рабочий человек» → «рабочий», «портной мастер» → «портной», «столовая комната» → «столовая» және т.б.). Бұл – зат есімдердің морфолого-синтаксистік жолмен жасалуы. Ал екіншісі, сын есім тектес зат есімдер тілде бар ұқсас зат есімдер үлгісімен де пайда болады. Мұнда да сын есімдердің субстантивациясы жүреді, бірақ ол «сын есім + зат есім» тіркесінің құрамында емес, тікелей, дербес түрде жүзеге асады. Бұл – зат есімдердің лексика-

грамматикалық жолмен жасалуы. Бұл жағдайда грамматикалық омонимдер жасалады, олардың әрқайсысына өзіне тән грамматикалық мағына мен грамматикалық ерекшеліктер тән (мысалы: «русский» / «русский», «дежурный» / «дежурный» және т.б.) [52].

Ал И.М.Подгаецкая еңбегінен жалпы заттану құбылысының ерекшеліктері, заттанған сөздер мен зат есімдердің ара жігі ажыратылып, күрделі сөздердің заттануын сөз етеді [53].

Жоғарыда қарастырылған зерттеулер заттану құбылысының ғылыми-теориялық тұрғыдан белгілі бір деңгейде зерттелгенін көрсетеді. Дегенмен бұл құбылыстың көпқырлылығы, оның кейбір аспектілерінің әлі де толық ашылмағаны және тереңірек қарастыруды қажет ететіні байқалады. Осыған байланысты XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап орыс тіл білімінде заттану мәселесіне деген қызығушылық күшейіп, бұл бағытта мақалалар, кандидаттық және докторлық диссертациялар деңгейінде арнайы зерттеулер жүргізіле бастады.

Бұл бағыттағы зерттеулердің қатарында И.И. Постникова заттанудың стильдік қолданысына арналған кандидаттық диссертациясын атап өтуге болады [54]. Зерттеуде заттанған сөздердің стильдік қызметі, мақал-мәтелдерде кездесетін антонимдік жұптардың заттық мәнде қолданылу ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар автор заттанған бірліктердің синонимдік қатар түзу мүмкіндіктеріне және эвфемистік қолданыстарына да назар аударады. Аталған мәселелердің қазақ тіл білімінде жеткілікті деңгейде зерттелмеуіне байланысты, қазақ паремиологиясындағы заттанған сөздердің семантикасы мен қолданысы диссертацияның келесі тарауында арнайы талданады. Осы бағыттағы зерттеулер В.Л. Георгиева, Н.Ф. Иванова, М.Д. Мишаева, Е.П. Калечис еңбектерінде көрініс табады. Бұл зерттеулерде негізінен сын есімдердің заттануы, оның дәрежелері және заттық мәндегі бірліктердің жалпыхалықтық сипат алу ерекшеліктері талданады.


Заттанған сөздердің сөзжасамдық қырларының жеткілікті деңгейде зерттелмеуіне назар аударған зерттеушілердің бірі – В.В. Лопатин. Ғалым зат есім мен сын есімнің морфологиялық белгілеріндегі ұқсастықтарды көрсете отырып, сын есімдердің жиі заттануын олардың зат есімге жақындығына байланыстырады. Сонымен бірге ол заттануды сөзжасамның бір тәсілі ретінде қарастырады. Зерттеуші бұл құбылысты былайша түсіндіреді: «Субстантивированные слова могут сохранять внешние признаки исходной части речи, но функционировать как именные единицы, выполняя синтаксическую роль существительного» [55, 34]. Ғалымның пайымдауынша, заттану нәтижесінде сөздер бастапқы грамматикалық белгілерін сақтай отырып, жаңа синтаксистік қызметке ие болады. Бұл тіл жүйесіндегі динамикалық өзгерістер мен сөз таптарының икемділігін айқындайтын құбылыстардың бірі болып саналады. Мысалы, «больной» сөзі больной человек тіркесінде сын есім қызметін атқарса, больной поступил в палату сөйлемінде зат есім мәнінде жұмсалады. Бұл жағдай субстантивацияның сөйлеу тәжірибесіне бейімделе жүзеге асатын үдеріс екенін көрсетеді [55, 36].

Субстантивация құбылысы орыс тіл білімінде әртүрлі бағытта зерттелгенін жоғарыда айттық. Н.Б. Парикова заттануды функционалды-грамматикалық тұрғыдан қарастырады. Ғалымның анықтамасына сәйкес, «Субстантивация представляет собой один из видов перехода слов из одной части речи в другую, при котором слово приобретает значения предметности и может функционировать в предложении как имя существительное» [56, 29]. Зерттеуші заттанудың мәнін сөздердің сөйлем ішіндегі қызметі мен мағынасының өзгеруін байланыстырады. Мұндай қолданыстар лексеманың категорияаралық трансформациясын айқындайды.

Е.В. Рахилина заттануды лексикалану құбылысымен байланыстыра қарастырды. Ол заттану үдерісін транспозиция нәтижесі ретінде сипаттап, сөздің валенттік қасиеттерінің өзгерісін басты назарға алады: «Семантический сдвиг сопровождается переосмыслением категории, что проявляется в изменении валентностных характеристик слова» [57, 91]. Ол сөйлеу жағдаятындағы заттанудың стилистикалық және коммуникативтік сипатын жан-жақты көрсеткен.

Орыс тіл білімінде заттану теориясын семантикалық құбылыс ретінде зерттеген ғалымдардың қатарында О.В. Редькина еңбегін атауға болады. О.В. Редькина 2003 жылы қорғаған кандидаттық диссертациясында субстантивацияны тілдік және функционалдық аспектілерде қарастырады (Субстантивация как семантическое явление: языковой и функциональный аспекты). Ғалым сөйлеу кезінде сын есімдердің зат есім ретінде жұмсалуын түрлі мәтін типтері арқылы дәлелдеп, олардың лексикалық-семантикалық шекарасының кеңеюін көрсетеді. О.В. Редькинаның жұмысы трансформациялық өзгерістерді прагматикалық контекстпен ұштастыруымен ерекшеленеді.

Ғалым: «Система частей речи не статична – ей присуща динамика, проявляющаяся в транспозиционных процессах, в том числе в переходе слов различных частей речи в разряд существительных - субстантивации» деген анықтама береді. Сондай-ақ ғалым субстантивация теориясының түрлену иерархиясын былайша жіктейді [58, 45]:



Сызба 1 – Ғалым О.В. Редькинаның заттануды жіктеуі

Бұл кестеден байқағанымыздай, ғалым заттану құбылысын тілдік және функционалды (сөйлеу) деп екі топқа бөліп қарастырады да, функционалды заттануды окказионалды және узуалды деп бөледі. Ал окказионалды заттануды өзара морфологиялық және синтакистік деп кіші топтарға жіктейді. Алайда ғалымның тілдік және сөйлеу деп екіге бөліп қарастыруы орынсыз деп санаймыз. Себебі заттану – бастапқыда сөйлеу актісінде, нақты коммуникативтік жағдаятта пайда болатын құбылыс. Алайда белгілі бір қолданыс тілдік тәжірибеде жиі қайталанып, қоғам тарапынан қабылданған жағдайда, ол бірте-бірте узуалданып, тілдік жүйенің бір бөлігіне айналады. Осы тұрғыдан алғанда, тілдік заттану сөйлеуден тыс, дербес құбылыс ретінде емес, сөйлеу үдерісінің нәтижесі ретінде қалыптасады.

Орыс ғалымдарының еңбектерін саралау барысында зерттеулердің басым бөлігі сын есім мен есімшенің заттануына арналғанын байқадық. Оның себебі қай тілде болмасын сын есім мен есімшенің жиі заттануы жиі кездеседі. Сондықтан да көп жағдайда басқа сөз таптары қалыс қалып жатады, ол басқа сөз таптары заттануы құбылысына ұшырамайды деген сөз емес. Осы тұрғыдан алып қарағанда, бірлі-жарым ғалымдардың сан есімнің, есімдіктің, үстеудің т.б. сөз таптарының заттануына пікір білдірген, түрлі деңгейде зерттеуге үлес қосқан ғалымдарды атап өтуге болады.

Сөз таптарының транспозициясы туралы зерттеген М.И. Смольянинова, О.В. Редькина сан есімнің ішінде реттік сан есімдердің заттануын ғана мойындайды. Ал есептік және жинақтық сан есімдердің заттануына қатысты М.И. Смольянинова былай дейді: «Количественные и собирательные числительные выполняют синтаксические функции, анологичные функциям имени существительного, без субстантивации» [59, 56].

Алайда біз бұл ғалымдардың пікіріне қосыла алмаймыз, себебі сан есімнің барлық мағыналық түрлері әртүрлі дәрежеде заттана алады. М.Ф. Лукин еңбегінде сан есімдердің заттануы «Опущение существительного в сочетании числительное + существительное» құбылысымен байланыстырылады. Яғни сан есім мен зат есім тіркесінде зат есімнің түсіп қалуы нәтижесінде сан есім заттық мәнге ие болады [60, 53].

Есімдіктердің заттануы құбылысы О.А. Жирикова (1957), М.Ф. Лукин (1978), О.М. Ким (1992), О.П. Миллионщикова (1991), О.В. Редькина (2003), И.В. Высоцкая (2006), А.Ф. Гайнутдинова (2011) зерттеулерінде әртүрлі қырынан талданған.

Заттану – динамикалық әрі функционалды үдеріс. Оны тек грамматикалық тұрғыдан ғана емес, тілдің концептуалдық және коммуникативтік дамуына ықпал ететін маңызды тетік ретінде қарастыру орынды. Сөз таптары арасындағы шекараның икемділігі тілдің когнитивтік жүйесінің ерекшеліктерін де айқындай түседі.

Орыс тіл білімінде бастау алған бұл бағыт кейін түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де зерттеу нысаны ретінде кеңінен қарастырыла бастады.

Демек, заттану – тіл дамуында тұрақты түрде байқалатын сөзжасамдық үдерістердің бірі. Ол сөйлеу барысында, нақты қолданыс аясында сөз мағынасының дамуы арқылы қалыптасады. Осыған байланысты диссертациялық зерттеуімізде заттанудың семантикалық-коммуникативтік сипатын ашу негізгі мақсат ретінде алынады.

1.3 Заттану – сөзжасамдық үдеріс

Заттану – күрделі лексика-грамматикалық үдеріс. Сөздердің заттық мағынаға ие болуы семантикалық, сөзжасамдық және синтаксистік тұрғыдан өзара байланысы негізінде қалыптасады. Лингвистикада бұл құбылыс көбіне басқа сөз таптарына жататын бірліктердің заттық мәнде қолданылуы ретінде түсіндіріледі. Дегенмен заттану тек сөз таптарының зат есімге ауысуымен шектелмейді. Сол себепті оны атау теориясы және сөзжасам тұрғысынан кешенді түрде қарастыру қажет.

Заттану – атау жасаудың, яғни номинацияның бір тәсілі. Бұл тұрғыдан алғанда, қазақ тіліндегі заттану үдерісі тілдің номинативтік қызметін жүзеге асыратын маңызды тетіктердің бірі ретінде көрінеді. Атау теориясы тіл білімінде нысан мен ұғымға ат қою заңдылықтарын зерттейді. Ал заттану осы жүйедегі екіншілік номинацияның бір түрі ретінде танылады. Себебі бұл үдеріс барысында бастапқыда қимылдық, сапалық немесе сандық мәнде қолданылған тілдік бірліктер коммуникативтік қажеттілікке сәйкес дербес атауға айналады.

Атау теориясы тіл білімінде болмыстағы нысандар мен құбылыстарды, әрекет пен сапаны тілдік таңба арқылы белгілеудің заңдылықтарын зерттейтін бағыт ретінде қалыптасқан. Тілдің номинативтік қызметі адамның танымдық әрекетімен тығыз байланысты. Себебі атау беру үдерісі болмысты тікелей бейнелеумен шектелмей, оның адам санасында қалыптасқан ұғымдық үлгісі арқылы көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, атау теориясы танымдық лингвистикамен сабақтастықта қарастырылып, тілдік бірліктердің пайда болуы когнитивтік үдерістермен байланыста түсіндіріледі.

Атау мен ойлаудың бірлігі мәселесін орыс тіл білімінде терең қарастырған ғалымдардың бірі – А.А.Потебня. Ғалымның пікірінше: «Слово есть не средство выражения готовой мысли, а средство её создания» [61, 18-19]. Бұл тұжырым атаудың танымдық табиғатын айқын аңғартады. Заттану үдерісінде қимыл не сапа тек грамматикалық форма ретінде емес, санада қайта өңделіп, дербес ұғым деңгейіне көтеріледі.

Атау мен мағынаның тарихи әрі функционалдық дамуын жан-жақты қарастырған зерттеушілердің бірі – В.В.Виноградов. Ол атаудың қалыптасуын сөз мағынасының өзгерісіне байланыстырады. Семантикалық өзгерісті номинативтік үдерістің негізгі тетіктерінің бірі ретінде түсіндіреді. Ғалымның пікірінше: «Номинация связана с историческим движением значения слова» [62, 162]. Бұл тұжырым атаудың тарихи-семантикалық негізін айқындап береді. Осы қағида қазақ тіліндегі заттану үдерісіне де тән. Заттану барысында

бастапқы қимылдық, сапалық немесе сандық, мезгілдік т.б. мағына біртіндеп дерексізденіп, жалпылану арқылы заттық ұғымға ауысады.

О.С. Ахманова атау теориясын тілдің негізгі қызметтерінің бірі ретінде көрсетеді. Атау жасаудың тек жекелеген сөздер деңгейінде емес, тұтас тілдік жүйе шеңберінде жүзеге асатынын дәлелдейді. Оның пікірінше: «Номинация представляет собой одну из фундаментальных функций языка как системы» [63, 275]. Осы тұрғыдан алғанда, заттанған бірліктер тілдің ішкі мүмкіндіктері негізінде жасалатын толыққанды атаулар ретінде қарастырылады.

Атау теориясының негізгі ұғымдарының бірі – екіншілік номинация ұғымы. Н.Д. Арутюнова екіншілік номинация құбылысын арнайы қарастырған. Ғалым екіншілік номинацияны атау жасаудың ең өнімді түрлерінің бірі ретінде бағалайды. Оның пікірінше: «Вторичная номинация возникает в результате переноса языковой единицы в иную категориальную область» [48, 308]. Заттану барысында тілдік бірлік жаңа атау қызметін иеленеді. Заттану нәтижесінде туындаған жаңа атау екіншілік номинация негізінде пайда болады.

Осы тұста белгілі ғалым В.Г. Гак тілдің мағыналық құрылымына қатысты маңызды пікір білдіреді. Ғалымның тұжырымынша, адам тілінің ерекшелігі сөз бен сөйлем мағынасының қатар жүзеге асуына байланысты. Соған сәйкес, бір ұғым әртүрлі негізде бірнеше атауға ие бола алады: біріншісі – объективті шындықтың қайталанатын белгілері мен тіл тұтынушылар тәжірибесіне сүйеніп қалыптасса, екіншісі – сол ұғымға берілетін субъективті баға, әсер, экспрессивтік реңк негізінде туындайды [64, 205]. Бұл тұжырым заттану құбылысының табиғатын түсіндіруде де маңызды. Себебі заттану барысында сөз бастапқы тура мағынасынан бөлек, қосымша бағалауыш немесе бейнелі мағынаға ие болып, жаңа атау қызметін атқара алады. Әсіресе метафоралық немесе экспрессивтік негізде қалыптасқан заттанулар екіншілік номинацияның нәтижесі ретінде көрінеді. Осылайша, В.Г. Гак көрсеткен мағынаның екі түрлі деңгейі заттану үдерісінде де айқын байқалып, сөздің әрі объективті атау, әрі субъективті-бағалауыш бірлік ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Атау теориясын жеке нысаны ретінде орыс ғалымы Е.С. Кубрякова да зерттеген. Зерттеуші атауды концептінің тілдегі көрінісі ретінде қарастырады. Оның пікірінше: «Номинация отражает способы концептуализации мира в сознании человека» [46, 12]. Орыс тіл біліміндегі атау теориясына қатысты бұл тұжырымдар заттану құбылысының семантикалық және номинативтік табиғатын кешенді түрде ашуға негіз болады. Сондықтан қазақ тіліндегі кейбір заттанған сөздер толық атау дәрежесіне жетеді.


Атау теориясына қатысты алғашқы ой-тұжырымдар қазақ тіл білімінде М. Қашқаридің «Сөздігінен» бастау алса, кейін А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, М. Томанов, Ә. Қайдар еңбектерінен жалғасын тапты. Бұл ғалымдардың пікірлерін ары қарай жетілдірген ғалымдар сөзжасам саласында елеулі еңбек еткен Н. Оралбаева, тарихи сөзжасамды семантикалық аспектіден зерттеген А.Б. Салқынбай мен аналитикалық сөзжасам мәселелерін терең зерттеген Б. Қасым зерттеуі үлес қосты. Сондай-ақ ғалым Ж. Манкеева зат атауларының қалыптасуын қазақ тіліндегі байырғы түбірлер негізінде және

этномәдени атауларды танымдық аспектіден қарастырады. Атау теориясына қатысты соңғы зерттеулер қатарына Ж. Отарбекова, Г.Қ. Абдрасилова, К.А. Құрманалиев, Ж.Т. Сарбалаев, Е.Б. Саурықов, С.Н. Саменова, Ғ.Б. Шойбекова еңбектерін жатқызамыз.

А. Салқынбай тілдегі кез келген атауды ономасиологиялық тұрғыдан қарастырғанда, оның денотат (заттың болмысы) пен сигнификат (атаудың мәні) арасындағы қатынас арқылы айқындалатынын көрсетеді [65, 24]. Ғалым номинация мен сөзжасамның өзара байланысын нақтылайды. Атаужасамдағы біріншілік номинация барысында түбір сөздегі ұғымның мәні мен оның болмыспен қатысы ашылатынын, ал туынды сөз сол негізде талданатынын атап өтеді. Сонымен бірге туынды сөздің жеке ұғымды білдіретін атау ретінде екіншілік номинацияға жататынын және сөзжасамдық процесс нәтижесінде қалыптасқандықтан, өзіндік сөзжасамдық мағына иеленетінін негіздейді [65, 25]. Осы пікірлер заттану арқылы қалыптасқан жаңа атаулардың дербес мағынаға ие болатынын дәлелдей түседі.

Заттану барысында бастапқыда қимыл, сапа немесе мезгіл мәнінде жұмсалған сөздер біртіндеп заттық ұғымды білдіретін атауға айналады. Бұл өзгеріс тілдің атаужасам аясын кеңейтеді. Дегенмен заттық мәнде қолданылған тілдік бірліктердің барлығы бірдей толыққанды атау дәрежесіне жете бермейді. Олардың басым бөлігі уақытша заттану деңгейінде қалып қояды.

Заттанған тілдік бірліктердің кейбіреуі ғана атау деңгейінде қалыптасатынын жоғарыда сөз еттік. Нақтырақ айтқанда, олар мынадай семантикалық өзгерістерге түседі:



Сызба 2 – Заттанған сөздердің семантикалық өзгерістері

Атаудың мәніне қатысты А.Салқынбай: «Атаудың мәні – танылған затпен дәлме-дәл келуінде емес, адам баласының әлем бейнесін танып-білудегі

қызметінің нәтижесін абстрактілі түрде жеткізуі. Ал абстракция нақты заттар мен құбылыстардың жалпы және жеке қасиеттерінің диалектикалық қайшылығы мен бірлігін белгілейді» [65, 26]. Яғни, заттанған сөздердің атау дәрежесіне дейін жетуіне тікелей таным жүйесі ықпал етеді. Мысалы, ақ, ағарған немесе жазмыш т.б. сөздерінің заттанып, атау деңгейіне жетуіне қазақ танымындағы ұғым мен түсініктер негіз болған. Мәселен, қазақ халқының өмір салты төрт түлік малмен тығыз байланысты. Олардың ішкен асы да төрт түліктен алынғандықтан, түсіне байланысты ақ, ағарған сөздері атау дәрежесіне дейін жетке. Ал жазмыш сөзі – ұлттық діни наным-сенімдеріне байланысты туған атау. Демек, бір кездерде жай ғана заттық мәнде қолданылып, кейін атау дәрежесіне дейін жеткен сөздерді халық жасайды және халықтың қолданыс деңгейінде сұрыпталады.

Осы тұста ғалым Ж.Манкеева атаулардың қалыптасуына қатысты былай дейді: «Зат атауларының қалыптасуындағы негізгі қағида – ұлттық ерекшелік, тарихи-мәдени, әлеуметтік-кәсіптік, т.б. жағдайларға байланысты негізделетін қазіргі тіл біліміндегі номинация теориясының уәжділік, функционалдық ұғымдарымен байланысты» [66, 160].

Адам қоршаған болмысты өзінің танымдық тәжірибесі, ойлау жүйесі мен когнитивтік модельдері арқылы қабылдайды. Адамның қабылдауына байланысты атау жасалады. Сөз таптарын таным теориясымен байланыстыра қараған ғалым О. Жұбай мынадай пікір білдіреді: «Сөз таптары – адамның таным әрекеті арқылы айналасын категориялау негізінде қалыптасады. сондай-ақ сөз таптарын табиғи категория ретінде қарастыруда адамның сан ғасырлық тәжірибесін түйсіну, оны тілдік құралдармен объективтендіруге негізделген когнитивті қабілеті көрініс табады. Когнитивтік құбылыс ретінде сөз таптары адамның әлемді тану, қабылдау, түсіну ерекшеліктерін көрсетеді» [67, 54]. Танымдық тұрғыдан атау беру ұғымның қалыптасуымен тығыз астасып жатады. Осыған сәйкес, атау теориясы тілдік таңбаның пайда болуын адамның когнитивтік қызметімен байланыста қарастырады.

Жаңа атаудың түзілуіне байланысты ғалым Г. Абдрасилова өз зерттеуінде былай дейді: «Тілдің даму барысында сөздердің жасалу жолдары да өзгеріп, дамып, кейбіреулері активтеніп, өнімдіге айналса, кейбіреулері, керісінше өнімсізге, тіптен, өлі формаларға айналуы мүмкін, Сондай-ақ, тіл тарихының бір саласы – этимология арқылы көптеген сөздердің қалай жасалғанын білеміз. Кейбір сөзжасамдық қосымшалар тарихи тұрғыдан танылады» [68, 34]. Сонымен қатар ғалым сөзжасамның семантикалық тәсілін сөз еткен тұста мынадай пікір білдіреді: «Конверсиялық тәсілдің ерекшелігі сол, ол сөздердің сөйлеу процесінде жаңа сөздермен байланысып, тіркесе жұмсалуында, жаңа мағыналарға, семантикалық өзгеріске түсуінде» [68, 45]. Біз ғалымның бұл пікірінен заттану үдерісінің тілдегі семантикалық сөзжасамның бір көрінісі екенін байқаймыз. Демек, бұл үдеріс конверсиялық тәсіл арқылы жүзеге асып, тілдің атау жасау мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Қазақ тіліндегі заттанған бірліктер тілдің номинативтік әлеуетін арттырып, жаңа ұғымдарды атауда маңызды қызмет атқарады. Мұндай

өзгерістер сөздердің мағыналық дамуы мен транспозиция құбылысының нәтижесінде жүзеге асады. Бұл жөнінде Ғ. Шойбекова монографиясында былай дейді: «Сөздердің транспозициялануында қазіргі тілімізде қолданылып жүрген түрлі мағыналы сөздер, мысалы, атау, қимыл, сындық, сапалық, сандық мәндегі сөздер мағыналық дамуға түсіп, есімденеді, сын-сапаланады, санданады, етістіктенеді, үстеуленеді» [69, 73].

«Екіншілік номинация – әртүрлі сөзжасамдық тәсілдер негізінде жасалатын атау. Екіншілік номинацияда болмыстың танымдық ұғымы мен белгісі дамыған, толыққан сипатта көрінеді. Жаңадан жасалған туынды атаудың мағынасында өзін туғызуға себеп болған түбірдің не негіздің мағынасы белгілі дәрежеде сақталады. Екіншілік номинацияның жасалуындағы негізгі заңдылық – атаудың өзін тудыруға себеп болып тұрған тұлғаның мағынасына негізделуі, уәжделуі. Бұл мағыналық негізділік кейін өзге жаңа номинативті атауларға да беріледі. Сөйтіп, бұл атаулар бір семантикалық өрісте жатады. Осы сақталған мағыналық жүйе арқылы сөздің дамуының тарихи желісін айқындауға болады» [65, 30].

Қазақ тілінде де басқа тілдер секілді заттануға бейім сөз таптарына сын есім мен етістіктің есімше тұлғасы жатады. «Әр сөз табы өзіне тән лексикалық және грамматикалық мағынасы, тұлғасы және сөйлемде атқаратын қызметіне қарай ерекшеленеді. Бірақ сөз таптарының жоғарыда аталған өзіндік қолданылу ерекшеліктері әр уақытта бірдей сақтала бермейді, өйткені сөздің мағынасы мен қызметі қатып қалған құбылыс емес. Тілде кейбір сөздердің о бастағы мәнін жоғалтуы, не болмаса алғашқы беретін мәнін әлсіретуі барысында жаңа бір лексикалық мағынаға ие болуы да, сөйлемде басқа бір сөз табының мағынасында қолданылуы да – жиі болып тұратын құбылыс» [23, 153].

Заттану құбылысына қатысты терминдер қолданысында әлі күнге дейін бірізділік жоқ. Мәселен, зерттеулерде *«субстантивация»*, *«субстантивтену»*, *«субстантиват»*, *«заттану»*, *«заттанған сөз», «субстантив»* сияқты терминдердің қатар қолданылады.

Орыс тіл білімінде аталған құбылысқа қатысты терминология біршама орныққан. Негізгі термин – «субстантивация». В.В. Виноградов «Русский язык. Грамматическое учение о слове» атты еңбегінде субстантивация «приём перехода прилагательных и других частей речи в существительные путём семантического и морфологического переосмысления» деп анықтама береді. Яғни, бұл – басқа сөз таптарының зат есімге айналу процесі [45].

Орыс грамматикасында «субстантив» термині де кеңінен қолданылады. Алайда бұл термин «зат есім» ұғымының синонимі ретінде қолданылса, «субстантиват» термині көптеген еңбектерде субстантивацияның өнімі, яғни «заттанған сөз» мағынасында қолданылған. Осылайша, орыс тіл білімінде негізгі ұғым ретінде «субстантивация», ал нәтижесі ретінде «субстантиват» терминдері қолданылады.

Қазақ тіл білімінде бұл құбылысқа алғаш қазақша атау ұсынған ғалым – А.Байтұрсынұлы. Ғалым заттануға қатысты екі термин енгізген: зат-сын және затсымақтану. Бұл атаулардың уәждемелік негізі айқын. Өйткені қазақ тіліндегі

заттану үдерісі екі түрлі бағытта жүзеге асады. Біріншісі – конверсия нәтижесінде сөздің жаңа заттық мағынаға ие болып, дербес атау ретінде қалыптасуы. Бұл жағдайда заттанған бірлік толыққанды номинативтік қызмет атқарып, сөзжасамдық тұрғыдан жаңа атау ретінде танылады. Екіншісі – сөздің тек белгілі бір контексте ғана заттық мәнге ие болуы. Мұндай қолданыста сөз өзінің бастапқы мағынасын толық жоғалтпайды, сондықтан бұл құбылысты транспозиция теориясы аясында қарастыруға болады. Осы тұрғыдан алғанда, А.Байтұрсынұлы қолданған затсымақтану термині дәл осы уақытша, толық қалыптаспаған заттануды білдіреді. Демек, термин құрамындағы -сымақтану жұрнағының қолданылуы заттанудың толық емес, шартты сипатын көрсетуге бағытталған деп пайымдауға болады. Осы тұрғыдан алғанда, А.Байтұрсынұлы енгізген терминдердің ғылыми негізділігі мен дәлдігі айқын.

Қазақ тіл білімінде осы құбылысты алғашқылардың бірі болып сипаттаған ғалым – А. Ысқақов**.** Оның «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» еңбегінде бұл процесс «заттану» деп аталып, орыс тіл біліміндегі «субстантивация» ұғымымен теңестіріледі. Ғалым заттануды басқа сөз таптарының (әсіресе сын есім мен есімшенің) заттық мағынаға ие болып, зат есімнің грамматикалық тұлғаларында қолданылуы деп түсіндіреді [4].

Кейінгі кезеңдерде Ы. Ысқақов**,** К. Аханов**,** Н. Оралбай, Б. Қасым, С.Саменова т.б. ғалымдар осы терминді «заттану», «заттанған сөз» түрінде қолданады. Ал кей еңбектерде халықаралық терминологиялық дәстүрді сақтау мақсатында «субстантивация»**,** «субстантивтену» атаулары жарыса қолданылады. «Субстантив» термині қазақ тіл білімі зерттеулерінде заттанған сөз мағынасында кездеспейді. Алайда заттанған сөздерді зат есімнің семантикалық тәсілі арқылы қарастырған тұста «Қазақ грамматикасы» атты ұжымдық еңбекте «субстантив» термині қолданылған [19]. Сондай-ақ бұл терминді орыс зерттеушілерінің еңбектерінен де кездестіреміз.

Ал субстантиват терминін қазақ зерттеушілері арасында ең алғаш М. Матжанова зерттеуінде, кейін Ж. Амирова еңбегінде қолданылады [18]. Ғалым С. Саменова заттанған сөздерді «заттанулар», «заттанған сөздер» деп береді [20].

Осыған байланысты қазіргі қазақ тіл білімінде екі бағытты көруге болады:

1. Төл терминологиялық бағыт – «заттану», «заттанған сөз» терминдерін қолдану.

2. Халықаралық бағыт – «субстантивация», «субстантивтену» терминдерін қолдану.

Төменде терминдерді қазақша аудармасы мен анықтамасын қатар алып, кестеге түсірдік:

Кесте 1 – Заттануға қатысты халықаралық терминдер

Термин	**Анықтамасы**	**Қазақша баламасы**
Субстантивация	Басқа сөз таптарының зат	Заттану

	есімге айналуы	
Субстантив	Заттың атын білдіретін сөздер	Зат есім
Субстантиват	Басқа сөз таптарына тән заттық мағына беретін сөз	Заттанған сөз

Заттану үдерісіне қатысты қазақ тіл біліміндегі терминологиялық жүйенің әркелкілігі халықаралық терминдер мен қазақша баламаларының жарыса қолданылуынан және әлі толық орнықпағанынан деп түсіндіреміз. Қазақ тілінің төл терминжасам қағидаттары тұрғысынан қарағанда, А.Байтұрсынұлы ұсынған «затсымақтану», кейін қалыптасқан «заттану» және «заттанған сөз» атаулары ұлттық ғылыми дәстүрге барынша сай келеді. Ал «субстантивация» терминін қолдану халықаралық ғылыми кеңістікпен өзара үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Сондықтан қазіргі ғылыми тілде екі нұсқаны параллель қолдану заңды, алайда терминологиялық стандарттау мақсатында бір ұғымның бір ғана атауын бекіткен жөн. Біз жұмысымызда тіл біліміне қатысты еңбектердің барлығында дерлік қолданыс тапқан «заттану» терминін, контекстік тұрғыдан заттанған сөздерді «заттанған сөздер» деп, ал толық заттық мәнге ауысқан сөздерді «атаулар» деп қолдануды жөн санадық. Алайда кей тұста заттану үдерісінің нәтижесінде пайда болған «заттанған сөздер» терминін субстантиват терминімен алмастыра қолдандық.

Заттану құбылысы сөз болған тұста оның конверсия мен транспозицияға қатыстылығы айтылады. Сөз таптары жүйесі – өзгермейтін, қатып қалған құрылым емес. Ол үнемі дамып, өзгеріп отыратын динамикалық жүйе**.** Бұл динамика ең алдымен транспозициялық құбылыстардан, яғни сөздердің бір сөз табынан екіншісіне өту үдерістерінен көрініс табады.

Кез келген тілде тілдік формалардың бір-біріне ауысу, алмасу құбылыстары жүзеге асып отырады. Мұны тіл білімінде транспозиция деп атайды. Транспозицияны кең және тар мағынасында сипаттауға болады. Кең мағынасында – бір тілдік форманың екінші бір тілдік форма функциясында жұмсалуы болса, тар мағынасында – бір сөз табындағы тілдік бірліктің екінші бір сөз табы қызметіне ауысуын, сөйлемдегі қызметін өзгертуін білдіреді. Осыған байланысты транспозиция толық (морфологиялық) және жартылай (синтаксистік) немесе семантикалық және функционалдық деп бөлінеді.

Субстантивтену – (латын тілінен аударғанда «зат есім») сөз таптарының заттық мәнге айналуы. Қазақша терминдік атауы – заттану. Сын есім, сан есім, үстеу, есімше тұлғалы етістік, қимыл атауы, одағай және еліктеуіш сөздер т.б. сөйлемде заттық мән қабылдап, грамматикалық, семантикалық дәрежеде функциясының өзгеруін осы субстантивация теориясы қамтамасыз етеді.

Белгілі лингвист ғалым А.А. Потебня өз еңбегінде субстантивация құбылысының синтаксистік және семантикалық ерекшеліктерін ескере отырып, оның үш типін анықтайды: 1) толық заттанған сөздер; 2) жартылай заттанған сөздер; 3) заттық мәні бар сын есімдер [41; 45-98].

Түркітанушы ғалым А.Н. Кононов заттану құбылысы екі түрлі жолмен дамитынын айтады. Біріншісі – лексика-семантикалық, яғни белгілі бір контексте сөз заттық мәнді иеленеуі арқылы заттанады да сөздің формасы өзгермейді. Ғалым окказионалды және контекстуалды заттану осы жолмен жасалатынын айтады. Ал екіншісі – морфологиялық, яғни бұл жерде аффикстердің көмегімен сөз заттық мәнге ие болады. Автор оған морфологиялық заттану деген атау береді [33; 129-130].

Профессор А. Салқынбай өз еңбегінде транспозиция құбылысының бір түрі саналатын заттану процесін екі түрлі жағдайда: 1) зат есімнің грамматикалық тұлғаларының жалғануы арқылы; 2) ешқандай грамматикалық тұлғалардың көмегінсіз-ақ бастауыштық қызметте келуі арқылы жүзеге асады деп көрсеткен [16, 197].

Қазақ сөзжасам жүйесіндегі заттану құбылысын толық сипаттау үшін оны тек формалық немесе тек мағыналық өзгеріс ретінде қарастыру жеткіліксіз. Заттану – семантикалық мазмұн мен грамматикалық категориялардың өзара әрекеттесуінен туындайтын интегративті үдеріс. Сондықтан бұл құбылысты түсіндіруде грамматикалық мағына мен семантикалық мағынаның арақатынасын арнайы қарастыру ғылыми тұрғыдан негізді болып табылады.

Лингвистикада семантикалық мағына сөздің лексикалық мазмұнын, ұғымдық негізін білдіреді, ал грамматикалық мағына сөздің белгілі бір сөз табына тән категориялық сипатын айқындайды. Заттану кезінде дәл осы екі деңгейдің тоғысуы жүзеге асады: сөз өзінің бастапқы семантикалық мазмұнын сақтай отырып, грамматикалық жағынан зат есімдерге тән категорияларды қабылдайды.

Мысалы, сапалық мағына білдіретін «жас», «үлкен», «жақсы» тәрізді сөздер бастапқыда анықтауыштық қызмет атқарады. Олардың семантикалық құрылымында сапа, белгі, қасиет ұғымдары басым. Алайда бұл сапа әрдайым белгілі бір субъектінің бойында көрінетіндіктен, олардың мағыналық құрамында субъектілік сема (тасымалдаушы ұғымы) сақталады. Осы ішкі семантикалық мағына заттанудың негізін құрайды.

Заттану үдерісінде осы субъектілік сема грамматикалық құралдар арқылы айқындалады. Сөз көптік жалғауын қабылдайды («жастар», «үлкендер»), септеледі («үлкенге», «жақсының»), тәуелденеді («жақсының сөзі»), сөйлемде бастауыш немесе толықтауыш қызметін атқарады. Яғни сөз семантикасы грамматикалық категория арқылы формаланып, сөз зат есімдер қатарына өтеді немесе сөйлемде заттық мағынада қолданылады.

Заттануды осы тұрғыдан қарастырғанда, ол тек сөз табының ауысуы емес, белгілі бір ұғымның грамматикалық жүйе арқылы қайта жіктелуі ретінде танылады. Сөздің лексикалық негізінде сақталған сапалық немесе қимылдық мағына толық жойылмайды, керісінше заттық мағына иеленеді. Мәселен, «оқитындар» тұлғасында қимылдық сема (оқу әрекеті) сақталады, бірақ грамматикалық тұрғыдан ол субъектілер тобының атауына айналады. Мұнда әрекет белгісі мен заттық ұғым бірігіп, жаңа категориялық бірлік жасайды.

Бұл құбылысты сөзжасам тұрғысынан қарастырғанда, заттану сөзжасам тәсілінің ерекше түрі ретінде сипатталады. Ол қосымша жалғау арқылы жаңа түбір жасау емес, белгілі бір сөздің грамматикалық категориясын өзгерту арқылы жаңа номинациялық бірлік қалыптастыруды білдіреді.

Сонымен қатар заттану коммуникативтік кеңістікте ерекше мәнге ие. Сөздің мағыналық аясы грамматикалық форма арқылы заттық сипат алған кезде, ол жалпылау, типтендіру және әлеуметтік категориялау қызметін атқарады. «Жастар», «кедейлер», «білетіндер» сияқты бірліктер зат есімнің қызметін атқарып тұрған басқа сөз табына тән сөздер ғана емес, белгілі бір әлеуметтік топты жинақтап көрсетуші сөздер.

Осы тұрғыдан алғанда, семантикалық деңгейде сөздің ішкі мағыналық құрылымында субъектілік ұғым қалыптасады, ал грамматикалық деңгейде бұл ұғым зат есімге тән категориялар арқылы формаланып, жаңа номинациялық бірлікке айналады. Сондықтан заттану үдерісінде мағына да, форма да маңызды рөлге ие..

Зат есімнен басқа сөз таптарының заттану үдерісі сөйлеу кезіндегі әртүрлі коммуникативтік факторларға байланысты. Сөйлеушінің ойды ықшам беруге ұмтылуы сөйлем құрамындағы белгілі бір сөз табына тиесілі сөз бен зат есімнің тіркесін бір-ақ сөзбен беруге ықпал етеді.

Мысалы, «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген сөйлемде «жақсы адамның» тіркесінің орнына «жақсы» сөзі қолданылып, сөйлемде заттық мағына білдіріп тұр. Үнем заңының нәтижесінде «адам» сөзінің лексикалық мағынасын береді. Толық қолданысында «жақсы» сөзі «қандай?» деген сұраққа жауап беріп, үнемделгеннен кейін зат есімше септік жалғауы жалғанып, «кімнің?» сұрағына жауап беріп тұр.

Мұндай қолданыстар сөйлемнің стильдік қызметінен де туындайды. Әсіресе, бұл мақал-мәтелдерде кездеседі. Мысалы, «Екі жаман қосылса, кең дүниеге сыймайды, екі жақсы қосылса, бірін-бірі қимайды». Демек, субстантивтену тілдік қолданыста сөздерді қайталамау, ойды қысқа беру, ой экспрессивтілігін күшейту т.б. коммуникативтік-прагматикалық, стильдік-көркемдік қажеттіліктерге қарай жүзеге асады. Бұл туралы толығырақ жұмысымыздың үшінші тарауында айтамыз.

Сөз таптарының заттану процесі біркелкі емес, кейбір сөздер бүтіндей заттанып біржола заттық ұғымды білдіруге көшіп кетеді. Сөйтіп, тілде семантикалық конверсия тәсілі арқылы сөзжасамдық процесс жүзеге асады, жаңа сөз туады. Мысалы, тілімізде о баста сапа белгісін білдіретін кейбір сөздер заттық ұғым ретінде қабылдана бастады. Мысалы, бай, туыс-туған, ағарған, ақсақал, барыс-келіс т.б. түсіндірме сөздіктерде реестр сөз дәрежесінде беріледі. Сол сияқты ауру, науқас сөздерін алсақ та, бұл сөздер о баста адамның денсаулығына байланысты белгісін көрсеткенмен, қазіргі кезде заттық ұғым, яғни тілдік санада дәрігерге қаралушы адам (пациент) ретінде қабылданып жүр.

Қазақ тіл біліміндегі сөздерді таптастыру мәселесін зерттеген ғалым М.Мұхтаров: «Тіл білімінде сөздің бір сөз табынан екінші сөз табына ауысуы, әдетте ешқандай сөз тудырушы жұрнақсыз іске ауысуына байланысты

түсіндіріледі және бұл құбылыстың жеке сөз таптарына қатысына қарай, яғни сөздің қандай сөз табына ауысқанына қарай адвербиализация (сөздердің басқа сөз таптарынан үстеуге ауысуы), адъективация (сөздердің басқа сөз таптарынан сын есімге ауысуы), вербализация (сөздердің басқа сөз таптарынан етістікке ауысуы), прономинализация (сөздердің басқа сөз таптарынан есімдікке ауысуы), субстантивация (сөздердің басқа сөз таптарынан зат есімге өтуі) деп аталады. Ал, жалпы сөздердің бір сөз табынан екінші сөз табына өту процесін атау үшін конверсия термині қолданылады» деп пікір білдіреді [70, 46].

Автордың айтуы бойынша, қазақ тіл білімінде қалыптасқан сөз таптастыру теориясы бойынша сөздерді түрлі топтарға жіктеу барысында әлі де болса бірқатар қиыншылықтар, шешімін таба қоймаған ірілі-ұсақты проблемалар кездеседі. Соның бірі, сөз таптастырудың синтаксистік принципін қолдану кезінде әрбір сөз табының сөйлемде атқаратын қызметімен қатар жүйелі түрде олардың (белгілі бір сөз табына жататын сөздердің) тіркесу қабілетін нақты анықтаудың өз дәрежесінде емес екендігі болса, келесі бір сөз таптастыруға қатысты шешімін күтіп тұрған үлкен проблема – сөздердің бір сөз табынан екінші сөз табына ауысу процесін зерттеу [70, 48].

Лингвистикалық терминдер сөздігінде: «конверсия англ. Conversion 1. Образование нового слова путем перевода данной словоформы в другую парадигму словоизменения» – деп анықтама берілген [63, 349]. Осы анықтамаға сүйенсек, конверсия барысында сөз жаңа грамматикалық парадигмаға өтіп, дербес мағынаға ие болады. Бұл құбылыс заттанудың толық түрімен сәйкес келеді, өйткені мұнда тілдік бірлік жаңа атау дәрежесіне жетеді.

Қазақ тілі білімінде конверсия құбылысы С. Аманжоловтың еңбектерінде де сөз болады: «Сөйлем мүшесі боларда сөз таптары әуелгі қалпын сақтай алмай, тікелей ауысып отыратынын да білеміз. Зат есім бірде зат, бірде сын есім болатыны анық қой. Мысалы: «Темір» – зат, «темір күрек» – темір сын есім орнында», – дейді автор [3, 87].

А. Ысқақов та өзінің 1950 жылы «Халық мұғалімі» журналында жариялаған «Қазақ тіліндегі сөздерді таптастыру туралы» атты мақаласында бір сөз табына тән сөздердің контекске уақытына екінші сөз табына өтуі туралы айтады. «Тіл-тілдің қайсысында болса да, белгілі бір сөз сөйлемде қолданылуына қарай, белгілі контекске, уақытына субстантивтене де (зат есім қызметін атқарып та), адъективациялана да (сын есім қызметін атқарып та), адвербиалдана да (үстеулік қызметін атқарып та) жұмсала береді» – деп көрсетеді [71, 73].

Бұл тұжырымдардан С. Аманжоловтың да, А. Ысқақовтың да конверсия құбылысының функционалдық-грамматикалық тұрғыдан, яғни сөздің синтаксистік қызметінің өзгеруі тұрғысынан түсінетінін көреміз.

Ал кейінгі кезде қазақ тілі білімінде сөзжасамның жеке сала ретінде бөліне бастауына байланысты бір сөздің ешбір жұрнақсыз сөз табына меншіктігінің ауыстыруы құбылысының сөзжасамдық тұрғыдан қарау басым бағыт алды. 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты ұжымдық еңбекте сөз болып отырған құбылыс сөзжасамның лексика-

семантикалық тәсілі ретінде қаралады. Зерттеуші сөзжасам тәсілдеріне арналған бөлімінде: «Сөзжасамның аффиксті және сөзтудырым тәсілдерінен басқа да жолдары бар. Ол сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілдері. Мұндай жол белгілі бір сөздердің жаңа мағынаға ие болуы, көп мәнді, ең бастысы омонимдік қатарға келуі арқылы жасалады. Сондай-ақ осы жол кейбір сөздердің ол бастапқы мәнін жоғалту не болмаса өзгерту барысында басқа бір сөз табының қатарынан танылуға жол береді. Тіл білімінде мұндай құбылыс прономинализация (сөздердің бір сөз табынан есімдікке айналуы) деп аталып жүр» – делінеді [17, 100].

Қазақ тіл білімінде осылайша сөзжасам аясында, оның бір қасиеті ретінде қаралатын конверсия құбылысының сөзжасамдық қасиетімен қатар функционалдық-грамматикалық сипаты да жоққа шығарылмайды.

Заттану арқылы қалыптасатын атаулар сөздің ішкі мағыналық құрылымындағы өзгерістердің нәтижесі ретінде танылады. Жаңа мағына тілде кенеттен пайда болмайтыны, керісінше бұрыннан бар тілдік бірліктердің семантикалық дамуы арқылы туындайтыны І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, К.Аханов еңбектерінде жан-жақты негізделген. Заттанған сөздердің заттық мағынасы да әртүрлі жолмен қалыптасады: бір жағынан, олар астарлы, бейнелі мағына жасау тәсілдері арқылы дамыса, екінші жағынан, тікелей, бейнелілікке қатысы жоқ семантикалық өзгерістер негізінде де пайда болады. Бұл туралы заттану теориясын зерттеген ғалымдар А.Ж. Амирова мен С.Н. Саменова да айтады. Қалай болғанда да, заттық мән екіншілік номинация арқылы қалыптасады. Яғни бастапқыда қимылдық, сапалық немесе басқа да мәнде қолданылған тілдік бірліктер семантикалық дамудың нәтижесінде жаңа атау қызметін иеленеді. Бұл үдеріс барысында сөздің мағынасы кеңейіп немесе жалпыланып, дербес заттық ұғымды білдіретін деңгейге көтеріледі.

Бейнелі мағына жасау тәсілдерін екіге бөліп қарастыруға болады: олардың алғашқысы – метафора, екіншісі – метонимия. Ал бейнелілікке негізделмеген ауыспалы мағына жасау жолдары сөздің денотаттық мағынасының әлсіреуі мен көмескіленуі, сондай-ақ оның семантикалық дамуы арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар мұндай мағыналық өзгерістер үнем заңының ықпалымен, эллипсистік ықшамдалу нәтижесінде жеке қолданыс, яғни контекстік жағдайлар негізінде де қалыптасады.

Заттану үдерісін түсіндіруде тілдегі үнем заңы маңызды орын алады. Тілдің дамуы барысында ақпаратты ықшам, жинақы түрде жеткізуге ұмтылыс нәтижесінде кейбір тілдік элементтер түсіріліп, олардың мағынасы басқа компоненттерге жүктеледі. Бұл құбылыс заттану үдерісінде айқын көрініс тауып, сөздердің заттық мағынаға ие болуына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, заттану барысында үнем заңы әртүрлі тілдік формалар арқылы жүзеге асады. Зерттеу материалдарын талдау негізінде үнемдеу құбылысын төмендегідей негізгі түрлерге жіктеуге болады.

Біріншіден, эллипсис (эллипсистік ықшамдалу) арқылы жүзеге асады. Бұл жағдайда «сын есім + зат есім», «есімше + зат есім» немесе т.б. құрылымдарда зат есім түсіріліп, оның мағынасы зат есімді анықтаушы тұлғаға жүктеледі.

Нәтижесінде сөз заттық мәнге ие болып, зат есімнің қызметін атқара бастайды. Эллипсистік ықшамдалу көбіне адам мәнін білдіретін сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер құрамында жиі кездеседі, өйткені сөйлеу барысында белгілі бір топ немесе тұлға контекст арқылы оңай айқындалса, мақал-мәтелдерде де ойды ықшам әрі әсерлі жеткізу мақсатында эллипсистік ықшамдалу кеңінен қолданылады. Мұндай қолданыстарда анықталушы зат есімнің түсірілуі нәтижесінде оның мағынасы бірінші компонентке жүктеліп, заттық мәнге ие болады. Мысалы, «Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат» деген мақалдан адам сөзінің ықшамдалғанын оңай байқауға болады.

Екіншіден, үнем заңы синтаксистік ықшамдалу арқылы байқалады. Бұл жағдайда күрделі синтаксистік құрылымдар қысқарып, ықшам формаға көшеді, соның нәтижесінде сөздің мағынасын бір ғана тілдік бірлік айқындайды. Күрделі құрылымның ықшамдалуына көбіне матаса байланысқа сөз тіркестері, атаулы сөйлемдер, т.б. құрылымдар жатады. С.Саменова үнем заңын ықшамдалу аясында қарастырып, «Парақорлық – кітап айтатын *күнәнің үлкені* (М.Әуезов); Ебін тапса, *жұмыстың ауыры жоқ* (Сөйлеу тілінен); *Баласының үлкені* мектепте оқиды (Газет материалынан)» деген сөйлемдерді мысалға келтіреді де, *күнәнің үлкені, жұмыстың ауыры, баласының үлкені* деген құрылымдардағы заттанған сөз тұлғаларының өзінің алдынан зат есімді қажет етіп, онымен матаса байланысып барып, заттық мағынаны білдіріп тұрғанын айтады [20, 46].

«Біздің ойымызша, күнә мен үлкен сөзінің, жұмыс және ауыр сөздерінің, сол сияқты бала сөзі мен үлкен сөздерінің араларын байланыстыратын аралық «байланыстырғыш» тіл дамуының бір кезеңінде болған. Аталған құрылымдарды (конструкцияларды) былай толықтыруға болады: *күнәнің ішіндегі үлкен күнәсі, жұмыстың ішіндегі ауыр жұмысы, балаларының ішіндегі үлкен баласы*. Үнем заңының ықпалынан екі сөз бірдей (заттанған сөздің алдындағы және заттанған сөзден кейінгі) үнемделіп, сөз тіркесі ықшамдалған. Мысалы: «*Баласының ішіндегі үлкен баласы» деген тіркес алдымен, «баласының ішіндегі үлкені*» болып ықшамдалған да, «*баласы*» деген зат есім үнем заңына ұшырап, оның заттық мағынасы да, тәуелдік жалғауы да «*үлкен*» сын есіміне ауысқан. Бұл сын есім сөз (үлкен) өзінің алғашқы мағынасын жоймай, оның үстіне заттық мағынаны қосып алған. «*Баласының ішіндегі үлкені*» болып тілде қолданыла келе, «*ішіндегі*» сөзінің де артықтығы байқалып, ықшамдалған, оның мағынасы «*баласының*» сөзіне жылысқан» [20].

Сонымен қатар, автор «тіліміздегі қиынның қиыны, ауырдың ауыры деген қолданыстардың «өте қиын» деген ұғымның сөйлеу тіліндегі, қолданымдағы нұсқасы болса керек. Тілде зат есімдердің де осы үлгі де тіркесуі кездеседі: азаптың азабы, кісінің де кісісі бар т.б.» деген ой айтады.

Осы тұлғада тұрып заттанған сөздерге профессор М.Балақаев назар аударған: «Иногда предметные значения прилагательных определяются лишь в составе определенных соподчинительных конструкций: көзінің қарасы, бетінің қызылы (румянец) [72, 126].

Осылайша үнем заңы заттану үдерісінде эллипсис, синтаксистік ықшамдалу сияқты тәсілдер арқылы жүзеге асып, тілдің номинативтік, семантикалық және коммуникативтік мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Кейбір мәтіндерде сын есімдер автордың стильдік мақсатына байланысты уақытша заттық қызметке ие болады. Мұндай жағдайда үнем заңы жетекші рөл атқармайды. Қаламгер белгілі бір сапаны, белгіні немесе кейіпкердің айрықша қасиетін айқындау үшін сын есімді тікелей зат есім орнына қолданады. Бұл қолданыстарда заттану алдыңғы контекске сүйенбейді, яғни «анықтауыш сөз + зат есім» түріндегі тіркеске негізделмейді. Анықтауыш сөз дербес түрде заттық мағынаны білдіреді. Мысалы:

Бірақ ана *дәу* оған тынатын емес (Ғ.М.);

Жас сұлудың хош жұпары танауына ұрып таза мас болуға айналды (С. Елубай).

Мысалдардағы *дәу, сұлу* сөздері заттанып қолданылып, кейіпкердің бейнесін жинақтап, әсерлі түрде беруге қызмет етеді. Мұндай қолданыстар заттық мәнмен қатар, эмоционалдық-экспрессивтік бояуды күшейтіп, мәтіннің көркемдік сапасын арттырады. Байқап отырғанымыздай, осы секілді заттанған сөздер қаламгердің тілдік шеберлігіне байланысты туындап, көбіне жеке авторлық, окказионалды сипатта қалыптасады.

Тілдік қолданыста кейбір сөздердің заттық мәнде жұмсалуы нақты мәтіндік жағдаятқа тікелей байланысты болады. Мұндай жағдайда үнем заңы жетекші фактор ретінде көрінбейді. Заттану алдын ала қалыптасқан құрылымға емес, сол сәттегі коммуникативтік қажеттілікке сүйене отырып, сөздің бірден заттық мағынада қолданылуы арқылы жүзеге асады. Бұл тәрізді қолданыстарда заттанған сөздердің мағынасы белгілі бір жағдаятқа негізделіп, контекстен тыс толық ашылмайды. Мысалы: «Бала шешесіне тартқан. Ақ сары. Бетіне *қызылы* теуіп тұрады» (С. Елубай); «Алтайдың *қоңыры мен қарасы* қалың ұйқыға қисая қойған жоқ» (А. Алтай). Берілген сөйлемдердегі *қызылы, қоңыр, қара* сөздері нақты бір топтың немесе нәрсенің сипатын білдіріп тұр, алайда олардың заттық мағынасы тек контекст арқылы айқындалады. Осылайша мұндай заттанулар контекстік сипатта болып, көбіне окказионалды қолданыс аясында көрініс табады. Яғни, қоңыр, қара сөздері әдетте адамға қатысты қолданылатын белгіні білдірсе, берілген контексте олар аюға қатысты жұмсалып отыр. Ал бетінің қызылы тіркесі қалыпты жағдайда адамның ұяты, абыройы мағынасында қолданылса, бұл сөйлемде оның тура, физиологиялық күйін, яғни беттің қызаруын білдіреді.

Осы тұста профессор Д.А. Әлкебаева контекстік мағынаның жағаятқа байланысты екенін айтады: «Мағыналық категориялар – ойлау мен тілді, логика мен психологияны тілдің лексикалық материалдарымен байланыстыратын құрал. Орта ғасырларда сөз мағынасының контекспен деректі ситуацияға байланысты өзгеретіні анықталған болатын. Мағынаның басты қағидалары – қоршаған орта мен шындық дүниенің адам санасында көрініс табуы, ақиқатқа құрылған тілдік феномендер сөз түзуде жан-жақты мағыналық-мазмұндық

сипатқа ие болатындығы айқындала отырып, олар белгілі ұғымға жатады» [73, 11].

«Ауызекі сөйлеу тілінде сөйлеушінің тілдік қолданысынан заттанған сөздер кездейсоқ тууы да ықтимал. Ондай қолданыстар белгілі бір ортада, мекемеде, тағы басқа да ұжымдарда қалыптасып, оның заттық мағынасы сол ортада ғана танылуы немесе жалпыхалықтық сипатқа көшуі ықтимал. Олар адамның қызметіне, жағымды, жағымсыз мінезіне, физиологиялық қалпына байланысты сырттай берілген қосымша ат болып келуі де мүмкін. Мәселен, біреуді сырттай «*шатақ*» деп атау, *«дәу», «қырсық», «суайт», «еңкілдек»* т.б. деп қосымша атау тіліміздe орын алған. Мысалы: Маған *Дәу* «келіп кетсін» деп хабар жіберіпті (Т.Әлжантегі). ... Кеше келген *дөкейлер,* Түні бойы сонда екен (А.Тоқмағамбетов). Осы сөйлемдердегі дәу, дөкей сөздері «*бірінші бастық, мансабы жоғары адам*» мағынасын бере отырып, кездейсоқ заттанған сөздер тобына жатады және олардың заттық мағыналары қазақ тілінде жалпыхалықтық сипат алған» [20, 77].

Метонимия – сөздің заттық мағынаға ауысуына ықпал ететін маңызды семантикалық факторлардың бірі. Бұл құбылыс зат пен оған қатысты белгі, қасиет немесе іргелес ұғымдар арасындағы мағыналық байланыс негізінде жүзеге асады. Заттану үдерісінде метонимия арқылы бастапқыда сапалық, сандық, сындық, т.б. мәнде қолданылған сөздер белгілі бір нысанның орнына жұмсалып, заттық мағынаға ие болады. Мысалы:

Өзіміз білетін адамдарды сүзіп шықсақ, ақылды *қасқа* да, ақылсыз *қасқа* да бар екен. *Сақалдылар* солай. Бірақ дәлелге бала тұрақтай ма, әркім өзі сөйлеп, өзі тыңдап, мәз-мейрам шуылдасып жатырмыз (Ғ.М.);

Тазға тарақтың жараспайтынын білетін-ақ жастасың ғой, - деп, дәл осы жерде еркіндік, еркелік дегеннің шекарасы, шамаса барын ұмытып еді (М.Сүндетов).

Бұл сөйлемдерде сақалдылар және таз сөздері адамға қатысты метонимиялық тәсіл арқылы жұмсалған. Мұнда адамның сыртқы белгісі оның өзін атау қызметін атқарып, белгі мен субъект арасындағы іргелестік қатынас негізінде заттық мағына қалыптасады.

Ал мына сөйлемдерде сойылатын малдың атауы оның түсіне байланысты атаумен алмастырылып, метонимиялық тәсіл арқылы заттанып қолданылған: «Өздерінің жеті атаға толғандығын *көкқасқа* сойып, той жасап, кәдімгідей атап өткен екен» (Қ. Жұмаділов); «Мына Бибінің жаңа осында атаған *ақсарбасы* бар» (Қ. Жұмаділов). Яғни *көкқасқа, ақсарбас* сияқты бірліктер малдың сыртқы белгісін білдіргенімен, контексте сол малдың өзін атау қызметін атқарып тұр. Ал «ақсарбас» сөзі алғашында малдың түсіне қарата айтылғанымен, кейін «Құдайға құрбандық етіп, арнайы шалынатын мал» немесе аман қалу үшін айтылатын ұран мағынасына ауысқан. Оған мына мысалдар дәлел: «Дәмелінің байқауында, екі күн молада түнеген бұлардан гөрі Малыбай жүдеу көрінді. Тіпті «ақсарбастан» басқа аузына да ештеңе түспейді» (К. Қазыбаев); «Құдайдың сені өзі айдап әкеп бергені үшін ақсарбас атап союға дайынмын» (Ж. Самитұлы). Бұл қолданыстарда заттың белгісі (түсі) оның орнына

жұмсалып, іргелестік қатынас негізінде мағыналық ауысу жүзеге асады. Нәтижесінде бастапқыда сындық сипаттағы сөздер заттық мәнге ие болып, дербес атау қызметін атқарады.

Тілдегі метафоралық ауыстырулар да сөздің заттық мағынада қолданылуына негіз болады. Метафора бір ұғымның белгілерін екінші ұғымға ұқсату арқылы жүзеге асады. Заттану үдерісінде метафора арқылы бастапқыда сапалық немесе бейнелік мәнде қолданылған сөздер белгілі бір нысанды немесе құбылысты атау қызметін атқара бастайды. Яғни сөз мағынасы ұқсастық негізінде ауысып, жаңа номинативтік мәнге ие болады. Осылайша метафоралық мағына ауысуы заттанған бірліктердің қалыптасуына ықпал етіп, тілдің бейнелілік мүмкіндігін ғана емес, сонымен қатар оның атау жасау қызметін де кеңейтеді. Б.Қасым: «Метафора – тілде әмбебап құбылыс. Оның әмбебаптығы тіллің құрылымында және қызметінде көрінеді. Ол тілдің түрлі аспектісі мен қолданыстық қызметін қамтиды. Тілдегі сөзжасам мен аталымды метафора тұрғысынан зерделеу тілде кенжелеу, назардан тыс қалып келеді. Метафораны зерттеушілер көбінесе бейнелеу, көркемдеу құралы, тәсілі ретінде қарастырады» – деп атап көрсетеді [74, 76]. Заттық мәндегі метафораларға сын есімдерден жорға (...*Жорғамын* шаршы топта самғайтұғын (Айтыс)), жүйрік (Орта жүзден орасан, Ойқастап озған *жүйрігім* (А.Байтұрсынұлы)) сөздерін, есімшелерден тіскебасар (тағамтану термині), ел үмітін арқалағандар (Мәжіліс депутаттарына қатысты) т.б. көптеген метафоралар атауыштық қызметті атқарады.

«Метафоралар бастапқыда зат не құбылысты көру, ұстау, сезіну, өмір тәжірибесінен өткізу сияқты таным сүзгісінен өткізіп барып, ұқсату үдерісінде қалыптасқан бейненің тілдегі көрінісінен туындайды. Егер бейнелі атау халықтың қабылдауына сіңіп, қолданысы артса, сөздің архисемасы көмескіленеді де денотаттық атауға ұласады» [75, 28]. Метафоралық мағына ауысуы заттану үдерісімен де тығыз сабақтас келеді. Себебі бастапқыда сапалық немесе бейнелік мәнде қолданылған сөздер метафора арқылы белгілі бір нысанды немесе құбылысты атау қызметіне көшеді. Яғни сөз тек бейнелеу құралы ретінде ғана емес, біртіндеп атау жасау қызметін атқаратын тілдік бірлікке айналады. Көркем шығармада мұндай қолданыстар оқырман санасында әртүрлі ассоциациялар туғыза отырып, белгілі бір образды нақтылап, оны дербес ұғым деңгейіне көтереді. Нәтижесінде метафора арқылы қалыптасқан мағына тұрақталып, заттық мәнге ие болу мүмкіндігіне ие болады. Осылайша метафора заттану үдерісінің семантикалық негіздерінің бірі ретінде қарастырылып, тілдің бейнелілік және атау жасау қызметтерінің өзара байланысын айқындайды.

Тілдегі табу, диалогтік қолданыстар және қаратпа сөздер де заттану үдерісінің қалыптасуына ықпал ететін факторлардың қатарына жатады. Табу құбылысы белгілі бір ұғымды тікелей атамай, оны жанама түрде жеткізуді талап ететіндіктен, сөздердің ауыспалы мағынада жұмсалуына негіз болады. Мұндай жағдайда бастапқы мағына өзгеріске ұшырап, тілдік бірлік заттық мәнге ие болуы мүмкін. Ал диалогтік сөйлеуде және қаратпа сөздерде үнем

заңы мен коммуникативтік қажеттілік басым болғандықтан, сөздер ықшамдалып, контекст арқылы толықтырылып отырады. Соның нәтижесінде кейбір сын есімдер мен басқа сөз таптары заттық мағынада жұмсалып, контекстік заттану арқылы жүзеге асады.

Табу сөздер заттық мәнде жиі жұмсалады. Табу сөздердің заттық мәнді білдіруіне қарай екі негізгі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа адамға қатысты табу сөздер жатса, екінші топқа табиғат құбылыстарына байланысты қалыптасқан табу сөздер енеді. Бірінші топтағы табу сөздер белгілі бір адамды тікелей атамау мақсатында қолданылады және көбіне заттық мағынаға ие болып, дербес атау қызметін атқарады. Мұндай қолданыстар туыстық қатынастар жүйесінде жиі кездесіп, сөйлеушінің әдеп, сыйластық нормаларын сақтауымен байланысты қалыптасады. Мысалы, қазақтың ат тергеу салтын жатқызуға болады, бұл салт бойынша жеңгелер қайын сіңілі мен қайын інінің атын атамайды, оларға *қылықтым, кекілдім, еркем, шырайлым,* т.б. ат қояды.

Ал екінші топтағы табу сөздер табиғат құбылыстарын тікелей атаумай, басқа сөзбен алмастыру нәтижесінде пайда болады. Мысалы, найзағайды *жай, жасыл* сияқты атаулармен атайды. Бұл жағдайда белгілі бір құбылыстың атауы оның сыртқы белгісі немесе әсері арқылы алмастырылып, метонимиялық не метафоралық негізде заттық мәнге ие болады.

Тілдік қолданыста қарым-қатынасқа түсушілер арасындағы қандай да бір қарым-қатынасты білдіру мақсатында сын есім немесе есімше тұлғасындағы қаратпа сөздер жиі қолданылады. Мұндай бірліктер сөйлеу барысында белгілі бір адамды атау қызметін атқарып, заттық мағынаның қалыптасуына ықпал етеді. Мысалы: «Дауылым емес, жауыным бар, балам! Мені олай жаудырмауға тырыс, *жалғызым*!...» (С. Мұқанов); «*Тентегім,* жеңгеңе тым қабырғаң қайысқан екен. Еншіме алатын 25 тұяқты қидым саған» (К. Қазыбаев). Тілімізде қаратпа сөздер өте көп және тек қана адамға қатысты қолданылмайды.

«Диалогтердің тілдік табиғатына сөйлемдегі ойды қысқа қайтару тән болып келетіндіктен, көбіне зат есімдер ықшамдалады да, сол арқылы тілде сын есімдердің заттанып қолданылуына жағдай жасалады. Мысалы:

- Бұларды бастап келген қайсы екен?
- Мына бір *толық сарысы* (К. Ахметов).
- *Бөтендердің* ұзын-қарасы – үшеу.
- Бәрі де өзіміз *тұстастар* ғой деймін.
- Басшылары анабіреу *төртбақ* болса керек (Т. Әлжантегі).

Жалпы алғанда, диалогтерде көбіне толымсыз сөйлемдер қолданылатындықтан, сөз мағыналары өзара жымдасады да, олар сын есімдердің заттанып қолданылуына ықпал етіп отырады. Бұлар тілді көркемдеу үшін емес, тіл қолданушының прагматикалық мақсатын өтеу үшін жасалады» [20].

Сын есімдердің заттануын қарастырған ғалым С.Саменова қазақ тіліндегі заттанған сын есімдер арқылы тілде пайда болған атаулардың жасалу және қалыптасу жолдарын бірнеше кезеңге бөліп қарастырады:

«Алғашқы кезең: сын есім сөздің заттық мағынада бірінші рет қолданалуы. Оған себеп болып отырған тілдік факторлар ретінде тілдегі ықшамдалу, сөз мағынасының тарылуы мен кеңеюі құбылыстарын атауға болады. Сөздердің заттық мағынада алғаш рет қолданылуы ауызекі сөйлеу тілінде де, жазба тілде де жүзеге асуы ықтимал.

Екінші кезең: сын есім сөз аталған заттық мағынада жиі қолданылуы нәтижесінде бұл мағына тілде орнығып, оның ол мағынасы көпшілікке танылады да, сол заттық мағынада қолданылуы дағдылы құбылысқа айнала бастайды. Яғни, заттанған сөздің мағынасы жалпыхалықтық сипатқа ие болады.

Үшінші кезең: белгілі бір сын есімнің бойында осы аталып отырған заттық мағына толығымен тұрақталады. Бұл кезеңде сын есім сөз өзінің алғашқы сындық мағынасынан қол үзеді немесе алғашқы мағынасымен омоним болып келетін екінші сөз тілде қалыптасады.

Төртінші кезең: сын есім сөз зат есімге түбегейлі өтіп, күтілген нәтиже – аталым тілде пайда болады. Яғни, бұл кезеңде сөз заттанудың ең жоғары деңгейі – аталым дәрежесіне жетеді. Сөйтіп, тілде заттың атын білдіретін жаңа атау пайда болады да, ол тілдік айналымға түсіп кетеді. Яғни аталымның қызметтің нәтижелері апробациядан өтіп, социуммен қабылданып, узусқа айналады» [20, 49]. Ғалым ұсынған кезеңдер тілдік дамуда біртіндеп жүзеге асатынын көрсетеді. Біз де осы тұрғыда ғалымның пікіріне қосыламыз, алайда заттану үдерісінің семантикалық және коммуникативтік қырларын ескере отырып, төмендегідей кезеңдер арқылы сипаттауды жөн көрдік:

1-кезең – бастапқы (окказиональды) қолданыс.

Басқа сөз табына қатысты сөз алғаш рет белгілі бір коммуникативтік қажеттілікке байланысты контекст аясында заттық мағынада қолданылады. Бұл кезеңде заттану тұрақты сипатқа ие болмай, сөйлеу актісіне тәуелді жүзеге асады. Заттық мағына кей жағдайда эксплицитті түрде айқын көрінсе, кей жағдайда имплицитті сипатта беріледі. Сондықтан бұл кезеңдегі заттану окказиональды, яғни уақытша және контекстік сипатымен ерекшеленеді.

2-кезең – заттық мағынаның тұрақтау кезеңі. Заттанған сөздің заттық мағынасы күшейіп, бастапқы сындық мағынадан алшақтайды. Бұл кезеңде тілдік бірлік дербес лексикалық мағынаға ие болып, зат есімдерге тән грамматикалық қызметтерді атқара бастайды. Кей жағдайда мұндай сөздер бастапқы мағынасымен қатар өмір сүріп, көпмағыналы сөздер қатарын түзуі мүмкін.

3-кезең – атау қалыптасу кезеңі. Сөз толық заттанып, дербес атау дәрежесіне жетеді. Бұл деңгейде ол тілдің лексикалық қорына еніп, узустық сипатқа ие болады. Заттанған бірлік толыққанды номинативтік қызмет атқарып, белгілі бір ұғымның тұрақты атауы ретінде тілдік айналымда қолданылады.

Заттанған сөздердің заттану дәрежесіне байланысты ғалымдар тарапынан бірнеше түрге бөлгенін байқауға болады. Мәселен, 2002 жылғы «Қазақ грамматикасы» еңбегінде заттанған сөздерді тұлғасына қарай: түбір субстантив зат есімдер, туынды субстантив зат есімдер деп, құрамына қарай: жалаң құрамды субстантивтер, күрделі субстантивтер деп екі топқа бөледі. Сонымен

қатар, мағыналық топтарына кірме субстантиватер, реестр сөз дәрежесіндегі субстантивтер т.б. деп бірнеше түрге жіктейді. Бұл еңбекте заттанған сөздерді зат есімнің бір түрі ретінде семантикалық тәсіл аясында қарастырады. [19, 339-342]. Мәселен, аталған еңбекте былай делінген: «*Семантикалық тәсіл арқылы жасалған зат есімдер.* Бұл тәсілге байырғы зат есімдер, сондай-ақ басқа тілдерден енген зат есімдер, бастапқы семантикалық мағынасы не кеңею, не тарылу, не ауысу арқылы туған жаңа зат есімдер мен субстантивтену арқылы пайда болған зат есімдер жатады. Субстантивтену деп сөз мағынасының заттануын, заттық тиянақтылық алуын айтады. Қазақ тілінде сөз таптарының субстантивтену дәрежесі бірдей емес. Мысалы, *Аттыға еріп жаяудың таңы айырылыпты; Бөріктінің намысы бір; Көп қорқытады, терең батырады т.б.* Осындағы *жаяу, бөрікті, көп, терең* сын есімдері субстантивтеніп тұр. Жалпыхалықтық сипаттағы субстантивтердің біріне *-лар/лер, -дар/дер, -тар/тер* көптік жалғауы жатады. Тіліміздегі көптеген сын есімдер көптік жалғауы жалғанғанда, сындық сапасын жаңа, заттық сапаға айналдырумен қоса өзінің көптік мағынасын түгелдей сақтап қалады. Мысалы: *үлкендер, оқымыстылар, ақтар, көшпенділер, жалдамалылар* т.б. *-лас/лес, -дас/дес* жұрнағы арқылы жасалған сын есімдер де субстантивтенеді. Мысалы: *күндес, құрдас, замандас, әріптес, бәсекелес* т.б. *-лық және -ғыш* тұлғалы зат есімдер субстантивтенеді: *түстік, майлық, шайлық, мінгіш, жыртқыш* т.б. Тілде семантикалық тәсілмен жасалған күрделі субстантивтер де бар. Мысалы: *бойжеткен, атқамінер, еркек кіндікті, шүйке бас, қол жаулық* т.б.» [19].

Ал «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» сайтында: «Субстантивтенген сын есімдердің тілұстармандар санасында орнығу/орнықпауына қарай, уақытша (эфемерлік) субстантивтер және санада тұрақталған субстантивтер деп бөлу де бар. Эфемерлік субстантивтер сол сөз заттанып қолданылған контексте ғана өмір сүреді де, ал эфемерлік емес субстантивтер санада тұрақталып, біртіндеп сөзжасамдық процестен өте келе жаңа сөз ретінде танылa бастайды. Сондай-ақ сын есімдердің заттану процесі бірдей емес, көбі уақытша, кейбіреулері толық субстантивтенеді» делінген [76].

Қазақ және орыс тілдеріндегі есімшелердің заттануын зерттеген М.Матжанова еңбегінде субстантиваттарды «абсолютная субстантивация, относительно-полная субстантивация, традиционная субстантивация, окказинальная субстантивация» деп төртке бөліп қарастырады [18]. Ғалымның былайша төртке жіктеуінен орыс ғалымдарының еңбектеріне сүйенгенін байқаймыз. Себебі көптеген орыс тіл білімі ғалымдарының еңбектерінде заттанған сөздерді осылай төртке жіктегенін көруге болады.

Жоғарыдағы ғалымдардың пікірі мен қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, заттанған сөздерді құрамына қарай екіге, тұлғасына қарай екіге, заттану дәрежесіне қарай екіге бөліп қарастыруды жөн санадық.

Құрамына қарай:

1) **дара субстантиваттар** (құрамы бір сөзден тұратын субстантиваттар): *арзан, шал, ыстық, туысқан, ақтар, қызылдар*;

2) **күрделі субстантиваттар** (бірігу, қосарлану, тіркесу арқылы кемінде екі сөзден жасалған субстантиваттар): *ақсақал, екінің бірі, барыс-келіс, айтыс-тартыс, туыс-туған.*

Тұлғасына қарай мынадай екі топқа бөлінеді:

1) **түбір субстантиваттар** (семантикалық тәсіл арқылы жасалған субстантиваттар): *«Аққа* құдай жақ», «Жауға барсаң кесерді ал, дауға барсаң *шешенді* ал», «*Жаяудың* шаңы шықпас»; «*Соқырдың* тілегені – екі көзі»;

2) **туынды субстантиваттар** (синтетикалық немесе аналитикалық тәсіл арқылы жасалған субстантиваттар): «*Жыртқыштар – сүтқоректілердің* дербес атауы», «Бір Алла осы аруға кез келтір деп, Жылаймын ертелі-кеш *Жаратқанға*».

Заттану дәрежесіне қарай мынадай топтарға бөлуге болады:

1) **контекстік заттану** (мәтінде уақытша заттану, окказионалды заттану): «*Бөріктінің* намысы бір»;

2) **толық заттану (жаңа атау):** Есіне *шал* түсті де ет бауыры елжіреп кетті (Б.М.).

Бұл жерде контекстік заттануға көбінесе уақытша заттық мағына иеленген сөздерді жатқызамыз. Оның ішінде окказионалды, авторлардың жеке қолданысы арқылы пайда болған заттық мәндегі сөздер жатады. Ал толық заттанған сөздерге өзінің түпкі мәнін жоғалтпай, жаңа мағынаны қатар алып жүрген сөздерді, реестр сөз дәрежесінде жалпыхалықтық деңгейде танылған сөздерді, атау деңгейіндегі жатқызамыз. Толық заттанған сөздердің сөздіктерде өзіне тән анықтамасы, мағынасы бар. Ал уақытша заттануға белгілі бір жағдайда ғана заттанып, басқа жағдайда өзінің бастапқы мағынасынан ажырамаған сөздерді жатқызамыз.

Қазақ сөзжасам жүйесіндегі заттану үдерісі – тілдің ішкі даму заңдылықтарына негізделген функционалды-семантикалық құбылыс. Біздің пайымдауымызша, сөздердің заттануы ең алдымен атау жасау қажеттілігінен туындайды. Адам санасы шындық болмысты тек белгілер арқылы ғана емес, сол белгілердің сипатын, белгісін дербес ұғым ретінде тануға ұмтылады. Осыған байланысты сапалық, қимылдық немесе сандық т.б. мағыналар заттық деңгейге көтеріледі. Мәселен, «жас», «белсенді», «үлкен» тәрізді сапалық мәндегі бірліктер белгілі бір әлеуметтік топтың атауына айналып, дербес номинация қызметін атқарады. Бұл құбылыс заттанудың сөзжасамдық әлеуетін көрсетеді.

Екіншіден, заттану жалпылау мен типтендіру қажеттілігінен пайда болады. Коммуникация үдерісінде сөйлеуші жекелеген тұлғаны емес, белгілі бір ортақ белгіге негізделген топты атауға ұмтылады. «Жақсылар», «әлсіздер», «білетіндер» тәрізді қолданыстар жеке субъектіні емес, әлеуметтік немесе моральдық типті білдіреді. Мұндай жағдайда заттану ұғымды абстракциялау мен жинақтаудың құралына айналады.

Үшіншіден, заттану тілдік үнем заңымен сабақтас. Синтаксистік құрылымдағы «сын есім + зат есім» моделінің ықшамдалуы нәтижесінде анықталушы компонент түсіріліп, анықтауыштың өзі заттық мағынаға ие

болады («үндемес адам» → «үндемес», «жұмыс істейтін адамдар» → «жұмыс істейтіндер»). Бұл – ой мазмұнын сақтай отырып, форманы қысқарту арқылы жүзеге асатын үнемдеу механизмі.

Төртіншіден, заттану коммуникативтік-прагматикалық мақсатпен де уәжделеді. Заттанған тұлғалар мәтінде экспрессивтік, бағалауыштық және типтендіруші рөл атқарады. Олар сөйлеушінің көзқарасын ықшам әрі әсерлі жеткізуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, заттану тек семантикалық трансформация емес, дискурстық ұйымдастыру құралы ретінде де қызмет етеді.

Осылайша, заттану – тілдік категориялар шекарасының механикалық бұзылуы емес, керісінше, номинация, жалпылау, үнемдеу және прагматикалық ықпал ету қажеттіліктерінен туындайтын көпқырлы семантикалық-коммуникативтік құбылыс. Бұл үдеріс қазақ сөзжасам жүйесінің динамикалық сипатын айқындап, тілдің әлеуметтік ойлаумен тығыз байланысын көрсетеді.

А. Салқынбай «Тарихи сөзжасам» атты монографиялық зерттеуінде «Заттану үдерісі ең көне заманнан келе жатқан құбылыс ретінде бағаланады, мұндай транспозициялық сөзжасам тіл дамуында өте баяу жүреді. Заттану үдерісі сөздік құрамды дамытуға қызмет етеді. Тілдің кейінгі дамуында бұл үдеріс жақсы байқалады, негізінен окказиональдық заттану үдерісі басым, әрі контексте жеңіл қабылданады» - деп жазады [16, 215]. Бұл айтылған пікірден бірнеше мәселені аңғаруға болады:

- заттану – тіл дамуында ертеден келе жатқан құбылыс;
- толық заттану үдерісі баяу жүреді;
- тіл дамуында уақытша заттану басым.

Қазіргі тілдік қолданыстағы заттану үдерісін бағамдау үшін, оның қызметтік қолданыс әлеуетін таразылаудың, мағыналық құрылымындағы ерекшеліктерді анықтаудың маңызы арта түседі. Осы ретте диссертациялық зерттеуімізде сөз таптарының заттану үдерісінің мағыналық және қызметтік ерекшелігін саралаймыз.

Жоғарыда заттану үдерісіне, оның заттану дәрежесіне қарай бөлінетін типтеріне, заттану деңгейіне қатысты мысалдар арқылы дәлелдеуге тырыстық. Белгілі бір қолданыстағы заттанған сөздердің жасалуына ықпал етуші негізгі факторларға тоқталдық және олардың пайда болу себептерін анықтауға тырыстық.

2 СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ ЗАТТАНУЫ: СЕМАНТИКАЛЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК СИПАТЫ

2.1 Етістік тұлғаларының заттануы: семантикасы мен қолданысы

Есімшелердің заттануы. Кез келген тіл тарихи даму барысында тұтынушысы болмаса әлемдік кеңістікте құндылығын жоғалтары сөзсіз. Етістік тұлғаларының ішінде заттану үдерісіне ең бейімі – етістіктің есімше тұлғалары.

«Түркі тілдеріндегі есімшелердің сөз болуы XI ғасырдағы М.Қашқаридің «Түрік сөздігінен» бастау алады. М.Қашқари өзінің кіріспе бөлімінде зерттеу еңбегін сегіз кітапқа жіктегенін, тек қолданылатын сөздер тізбегін назарға алғанын айтады. Түрік (түркі) тілінің заңдылықтарымен араб тілінің ұстанымдарын қатар қоя отырып, түрік тілінде род категориясы жоқ екенін алғаш жазады. Сондай-ақ, өзі жіктеген әр кітабында «есімдер» мен «етістіктер» деп бөліп қарастырады» [77, 19]. Осы тұстан ғалымның тілдегі етістіктердің рөлін, маңызын, ауқымдылығын аңғарып, терең зерттеу жүргізгеніне көз жеткіземіз. Сондықтан орта ғасырдың көрнекті өкілі, лингвист ғалым М.Қашқаридің «Сөздігінде» етістіктердің жақтары, шақтары т.б. категориялары ғылыми түрде көрініс табуы заңды [78; 10].

М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегі қазақ тілін зерттеуде құнды мұра болғандықтан, жұмыстың осы тарауында «Сөздіктегі» есімше тұлғаларының берілуі мен олардың заттық мәнінің сөйлемдегі қолданысына, заттанған сөздердің берілуі мен есімшелердің адъективтенуіне де тоқталуды жөн көрдік.

XI-XII ғасырлардағы орта түркі ескерткіштерде етістіктің ірі сөз табы ретінде ерекшеленіп, тіл білімі ғалымдарының назарын аударғаны бәрімізге айқын. Оның себебі сол кездің өзінде етістіктің семантикалық және функционалдық қызметі, етістіктің шақ, рай, етіс, жақ категориялары мен ерекше түрлері белсенді қолданыста болды. Ғалым еңбегінде түрік тайпаларының тілдерін тұңғыш рет салыстырмалы талдау әдісімен түсіндіріп, араб тілін жетік білгендіктен, араб тілінің заңдылықтарына салып, келелі зерттеу жүргізеді. М. Қашқари өзінің кіріспе бөлімінде зерттеу еңбегін сегіз кітапқа жіктегенін, тек қолданылатын сөздер тізбегін назарға алғанын айтады. Түрік (түркі) тілінің заңдылықтарымен араб тілінің ұстанымдарын қатар қоя отырып, түрік тілінде род категориясы жоқ екенін алғаш жазады. Сондай-ақ, өзі жіктеген әр кітабында «есімдер»мен «етістіктер» деп бөліп қарастырады. Осы тұстан ғалымның тілдегі етістіктердің рөлін, маңызын, ауқымдылығын аңғарып, терең зерттеу жүргізгеніне көз жеткіземіз. Сондықтан орта ғасырдың көрнекті өкілі, лингвист ғалым М.Қашқаридің «Сөздігінде» етістіктердің жақтары, шақтары т.б. категориялары ғылыми түрде көрініс табуы заңды.

М. Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» сөздігі дүние жүзі ғалымдарының назарын ертеден-ақ аударған. Атап айтқанда, неміс ғалымы К.Броккельман алғашқылардың бірі болып аталмыш еңбекті зерттеуде үлкен үлес қосса, түрік ғалымы Бесім Аталай түрік тіліндегі ғылыми аудармасын жасап,

зерттеушілердің негізгі аударма ретінде ден қоятын бірден бір басылым нұсқасы ретінде танылды. Ал қазақ тілінде А.Егеубаев, Қ.Бекетаев, Ә.Ибатов аударып, М.Қашқаридің басқа да еңбектерін халыққа ұсынғаны белгілі.

«Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегін әртүрлі аспектіде зерттеушілер қатары көп. Ал тілдік тұрғыдан зерттеушілер қатарына В.В. Бартольд, В.А. Гордлевский, Т.А. Боровков, А.Н. Кононов, М.Ш. Шералиев, А.М. Демирчизаде, Т.М. Гарипов, В.И. Асланов, Ш. Шукуров, Х.Г. Нигматов, Ә.И. Фазылов т.б. ғалымдар, қазақ тіл білімінде Н.Т. Сауранбаев, С.А. Аманжолов, А.Н. Ысқақов, Ғ.Ғ. Мұсабаев, Ә. Құрысжанов, М. Томанов, А.Б. Салқынбай, Б.Д. Шағырова, М.Ә.Жүнісова еңбектерін атауға болады.

М.Қашқари түркі тіліндегі етістіктің өзіндік ерекшеліктеріне, белгілі түр-тұлғасына зер салып, алғаш сөз қозғаған. Соның ішінде етістіктің болымды, болымсыздығы, салт және сабақтылығы туралы кеңінен сөз еткен. Сондай-ақ, шақ категориясының жасалуы мен мезгілдік қатынасы, райы да ғалым сөздігінен айқын көрінеді. «Сөздікте» келтірілген етістіктердің басым көпшілігі жедел өткен шақтың жұрнақтары арқылы берілген. Мысалы, «Сәлім етістіктер кітабында» (ауд. «Екі әріптілер бөлімі») «tapdы – тапды: табынды, қызмет етті; тапды: тапты» немесе «шapdы – шапды: шапты, жүзді, ұрды, сылады» деген жедел өткен шақтың формасын көруге болады [78, 98]. М.Қашқаридің айтуы бойынша, кейбір тайпа, руларда -дук/-тук жұрнақтары жақтық, көптік тұлғамен байланыссыз өткен шақтық тұлғаны білдірген. Ал келер шақтың басты көрсеткіші ретінде -р жұрнағы аталады. Ал етістіктің осы шағы мен нақ осы шағы туралы көп мәлімет берілмеген. Бірақ айта кететін мәселе, сол тұста шақтық қолданыс сирек болғандықтан, ғалым «шақ» терминін пайдаланбаған. Етістіктің шақ категориясы туралы мәліметтің толық болмауы сондықтан болса керек.

Етістіктің ерекше түрі болып саналатын есімшелер туралы «Түрік сөздігінде» азды-көпті ақпарат берілген. Бірақ көсемше формаларына қатысты пікір жоқтың қасы. Ғалым есімше туралы сөз қозғағанда, оның осы бапта және өзге баптардың барлығында білдіретін мағынасына қарай бес түрге бөлінетінін айтады. Автор «шақ» терминін қолданбағандықтан, «бап» деп қолданғанын да айта кету керек. Өткен шақтық есімшенің «істің ұзаққа созылатын, дүркінділік мән» беретін сипатын, істің тындырылғанын білдіретін сипатын, келер шақтық есімшенің іс-әрекеттің мақсатты, ниетті түрде орындалатынын айтқан. М.Қашқари атаған өткен шақ есімшесі қазіргі қазақ тілінде -ған, -ген, -қан, -кен жұрнақтары ретінде қолданылады. Еңбекте «Kylgen er: Күлген ер» деген мысалмен беріледі [79, 75]. Осы тұста ғалым М.Томанов -ған жұрнағын этимологиялық жағынан құранды екенін айтады. Ғалымның айтуынша, жұрнақтың алғашқы компоненті -ға – қимыл есім тұлғасы екенін, ал -н ежелгі дәуірде өткен шақты білдірген қосымша екенін айтады [80, 59].

Сөздікте қолданылатын өткен шақ есімшесінің бір түрі -мыш, -міс жұрнақтары арқылы жасалады. Ол болжам немесе баяндау мәнін береді. Сөздікте «Qurmыш ja: Құрмыш иа – құрулы садақ» деген мысал келеді [81, 235]. Қазіргі қазақ әдеби тілінде бұл қосымша жоғалып кетпегенімен, сирек

қолданысқа ие. Бұл турасында М.Томанов: «Қазақ тілін -мыш формантына тән барлық мән-мағына -ған формантына ауысқан кезде -мыш реликт есебінде қазіргідей позицияда қалып қойған деп қарауға әбден дәлел бар. Қалай болғанда да, қазақ тіліндегі -мыш тұлғасының осы қолданысы бір жағынан көне түркілік қолданыспен, екінші жағынан қазіргі чуваш тіліндегі қолданыспен тығыз ұштасып жатады. -мыш біздің қазіргі тілімізде жеке сөздер құрамында ғана сақталған: тұрмыс, жазмыш, озмыш, болмыс, тарамыс тәрізді сөздер құрамындағы осы тұлға. -мыш тұлғасы өзінің бұрынғы мағынасында қазіргі оңтүстік-батыс тілдерінде ғана сақталған», - деп пікір білдіреді [80, 125]. М.Қашқаридің еңбегі арқылы сол дәуірде -ған мен -мыш тұлғаларының арасында белгілі бір дәрежеде айырмашылық болғаны байқалады.

М.Қашқари сөздігінде есімше түрі көп кездеседі. Өзбек ғалымы С.Муталлибов есімше формаларының алты түрін жіктеп көрсеткен:

«1. =ған, =кан, =ган, =кан: бу эр атіні озітган – он всегда опережал в скачках его коня;

2. =гу, =ку, =ағу, =агу: кэлгу – приходящий, тот который придет;

3. =р, =ур,=ур, =ар, =ар: білер – значащий;

4. =міш, =міш: барміш – пришедший;

5. =увчі, =дачі: тургувчі – тот, кто встанет;

6. =дуқ: болмадуқ нәңа севінмән – не радуйтесь тому, чего не нашли» [82, 46].

Ал түркітанушы ғалым А.М. Щербак көне түркі және орта ғасырлық ескерткіштерде кездесетін есімшелерге мына формаларды жатқызады: «дүк,-дік,-мыш,-міш,-ғма,-течы,-ір,-ур,-ар,-ажак,-ежек,-асы,-есі,-калак,-келек,-кур,-кыр,-ык,-ік,-ым,-ум,-как,-кек-,-қын,-кін,-қыш,-кіш,-мақ,-мек,-қан,-кен т.б» [83, 166].

М. Қашқари мұрасын тілдік тұрғыдан зерттеген ғалым Б. Шағырова еңбекте кездесетін есімшелердің мынадай формаларын көрсетеді:

«1. =ған, =ген, =қан, =кен: айытған – сұрайтұғын, йоғұрқан – қабылған, жөрмелген, иүгүрген – жүгірген;

2. =ғу, =гу, =ку, =ағу: йорығу – жүретін, иенігу – туатын, жеңілдейтін, тұтұрғу – тұтататын;

3. =р, =үр/=ур, =ер /=ар: пушмасар – зерікпеген, евмесер – саспаған;

4. =мыш/=міш: болмыш – болған, пітміш – біткен, қашмыш – қашқан;

5. =дачі/=тачы, =ғчы/=ғчі, =ғлы/=ғлі: бардашы – барушы, турдашы – тұрушы, күрғушы – құрушы, сувғаруғшы – суарушы;

6. =дуқ» [84, 17].

Байқап отырғанымыздай, көне түркілік ескерткіштерде де, ортағасырға тән ескерткіштерде де есімше формалары қазіргі тіл біліміндегі есімшелермен салыстырғанда анағұрлым көп. Дегенмен, -ғу, -ку, -ағу, -дачы, -тачы, -ғчы, -ғчі, -ғлы, -глі қосымшаларын М.Қашқари мәсдар етістіктер қатарына қосады. Сондықтан есімшілердің ең өнімді деген қосымшаларына «Сөздіктен» мысал ала отырып, кесте арқылы беруді жөн көрдік.

Кесте 2 – Ескерткіштегі есімшелердің берілуі

Есімшенің өнімді қосымшалары	Мысалдың транслитерациясы	Мысалдың аудармасы
-ған, -ген, -қан, -кен	«Ерді ашын татурған Иавлақ иағыг қатарған Бойнын тұтып қаздырған Басты өлүм ағарту	Ер еді асын татырған, Зұлым жауды қайтарған, Мойнын тұтып қайырған, Өлім басты аударып...» [74, 323].
-р, -үр, -ур, -ер, -ар	«Сенден қашар сұндылаш Менде тынар қарғылаш Татлығ өтер сандуваш, Еркек тіші ұшрашұр	Сенден қашар сұндылаш Менде тынар қарлығаш Бұлбұл сайрар тартымды, Еркек, әйел ұшырасар!» [77, 245].
-мыш, -міш	«Озақы білге анша аймыш	Өткен даналар солай айтқан» [74, 118].
-дуқ, -тук/-тұқ	«Қадаш теміш қаймадұқ, Қадзын теміш қаймыш.	Қарындас десе қарамадық, Қайын десе қарадық» [74, 179].

«Сөздікті» зерттеу барысында байқағанымыздай, -ған/-ген формасы аса белсенді қолданылмаған. Дегенмен, кей тұста оның өткен шақтағы іс-әрекет қызметін байқауға болады. Дәлел ретінде, бірінші кестеге үңілсек, бұл жұрнақ сол тұста, қимыл атауын, заттың сапалық сипатын да білдірген. Сондықтан -ған формасы зат есімге анықтауыштық мағынада жиі жұмсалады, ал себеп-салдарлық, субъект-объектілік мағынада жұмсалуы сирек. М.Қашқари оғыздар мен қыпшақтар бұл қосымшаның ғ,г,к дыбыстарын түсіріп айтатынын ескертеді.

Ал есімшенің -р жұрнағы кей жағдайда осы шақтың, кей жағдайда келер шақтың қызметін атқарғанын аңғаруға болады. Бұл туралы М.Қашқари: «Бірінші жақтан barығman: барырман – барармын болады» деп көрсетеді де, оғыз және түрік қолданысындағы ерекшеліктерге тоқталады [78, 76].

Сондай-ақ, «Сөздікте» -ғай, -гей, -қай, -кей жұрнақтары келер шақ тұлғасында жұмсалған. Бұл тұлғалар қазіргі қазақ тілінде белсенді қолданыста болмаса да, әлі күнге дейін сақталған. Ескерткіш тілінде «Ol ja қurғaj: Ол иа құрғай – Ол садақ құрады; Ol sut sarқaj: Ол сүт сағқай – Ол сүт сауады» деген сияқты бірнеше мысалдарды көруге болады [78,78].

Есімше формалары – сын есімдерден кейін жиі заттанатын категориялардың бірі. Оның себебі, есімше формаларының өн бойында етістікке тән сипаттың барлығы ұшырасқанымен, түп тамыры етістіктен пайда

болмаған деген пікірлерді де кездестіреміз. Оған дәлел – А.А.Потебняның «Не нужно себе представлять причастия непременно словом от глагольным: оно не происходит от глагола, а появляется вместе с ним» деген пікірі [41, 95]. Одан бөлек, П.М. Мелиоранский де өз зерттеулерінде есімшелерді жеке сөз табы ретінде қарастырғанын айта кету керек [85]. Сондықтан есімше формаларының заттық, сындық сипатта қолданылуы ертеден-ақ көрініс бере бастаған. Дәлел ретінде, көнетүркі жазба ескерткіштері Орхон-Енисей тас жазуларында қолданылған -мыс, -міш формасы арқылы тілімізде әлі күнге дейін *болмыс, қылмыс, тарамыс, жазмыш* сынды заттанған тілдік бірліктер кездеседі. Сондай-ақ, есімшелер адъективация құбылысына да етене жақын. Себебі тілдегі сын есімдердің көп бөлігі есімше формаларының сындық мәнді иеленіп, тілде тұрақталуынан пайда болған.

Адъективация – басқа сөз таптарының сын есімдер тобына ауысуын білдіретін құбылыс. «Қазіргі түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де сын есімнің өз алдына бөлек, дербес лексика-грамматикалық категория болып қалыптасуында адъективация процесінің атқарған рөлі орасан зор. Себебі негізгі өзегі болып саналатын «негізгі» не «байырғы» сын есім деп аталатын сөздердің барлығы да о баста басқа сөз таптарының ауысып, атрибутивтік мәнде қалыптасқан сөздер болып саналады» [23, 98]. Тілдік талдауларға сүйенсек, басқа сөз таптарының сын есімге айналуы ескі кезеңдерде басталған. Сол кезеңдерден бастап сын есімдер де адъективация құбылысының нәтижесінде басқа сөз таптарынан ауысып келген сөздермен толыққан.

Ғалым Б.Д. Шағырова «Сөздіктегі -ған формасы зат есімге анықтауыштық мағынада жиі жұмсалады, себеп-салдарлық, субъект-объектілік қызметте жұмсалуы сирек» дейді де «-мыш, -міш атрибуттық позицияда объектілік-субъектілік мағынадағы сөздерге анықтауыштық қызмет атқарады. Субстантивтік қызметте жиі жұмсалады» деп пікір білдіреді [84, 96]. Ал ғалым М. Томанов өз еңбегінде есімшелер мен көсемшелердің етістік мәнді де, есім мәнді де қабылдайтынын айта келе, былай дейді: «Қимыл есімдерінің кейбір түрлері қолданылу процесінде субстантивтер мен адъективтерге айналып кетті, біразы вербализацияға ұшырады. Вербализацияға ұшырағандар біздің бүгінгі тілімізде есімше деп ұғынылатын топтар; -ғалы тәрізді бірен-саран тұлғалар ғана көсемшеге айналды. Ал субстантив пен турур (тұр етістігінің есімше тұлғасы) етістігінің тіркесі жаңа дәуірде осы процеске ұшыраса, жатыс жалғаулы қимыл есімдерінің вербализациясы біздің заманымызда қалыптасқан құбылыс: жеңудеміз, жетудеміз т.б.» [80, 65].

М. Қашқаридің сөздігінде заттанған есімше формалары сирек кездеседі. Дегенмен, сөздікте «Ол іккі тауар сатышған алышғанлар ол – Ол екеуі тауар алысып-сатысқандар ол». Бұл жерде алысып-сатысқандар етістіктері қосарланып, заттық мәнде жұмсалып тұрғанын байқаймыз. Ескерткіш тілінде есімшенің -ған, -ген формалары XI ғасырда қимыл атауын білдірумен қатар заттық, сапалық сипатты білдіретін атрибуттық қызмет атқарған. Осы ерекшілікті байқаған ғалым М.Қашқари есімшені етістіктен бөлек беріп,

«істелген істер аса көп, үзіліссіз болып жатқандығын білдіретін айрықша сөздер» деп атайды [78, 481].

Алдымен, есімшенің -ған формасы мен оның фонетикалық вариантарының заттануына қатысты «Сөздіктен» бірнеше мысал келтіруді жөн көрдік:

«Ілтіп тарығ қодзмады
Сышған тақы сықырқан.
Кізлеп нелүк күтерсен
Емді аны қысырқан –
Қоймады тары тасынып,
Тышқан менен саршұнақ
Сақтарсың несін жасырып
Енді оны қызғанғын» [78, 495].

Бұл мысалдан сышған, сықырқан секілді екі сөздің есімше формасы арқылы жасалып, заттық мәнге түбейгейлі ауысқанын байқаймыз. Сышқан сөзі қазіргі таңда тышқан деп қолданылса, сықырқан сөзі қазақ тілінде сақталмай, саршұнақ ретінде пайдаланылатынын көруге болады. Сондай-ақ, еңбектен «Тавұшқан өгүз – Табұшқан өзені. Үш шахарына ағатын бір өзеннің аты» деген өзен атауын, «Таркен» – Шаш шахарының атын кездестіруге болады [78, 496]. Заттану құбылысының аясы кең болғандықтан, тілдегі топонимдік, антропонимдік, эргонимдік т.б. атаулар жасауға белсене араласады. Ал қазіргі топырақ сөзі еңбекте «Топұрған» деп беріледі де, оған «шаңдақ, борпылдақ. Топұрған иер – борпылдақ жер» деген анықтама келтіреді [78, 496]. Ал келесі өлең жолдарында былай делінеді:

«Құш иафұзы сағзыған,
Иығаш иафұзы азған,
Иер иафұзы қазған,
Бұдұн иафұзы барсған:

Құс жаманы – сауысқан,
Ағаш жаманы – азған,
Жер жаманы – қазған,
Ел жаманы – барсған» [78, 497].

Бұл жерде де сауысқан, азған, қазған, барсған есімше формалы сөздерінің заттық мәнде жұмсалғанын көреміз. Бұл жерде автордың айтуынша, сауысқан – құс атауы болса, азған – ақ, сары гүлі бар, алқаға ұқсайтын, жағуға жарамсыз өсімдік атауы. Ал жердің нашары қазған – ойлы, қырлы батпақты жер болса, барсған – құлқы бұзық, жаман, қызғаншақ, сараң адамдар [78, 497].

Сонымен қатар, заттанған тілдің атауларға сөздікте кездесетін құмған – құман, тұрқұн – тұрғын, шалқан – шалқан (жайылған жара), қал қан – қалқан, теркен – теркен (құлшылық етуші, қызмет етуші) сөздерін кездестіреміз. Одан бөлек, еңбекте:

«Оғлұм өғүт алғыл біліксізлік кетер,
Талқан кімің болса, оған сірне қатар –

Ұлым, ақылымды алғын, біліксіздікті кетір,

Кімнің талқаны болса, оған сірне қатар» деген жыр жолдары бар [78, 498]. Бұл жерден де талқан сөзінің заттық мәнде жұмсалғанын көреміз.

«Сөздікте» -мыш, -міш тұлғасының заттық мәнде де жұмсалғанын байқауға болады. Мәселен, «Тылын түгмішні тышын иазмас – Тілмен түйінген тіспен жазылмас» деген мысалдан «түгмішні» сөзінің заттанып тұрғанын байқаймыз. Бұл тұлғаның заттану құбылысына араласатынын басқа ғалымдар да сөз еткен. Бұл туралы М. Томанов: «Қазіргі тіліміздегі кейбір есімше тұлғаларының қызмет аясының өте кең болуы тілдің тарихи даму барысында болған осындай процеспен байланысып жатады» десе [80, 98], А.Есенқұлов «Орхон-енисей жазбаларында етістік жасайтын -мыс, -міс, -мыш, -міш жұрнақтары тарихы жағынан алғанда жалпы зат есімге тән жұрнақ. Қазіргі кейбір түркі тілдерінде ол зат есім жасайтын жұрнақ ретінде осы күнге дейін сақталған көне жұрнақтардың қалдығы. Бұл жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер (жазмыш, тұрмыш, тарамыс, болмыс т.б.) қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде, негізінен бір мағынада қолданылады. Ескерткіштерде -мыш жұрнағы арқылы жасалған туынды сөздер етістік және есімшенің өткен шағын жасайды» деген пікір білдіреді [86, 209-210].

Жоғарыда айтқанымыздай, есімшелер адъективация құбылысына да бейім. Ол туралы ғалым Ж. Сарбалаев «Есімше формаларының қимыл есімдері тәрізді жиі адъективациялануының тілдік себептері жоқ емес. Себебі есімше формалары қимыл есім тұлғаларынан тек жағынан да, синтаксистік қолданыс жағынан да тығыз ұштасып, өзара байланысып жатады» дейді [23, 169]. Есімшелердің бұл қасиетін XI ғасырдағы ескерткіш мәтіндерінен де анық байқауға болады. Мәселен, «Сөздікте» -ған, -ген есімше формаларының сындық мәнде жұмсалғанын мына мысалдар арқылы көруге болады: «Бұ ыт ол кішіге шапытған – Бұл кісіге шабатын ит ол». Бұл сөйлемде иттің сипаты есімше формасы арқылы берілген. Келесі сөйлемдерде де: «Оғұл мені евге қомытған ол – Маған үйді сағындыратын ұл ол», «Бұ кіші ол сөз батырған – бұл сөз жасыратын адам ол» деп берілген есімше формалары анықтауыштық мәнді иеленген [78, 65].

Қазіргі таңда есімше формасы деп танылмаса да, тарихи тұрғыдан бір кездегі есімше формалары адъективациялану арқылы сын есімдер қатарын толықтырғанын да айта кету керек. Мысалы, -қыр/-кір, -ашақ/-ешек, -аған/-еген, -қыш/-кіш қосымшалары арқылы жасалған сын есімдердің түп төркіні тарихи есімшелерден бастау алады. Осыған байланысты ғалым Ж.Сарбалаев есімшелердің адъективациялануын мерзім жағынан «тілдің көне дәуірінде адъективацияланған есімше формалары» және «тілдің әбден кемеліне келген, сөздердің қолданылу сферасы кеңейтіп, грамматикалық жүйесі берік қалыптасқан кезде адъективацияланған есімше формалары» деп екіге бөліп қарастырады [23, 171]. Төмендегі кестеде М.Қашқаридің талданып отырған «Сөздігіндегі» адъективтенген есімшелердің бірер формасына мысал келтірдік.

Кесте 3 – Есімше тұлғаларының адъективтенген формалары

Есімше тұлғалары	Адъективтенген форма
-ған/-ген, -қан/-кен, -ұғ/-үг	«Үсытған құиаш қапсады, Ұмұншлұғ адзаш иаисады, Ертіш сувын кешседі, Бұдұн анын үркүшүр – Ысытатын аптап қапсырды, Үміт артқан адаш жауықты, Ертіс суын кешпекші, Содан халық сескенді» [79, 334].
-дуқ	«Қардұны ийнжү сақынмаң Тұзғұны манжұ сезінмең Бұлмадұқ неңге севінмең Білгелер аны иерер – Қабыршақты інжу санама, Тұз-дәмді ақы сезінбе. Болмаған жайға сүйінбе, Білгелер одан жерінер (оны жаратпас)» [78, 422].
-мыш/-міш	«Көңлүм ішін өртеді, Пітміш башығ қартады, Кешміш үдзүк іртеді, Түн күн кешүп іртелүр – Көңілім ішті өртеді, Тырнады біткен жараны, Өткен күнді (уақытты) іздеді, Күн-түн кешіп сұрады» [81, 341].

Бұл кестеден байқағанымыздай, есімшенің үш түрлі формасы сындық мәнде басқа есімше формаларына қарағанда жиірек қолданылған. Асты сызылған сындық мәндегі есімше формалары «Қандай?» деген сұраққа жауап береді де вербалдық мәнінен алшақтайды.

Сондай-ақ, есімшелердің -аған/-еген формасы да сындық мән білдіруге атсалысқан. Оған «Сөздіктегі» мына мысалдар дәлел болады: «Ол ебке бараған ол – ол үйге барғыш», «Ол кіші бізге келеген ол – ол кісі бізге келгіш» [79, 334]. Ғалым Ж.Сарбалаев өз еңбегінде белгілі түркологтардың пікірлерін негізге ала отырып, «Бұл тұлғаның қазақ тілінің кейбір оқулықтарында «етістіктен сын есім тудыратын» өнімсіз қосымша деп қарастырылуы, әншейін, шартты нәрсе. Ал негізінде бұл форманың адъективацияланған есімше тұлғасы ретінде қарастырылғаны мақұл» деген тоқтамға келеді [23, 170].

Есімшенің заттануға да, адъективтенуге де бейім тұратын формаларына -мыш, -міш тұлғасын жатқызамыз. Аталмыш тұлға екі жақты белгіге ие: предикаттық және атрибуттық. Бұл жұрнақтың екі түрлі мәнде жұмсала алатынын М.Қашқари өз еңбегінде мысалдармен дәлелдеген. Мәселен, есімдердің алдында келсе, анықтауыш болатыны, ал өткен шақ мәнінде жұмсалса, баяндауыш қызметін атқаратынын мысалдар арқылы көруге болады. Мысалы, баяндауыш қызметінде «Озақы білге анша аймыш – Өткен даналар солай айтқан» деп өткен шақ мәнін білдірсе, «Пітміш башығ қартады (біткен жараны тырнады), кешміш үдзүк іртеді (өткен уақытты іздеді)» деген сөйлемде есім сөздің алдында келіп, анықтауыштық мәнде жұмсалған [81, 115].

Сондай-ақ еңбекте осындай анықтауыштық мәнде жұмсалған есімшелердің бірнеше мысалын кездестіруге болады:

«Седзреміш олғұн қойақ (Піскен қонақ сиреді),

Сармамыш сүттен қайақ (Сүттен қаймақ сүзілді)»;

«Алм Қалмыш табар адзынның (Басқанікі – қалған мал)

Кірсе қара орұнқа (Кірсең қара орынға)» [79, 267].

Бұл тұлғалардың заттануы мен сынданауына қатысты ғалым Ж.Сарбалаев: «Қимыл есім тұлғаларын жасаған қосымшалардың тағы бір тобы субстантивация, прономинализация, адъективация процестеріне ұшырап, аталған сөз таптарында сөз жасағыш тұлғалар болып қалыптасты. Мысалы, қазақ тіліндегі баспақ, ілмек, оймақ, батпақ, қақпақ, жалпақ, имек, құймақ тәрізді есім сөздердің құрамындағы –мақ тұлғасы адъективтенген немесе субстантивтенген қимыл есім тұлғасы болып табылады» деп пікір білдіреді [23, 156].

Ал кейінгі қазақ тіл білімінде ғалымдардың ішінде есімшеге ғылыми анықтама беріп, терминдік атау ұсынған А.Байтұрсынұлы болды. Ғалым: «Есім сияқты айтылатын етістіктің түрі» деп есімшеге анықтама береді [1, 56]. А.Байтұрсынұлы ұсынған «есімше» термині әлі күнге дейін қолданылып келеді.

Қазақ грамматикасының қалыптасуына, дамуына үлес қосқан ғалымдар Қ.Жұбанов [2; 84], Ы.Маманов [87; 102], С.Аманжолов [3; 36], А.Ысқақов [5; 285] есімшені арнайы зерттемесе де еңбектеріне арқау еткен. Ал ғалым Л. Алимтаева қозғалыс атаулары ретіндегі етістіктердің семантикалық сипаты және грамматикалық потенциялын арнайы зерттеген [88]. Сонымен қатар Т.Ерғалиев «Қазақ тіліндегі есімше категориясы» тақырыбында диссертация жазса [89], С. Иманқұлова [90] және Р. Өмірбекова есімшелердің күрделі формаларын зерттеген [91].

Ғалым А.Ысқақов есімшелерге мынадай анықтама береді: «Сонымен, көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларда түрленіп, сөйлемде барлық мүше бола алатын морфологиялық және синтаксистік сипаттары бар (бұл жағынан есімдерге ұқсас), амал-әрекеттің атауы болу, семантикасы мен шақтық ұғымды білдіру қабілеттері де бар (бұл жағынан етістіктерге ұқсас) телі формалар есімшелер категориясы деп аталады» [4; 289].

Есімшеге грамматикалық табиғаты жағынан төмендегідей белгілер тән:

1. есімше субъект пен объект арасындағы қимылды білдіріп, етістікке тән процессуалдық мәнге ие болады;

2. етістік категориясына тән шақтық мағынаны сақтайды;

3. етістіктің болымды және болымсыз түрлеріндегі мағынаны қабылдай алады;

4. етістікке тән салт және сабақты қимыл мәнін білдіреді.

«Ал субстантивтенген есімшелер грамматикалық қызметі мен мағынасы жағынан зат есімдерге жақындап, төмендегідей қасиеттерімен сипатталады:

1. зат есімдерше көптеліп, дерексіз немесе жалпылау мағынаны білдіреді;

2. тәуелдік жалғауларын қабылдап, меншіктілік қатынасты білдіреді;

3. зат есімдерше септеліп, сөйлемде атау тұлғасында бастауыштың, басқа септік тұлғаларында толықтауыштың, сондай-ақ сөйлем соңында келіп баяндауыштың қызметін атқара алады;

4. жіктік жалғауларын қабылдау арқылы предикаттық қызметке ие болады» [92, 24].

Есімшенің жұрнақтарын жүйелеген тұста ғалымдардың түрлі классификациясына жолығамыз. Бір ғалымдар тарихи грамматика тұрғысынан ерте ғасырлардағы есімше формалары мен қазіргі қазақ тіл білімінде қалыптасқан есімше формаларын қатар қарастырады. Ал кей ғалымдар тек қазіргі қазақ тіл біліміндегі есімше формаларымен ғана шектеледі. Дегенмен, қазақ тілінің морфологиясына келелі зерттеу еңбегін арнаған А.Ысқақов есімшелерді алдымен шақ категориясына қарай үшке бөліп, әр шаққа тән есімше жұрнақтарын жеке қарастырады. Ғалым өткен шақ есімшесіне тән мынадай жұрнақтарды көрсетеді:

а) -ған (-ген, -қан, -кен)

ә) -атын (-етін, -йтын, -йтін).

Ғалым, -аған, -еген қосымшаларын бұл қатарға қоспайды. Себебі бұл жұрнақтардың шақтық мәннен айырылып, сын есім тудыратын жұрнаққа айналып кеткенін (алаған, береген, жатаған, қабаған, сүзеген, тебеген, қашаған т.б.) айтады [4; 301].

Ғалым есімшенің осы шақ түрі де -атын (-етін, -йтын, -йтін) жұрнақтары арқылы жасалатынын айтады. Бірақ осы шақтың бұл түрі сөйлесіп отырған сәтті дәл атамайды, кересінше дағдыға, әдетке айналған іс-әрекетті атайды. Ал есімшенің келер шақ түрі -ар (-ер, -р) жұрнағы мен -мақ (-мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек) жұрнағы арқылы жасалады.

Қазақ лингвистикасының белгілі ғалымы Ы.Маманов есімшелерді сөз еткен тұста былай дейді: «Сын есімге зат есімнің көптік, тәуелдік және септік жалғаулары жалғанғанда зат есім мағынасы ауысатындығы сияқты, есімше формалары да септік, тәуелдік, көптік жалғауларын қабылдап, зат есім мағынасында жұмсалады. Жүргенге жөргем ілінеді (Мақал). Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра. Бермегенді беріп ұялт. Қонарымды сай біледі, көшерімді жел біледі. Алмақтың да салмағы бар. Сиынғаныңнан сенгенің күшті болсын». Автор бұл жерде есімшенің заттанған формаларына халық мақалдарынан мысалдар келтіреді де есімшелер сөйлемде әрі заттық, әрі

атрибуттық, әрі предикаттық мағынада қолдынылатынын дәлелдейді [87; 98]. Ғалым есімшелерді бес топқа жіктейді [87]. Автор классификациясын сақтай отырып, есімше жұрнақтары мен мағыналық топтарын кесте арқылы беруді жөн көрдік.

Кесте 4 – Ы.Мамановтың есімше формаларын жіктеуі

Есімшенің мағыналық түрлері	Өткен шақ есімше	Дағдылы есімше	Болжалды есімше	Ниет есімше	Осы шақ есімше
Есімшенің жұрнақтары	-ған/ -ген, -қан/ -кен	-атын/ -етін, -йтын/ -йтін	-ар/-ер/-р	-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек; -мақшы/ -мекші, -бақшы/ -бекші, -пақшы/ -пекші	Тұйық етістік + -шы/-ші
Мысалдары	Алған, келген, шыққан, кеткен	Тұратын, ішетін, ойнайтын, сөйлейтін	Айтар, келер, оқыр, кетіп алар, келгісі келер	Бармақ – бармақшы, келмек – келмекші, жазбақ – жазбақшы, қашпақ – қашпақшы	Келуші, сөйлеуші, сыбырлаушы, жүргізуші

Ғалымдардың есімше формаларын топтастыруынан байқағанымыздай, есімшелердің ең негізгі жұрнақтары мынадай:

1) -ған/-ген, -қан/-кен;
2) -ар/-ер/-р;
3) -атын/-етін, -йтын/-йтін;
4) -ушы/-уші;
5) -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек.

Көпшілік тілшілер есімшенің грамматикалық формасы ретінде мына қосымшаларды көрсетеді: 1) Келер шақ есімше -ар, -ер, -р, -ыр, -ир (язар, окыр) қосымшалары арқылы жасалады. Келер шақ есімшенің болымсыз түрі -мас, -мес, -бас, -бес, -пас, -пес қосымшаларымен жасалады. Мысалы, коьрмес, юрмес т.б. Қазақ тілінде -ар, -ер қосымшасы қолданылғанымен, -ыр, -ір қосымшалары есімшенің көрсеткіші ретінде қолданылмайды. Ол тек кейбір сөздердің құрамында ғана кездеседі», – дейді [23, 269].

Түркі тілдерінде есімшелер предикаттық қызметті ғана атқарып қоймай, атрибуттық қызметті де атқарады. Түркі тілдерінде есімше формасы заттану

құбылысына жиі ұшырайды. Есімшенің түркі тілдеріндегі ерекшеліктерін жан жақты қарастырған А. Мешадиева өз зерттеуінде былай дейді: «Субстантивируясь, они выполняют функцию подлежащего, обстоятельства, дополнения, а подвергаясь предикативации – функцию сказуемого. Большинство тюркских причастий многофункциональны: выступают как в атрибутивной, так и в предикативной функциях» [93, 159].

Қазақ тіліндегі есімшенің заттану мәселесі жекелеген ғылыми еңбектерде XIX ғасырдың бас жағында А.Байтұрсынұлы еңбектерінен көрініс тапты.

Ал қазақ тіліндегі есімшелердің заттануын негізгі объектісіне алып, зерттеу жүргізген ғалымдардың қатарында Ж. Болатовтың «Қазақ тіліндегі есімшелердің синтаксистік қызметі» [94] еңбегін, М. Матжановаңың «Орыс және қазақ тіліндегі есімшелердің субстантивациясы» [18] еңбегін атаймыз.

Ғалым М.Матжанова өз еңбегінде заттанған есімшелерді «Полная (абсолютная) субстантивация, относительно полная субстанивация, традиционная субстантивация, окказиональная субстантивация» деп төртке бөледі. Ғалым есімше формаларының заттануына талдау жасай келе, заттану құбылысында ең өнімді жұрнақ -ған/-ген, -қан/-кен екенін атап өтеді [18, 24].

«Заттанған есімшелердің семантикалық ерекшеліктері мен даму заңдылықтары тіл білімінде маңызды орын алады. Қазақ тілінде есімшенің -ған/-ген, -қан/-кен формаларының толық заттануына мысал ретінде *ағарған, туған-туысқан, ағайын-туған, өткен-кеткен* сөздерін келтіре аламыз. Аталған тілдік бірліктер өзінің предикаттық мәнінен гөрі атрибуттық мәнінде жұмсалып, сөйлемде толық заттанған» [95, 132].

Заттанған есімшелерді де заттану дәрежесіне қарай толық және контекстік деп екіге бөліп қарастырамыз. Толық заттанған есімшелерді семантикалық топтарға бөлсек, мынадай моделдерді бөліп шығаруға болады.

Бірінші модель – кісі есімдерін білдіретін субстантиваттар: Төлеген, Өтеген, Тұрар, Көпжасар, Майбасар, Жауқашар, Аңсаған, Тілепберген т.б.

Мысалы: «Жаңағы *Төлегеннің* әкесі Шандыбай түнде орыстың шошқасын күзетіп жүргенде, Қадір түн жарқ ете қалыпты» (Ғ.М.).

«Мүмсін жұмсаса, мықтының өзінен келген екенсің. *Жауқашар* оны келекелей күлді» (З.Шүкіров).

«Сөз *Көпжасар* Мықыровқа беріледі!» (С. Бақбергенов);

«Сол жиналыста Тұрар Рысқұлов он адамға Еңбек Қызыл Ту орденін тапсырды» (Б.Нұржекеұлы).

Жоғарыдағы мысалдардан байқап отырғанымыздай, кісі есімдерін білдіретін заттанған сөздерге есімшенің бұрынғы өткен шақ формасы мен болжалды келер шақ формасы қолданылған. Алайда көбіне кісі есімдері есімшенің болжалды келер шақ формасы арқылы жасалады. Себебі нәресте дүниеге келгенде ат қоюшы адам оның болашағынан үміт күтіп, оған жақсы тілекті келер шақ мәнінде қолданады. Бұл туралы Телқожа Жанұзақов «Очерк казахской ономастики» (1982) еңбегінде В.А. Никоновтың ғылыми-негізделген семантикалық топтастыруына сүйене отырып, бұрынғы зерттеу жұмыстарын толықтыра келе қазақ антропонимиясының лексикалық және семантикалық

жүйесін жасады: 1) именаописательные (дескриптивы) 2) имена-пожелания (дезидеративы) 3) имена-посвящения (меморативы). Ономаст-ғалым кісі есімдерінің семантикалық тобына өз тарапынан тағы бір топты қосады: 4) имена культурно-исторические (социальные) [96, 23-26]. Қазақ антропонимиясында нәрестенің сипатына қарай берілетін есімдер (дескриптивтер) баланың физиологиялық ерекшелігі, туған жері мен туылған күні, отбасында сәбидің нешінші бала болып өмірге келуі, ата-ананың тілегі, қуаныш сезімі, баланың жарық дүние есігін ашқанда орын алған түрлі оқиғаларды сипаттайды [96, 23-26].

Екінші модель – жануар аттарын білдіретін субстантиваттар: Бөріалған, Бөрібасар т.б. Бөрібасар – итке қойылатын ат. Мысалы:

Жаман иттің атын *Бөрібасар* қояды (мәтел)

«Ей, *Бөрібасар*, сен көп ойланып кеттің ғой өзі. Кіммен дос боласың?» (Б.Сарыбай).

Қазақ халқы төрт-түлік малы мен үй жануарларына жеке ат берген. Жоғарыда келтірілген мысалдағы «Бөріалған», «Бөрібасар» атаулары – иттің өжет, қабаған болуын қалағаннан туындаған атау.

Үшінші модель – туыстық атауды білдіретін субстантиваттар: туысқан, туған, ағайын-туған т.б. Мысалы:

«Біздің елді, *туған-туысқандарымды* сұрады» (Ж.Аймауытов)

Діндарға туған жер де, *туысқан* халық та қымбат емес, жиған дүниесі артық (Д. Досжан).

Туыстық атауды білдіретін субстантиваттар саусақпен санарлық. Көбінесе жалпылама атау түрінде қолданылады.

Төртінші модель – гендерлік атауды білдіретін субстантиваттар: кесте тігер, атқамінер, тақым ұстар, атұстар, қамшы ұстар, шайқұяр, ізбасар, атбайлар, моншақ тағар, күл шашар, құрық ұстар т.б. Мысалы:

«Өзі үкі деп ат қойған, жапалақ сары Голоножкин *атұстары* екен» (А.Сүлейменов).

Қазақ халқының дәстүрлі өмір салтында дүниеге ұл бала келсе, «атұстар келіпті» деп, ал қыз келсе «көйлек тігер келді» деп сүйінші сұрау рәсімі болған. Халық лексиконында өмірге жаңа келген сәбидің жас ерекшелігін ажыратып айтуға негіз болатын атаулар молынан ұшырасады. Мысалы, ұлды «ізбасар», «ат байлар», «күл шашар», «құрық ұстар» деп таныса, қызды «моншақ тағар», «кесте тігер» деп мәпелеген. Ал «атұстарың өзіңе тартсын!» деген тілек ұлың өзіңдей жақсы болсын деген мағынада айтылады. Бұл атаулар дүниеге келген нәрестені хабарлап, сүйінші сұрап, қуанышын бөлісер кезде, шілдехана салтында құтты болсын айтып, көрімдік беру ғұрпында айтылады. Бірақ белгілі бір мерзім аралығын білдіргендіктен, уақыт жағынан шектеулі мәнде қолданылады. Өйткені сәбидің одан әрі өсу өмірінде атұстар, атбайлар, көйлек тігер, моншақ тағар, ізбасар атаулары аталмайды.

Бесінші модель – географиялық атауларды білдіретін субстантиваттар: Итөлген, Тайсойған, Биесойған, Терісаққан, Барсакелмес, Ордақонған, Қалмаққырылған, Қызқашқан, Қойсойған т.б. Мысалы:

Барсакелмес – Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі аралдың атауы. Бұл атау аңызға қатысты пайда болған.

«Оң қанаттан *Барсакелмес* деген аралды жайлаған жалбағай қария салауат сұрады» (Дүкенбай Досжан);

«*Тайсойғанның* құмыда күймен тыныстайтын секілді еді бұған» (К. Қазыбаев);

«Тағдыр шығар, болыс-еке, ерімніңайтқаны болсын. Етегінен ұстап жүрсем *Барсакелмеске* кетуге де разымын, дедіІзбайша жас жуған бетін бері бұрып» (Ш. Мұртаза);

«Әбілқайырдың қосыны *Қалмаққырылғанда* жоңғар қолымен алғаш кездескенде жауға бірінші тиіп, беті әлі ешкімнен қайтпаған дұшпанның шебін бұзған осы мың бала көрінеді» (З. Шүкіров).

Қазақ топонимжасамында есімшенің бұрынғы өткен шақ формасын қолданылуы көп кездеседі. Себебі қазақтың кез келген жер-су атауы болған оқиғаға, аңыздарға сүйеніп қойылады. Сол себептен де топонимдердің түбірі тереңде болады.

Итөлген, Тайсойған, Қызқашқан тәрізді атауларды талдауда оларды тек географиялық атаулар ретінде сипаттаумен шектелу жеткіліксіз. Бұл бірліктердің қалыптасуында номинациялық және когнитивтік механизмдердің де маңызды рөл атқаратынын ескеру қажет. Аталған атаулар белгілі бір әрекет немесе оқиға негізінде туындағандықтан, оларды «оқиға/әрекет → орын атауы» үлгісіндегі оқиғалық семантикалық модель тұрғысынан қарастыруға болады. Яғни бастапқыда қимылды білдіретін тілдік бірліктер уақыт өте келе белгілі бір кеңістікке қатысты атау қызметін атқарып, заттық мәнге ие болады. Бұл үдеріс заттанудың кеңістікті атау жүйесіндегі көрінісі ретінде танылады. Сонымен қатар мұндай атаулар тек номинативтік қызметпен шектелмей, халықтың тарихи тәжірибесі мен мәдени жадын сақтаушы тілдік бірліктер болып табылады. Белгілі бір оқиғаға негізделген атаулар сол оқиға туралы ақпаратты жинақтап, оны тілде бекітіп отырады. Осы тұрғыдан алғанда, заттану үдерісі тек лексика-грамматикалық құбылыс қана емес, сонымен қатар кеңістікті концептуалдаудың когнитивтік тәсілі ретінде де көрінеді.

Алтыншы модель – кісіні балағаттау, сөгу, кемсіту мәніндегі субстантиваттар: оңбаған, дым көрмеген т.б. Мысалы:

«Ей, сен мен емес, өзің шығарсың, *оңбаған нағыз*! дегендей, өзімді-өзім әрең» (Ғ. Мүсірепов)

«Шана қайда? Шананы әкеліңдер! Деген дауыс гүж етті. Бұл да маған таныс, айтпақшы Усачевтың даусы, есін жиып алыпты-ау, *оңбаған*» (Ғ. М.).

«*Оңбаған!* деді Хансұлу көзінің жасы бұрқетіп» (С. Елубай).

Бұл жердегі заттанған сөздер үнем заңының нәтижесінде пайда болған деп топшылаймыз. Алғашында контекстік тұрғыдан заттанған сөздер, кейін реестр сөз дәрежесінде сөздіктерден орын алған. «Оңбаған» сөзінің сөздіктегі анықтамасы «Оңбаған – ниеті қара, жексұрын, сұрқия» деп берілсе, «Дым көрмеген» сөзі ауызекі тілде пайымы жоқ, түк білмейтін деген мағынада қолданылады.

Жетінші модель – белгілі бір қызмет иесі немесе белгілі бір мәндегі қимыл иесін білдіретін субстантиваттар: тергеуші, тыңдаушы, айтушы, оқушы, шығарушы, жазушы, сатушы, сатып алушы т.б. Мысалы:

«Тергеуші таныс жігіт еді... Сөйлесіп көремін... деді тағы сәлден кейін Қозбағар» (С. Елубай);

«Уақиғасымен қоса өрілген ән мен күй *тыңдаушының* көкейіне дәл тиеді, «көкей кесті» атанады» (Ғ. М.);

«Оқып отырған мен ғой. Сен *тыңдаушы* ғана емессің бе?» (К.Қазыбаев);

«Осындайда оны-мұны тұспал, жорамал *айтушылар* да көбейеді» (Ғ. М.);

«Және бұл газеттің басындағы *шығарушылар:* «Жерім-ай!.. Суым-ай!..» деген зарды мұң қылып, жыр қылыпайтушылар болды» (С. Сейфуллин);

«Абай». Шығарушы Жүсіпбек Аймауытұлы» (С. Сейфуллин);

«Айтушы мен тыңдаушы көбі надан, бұл жұрттың сөз танымас бір парасы» (Абай);

«Түрік дегенің әрі бақташы, әрі атты күтуші, әрі атты сатушы, оған қоса әрі дәрігер, әрі міністер» (Б.Нұржекеұлы).

-ушы, -уші – толық заттанған есімшелердің ішінде сирек қолданылатын формасы. Бұл жұрнақ кісіге қатысты сөздерге қатысты қолданылады. Бұл жұрнақ арқылы заттанған сөздерге үнем заңының әсері бар. Себебі субстантиваттардың басым көпшілігі сөйлеу барысында өзі анықтап тұрған сөздердің қысқаруынан пайда болады:

Тергеу жүргізетін кісі – тергеуші;

Сөз тыңдайтын адам – тыңдаушы;

Сөз айтатын адам – айтушы;

Газет шығурушы адам – шығарушы т.б.

Сегізінші модель – салт-дәстүр, наным-сенімге байланысты туындаған субстантиваттар: *ұйқы ашар, селт еткізер,* т.б.

Ұйқы ашар – наурыз тойында қыз-келіншектердің жігіттердің ұйқысын ашуға арнап әзірлейтін асы;

Селт еткізер – қыз-келіншектердің тарапынан берілген «ұйқыашарына» беретін жігіттердің сыйы;

Ит ырылдатар – қалыңдыққа келе жатқан күйеуге арналған рәсім;

Ат байлар – қазақтың неке және отбасылық ғұрпында орындалатын рәсімі;

Қол ұстатар – бұрын соңды бір-бірін көрмеген қыз бен жігітті табыстыру рәсімі;

Көпшікқыстырар – жеңгелерге берілетін сый;

Шаш сипар – алғаш рет есік көре келген күйеуге қатысты рәсім.

Көркем әдебиеттен алынған мысалдарды келтірейік:

«Шаш сипардың алдында күйеу жақтан берілетін үлкен сыйы болады» (М.Ә.);

«Қазақ ғұрпында, ол күні түнде қалыңдықты, яғни, біздің Кәкенді жеңгелері күйеуіне оңаша жолықтыру керек те, күнәсіздігін көрсетіп, күйеуден:

кемпір өлді, ит ырылдатар, бақан аттар, есік ашар, қол ұстатар, шаш сипатар, көрпе қимылдатар ... сияқты кәделерін алуға тиісті» (С.М.);

Қол ұстатар, табалдырық аттар құдалық кәдемізді осы жолы ала келдік (Д.Досжан);

Оқығандардың үйленгені де бір түрлі ғой, құда түсер, қол ұстатар, шаш сипар, ілу, жыртыс, киіт-сиіт, кәде-сәде дегеннің бірде-бірі жоқ (Ж.Аймауытов «Ақбілек»).

Тоғызыншы модель – тағам атауларын білдіретін субстантиваттар: *ағарған, бүлдірген* т.б. Мысалы:

«Жылы *ағарғанды* мейірі қанып іше алмай, бір-екі ұрттады да қайырып берді» (Ә. Нұрпейісов);

«Асыра сілтеуден» азайып қалған мал басын қалпына келтіру үшін әр тұяқты есепке алып, «тышқан мұрнын қанатуға» тыйым салынған, қазақтың үйреншікті еті тісіне тие қоймаса да, қара азығы мен *ағарғаны* молайып, ел еңсесін көтеріп қалған кез” (Т. Ахтанов);

«Жайықтың қалың тоғайын аралай, ағашарасына өскен *бүлдіргендерін* теріп жей, демді рахатпен ала отырып, біз біреркүнде Орынбор түбіндегі өлкеге де жеттік» (С.М.).

Оныншы модель – ұран мәніндегі субстантиваттар (ру немесе тайпалардың ұранын білдіретін сөздер): *жауқашар, жауқорқар, жауатар* т.б. Мысалы:

«Бірақ бала жасынан ат құлағында ойнап өскен, ал ер жете бастағаннан-ақ сойыл соғып, садақ атуды өнер көрген қазақтың жаужүрек жігіттері қойсын ба, құмырысқадай қаптап: «Ақжол!», «Уайс!», *«Жауқашар!»*, «Бахтиярлап!» ат қойғанда, алғашқы қарқынында-ақ Бахтияр сұлтанның алдыңғы шебін күл-талқан етті» (І. Есенберлин).

Қазақ шежіресі бойынша әр рудың жеке ұраны болған. Мәселен, уақтардың ұраны «Жаубасар» болса, тарақты руының ұраны «Жауқашар», ал ыстының ұраны «Жауатар» екен. Бұл жерде де есімшенің болжалды келер шақ формасы қолданылған.

Он бірінші модель – қару атауын білдіретін субстантиваттар: *бесатар, алтыатар* т.б. Мысалы:

«Оларда қысқа-қысқа автомат, біздекүрзідей тиетін *бесатар»* (Ғ. М.).

«*Алтыатармен* нысана аттық» (С. Сейфуллин).

«*Бесатарын* иығына ілді» (А. Алтай).

Бұл қару атауларында субъекттің қимылы мен сипаты бірігіп, аралық байланыстырушы сөз түсіп қалған. Негізі бұл атауға себеп болған тіркес «алты рет атар», «бес рет атар» болды деп топшылаймыз. «Рет» сөзі түсіріліп, қару атаулары болып қалыптасқан.

Он екінші модель – ертеректегі лауазым атаулары немесе қоғамдық статус атауларын білдіретін субстантиваттар: атқамінер, атшабар т.б.

«Қазақтың *атқамінерлерінің* жер дауларынан алатын пайдасы кетіп, көп жұмыстар өз уқалауынан шыққан себепті» (С. Сейфуллин);

«Ру басы ақсақал, атқамінерлер өз пайдасына бола, ру-рудың кедейлерін жауластырып, кедейді шоқпар қылды» (Ж.Аймауытов).

«Атқамінер» сөзі екі түрлі мәнге ие. Біріншісі – ел басқарушы қызметкердің ауызекі тілдегі жалпылама атауы. Екінші мағынасы – атқа мінер азамат дүниеге келді деп ер балаға телінетін ат.

Ал «атшабар» сөзі билер мен болыстардың жарлығын халыққа жеткізетін шабарман адамға қатысты қолданылады.

Он үшінші модель – жануарларды сипаттау мәнін білдіретін субстантиваттар: қашаған, қашар, баспақ. Мысалы:

«*Қашаған* тай еді, деді Сасық шоқшасақалға маңайына кісі барса құланның құлынындай лаға-лаға қашатын еді. Жүйрік те тай еді езі» (С.М.);

«Алдына түскен малға иесі емес, күрең атие дейді білетіндер. Қос құлағынжымқырып, тістелеп, ауылға қарай қуалапайдап алады. *Қашаған* түгіл, одан бетер безеген мал болса да күрең ат құтқармайды» (Б. Соқпақбаев);

«Бөпе айтады; есеп санақ кітапшасындағы өгіз өгізшеге, сиырқашарға, тана торпаққа, бесті өгіз баспаққа, қашар бұзауға айналып кеткен» (Д.Досжан).

Жануарларға сипаттама болатын бұл сөздер жылқыға, сиырға қатысты қолданылған. Мәселен, қашаған – қолда тұрмайтын, ұстатпайтын жылқы болса, қашар – бір жастан асқан сиыр малы, ал баспақ – ірі қара малдың жас төлі.

Бұл жердегі «қашаған» сөзінде есімшенің этимологиялық жұрнағы аталып жүрген -аған жұрнағы қолданылады. Алайда бұл жұрнақ қазір сын есім тудырушы жұрнақтардың қатарында танылады.

Он үшінші модель – уақыт мәнін білдіретін субстантиваттар: өткен-кеткен т.б.

«Жібек жолының бойында тағы бір төмпешік пайда болды. Енді қашан жел үріп, құм басып қалғанша **өткен-кеткеннің** көңілін аударып, көзін тартып жатқаны» (Д. Досжан).

Қазақ танымында уақыт категориясы – ауқымды мәселе. Жоғарыда берілген мысал арқылы қазақ халқы өткен шақты, сол өткен шақта дүниеден озған адамдардың заманын осылайша сипаттаған.

Жоғарыда көрсетілген әрекет негізінде қалыптасқан субстантиваттар (келгендер, айтқандар) әрекеттің субъектіні атауға ауысуын білдіретін «әрекет → агент» моделін көрсетеді. Әлеуметтік категориялық атаулар (жастар, кәрілер, байлар) жеке белгінің топтық-әлеуметтік концептке айналу үдерісін танытады. Ал атқа мінер, тақым ұстар, моншақ тағар тәрізді бірліктер әрекет арқылы гендерлік немесе әлеуметтік рөлді концептуалдайтын мәдени модель ретінде сипатталуы мүмкін. Осындай номинациялық және когнитивтік ұстаным тұрғысынан талдау заттанудың ішкі ерекшеліктетрін айқындай түседі. Қазақ тіліндегі заттану – қасиет, әрекет және мәдени белгілерді әлеуметтік тип деңгейінде концептуалдайтын когнитивтік құбылыс ретінде көрінеді. Ол процесті объектілендіру, сапаны категориялау және символды адам бейнесіне көшіру арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан аталған құбылыс – функционалды деривацияның ұлттық-мәдени көрінісі.

Жоғарыда келтірілген толық заттанған сөздер есімшенің формалары арқылы жасалып, өз алдына лексикалық және грамматикалық жеке тұлға ретінде тәуелсіз тілдік қолданысқа ие.

Келер шақ есімшесінің болымды түрі -ар/-ер, -р мен болымсыз -с түрінің толық заттанған формасына тоқталсақ, көп жағдайда субъекттің келер шақтағы әрекетін баяндайды. Мысал ретінде атқамінер, атшабар тілдік бірліктерін көрсете аламыз. Сонымен қатар жақсы тілек, ниетпен қойылатын кісі аттары да мысал бола алады: *Көпжасар, Тұрар, Мыңжасар және жануарлар аттарынан Бөрібасар, Майбасар* т.б.

Жоғарыда берілген толық заттанған сөздер сөйлемде зат есімдердің синтаксистік қызметін атқара береді. Сондай-ақ сөйлемде есімшелермен сөз тіркесі ретінде тіркесе алады. Мысалы: туысқандары келген. Бұл сөйлемде *туысқандары* деген сөз есімшенің заттанған формасы болса, баяндауыш рөлінде тұрған *келген* сөзі етістіктің қызметін атқарады.

Сонымен қатар, бұл сөздер толықтай реестр сөздер қатарына кіргенімен, бұл сөздердің етістік варианты да жарыса қолданыла береді. Мысалы, «кеше туғандарым келді» деген сөйлемде «туған» заттық мәнде тұрса, «Ол 2000 жылы туған» деген сөйлемде етістік мәнін білдіреді. Дәл сол сияқты жоғарыда берілген есімшенің заттанған формалары етістік мәнін де жоғалтпаған. Алайда етістік мәнін жоғалтып, түпкілікті дәрежеде заттанған сөздер де бар. Мысалы, *болмыс, жазмыш, озмыш* т.б. Бұл сөздерді етістіктің басқа тұлғаларын сөз еткенде атап көрсетеміз.

Енді контекстік тұрғыда уақытша заттанған есімше формаларына тоқталайық. Уақытша заттанған есімшелер тек қолданыста ғана заттық мәнді иеленеді. Бірақ жеке тұрғанда етістік қызметін атқарады.

Есімшенің -ған/-ген/-қан/-кен формаларының уақытша заттануында субъектінің белгілі бір қимылды өткен шақта жасағанын білдіреді. Сөйлемде контекстік не болмаса окказионалды заттанған сөздің қызметін атқарады:

«Тойда отырғандар Қамбураға ұл бер деп құдайға құлшылық жасайды» (Б.Нұржекеұлы);

«Қазалы *хабар алып келгендер* үшеу еді» (Д. Досжан);

Екінші бөлмеде *шай ішкендер* жиналды (С.Сейфуллин);

«Ойбай» деп шошып түскендер де, *мәз боп күлгендер* де болды (Т.Әлімқұлов).

Есімшенің -ушы/-уші формаларының толық емес заттануында субъектінің әрекетті тұрақты орындауын білдіреді. Көркем әдебиет беттерінде былайша көрініс табады:

«Алыс-жақын келушілерді етегі кең жайылған борпылдақ құм, төбесі сүйменнің тісі батпас қатты осынау биікте отырып қабылдау бір жайдан өте ыңғайлы» (Ұ. Доспанбетов);

«Осы көп көштің сонау күннен бергі *бастаушысы* да, *ақыл-кеңес берушісі* де өзі еді» (С. Сматаев).

Көне түркі тілдерінде қолданылған есімшенің өткен шағының бірі ретінде *-мыш,-міш* қосымшасын атап өту керек. Алайда бұл қосымшалар қазіргі қазақ

тілінің есімше формалары ретінде *-мыш, -міш* қосымшасы қолданылмайды. Бұл қосымша етістік мәнінде тілімізде қолданылмаса да, заттық мәнде әлі күнге дейін сақталып қалған. *Мысалы*: *тұрмыс, болмыс, жасамыс, тарамыс,* т.б. Бұл сөздердің сөздікте берілуі мынадай:

«**Тұрмыс** зат. Әл-ауқат, хал-жай, тіршілік» (ҚТТС, 825);

«**Болмыс** зат. 1. Тұла бой, тұтас кейіп. 2. филос. Санадан тыс өмір сүретін объективті шындық; материя, табиғат» (ҚТТС, 136);

«**Жасамыс** зат. 1. Ересек, орта жастан асқан, жасамал. 2. ауысп. Қиын-қыстауды басынан өткізген, көпті көрген тәжірибелі кісі, маман» (ҚТТС, 276);

«**Тарамыс** зат. 1. Бұлшық еттерді қаңқа сүйектерге байланыстырып тұратын созылмалы, мықты талшық. 2. Сойылған малдың жіліншік сіңірін кептіріп, соның талшықтарынан ширатып есіп жасалатын мықты жіп» (ҚТТС, 784).

Қ.Жалаиридің «Жамиғ-ат тауарихында» -мыш,-міш қосымшасы аз болса да кездеседі. Бұл қосымшаның жалпы қазақ тіліне қатысы туралы М.Томанов оқулығында толығырақ талданған. Автор -мыш, -міш қосымшасының орхон-енисей жазу ескерткіштерінде қолданылғандығын, мағынасында есімше, қимыл атауы және ашық райлық мән бар екендігін айтқан [80, 97-98].

Отандық түркітануда -мыш қосымшасының этимологиясына арнайы тоқталған ғалым – Н.К.Дмитриев. Ол 1926 жылы «К вопросу к значении османской глагольной формы на –мыш» деген мақала жариялап, *-мыш, -міш* қосымшасының монғол тіліндегі *–мал, -мел* қосымшалы қимыл атауы категориясымен байланыстырады [97, 181].

Бұл қосымша көпшілік түркі тілдерінде есімшенің қосымшасы ретінде емес, қимыл атауы категориясының қосымшасы ретінде қолданылады. -мақ, мек қосымшасын қазіргі қазақ тілінде өткен шақ есімшенің қосымшасы десе, татар, башқұрт тілдерінде етістіктен зат есім тудырушы қосымшасы ретінде қарастырылады, ал өзбек, қырғыз, түркмен, ұйғыр тілдерінде қимыл атауының категориясы ретінде қаралады.

Бұл форманың қимыл атауы ретінде қолданылуы қазіргі қазақ тіліндегі кейбір сөздерде сақталып қалған. Мысалы: *құймақ, ілмек, піспек, өрмек, сырмақ, жұмбақ, оймақ, т.б.* Бұл сөздер әлі күнге дейін заттық мағынада жұмсалады, тіпті, кейбіреуі өзінің түпкілікті мағынасынан қол үзген.

XII-XIV ғасырларда жазылған жазба ескерткіштерде -мақ, -мек негізінен, қимыл атауының грамматикалық көрсеткішінің бірі ретінде қолданылған.

Қимыл есімдердің заттануы. Етістік тұлғаларының ішінде заттануға бейім тұлғалардың бірі – қимыл есімі. Қай тілде болмасын, қимыл есімдері әрі заттық, әрі әрекет мағынасын білдіреді. Тілімізде қимыл есім тұлғалары арқылы толық заттық мағынаға өткен сөздер өте көп.

Түркі тілдерінің ірі мамандарының бірі – А.М.Щербак қимыл есімдерінің сөз тудыру қызметін заттануға жатқызады. Қимыл есімдер тобын атқаратын қызметіне сәйкес субстантивті және адьективті /есімше/ есімдер деп бөлген автор, субстантивтенген қимыл есімдер зат есімдер сияқты синтаксистік қызмет атқарады деп көрсеткен [83, 137].

Ал, А.Н. Баскаковтың көзқарасы бойынша -у аффиксіне күрделі етістіктен заттанған функционалды форма жасаушы, істің нәтижесі және қимылдың атауы болатын семалы аффикс деп анықтама береді [28, 79].

Р.С. Әмір, С. Жақыпақынова «Субстантивтену, оның грамматикалық орны» атты мақаласында -у тұлғалы қимыл есімнің субстантивтенуі жөнінде былай дейді: «етістік сөздер -у формасын қабылдап, субстантивтеніп, оған тән жалғау, жұрнақтарды» қабылдайтынын көрсетеді [13].

Қазақ тіл білімінде қимыл есімдерінің заттануын ғалым А. Салқынбай өзінің «Қазақ тіліндегі қимыл есімдері» монографиясында зерттеген. Ғалым заттанған қимыл есімдер мен етістіктің арасындағы мынадай ортақ белгілерді көрсетеді: «Етіс формасын иеленуі (*ағарту саласы, азайту амалы* т.б.); іс-әрекеттік мағынаның перифериялық өрісте сақталуы; сөздерді меңгеруі; предикаттық қатынаста келе алуы» [22, 18].

Ал субстантивтенген қимыл есімдер мен зат есім арасындағы жалпы ортақ белгілер ретінде мына белгілер тән екенін атап өтеді:

«Заттық мағына иеленуі;

Тәуелденуі, көптелуі, септелуі;

Шылау сөздермен келуі;

Сөйлемде тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерінің қызметін атқаруы» [22, 19].

Жоғарыда айтқанымыздай, қимыл есімдері арқылы пайда болған заттық мәндегі сөздер тілімізде реестр сөз дәрежесінде жаңа атау деңгейінде жұмсалады. Толық заттану дәрежесінен өткен сөздер сөйлемде толықтай заттық мағынада қолданылады, тіпті, кейбір сөздердің етістік мағынасынан гөрі заттық мағынасы белсенді қолданысқа ие.

Толық заттанған қимыл есімдерін мынадай семантикалық моделдерге бөлуге болады:

Бірінші модель – кісі есімдерін білдіретін субстантиваттар: *Медеу, Қалау, Сайлау, Тілеу, Төлеу* т.б. Мысалы:

Екінші модель – дерексіз мәндегі субстантиваттар: *оқу, тілеу, тергеу* т.б. Мысалы:

Үшінші модель – зат атауларын білдіретін субстантиваттар: *көсеу, сабау, оқтау, егеу, бояу, жабу* т.б.

Төртінші модель – кеңістік категориясын білдіретін сөздер – *жайлау, күзеу, қыстау, асу, бастау* т.б. Мысалы:

Бесінші модель – салт-дәстүр атауларын білдіретін субстантиваттар: *шашу, ұрын бару, жасау, ат тергеу* т.б.

Алтыншы модель – термин мағынасындағы субстантиваттар. Бұл моделді іштей бірнеше топқа бөлуге болады:

1) лингвистикалық терминдер: үстеу, жалғау, шылау т.б.

2) математикалық терминдер: қосу, алу, бөлу, қысқарту т.б.

3) әдебиет терминдері: теңеу, шендестіру, салыстыру, құбылту т.б.

4) физика терминдері: кернеу, үдеу, тежеу, тұйықтау т.б.

Осылайша, әртүрлі ғылым салаларына қатысты терминдік топты тізе беруге болады. Байқап отырғанымыздай, -у қимыл есімінің терминжасам

қабілеті жоғары. Бұл пікірімізге дәлел ретінде ғалым Ә.Ж. Әміров «Қазақ терминологиясы» еңбегінде былай дейді: «Термин жасауда -у жұрнағының қолданылу ауқымы да өте жоғары» [98, 100].

Жетінші модель – қоғамдық, әлеуметтік үдерісті білдіретін субстантиваттар: *сайлау, байқау, талқылау, тағайындау, қабылдау, бекіту, тіркеу* т.б. Бұл топтағы сөздер процессуалдық-дерексіз мәнге ие.

Бұл туралы профессор А.Салқынбай: «Толық субстантивтенген қимыл есімдер жаңа категориялық сема – заттық семаға өтеді де, белгілі доминанттық мағынаны – іс-әрекеттің, қимылдың мекені, атауы, нәтижесі т.б. болу арқылы көрсетеді. Сөздің семантикалық құрылымында процессуалдық мағына жанама деңгейде болады да, сөз субстантивтену мәртебесін алады. Сөз семантикасының бұлайша өзгеруі қимыл есімнің лексикалық мағынасының модификациялануына алып келеді. Жалпы категориялық заттық мағына қимыл есімнің функционалдық қызметі барысында оның семантикалық дамуына әсерін тигізеді» дейді де, мынадай мысал келтіреді:

«І. Шешу.

а) Негізгі мағынасы – заттың, нәрсенің түйінін ажырату. *Зарлықтың арқан шешуге мұршасын келтірген жоқ* (О.Бек. Үркер, 1972).

ә) Заттық мағына. Жұмбақтың жауабы, шешуі. *Соны естіп Көбей топқа қайтып келді, жұмбағынаң шешуін айтып келді* (Шәкәрім, 306).

б) Тұжырым пікір мағынасында. *Ғазиздің өз үйіне шағуын айырылысып кеткен Гүлдің әкесінің шешуі – қыздың негізгі шарты еді*. (Б.Бұлқ. 221).

в) Есептің нәтижесі мағынасында. *Оқушы есептің шешуін тез-ақ тапты.*

г) Іс-әрекеттің, процестің белгілі бір жағдайда орындалуы мағынасында. *Бұл жоба республикадағы ең өзекті проблеманы дұрыс шешу ниетінен туғанын ескермей болмайды*.

ғ) Істің, процестің заңмен заңдастырылуы мағынасында. *Осы жер иелігін заң жүзінде шешу мәселесі әлі шешімін таппай келеді.*

д) Абстрактылы мәнде жұмсалуы.

Әрине, мұнда бір сыр болса керек,-

Дәйім де шешу таппай алақтаймын (Шәкәрім, 261)».

ІІ.Айдау.

а) Малды өріске, жайылымға шығару мағынасында. *Айдау көріп мал азды, ұйқысы кетіп жан азды.* (Қаз.әдеб. хрес.).

ә) Халықты, адамды айтқанына көндіру мағынасында. *Хан қалың жұрттың – жұрт болғанда алаш баласын айтқанына көндіріп, айдауына жүргізіп отырған билер мен батырлардың, сұлтан атаулының көңіл пернесін қалай дөп басқан* (М.Мағ. 1981, 53).

б) Мал айдайтын үлкен жол мағынасында. *Адам көңілі - өмірдің көп өткіншісі шұбырып жататын айдау қара жолдың үстіндегі қайыршының кетік тостағаны сияқты* (О. Бөк.).

в) Кісінің кінәсі, қылмыс үшін жер аудару мағынасында. *Айдауда жүріп те, абақтыда жатып та, тіпті басы бос еркін күндердің өзінде де өлім туралы ойлау- қандай азап болмақ.*

г) Машина, көлік, жүргізу мағынасында. *Мүмкін бұл машинаны сенің айдаудың жөн болар* (Ауызекі).

ғ) Терминдік мағына. *Айдау - физикалық шама.* (Оқулықтан)

д) Сұйық затты ағызу, жіберу мағынасында. *Күріштен су айдаудың басталған кезі* (Газеттен)» [22, 22].

Енді қимыл есімдерінің уақытша заттануы туралы айтар болсақ, уақытша заттану кезінде белгілі бір контексте ғана заттық мәнде қолданылуы орын алады. Зат есімдерше сөйлемде түрленіп қолданыла береді, сондай-ақ зат есімнің синтаксистік қызметін атқарады. Қимыл есімі сөйлемде уақытша заттық мәнді атқарса, көбіне қимылдың жалпы атауында, дерексіз мағынада, процессуалдық мәнде қолданылады. Қимыл есімі де етістік тұлғасы болғандықтан, сөздің негізгі мағынасынан қимыл, іс-әрекет мәні алшақтамайды. Мысалы, «Жазу» етістігін талдайық. Бұл сөздің өзі сөйлемде бірнеше мағынада қолданылады:

1) «Өзің түсінбеген жазуды өзгелер мүлдем түсінбес» (А.Аймағамбет «Жүлдегер»);

2) «Әйтсе де, меселің қайтпасын, жазуды қалай бастағанымды айтып берейін ...» (Д.Досжан «Сыпа»);

3) «Е, тұрмыс суретінен өлең жазудың немене айыбы бар?.. (С.С. «Тар жол тайғақ кешу»);

4) «Торғын екеуі сонау концерттен кейін жұп жазуды қойған-ды» (К.Қазыбаев «Аманат»).

Жоғарыдағы бірінші сөйлемде «жазу» сөзі хатқа түскен ой-пікірдің жазылған көрінісі деген мағынаны білдіріп, толық заттанған субстантиват ретінде қолданылса, екінші сөйлемдегі «жазу» сөзі ойлаған ойды қағаз бетіне түсіру мәнінде, яғни етістік мәнінде мәтінде ғана заттанып тұр. Ал үшінші сөйлемдегі «жазу» сөзі өлең сөзімен тіркесіп, ойды өлең түрінде жеткізу мағынасында сөйлемде уақытша заттанып тұр. Ал төртінші сөйлемде фразеологиялық тіркес ретінде «жұп жазу», яғни бірге болу мағынасында сөйлемде контекстік тұрғыдан ғана заттанған.

Байқағанымыздай, «жазу» етістігі контекске қарай әртүрлі мәнде қолданылған. Сонымен қатар, уақытша заттанған сөздерге мынадай мысалдар келтіруге болады:

«Не айтудың есебін таба алмай қиналдым» (Ғ.М.);

«Әкеме айтқан қайраттарымның ешбірін де шешеме *айтудың* қажеті жоқ» (С.Мұқанов)

«Басқа барақта *тұруға* болмай ма?» (Ғ.М.);

«Ақшаның ұзақ айналып *жүруін* ұнатпайтын» (Ғ.М.);

«Алуды онша жек көрмегенмен, суыра салып мақтап *кетуге* Нысаналы ақылы олағырақ екен» (Ғ.М.).

Тіліміздегі заттанған қимыл есімдерінің тілімізде көп қолданылатынын және уақытша заттанған қимыл есімдерінің формаларын байқау үшін «Қазақ тілінің ұлттық корпусында» жинақталған тілдік фактілер негізінде жасалған төмендегі кестені ұсынамыз:

Кесте 5 – Қимыл есімдерінің уақытша заттанған формаларының берілуі

Заттанған қимыл есімдері	Картотека саны	Септік жалғауында тұрып уақытша заттануы	Тәуелдік формада тұрып уақытща заттануы
«алу», «етістік+алу» қимыл есімі	2080	984	1096
«беру», «етістік+беру» қимыл есімі	1712	589	1123
«көру», «етістік+көру» қимыл есімі	1981	1102	879
«айту», «етістік+айту» қимыл есімі	1678	682	976
«кету», «етістік+кету» қимыл есімі	1459	897	562
«жіберу», «етістік+жіберу» қимыл есімі	1803	907	896
«қайту», «етістік+қайту» қимыл есімі	1098	458	640

Ғалым А. Салқынбай уақытша заттануды «Қазақ тіліндегі қимыл есімдері» монографиясында «мәтіндік субстантивтену» деп береді. «Мәтіндік субстантивтену – көбінесе оказиональды қолданыс болады. Яғни сөз тек мәтінде ғана өзінің заттық семасын көрсете алады, процессуалдық мағынасымен байланысы ешқашан үзілмейді. Мәтіндік субстантивтену жағдайында сөздің лексикалық мағынасы өзгеріссіз қалады, тек осы мәтінде сәл заттық, есімдік рең алады. Бұл жердегі маңызды жәйт – әр түрлі сөз формадағы тұлғалардың бір-бірінен айырмасы мен ерекшелігі. Себебі әрбір сөз форма - өзінше дара тұлға. Басты нәрсе - грамматикалық форманың түбір сөзге жалғану жөні бір парадигмаға жатуы емес, белгілі жағдайда осы парадигманың жеке өзінше типоформасы ретінде бөлектенуі, осы жолмен белгілі парадигмалық аядан шығу. Сөйтіп, мағыналық өзгешелік сөздің грамматикалық өзгеруіне байланысты, сондықтан сөздің сөйлемдегі қызметі де өзгеріп, синтаксистік деривациялық қатынасқа түседі. Мәтіндік субстантивтену кезінде негізінен сөз формалардың лексикалық мағынасын айтарлықтай алшақтатпайтын граматикалық формалар сөзді бір бүтін ретінде анықтай түседі. Мұндай

қатынастар, әдетте, септік жалғайларында анық, айқын көрінеді. Мысалы: *оқу-оқудың, оқуға, оқудың, оқудан, оқумен. Білу-білудің, бұлуге, білуді, білуден, білумен* т.б. Аталған сөз формалардың мағынасы – *оқы, біл* процестің атауы. Ал грамматикалық жағынан әртүрлі мағы наларға ие:

оқу, білу – нөлдік тұлғадағы қимыл есім;

оқудың, білудің - іс-әрекетінің иелік, меншіктік мәні;

оқуға, білуге - іс-әрекеттің белгісі;

оқуды, білуді – іс-әрекеттің объектісі;

оқуда, білуде - іс-әрекеттің орындалу барысы;

оқудан, білуден – іс-әрекеттің орындалу жайы;

оқумен, білумен – іс-әрекеттің құралдық мағынасы» [22, 25].

2.2 Есім сөздердің заттану үдерісі: семантикалық модельдері мен қолданыс ерекшеліктері

Сын есімдердің заттануы. Сын есім – қай тілде болмасын, жиі заттанатын сөз табы. Ғалымдар сын есімнің жиі заттануын оның байырғы қызметімен байланыстырады. Қазақ тілінде заттанған сөздердің, әсіресе сын есімдердің көп бөлігі тілдегі үнем заңының нәтижесінен туындайды. Оған дәлел: «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» немесе «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген мысалдарда «жақсы адам», «жаман адам» деген тіркестердің екінші сыңары ықшамдалып, «жақсы», «жаман» деп беріледі. Бұл үнем заңының нәтижесінен сөздің беретін негізгі мағынасына нұқсан келмейді, сондықтан тілімізде осы секілді сөздердің үнемделуін жиі кездестіреміз.

Заттанған сын есімдердің бір бөлігі толық қалыптасып, дербес атау дәрежесіне жетсе, енді бір бөлігі тек контекст аясында ғана заттық мәнге ие болады. Осыған байланысты алдымен толық заттанған сын есімдерге тоқталып, олардың атау жасау деңгейіне дейін дамығанын көрсету маңызды. Толық заттанған сын есімдер тілдік қолданыста тұрақтанып, белгілі бір ұғымды білдіретін дербес атаулар ретінде қалыптасады. Мұндай бірліктер бастапқы сындық мағынасынан алыстап, заттық мағынаны толық иеленеді және сөйлемде зат есімдерге тән барлық грамматикалық қызметтерді атқара алады. Осы тұрғыдан алғанда, заттанған сын есімдердің бірқатары реестр сөз дәрежесіне дейін көтеріліп, тілдің лексикалық қорынан тұрақты орын алған. Мысалы, көркем әдебиеттен теріп алынған төмендегі сөйлемдерде заттанған сын есімдердің толық қалыптасқан, дербес атау ретіндегі қолданысын байқауға болады:

Білдің бе, күйі қалай екен *қарттың*? (Ғ.М.);

Аңдамай айтыла беретін «өлуге әзірмін» деген сөзіміздің *қате* екені еске түседі (Ғ.М.);

Желтоқсан айы. Алапат *үскірік* (А. Алтай);

Кетікті бітеп, кемістікті білдірмей тұрған осы Төлеп емес пе? (К. Қазыбаев);

Сол баяғы дәрігерлер, медбикелер, ерсілі-қарсылы төсекте ыңыранып, қыңсылыған, бір-бірін жақтырмай, қабақтары кіртиген *науқастар* (Ж. Қазымұратұлы);

Егер жазатайым болып кетсе мойнымда Абанның *қарызы* кететін болды (Ғ.М.);

Иә, бүгінгі кеш кешегіден де *аңызақ* болуы керек (К. Қазыбаев);

Осы бір *қырсық* кездесіп, жараланып қалмағанда, ендігі партияға алынбақ едім (Ғ.М.);

Жеңілтек мінезді Нұрбек: «бұл кемпіріме төлейтін қалыңмалым жоғын білесің, бар берген *қалыңым* әнім, әніме елтіттім де, алып қаштым!» деп мақтанады маған (С.М.);

Ұры алды ма, бөрі алды ма, білмеймін әйтеуір жоқ болды (Ғ.М.);

Батыр түсінде *жау* көреді, балықшы түсінде ау көреді (Мақал);

Кейінірек, кішкене алданар ма екен, үйге қарайлар ма екен деп әйелі Бәтима *тоқал* әперген екен, бірақ та Төкеңнің аяғына тұсау бола алмапты (Ғ.М.);

Менің әжем Нарбота, осы Жәутіктің әйелі, *төркіні* Орынбор маңының атақты байы және биі Дербесалы (С.М.);

Тәтті *сүрдің* бұрқыраған иісін сезген Балқаш қасыма жүгіріп келді (С.М.);

Адасқанның алды жөн, арты *соқпақ* (Мақал);

Жүгірген аңды құтқармайтын ұялас екі *тазы* алып келді (С.М.).

Бұл сөйлемдердегі тілімізде зат есім қатарында танылып жүрген мына сөздер: *қарт, қате, үскірік, кетік, науқас, қарыз, аңызақ, қырсық, жетім, ұры, қалың, жау, тоқал, төркін, туыс, кедей, бай, малай, жарық, соқпақ, сүр, тазы* т.б. сөздер толық заттанып, атау дәрежесіне өткен сөздердің қатарында. Қазіргі таңда сөздіктерде заттық мағынасы беріліп, зат есімдердің қатарында көрсетіледі. Бұл сөздердің бірқатары «сын есім + зат есім» тіркесіндегі зат есімнің ықшамдалуы нәтижесінде, оның мағынасының сын есімге ауысуы арқылы қалыптасқан. Ал енді бір бөлігі ауыспалы, бейнелі мағына беру мақсатында пайда болса, тағы бір тобы сын есімнің бастапқы мағынасының тарылуы немесе кеңеюі негізінде дамыған. Осылайша заттанған сын есімдердің қалыптасу жолдары әртүрлі семантикалық және құрылымдық үдерістермен байланысты болып келеді.

Сын есімнің заттануы үнем заңымен ғана жүзеге аса бермейді. Кей жағдайда сөздің мағыналық жағынан тарылуы сын есімнің заттық мағынада орныгуына себеп болады. Мысалы ретінде «Ару» сөзін алып қарастыруға болады. Ғалым Р. Сыздық ертедегі тіліміздегі ару ат, ару ұл, ару батыр сияқты тіркестердің болғандығын, ару сөзі XV-XVIII ғасырларда «пәк, кіршіксіз, таза» деген сындық ұғымда және діни мәндегі «әулие, ие» деген мағыналарда қолданылатындығын, қазіргі тілімізде бұл сөзің мағынасының тарылып, «сұлу қыз, сүйікті әйел» деген мағынада жұмсалып жүрегенін айтады. [99, 13]. Қазіргі таңда бұл сөздің мағынасы бұрынғы мағынасынан тарылып, «әйел адам, қыз бала, бойжеткен қыз» мағынасында қолданылады. Оған көркем әдебиеттен алынған мына мысалдар дәлел бола алады:

Мәссаған... ауылдың *аруы*! деп күңк етті біреуі. (С. Елубай);

Фашистер де талай аруды зарлатты... (К. Қазыбаев).

Сол сияқты «аға» сөзінің мағыналық аясы тарылғаны туралы ғалым Р. Сыздық атап өтеді: «алғашында *аға* сөзінің де мағыналық аясы тарылып, «басшы, қол басы» деген ұғымды бергендігін, қазіргі тілімізде бұл сөздің де мағынасы тарылып, «жасы үлкен адам» деген мәнде ғана жұмсалады» [99, 43]. Байқағанымыздай, бұл сөз толықтай заттық мағынаға ауысқан. Сонымен қатар, мағынасы тілде тұрақталып, сөздіктерде зат есім деп танылады.

Мағыналық аясы тарылуы нәтижесінде заттық мағына беретін сөздерге ғалым С. Саменова *шал, бала, ағаттық, қыран, құлаш, көпшік* деген сөздерді де жатқызады. Ғалымның айтуынша, алғашқыда бұл сөздердің сындық мәнде қолданылғанын этимологиялық зерттеулерден аңғаруға болады [20]. Мәселен, «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» *құлаш* сөзі ертеде «есепсіз, ұзын» деген сындық мәнді білдірсе [100, 105], *көпшік* сөзі «жұмсақ, былқылдақ» деген сындық ұғымдарда қолданылған екен [100, 13]. Сол сияқты, *қыран* сөзі де ертеректе «епті, алғыр» деген сындық мағынада жүргендігі байқалады [101, 192]. Бұл сөздер ертеректе сындық мағынада жұмсалғанымен, қазір бұл сөздердің заттық мағынасын ғана танимыз. Сөздіктерде де зат есім ретінде беріледі.

«Құлаш» сөзі туралы ғалым К. Күркебаев өз зерттеуінде былай дейді: «Құлаштың этнос өмірінің өткен кезеңдерінде басқа елдермен сауда-саттық жасауда, өзінің тұрмыс-тіршілігінде бір нәрсенің ұзындығын өлшеуде өте қолайлы, ыңғайлы және көп қолданылған өлшем бірлігі екенін байқап, қазақ халқының мәдени өмірінен мол мәлімет беретін өлшем концептісінің маңызды бөлшегі ретінде танып, өлшемнің концептуальдық өрісі шеңберінен қарауымызға болады» [102, 70].

Демек, сөздің алғашқы мағынасы тарылып, екіншілік заттық мағыналары жаңа атау ретінде бекіген сөздердің табиғаты этимологиялық талдаулар негізінде анықталады.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, кей сөздердің мағыналық аясы тарылуы нәтижесінде заттық мағынаны иеленсе, кей сөздердің мағынасының кеңеюі арқылы заттық мағынаға ие болған. Мәселен, *ақ, көк, қызыл, салқын, ыстық, суық, бай, жарық, кір, қышқыл, орташа, шала, тамаша, жансыз, қызық* т.б. сын есімдердің семантикалық өрісі дамып, реестр дәрежесіндегі заттанулар пайда болған. «*Жарық* сын негізді аталымдардың жасалуына *уәж* – күн сәулесінің қараңғылыққа қарсы жарық нұры. Одан әрі мағыналық дамудың нәтижесінде оның «шам, электр жүйесі» деген мағынасы қалыптасқан. Сөздің мағыналық дамуында тілдегі бұрыннан бар сөздердің мағыналарын пайдалану арқылы тілде жаңа қызметте номинативтік бірліктер қалыптасады. Жаңа мағына мен сөздің алдыңғы мағынасының арасында міндетті байланыс бар және ол оның прототипі ретінде қатыса отырып, семантикалық *инновацияның уәждеуші негізі* қызметін атқарады. Жаңа мағына мен алдыңғы мағынаның арасындағы байланыс *мағыналық уәжділіктің* негізінде жүзеге асады» [20].

Байқағанымыздай, қара сөзінің семантикалық аясы кеңіп, заттанған атауларға негіз болған. Бұл сөздің «қара халық, қалың бұқара» деген мағыналарынан бөлек, «Сиыр, жылқы, түйе тәрізді ірі мал мағынасын берген. Мысалы: Кедей баласына айттыратын қыздың қалың малы ең көп дегенде 10-15 *қарадан* аспайды (С. Омаров). ... Әсіресе, кешегі күнде қырық-елу *қараны* Алшынбай аулына да Майбасар мен Қаратайдан айдатып жіберіп еді (М. Әуезов). Қайтыс болған адамды аза тұту рәсімін білдірген. Мысалы: Былтыр Бөжей өлген күндерде басына *қара* тіккен ағайын қыстан бері асқа әзірленіп келген (М. Әуезов). Ақ үйдің өзі өзге үйлерден оқшауырақ, белдеуінде *қара* тігулі тұр (М. Әуезов)» сынды мағыналары беріледі [20].

Бұл жердегі «көк» түсті білдіретін сын есім қазақтың дүниетанымы мен сенімімен астасып, «Тәңір», «балғын өсімдік» т.б. мағыналарға ие болған.

Сондай-ақ антонимдік жұп түзетін *жас-қарт, бай-кедей, ыстық-суық* сын есімдері алғашқыда бір ғана мағынаны білдіргенімен, кейін заттану арқылы сөздердің мағыналық аясы кеңейген. Мысалы, *жас* сөзінің жаңадан көгеріп шыққан өсімдікті білдіретін мағынасы жаңа өсіп келе жатқан балаға, одан кісінің өмір сүрген жыл санына ауысып, ылғалды білдірумен «көз жасы» деген ауыспалы мәнге де ие болған тәрізді [99, 83]. Келесі мысалдардан бұл мағыналар айқын көрінеді. Мысалы: Бұл жиындағы *жастар* мен қартаң шаруалар түйіліп алған, қатты ашулы еді (М. Әуезов). *Жасым* сексенді алқымдады (Т. Әлжантегі). Көзінен *жас* аққанша күліп, шиқ-шиқ етті (Т. Әлжантегі).

Қазақ тілінде бір сын есімнің көпмағыналылық қасиетіне байланысты әртүрлі мағынада заттанып, бірнеше атау жасауға қатысуы да жиі ұшырасады. Мұндай жағдайда бір сөз әртүрлі семантикалық бағытта дамып, түрлі контекстерде дербес заттық ұғымдарды білдіреді. Осыған байланысты тілімізде әртүрлі мағынада заттанып жұмсалатын мынадай тілдік бірліктерді көрсетуге болады.

Мәселен, ***ыстық*** сын есімінің заттануы оның семантикалық дамуының нәтижесінде жүзеге асады. Бұл тілдік бірлік әртүрлі контекстерде әрқилы мағыналық реңктерге ие болып, дербес заттық ұғымдарды білдіретін атау қызметін атқарады. Біріншіден, ыстық сөзі температуралық құбылысты білдіргенде абстрактілі заттық мағынаға ие болады (баланың ыстығы көтерілді). Бұл жағдайда сөздің сындық семасы дерексізденіп, физикалық құбылыс атауына айналады. Мұнда семантикалық деривация мен абстракция үдерісі байқалады. Екіншіден, тұрмыстық қолданыста ыстық сөзі «тамақ» мағынасында жұмсалады (ыстық ішіп ал). Бұл қолданыс метонимиялық ауысу негізінде қалыптасқан, яғни «ыстық тағам» тіркесіндегі анықталушы компоненттің эллипсисі нәтижесінде сын есім заттық мәнге ие болған. Үшіншіден, ыстық сөзі ауа райының күйін білдіргенде жалпыланған заттық мағынада қолданылады (ыстыққа шыдай алмаймын). Бұл жағдайда сөз табиғат құбылысының атауы ретінде жұмсалып, номинативтік қызмет атқарады.

Ақ сын есімінің заттануы да семантикалық дамуының нәтижесінде жүзеге асады. Бұл сөз әртүрлі контекстерде дербес заттық мағынаға ие болып, әрқилы

номинативтік қызмет атқарады. Біріншіден, ақ сөзі «сүттен жасалған тағам» мағынасында жұмсалғанда нақты заттық ұғымды білдіреді (ақ ішті). Бұл қолданыс метонимиялық ауысу негізінде қалыптасқан, яғни «ақ тағам» тіркесіндегі анықталушы компоненттің эллипсисі нәтижесінде сын есім заттық мәнге ие болған. Екіншіден, ақ сөзі «таза, пәк, ақиқат» мағынасында қолданылғанда абстрактілі ұғымды білдіреді (Аққа құдай жақ). Бұл қолданыс метафоралық ауысу нәтижесінде қалыптасқан, яғни сөздің бастапқы мағынасы ұқсастық негізінде моральдық-бағалауыш мәнге көшеді. Мұнда абстракция және метафоралық семантикалық даму үдерісі байқалады. Осылайша ақ сөзінің заттануы метонимия, метафора, эллипсис, семантикалық деривация және жалпылау сияқты тілдік механизмдердің өзара ықпалы арқылы жүзеге асады. Үшіншіден, ақ сөзі «кеңес өкіметіне қарсы топ» мағынасында қолданылғанда (ақтар) әлеуметтік-саяси ұғымды білдіреді. Бұл жағдайда сөздің мағынасы тарихи-мәдени контекст негізінде кеңейіп, жалпыланған топ атауына айналған. Бұл сөз осы мағынада жұмсалғанда үнемі көптік жалғауымен келеді.

Қызыл сын есімі де әртүрлі контекстерде дербес заттық мағынаға ие болып, түрлі номинативтік қызмет атқара алады. Біріншіден, қызыл сөзі әлеуметтік-саяси мағынада (қызылдар) қолданылғанда белгілі бір топтың атауын білдіреді. Мұнда түске қатысты белгі белгілі бір идеологиялық қауымдастықты атауға қызмет етіп, жалпылау үдерісі жүзеге асады. Екіншіден, қызыл сөзі тұрмыстық қолданыста «шарап» (қызыл ішті) және «ет» (қызыл жеді) мағыналарында жұмсалады. Бұл қолданыстар «қызыл шарап», «қызыл ет» тіркестеріндегі анықталушы компоненттің түсірілуі нәтижесінде қалыптасып, эллипсистік ықшамдалу мен метонимия арқылы жүзеге асады.

Үшіншіден, «қыздың көзі – қызылда» деген қолданыста қызыл сөзі тура мағынасынан алшақтап, «дүние-мүлік, байлық» деген абстрактілі ұғымды білдіреді. Бұл мағына «қызылды-жасылды» тіркесінде де жалпылаушы мәнде қолданылып, «әртүрлі заттар, дүние-мүлік» ұғымын білдіреді. Мұнда түстер арқылы заттардың жиынтығы беріліп, жалпылау, жинақтау арқылы көрініс табады.

Қызық сын есімі де әртүрлі мағынада заттанады. Біріншіден, қызық сөзі «ойын-сауық, тамаша» мағынасында қолданылғанда эмоционалдық-бағалауыш мәндегі абстрактілі ұғымды білдіреді (қызық көрдік). Бұл жағдайда сөздің бастапқы сапалық мағынасы жалпыланып, дерексіз ұғымға айналады. Екіншіден, қызық сөзі кейбір контекстерде «жақсылық, пайда» мағынасында жұмсалады (бұдан қандай қызық көрдің?). Бұл қолданыс бағалауыш мағынаның өзгеруі негізінде қалыптасып, прагматикалық реңкке ие болады. Үшіншіден, қызық сөзі «кездейсоқ болған оқиға, тосын жағдай» мағынасында қолданылғанда нақты ситуацияға қатысты заттық ұғымды білдіреді (бір қызық болды). Бұл жағдайда сөздің мағынасы жалпыланып, белгілі бір оқиғаны атау қызметін атқарады.

Жарық сөзінің заттануы физикалық құбылысты атаудан бастап, абстрактілі-бағалауыш ұғымдарды білдіруге дейінгі кең семантикалық өрісті қамтиды. Бұл оның тілдегі номинативтік қызметінің кеңдігін және когнитивтік

концептуализациямен тығыз байланысын көрсетеді. Біріншіден, жарық сөзі «сәуле, нұр» мағынасында қолданылғанда табиғи құбылысты білдіретін заттық ұғымды білдіреді (жарық түсті). Екіншіден, жарық сөзі «үміт, жақсылық, қуаныш» мағынасында жұмсалғанда (Көрер жарығы бар екен) абстрактілі-бағалауыш ұғымды білдіреді. Бұл қолданыс метафоралық ауысу негізінде қалыптасқан: жарықтың «нұр, жарық беру» қасиеті адам санасында «жақсылық, үміт» концептілерімен ұқсастық арқылы байланысады.

Кір сөзінің заттануы оның семантикалық дамуы мен контекстік қолданысына байланысты жүзеге асады. Біріншіден, кір сөзі «лас, былғанған киім» мағынасында қолданылғанда нақты заттық ұғымды білдіреді (кір жуды). Бұл жағдайда бастапқы сындық мағына (лас) заттық мәнге көшіп, белгілі бір нысанның атауына айналады. Екіншіден, кір сөзі «жуылған киім» мағынасында жұмсалады (кір жайды). Бұл қолданыс тұрмыстық тәжірибеге негізделіп, сөздің мағынасы кеңейіп, контекст арқылы нақтыланады. Үшіншіден, кір сөзі «көңілдің кірі» тәрізді тіркестерде абстрактілі ұғымды білдіреді. Бұл жағдайда сөздің бастапқы нақты мағынасы метафоралық ауысу арқылы рухани-психологиялық күйді сипаттайтын ұғымға айналады. «Іштегі кірді қашырса, адамның хикмет кеудесі» деген Абайдың мына өлеңі дәлел бола алады.

Жоғарыда көрсетілген секілді сын есімдердің әртүрлі мағынада заттануы олардың семантикалық дамуы мен қолданыс өрісінің кеңеюімен тығыз байланысты. Мұндай жағдайда сөз әр контексте жаңа заттық мағынаға ие болғанымен, өзінің бастапқы лексикалық негізінен толық ажырамайды. Соның нәтижесінде мағыналар арасында ішкі семантикалық байланыс сақталып, олардың біртұтастығы байқалып тұрады. Осы орайда, тарихи сөзжасамды семантикалық аспектіде қарастырған ғалым А.Салқынбайдың мына пікірін келтіре кеткеніміз жөн: «... туынды сөздің ішкі семантикалық құрылымында себепші негіздің семасы сақталып, жалпы өзек мағынаны құрайды, ал номинативтік ерекше белгі арқылы арнайы сема түзіледі» деп сөздің негізгі мағынасы [16, 29].

Орыс тіл білімінің ғалымдары заттану теориясын сөз еткенде сөз мағынасының кеңеюі арқылы пайда болған заттанған сөздердің көбі өзінің алғашқы шыққан тегімен омонимдік қатар құрайтынын айтады [33], [42]. А.И.Моисеев өз монографиясында транспозицияны тілде бар сөздерге омоним жасайтын тәсіл тұрғысынан қарастыра отырып, былай деп атап өтеді: «Транспозиция- образование омонимов к уже существующем словам» [103, 76]. Ал қазақ тілінде заттанған сөздердің мағыналық аясы әлі күнге дейін толық қарастырылмағандықтан, бұл мәселеге қатысты пікірлер жоқтың қасы. Сондықтан заттанған сөздердің барлығын омонимдерге жатқызбас бұрын оның мағыналық байланысын ажыратып, этимологиясына көз жүгірткен жөн.

Ғалым С.Саменова басқа тілден енген сөздердің де тілде жаңа атаудың жасалуына түрткі болатын жайттарды атап өтеді де, оған тілдегі *бейшара, арамза, нөсер, тақыр, дос, дұшпан, пәле, тағала, бейбақ, тажал, ғашық, бетпақ, мәстек* т.б. сөздерді жатқызады [20, 45]. Автордың айтуынша, басқа тілден енген бұл кірме сөздердің сол тілдегі төл мағынасы сын есім мағынасын

білдіреді. Бұл туралы тілтанушы Ә.Нұрмағамбетов те жоғарыда аталған «нөсер» сөзінің төркіні монғол тілінен келгенін растайды, сонымен қатар, оның ол тілде «қиын, ауыр» деген мағыналарда кездесетінін және «нүсэр» сөзінің аталмыш тілде сирек қолданылатындығын атайды. Осыған орай, алғашқыда «нөсер жаңбыр» (қиын жаңбыр) тіркесі пайда болып, кейінгі кезеңдерде нөсер жеке тұрып та жауынның күштілігін аңғартарлық дағдыға айналуы мүмкін деген ой айтады [101, 218].

Ә.Нұрмағамбетов *мәстек* сөзінің шыққан тегін қалмақ тілі дей отырып, оның аталмыш тілде «төмен, аласа, тапал» деген сындық мағыналарда қолданылғандығын және тек жылқыға ғана емес, кез келген аласа, тапал заттар мен жан иелеріне бірдей айтыла беретіндігін атап көрсетеді [101, 206]. Қазақ тілінде бұл сөз көбінесе жылқы малына қатысты қолданылады:

«Әнеугүні аулыңызға келіп еді ғой. Астында құла қасқа *мәстегі* бар» (С.Шарипов); «*Мәстек* шауып тұлпардан бәйге ала ма, Қадірлеп асыл жабу жапқанменен» (С.Торайғыров). Кейде ауыспалы мағынада тұрып, «адам» мәнін беруі де кездеседі: «Марапатталса, масайрап *мәстектер* мәшһүр, Табанда тапталғаны ғой әспеттер дәстүр» (К.Ахметов).

Қазақ тілінде түбір сын есімдердің заттануы әртүрлі деңгейде көрініс табады: бірқатары уақытша, контекстік сипатта жұмсалса, енді бір бөлігі толық заттанып, дербес атау сөз дәрежесіне жетеді. Соның ішінде түбір сын есімдердің заттануы арқылы қалыптасқан жалқы есімдер де айтарлықтай орын алады. Мәселен, сын есімдердің заттануы нәтижесінде жасалған антропонимдерге Әсем, Әдемі, Нәзік, Сұлу, Асыл, Абзал, Берік, Көркем сияқты есімдерді жатқызуға болады. Бұл атаулар бастапқыда сапалық белгіні білдіргенімен, тілдік қолданыста толық заттанып, кісі есімін білдіретін дербес номинативтік бірліктерге айналған. Халықтық дүниетанымда балаға ат қою белгілі бір тілекпен, ырыммен тығыз байланысты екені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, аталған есімдердің семантикалық негізінде бағалауыш және тілек мәні жатыр. Мысалы, баласының көрікті, әдемі болуын қалау нәтижесінде Әсем, Әдемі, Көркем сияқты есімдер қойылса, мықты, қайратты, қадірлі азамат болсын деген ниеттен Асыл, Берік тәрізді атаулар қалыптасқан. Осылайша сын есімдердің заттануы арқылы жасалған жалқы есімдер тілдің номинативтік қызметімен қатар, халықтың мәдени-танымдық тәжірибесін, құндылықтар жүйесін де айқын көрсетеді.

Сол сияқты қазақ тілінде түбір сын есімдердің заттануы арқылы жасалған географиялық атаулар (Шұбар, Домалақ, Тентек т.б.) мен ру атаулары (Уақ, Таз, Жырық, Қара) да жиі кездеседі. Бұл атаулар бастапқыда сапалық белгіні білдіргенімен, уақыт өте келе толық заттанып, дербес номинативтік бірліктерге айналған. Географиялық атаулар құрамында сын есімдердің заттануы белгілі бір нысанның сыртқы сипатын, ерекшелігін немесе қасиетін негізге ала отырып жүзеге асады. Ал ру атауларында бұл белгілер белгілі бір топтың айырым сипатын білдіретін таңба ретінде қызмет етеді. Осылайша түбір сын есімдердің заттануы нәтижесінде қалыптасқан мұндай атаулар тілдің номинативтік

қызметімен қатар, халықтың тарихи тәжірибесі мен дүниетанымын да айқындайтын маңызды тілдік бірліктер болып саналады.

Сол сияқты түбір сын есімдердің заттануы негізінде қалыптасқан ит-құс, жан-жануар атауларын білдіретін жалпы есімдер де тілде кеңінен ұшырасады. Мысалы, *тарлан, қорқау, тоқал, арлан, тарпаң, ұзақ, соқыр, көр* сияқты атаулар бастапқыда сапалық белгіні білдіргенімен, уақыт өте келе толық заттанып, белгілі бір жануардың атауы ретінде қалыптасқан. Бұл атаулардың қалыптасуында уәжділік принципі маңызды рөл атқарады. Кез келген атаудың уәжділігі оның номинативтік белгілеріне негізделетіні белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, аталған сөздер жануарлардың белгілерін (түр-түсін, қасиетін, физиологиялық ерекшелігін) негізге ала отырып, атау жасаған. Мәселен, соқыр сөзі құстың күндіз нашар көретін қасиетіне байланысты қолданылып, бастапқы сындық мағынасының негізінде заттық мәнге ие болған. Яғни сөз өзінің сапалық семасын сақтай отырып, оған қосымша заттық сема жүктеліп, дербес атау қызметін атқара бастайды.

«Қазіргі тілімізде туынды (қатыстық) сын есімдердің заттануы негізінде жасалған атаулар да баршылық. Олар тіліміздегі заттанған негізгі сын есімдерден де көп. Мысалы: *күздік, түстік, кештік, еттік, иттік, көжелік, қытайлық, тағалық, аналық, оттық, айлық, қатарлас, қадірлес, дәмдес, ауылдас, бауырлас, сырлас, ұялас, деректі, екпінді, жабысқақ, ұшқыш, ашқыш, майлық, сулық* т.б. Бұлардың барлығының заттық мағыналары сөздіктерде берілген. Бірнеше мысал келтірейік: Жабағы болды жібек шаш, Жабылып жаман *жабысқақ* (І.Жансүгіров). Бір күн дәмдеске – мың күн сәлем (Мақал). Ондай *иттік* өзінде де бар (Т.Әлжантегі). Ағайынның аты озғанша, *ауылдастың* тайы озсын (Мақал)» [20].

Берілген сөйлемдердегі белгіленген сөздердің барлығы тілдік қолданыста зат атауы ретінде қалыптасып, сөздіктерде дербес лексикалық бірлік ретінде тіркелген. Алайда олардың шығу төркініне назар аударсақ, бұл бірліктердің бастапқыда белгілі бір сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалған туынды сын есімдер екендігі және алғашында сөз тіркесі құрамында қолданылғаны анық байқалады. Мысалы, жабысқақ (жабысқақ бит), дәмдес (дәмдес адам), ауылдас (ауылдас адам) сияқты сөздер бастапқыда анықтауыштық қызмет атқарып, белгілі бір заттың белгісін білдірген. Уақыт өте келе мұндай тіркестердегі анықталушы компоненттің түсірілуі нәтижесінде сын есімдер заттанып, дербес атау қызметіне көшкен. Жалпы алғанда, -шы (-ші), -лас (-лес), -лық (-лік), -ғыш (-гіш), -гер (-кер) жұрнақтары арқылы жасалған туынды сын есімдердің заттануға бейімділігі жоғары екендігі байқалады. Бұл жұрнақтар сөздің семантикалық құрылымына белгілі бір қатыстық, сапалық реңк үстей отырып, оның заттық мағынаға көшуіне негіз болады.

Басқа сөз таптарынан белгілі бір сөзжасамдық жұрнақтар арқылы туынды сын есімдер жасалып, уақыт өте келе олар бастапқы мағыналық қызметінен ауытқып, заттық мағынаға көшеді. Бұл үдерістің негізгі себептерінің бірі – анықталушы зат есімнің үнемделуі, яғни эллипсистік ықшамдалу. Мысалы: күздік (күздік соғым), түстік (түстік ас), иттік (ит мінез, қасиет), қытайлық

(қытайлық азамат), аналық (аналық қой) сияқты қолданыстарда бастапқыда сын есімдер белгілі бір заттың белгісін білдірген. Алайда мұндай тіркестерде анықталушы компоненттің түсірілуі нәтижесінде сын есімдер дербес қолданысқа көшіп, заттық мағынаға ие болған. Бұл жағдайда заттанған сөз белгілі бір заттың тұрақты белгісін білдіретіндіктен, сол заттың атауын алмастыратын деңгейге жетеді. Яғни нысанның танылуы оның сындық сапасы арқылы жүзеге асады. Соның нәтижесінде бастапқы тіркестегі зат есімнің семантикалық жүктемесі сын есімге ауысып, оның қолданысы артық элементке айналады. Уақыт өте келе мұндай артық компонент тілдік қолданыстан ығыстырылып, толық түсіп қалады.

-гер, -кер жұрнақтары арқылы жасалған туынды сөздердің бірқатарының заттанып, терминдік мәнге ие болуы, негізінен, кеңес дәуіріндегі тілдік саясатқа байланысты қалыптасқан құбылыс ретінде қарастырылады. Мәселен, айыпкер, үміткер тәрізді атаулар басқа тілдің ықпалынан пайда болып, орыс тіліндегі заттанған тұлғалардың терминденген баламасы ретінде орныққан. Бұл туралы ғылыми грамматикаларда арнайы сөз болады. Сонымен қатар еңбектерде қазақ тіліндегі ақша сөзі де сын есім негізінде қалыптасқан туынды субстантив ретінде қарастырылады. Оның бастапқы уәжділігі теңге, сом сияқты ақшаның жасалатын қағазының түсімен байланысты түсіндіріледі [104, 341]. Осы типтес қолданыстарға көгілдір (аққудың балапаны), көкше (балық атауы) сияқты бірліктерді де жатқызуға болады. Бұл атаулардың қалыптасуында заттың түсі мен реңкі негізгі уәждік белгі ретінде таңдалып, сол белгінің негізінде сөз заттық мағынаға ие болған.

«Сын есімнің заттануы арқылы жасалған сөздер күрделі тұлғада да кездеседі. Олар қосарлану, тіркесу, бірігу арқылы жасалады және кемінде екі сыңардан келеді де көбіне жалпылау, топтау мағынасын береді. Мысалы: *арық-тұрақ, ақсақ-тоқсақ, жетім-жесір, кір-қоқыр, ұсақ-түйек, кәрі-жас, ақ-қара, анық-танық, өлі-тірісі, тамыр-таныс, артық-кем, кәрі-құртаң, кем-кетік, жақын-жаран, думан-қызық* тәрізді қос сөздерде сөздіктерде зат атауы ретінде танылған. Осы үлгідегі сөздердің алғашқыда сын есім болғандығы сырт тұлғаларынан бірден аңғарылады. Қосарланған тұлғада келіп заттанған сын есімдердің заттық мәні заттанған дара сын есімдерден де айқынырақ танылады. Оларда заттық мағынаны жинақтап, топтап көрсету ұғымы бар. Оны мына төменде берілген мысалдардағы заттанған қос сөздерден анық байқауға болады. Мысалы: Арыз қылған адам көп, *Ақ-қарасын* тексеріп... (ҚТТС). *Арық-тұрағын* күтіп, көктемнің қара суығынан аман алып қалу шарасы жалпақ елді жаппай басты (М.Әуезов). Олар жазған хабардағы кем-кетіктердің *анық-таныған* тез зерттеу – жергілікті сот және зерттеу орындарының міндеті (С.Мұқанов)» [20].

Қосарланған сын есімдердің заттануы негізінде қалыптасқан атаулардың сыңарлары семантикалық қатынасына қарай әртүрлі болып келеді. Олардың бір тобы антонимдік қатынаста жұмсалса (өлі-тірісі, кәрі-жас, артық-кем), енді біреулері синонимдік қатар құрайды (думан-қызық, жақын-жуық). Сонымен қатар мұндай қосарланған құрылымдардың құрамында екі сыңары да дербес

мағынаға ие болатын (жетім-жесір, ақ-қара) немесе бір сыңары мағыналық дербестігін сақтамаған (ақсақ-тоқсақ, арық-тұрақ) жұптар да кездеседі. Аталған қолданыстардың барлығы заттану үдерісі нәтижесінде жалпылаушы, жинақтаушы мағынаға ие болып, белгілі бір ұғымды тұтас қамтитын атау қызметін атқарады.

Тіркесу тәсілі арқылы жасалған күрделі сын есімдердің заттануы нәтижесінде қалыптасқан атаулар тілде аса өнімді емес. Мұндай бірліктердің қатарында шүйке бас тәрізді тіркестер аталады. Ғылыми грамматикаларда бұл атаудың айқын номинативтік мәнінен гөрі фразеологиялық сипаты басым екендігі орынды көрсетіледі [105, 342]. Осы топқа *еркек кіндікті, көн етікті, көлденең көк атты, шолақ етекті, тік бақай, ығай мен сығай, екі жүзді, асылдың сынығы* сияқты заттанып қолданылатын тұрақты тіркестерді де жатқызуға болады. Бұл бірліктерде де атаулық мағынадан гөрі фразеологиялық, бейнелі-экспрессивтік сипат айқынырақ көрінеді. Дегенмен аталған тіркестер тілдік қолданыста көбіне дербес заттық мағынада жұмсалып, белгілі бір адамды немесе әлеуметтік типті атау қызметін атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, оларды фразеологиялық негізде қалыптасқан заттанған атаулар, яғни екіншілік номинация нәтижесінде пайда болған лексикалық бірліктер ретінде қарастыру орынды. Мұндай тіркестердің заттық мағынасы контекст ішінде айқындалып, олардың номинативтік қызметі сөйлем деңгейінде толық ашылады.

Қазақ тіліндегі номинативтік және коммуникативтік фразеологизмдердің тілдік табиғатын қарастырған зерттеулерде субстантив фразеологизмдердің бірқатар ерекшеліктері айқындалады [106]. Мұндай бірліктердің негізгі сипаты – олардың тұрақты тіркес күйінде жұмсала отырып, дербес заттық мағынаға ие болуы және белгілі бір ұғымды атау қызметін атқаруы. Атау мәніндегі фразеологизмдерде компоненттердің бастапқы лексикалық мағынасы көмескіленіп, тұтас тіркес бір бүтін семантикалық бірлік ретінде қабылданады. Соның нәтижесінде олар сөйлемде зат есімнің қызметін атқарып, белгілі бір адамды, құбылысты немесе әлеуметтік типті атауға жұмсалады.

Біріккен сын есімдердің заттануы негізінде қалыптасқан күрделі атаулар қазақ тілінде кеңінен ұшырасады. Мұндай бірліктер сыртқы тұлғасы жағынан сын есімге ұқсас болғанымен, тілдік қолданыста дербес зат атауы ретінде танылып, толық лексикаланған. Мысалы: *тазқара, саршұнақ, ақбөрте, ақсары, сиякөк, көкжал, ақсарбас, ақсақал, көкқасқа, бозқасқа, қарала* сияқты біріккен сөздер бастапқыда заттың түр-түсін, белгісін білдіргенімен, уақыт өте келе заттық мағынаға ие болып, белгілі бір нысанды атау қызметін атқарады. Бұл атаулардың заттық мағынасы тілдік практикада тұрақталып, сөздіктерде дербес лексикалық бірлік ретінде берілген. Мұнда сындық белгінің номинативтік қызметке көшуі, яғни сапалық семаның заттық семаға айналуы айқын көрінеді.

Күрделі заттанулардың ішінде біріккен тұлғада тұрып, атаулық мәнге жеткен заттанулар тілімізде өте көп кездеседі. Бұл тәріздес күрделі атаулардың тілдегі жасалу жолдары зерттеуші Б.Қасым еңбегінде толық қарастырылып, семантикалық ерекшеліктері талданған [106].

Жоғарыда келтірілген деректер сын есімдердің толық заттануы нәтижесінде тілде едәуір мөлшерде зат атауларының қалыптасқанын, яғни жаңа номинативтік бірліктердің пайда болғанын көрсетеді. Сын есімдердің заттануына негіз болатын факторлардың қатарына метафоралық және метонимиялық ауыс мағыналар, эллипсистік ықшамдалу, семантикалық даму (кеңею мен тарылу), сондай-ақ өзге тілдерден енген бірліктердің мағыналық трансформациясы жатады. Осы тұрғыдан алғанда, сөз мағынасының қалыптасуы адамның ойлау әрекетімен байланысты болса, оның өзгеруі мен дамуы танымдық қызметтің нәтижесі ретінде танылады.

Сын есімдердің толық заттануы нәтижесінде қалыптасқан атауларға қатысты айтылған тұжырымдарды жинақтай келе, төмендегідей қорытынды жасауға болады: заттану арқылы пайда болған атаулар тілде бірден қалыптаспай, белгілі бір тарихи даму кезеңдерінен өтіп, жалпыхалықтық қолданысқа ену арқылы орнығады; сын есімдердің заттануы нәтижесінде қалыптасқан атаулардың басым бөлігі тілдегі үнем заңының ықпалымен, әсіресе эллипсистік ықшамдалу негізінде жасалады; сын есім мағынасының тарылуы нәтижесінде сөз жаңа заттық мәнге ие болып, дербес атау қызметін атқарады; сын есімдердің семантикалық дамуы мен кеңеюі олардың заттануына негіз болып, тілде жаңа номинативтік бірліктердің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, тілдің ұлттық сипатта қалыптасуы оның ішкі даму үдерістерімен, яғни тілдік өзгерістерге тығыз байланысты. Мұндай өзгерістер сөздің мағынасы, құрылымы және қызметінің өзгеруі арқылы көрініс табады. Сөз мағынасының өзгеруі мен жаңа атаулардың пайда болу себептері тіл білімінде экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлар тұрғысынан түсіндіріледі. Экстралингвистикалық факторларға қоғамдағы әлеуметтік, мәдени, тарихи өзгерістер жатса, лингвистикалық факторлар тілдің ішкі даму заңдылықтарымен, соның ішінде семантикалық деривация, сөзжасам және функционалдық қолданыс ерекшеліктерімен байланысты қарастырылады.

Заттанған сын есімдердің семантикалық моделдері. Заттанған сын есімдер мағыналық тұрғыдан әркелкі болып келеді. Олардың бір тобы заттану нәтижесінде адам мәнін білдірсе, енді бір бөлігі зат, нәрсе ұғымын білдіруге қызмет етеді. Сонымен қатар адам мәніндегі заттанған сын есімдердің өзі де іштей бірнеше мағыналық топтарға жіктеледі.

Тіл білімінде заттану құбылысын зерттеген еңбектерде заттанған сөздерді мағыналық тұрғыдан топтастыру мәселесі белгілі бір дәрежеде көрініс табады. Бұл бағытта А.А. Потебня, А.Б. Перльмуттер, А.И. Судакова, И.Ф. Протченко, А.А. Аймурзаева, А.Ф. Гайнутдинова, С.Н. Саменова сынды ғалымдардың еңбектері ерекше мәнге ие. Зерттеушілердің бір бөлігі заттанған сөздерді мағыналық топтарға жіктеу мүмкіндігін ғана атап өтсе, енді бірқатары олардың семантикалық табиғатын тереңірек талдап, заттанған бірліктердің басым көпшілігі адамға қатысты ұғымдарды білдіретінін негіздейді.

Көптеген зерттеулерде заттанған сын есімдер негізінен адамға қатысты қолданыстар шеңберінде ғана мағыналық тұрғыдан жіктеліп келеді. Алайда

көркем шығармалардан, мерзімді баспасөзден және сөздіктерден жинақталған тілдік деректер заттанған сын есімдердің басым көпшілігі шынында да адам ұғымымен байланысты қолданылатынын айғақтайды. Ғалым С. Саменова заттанған сын есімдерге тән ортақ белгілерді ескере келе, оларды төмендегідей топтарға жіктеген: ««Адам» мағынасын беретін заттанулар; «Мал» мағынасын беретін заттанулар; «Ит-құс және хайуанаттар» мағынасын беретін заттанулар; «Нақты зат, нәрсе» мағынасын беретін заттанулар; Дерексіз мағынасын беретін заттанулар» [20]. Біз де жұмысымызда сын есімнің заттануынан жасалған атаулардың бірнеше моделін ұсындық.

Бірінші модель. *Адам, кісі, тұлға мәнінде қолданылатын субстантиваттар*: қарт, ақсақал, жақсы, жаман, науқас, шал т.б. сөздер. Басқа тілдердегі сияқты қазақ тілінде де заттанған сын есімдердің басым көпшілігі *адам* мәнінде жұмсалады. Бұл жерде адам сөзі жалпы ұғым ретінде танылады. Мысалы: Осыны ұққан сайын, барлық осы *кәрілерді* жанындай жақсы көре бастады (М.Әуезов). Әрбір *жаманның* қылығына күлсең, оған рахаттанып күлме... (Абай). Тие берді тыйылмай, Теңдік қайда *нашарға* (І.Жансүгіров) – деген сөйлемдердегі кәрі, жаман, нашар сын есімдері заттанып, адам мәнінде жұмсалып тұрғаны түсінікті. Осы сөздер жалпы мағынаны білдіруі жағынан бір топқа жатқанымен, ішкі мағынасы жағынан ерекшеліктері бар. Бұл заттанған сөздер адамды әр қырынан танытып тұр. Яғни, бірінші сөйлемде адамды жас ерекшелігіне қарай (кәрілер) атап тұрса, екінші сөйлемде бойындағы қасиетіне (жаман) қарай, соңғы сөйлемде әлеуметтік жағдайына (нашар) қарай атап отыр.

Бұл аталған топтың өзі іштей бірнеше ұсақ мағыналық топтарға жіктеліп кетеді.

«Адам» мағынасын беретін заттануларды жинақтай, топтай келе, олардың он үш түрлі ішкі мағыналық тобын анықтауға қол жеткіздік. Енді осы топтардың әрқайсысына жеке-жеке сипаттама жасап көрелік.

Адамды сырт келбетіндегі ерекше бір белгісімен атау. Адамның сырт пішініндегі басты бір ерекшелікті негізге ала отырып жасалған заттанулар тілде молынан ұшырасады. Олар:

а) адамды киген киіміне байланысты атау (бөрікті, етікті, шапанды, тымақты). Мысалы: Жердегі *жыртық бөрікті* жалт қарады (М. Мағауин). *Бөріктінің* намысы бір (Мақал). Бұндай заттанулардың барлығы дерлік қатыстық сын есімдерден жасалады.

ә) адамды дене бітіміндегі, кескін-келбетіндегі бір ерекшелігімен атау (ару, сұлу, тапал, қысқа, дәу, ұзын, қара, сары, семіз, жуан, т.б.). Мысалы: Танаулап *қасқа тұмсық қара* жетті (Ғ. Мұстафин). Ырсылдаған *семіз бен ыржаң* қаққан бір *тапал* кіріп келді (К. Ахметов).

Кейде адамның дене бітіміндегі айрықша бір ерекшелігі мен адамның сырт келбетін немесе мінез-құлқын білдіретін сын есім тіркесіп келіп, заттанып қолданылады: *дәу қара, тапал қара, қара дәу, жуан содыр* т.б. Мысалы: Осы арада *дәу қараның* әңгімесін киіп, ағат кеткенін аңғарған шоқша сақал кінәсін мойындағандай сылқ етіп отыра кетті (С.Жүнісов). Арбаға енді міне береміз

дегенде, *сары бұжыры* жолдасына күңк ете түсті (Б.Майлин). Отырғандардың ішіндегі *жуан содыр* айналасына алакөздене бір қарап қойды (К.Ахметов).

б) адамды бет-әлпетіндегі көзге ерекше көрінерлік бір белгісімен атау «жирен сақалды, қырма сақалды, қара мұртты, т.б.). Мысалы: *Жирен сақалды* әлгіде келе жатқан бағдарын кілт өзгертіп, жүзін қазан шұңқырдың түстік бетіне қарай бұрды (А. Мекебаев). *Қара мұртты* астындағы шабдарын сипай қамшылап алға созды (Т. Әлжантегі).

Кейде адамның бет пішініндегі бір айрықша белгісіне оның өңі, түсі қоса қабаттасып та заттанулар жасалып отырады: Жанәділге салпы *ауыз қара* қарсы жүрді (І. Есенберлин).

в) адамды дене бітіміндегі физиологиялық бір кемістігімен атау (*ақсақ, соқыр, қитар, мылқау, таз, саңырау, керең* т.б.). Мысалы: Шеген ақсағанда, шын *ақсақтар* далада қалдық (Ғ. Мүсірепов). *Сақау мен саңырау* кездескендей, ымдасып сөйлессе де, қарсылығы жоқ, жуас момын қазақ жігіттерін қалаған (Ғ. Мүсірепов).

2) *Адамды жас ерекшелігіне қарай атау.* Бұндай заттанулар тілде онша көп емес. Бірақ, күнделікті сөйлеу тілімізде қолданылу жиілігі жағынан болсын, тілде таралу аясы жағынан болсын өте белсенді болып келеді. Олар мыналар: *қарт, шал, бала, жас, кәрі, үлкен, кіші, кәрі-жас, үлкен-кіші* т.б. Мысалы: Кәрі-жасының ерінбейтін еңбекшілдігін жаратамын (Ә.Нұршайықов). Бірталай *үлкендер* Зере мен Ұлжанға да көп алғыс айтады екен (М.Әуезов). Бұл ауылдың *үлкен-кішісі* аса бір ғазіз санап жақсы көретін (М.Әуезов).

Мысалдардан байқап отырғанымыздай, бұл аталған сын есімдер дара және күрделі тұлғаларда тұрып, заттық мағынада қолданыла береді. Бұлар ауызекі сөйлеу тілінде де, көркем әдебиетте де кеңінен кездеседі. Заттық мағыналары көпшілікке танымал болып кеткендіктен, тілде бірден осы заттық мағынасында жұмсала береді.

3) *Адамды туыстық қатынасына байланысты атау.* Кейбір сын есімдер заттанып, адамның туыстық қатынасын білдіреді. Оларды іштей екі топқа бөлуге болады:

а) ересектерге қатысты туыстық ұғымдарды білдіретін сын есімдердің заттануы. Оларға мына сөздер мысал бола алады: *жақын, жақын-жаран, жақын-жуық, жақын-жұрағат, жат, жат-жақын, туыс, ағайын, ерлі-зайыпты, ағалы-інілі, бөтен, бауырлас, аталас, туыстас* т.б. Мысалы: *Ағалы-інілілердің* арасындағы әлі сыртқа шықпаған шиеліністі тұтату үшін әдейі істеп отыр екен (Ж.Молдағалиев). Жігіттер, *жақыныңмен* балмаңдар қас, Қас болған жақынымен ақыры оңбас (А.Байтұрсынов). Жаман болса *туысың*, Туыспай-ақ құрысын (Мақал).

ә) туыстық қатынасты білдіретін заттанулардың енді бір тобы балаға қатысты болып келеді. Олар көбіне баланың отбасындағы санына, жас ерекшелігіне қарай заттанып қолданылады (үлкені, кішісі, тұңғышы, кенжесі, жалғызы т.б.). Мысалы: Құнанбай өз басы бір шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы (М.Әуезов). *Үлкені* бар, *кішісі* бар өңшең қара сирақ қашан да шуылдасып жатады (С.Мұратбеков). Мендей шалдың кенжесі ерке болады ғой

(Ғ.Мүсірепов). Бүгінде кенжесі баяғы шаңырақтың отын түтетіп жатқан көрінеді (Т.Әлжантегі).

Кейде *ұсақ, қара домалақ* сын есімдерінің де әредік заттанып, *ұсақ балалар, қара домалақ балалар* деген заттық ұғымда жұмсалатындығы кездеседі. Мысалы: Бәтима *ұсақтарына* бір уыстан бауырсақ беріп, ауыз үйге айдап тастады (Ғ.Мұстафин). *Қара домалақ* ерке екен, шақыру құлағына тиісімен жүгіріп келіп, *үлкенін* бүре құлады (Т.Әлжантегі).

Сол сияқты, кейбір сын есімдер ауыспалы мағынада заттанып, балаға қатысты қолданылады. Көп жағдайда олар балаға көз, тіл тимесін деген ырымға негізделген мақсатта ауыстырылуы мүмкін. Мысалы: Тағы бір *жаманың* дүниеге келгелі отыр екен, құдай амандығын берсін солардың (Ғ.Қайырбеков). Біздің үйдегі бір *жаманның* аты да Еркебұлан (Ғ.Мүсірепов).

Бұл сөйлемдердегі *жаман* сөзі өзінің негізгі сындық мағынасында тұрған жоқ, *бала* деген контекстік келтірінді мағынада тұр. Ендеше, оның осы заттық мағынасы дәл осы қолданыста ашыла түседі.

Көбіне балаға қатысты заттанып қолданылатын сөз – *тентек* сөзі. Бұл сөз заттанғанда, жағымсыз мәннен гөрі еркелету мәніне ие болады: Молдеке, енді мына шал әкесін шығындатып, той жасатып жатқан *тентектің* атын қойып беріңіз (Ғ.Мүсірепов). Осы *тентегімнен* үлкен үміт күтемін (С.Нәкенов).

4) Адамды жағымды-жағымсыз қылығымен, жақсылы-жаманды қасиетімен атау: *момын, ашқарақ, ұятсыз, екіжүзді, жақсы, жаман, бейкүнә, сараң, еріншек, арам, адал, сұм, қорқақ, мазасыз, сыйымсыз, тыйымсыз, қу* т.б. Мысалы: Әкеңді өңкей *пысықтар, бұзықтар* қоршаған екен (Ғ.Мұстафин). *Ұқыптының* тоны тозбайды, *ұқыпсыздың* жұмысы оңбайды (Мақал). ...Тыңсайшы, мынау *мазасызды*! (М.Әуезов).

Бұндай заттанулар саны жағынан өте көп екені анық болып отыр. Оның себебі аталып отырған сын есімдердің көбінесе адамға тән қасиет, белгіні анықтап, үнемі зат есімнен тіркесе қолданылуында және түрлі стильдік қызметтерде жұмсалуында болса керек.

5) Адамды оның бойында белгілі бір қабілеттің бар-жоқтығымен байланыстара атау: *өнерлі, өнерсіз, дарынды, дарынсыз, талантты, талантсыз, білімді, білімсіз, жігерлі, жігерсіз* т.б. Мысалы: *Білімдімен* дос болсаң, сасқанда ақылын айтар, *Білімсізбен* дос болсаң, топ ішінде бетің қайтар (Мақал). Бұл сөзді *тасыр* ұқпас, *талапты* ұғар (Абай).

6) Адамды әлеуметтік жағдайына қарай атау: *күшті, әлсіз, малды, малсыз, бай, аш, тоқ, кедей, жалаңаш, жуан, жарлы, мықты* т.б. Мысалы: Ырғызбай жағынан келген он бес қыстауды азулы *мықтылар* басқанын бір есітті (М.Әуезов). *Нашарды* талай адам талап жеп жүр, Бөріден артық дейміз оның несін?! (А.Байтұрсынов). Базар – *ақшалыға* базар, *ақшасызға* назар (Мақал).

7) Адамды физиологиялық жағдайына, денсаулығына байланысты атау: *тірі, өлі, ауру, сау, жаралы, науқас, сырқат, есуас* т.б. Мысалы: Ауғанбек есіме түсті де, тірілерден бұрын соған амандасқым келді (Б. Нұржекеев). Өліге еткен қызметтен бастарың кішіреймес (М.Әуезов). Шегінген әскер бөлімдерінің

ішінде аурулар мен жаралыларды таситын жабдық машиналар да бар екен (Ғ.Мүсірепов).

8) Адамды мінген көлігімен немесе қолданған құралының атымен байланыстыра атау. Бұлар көбіне заттанған қатыстық сын есімдер болып келеді: *атты, аттылы, арбалы, мылтықты, көлікті, көліксіз, жаяу* және тағы басқалар. Мысалы: Ылғи *көліктілер* бастары қайқайып-қайқайып жан-жаққа кетіп барады (Ж.Нәжмеденов). *Атты* ақысын жаяуға жібермейді (Мақал). Шалшы түс ауа бергенде төскейден құлаған бір *арбалыны* көрдім (Ғ.Мүсірепов).

9) Адамды отбасының жағдайымен байланыстыра атау: *үйлі, үйсіз, балалы, баласыз, жетім, жесір, жалғызбасты, бойдақ, егіз, ұялас* т.б. Мысалы: Мына көрші ауылданмын, *жалғызбастымын* (Т.Дәуренбеков). *Жетім-жесірдің* телегей-теңіз жасын көрерім қалды ма (М.Әуезов). Өзің де *бойдақсың*, түсінсеңші! (Ж.Кәрменов).

10) Адамды қоғамдағы қозғалыстарға, саяси ұйымдарға қатысы жағынан атау: *ақтар, қызылдар, оңшылдар, солшылдар, саясатшылдар* т.б. Бұндай заттанулардың барлығы дерлік түбегейлі заттанып, атаулық мәнге ие болуы нәтижесінде терминдік сипат алып кеткен. Оны мына мысалдардан байқауға болады: *Ақтардың қызылдарға* үлкен қарсылық жасаймын деген жері – Бурабай тауы еді (С.Мұқанов). Қазақстанға келгеннен кейін ол Смағұл Сәдуақасов сияқты *оңшылдармен* ауыз жаласып алады (С.Мұқанов).

11) Адамды тұрғылықты жерімен астастыра атау: *қалалықтар, далалықтар, ауылдықтар, қарағандылықтар, жабаншұбарлықтар* т.б. Мысалы: *Қарағандылықтар* үшін бұл – тосын жайт еді (Газет материалынан). Сүйікті командалары алаңға шықса, *астаналықтарға* одан артық сыйдың керегі де жоқ (Газет материалынан).

12) Адамды ішкі психологиялық күйімен, сезім дүниесімен байланыстыра атау: *ғашық, сүйікті, ардақты, зарлы, мұңлы, арманды, армансыз, қайғысыз* т.б. Мысалы: Күндіз-түні егілген жаспен еңіреген *зарлылар* арысын тастап кетерлік дәрмен де таба алмас еді (М.Әуезов). Осыған *армандының* біреуі өзім, Тағы өзімдей өзгені көрген көзім (Жыраулар поэзиясынан). *Ғашықтың* тілі – тілсіз тіл, Көзбен көр де ішпен біл (Абай). *Қайғысыз* қара суға семірер (Мақал).

Мысалдардан байқап отырғанымыздай, *адам, тұлға* мәніндегі заттанған сөздердің ішінде осы тектес заттанулар тілімізде өте жиі кездеседі.

Оның себебі аталып отырған түрлі сезімдердің адам психологиясына ғана тән болуынан деп ойлаймыз.

13) Адамды басқа бір адаммен жақындық, ортақтық белгілеріне қарай атау: *қадірлес, сыйлас, дәмдес, сырлас, құрдас, көңілдес, мұңдас, пікірлес, кластас* т.б. Мұндай заттанулар да тілде молынан ұшырасады. Мысалы: Енді осынау азулы бәсекелестерімен айқасқа түскелі отырған *жерлестерімізге* келейік (Газет материалынан). Бір күн *дәмдеске* – қырық күн сәлем (Мақал). Кешкі салқын самалмен еңсесі көтерілген *қадірлестер* енді отауда әр алуан сөздер сөйлеп, әзіл-қалжыңдар айтып отырды (Ә.Көшімов).

Жоғарыда адам мәнін білдіретін заттанған бірліктердің ішкі мағыналық топтары сараланып көрсетілді. Талдау нәтижелері мұндай заттанулардың тілдік қолданыста жиі ұшырасатынын және олардың тіл үшін табиғи, орныққан құбылысқа айналғанын айқындайды. Адам мәніндегі заттанулар көркем әдебиетте де, ауызекі сөйлеу тілінде де кеңінен қолданылады. Бұл құбылыстың қалыптасуын бірнеше факторларға теліп түсіндіруге болады. Атап айтқанда, сөз қайталаудан қашу, тілдік үнемділікке ұмтылу, экспрессивтік-эмоциялық реңк үстеу, ойды ықшам әрі әсерлі жеткізу, сондай-ақ назарды белгілі бір тұлғаның айрықша белгісіне аудару қажеттілігі осындай қолданыстардың пайда болуына негіз болады. Сонымен қатар кейбір заттанған бірліктер авторлық қолданыс нәтижесінде қалыптасып, тосын семантикалық реңкке ие болу арқылы оқырманның танымдық қызығушылығын арттыруға қызмет етеді.

«Публицистикалық стильден бұл мәндегі заттануларды жиі кездестіруге болады, бұлардың тиісті жерде қолданылуына еш шектеу қойылмайды. Себебі, **адам** мәнінде қолданылған заттанған сөздердің көпшілігі жалпыхалықтық сипатқа ие. Сондықтан да олардың публицистика тілінде қолданылуы оқырман үшін жат, түсініксіз нәрсе емес. Тіпті олар баспасөз беттерінде мақалалардың аты ретінде де жиі кездеседі. Мысалы: *Астрахандықтар* жұмысты биыл ерте бастады («Егемен Қазақстан»). *Қарқаралылықтардың* қарқыны қатты («Орталық Қазақстан»)» [20].

Сын есімдердің заттануын зерттеген С. Саменова түбегейлі зат есімге өткен сөздердің қатарына мына сөздерді жатқызады: «жігіт, қарт, жас, бай, кедей, жетім, жесір, бала, шал, аға туыс, ару, ғашық, оңшылдар, солшылдар, жерлес, үлкен-кіші, кәрі-жас т.б.» [20]. Бұл сөздердің қатарындағы кей сөздердің түп-төркінін сын есім деп тану үшін этимологиялық зерттеулер қажет.

Екінші модель. *Төрт түлік малға байланысты туындаған субстантиваттар.* Қазақ халқы көшпелі халық болғандықтан, төрт түлік малға байланысты заттанған сөздердің басым көпшілігін жылқы малына қатысты сөздер құрайды. Көбіне жылқының түр-түсін және көзге көрініп тұрған бір ерекше белгісін не қасиетін білдіретін сын есімдер заттанады. Осыған орай, жылқы малына қатысты заттанып қолданылған сын есімдерді іштей екіге бөліп алуға болады:

1) *Жылқыны оның түр-түсімен байланыстыра атау:* күрең, торы, құла, баран, қылаң, жирен, шабдар т.б. Мысалы: Мен манағы жатаған *жиренмен* жерден күміс алуға түсемін (Ғ.Мүсірепов). Еркебұлан есеңгіреп қалған жайда жер тарпып тұрған *торыға* мінді (Ғ.Мүсірепов).

Кейде түр-түсті білдіретін күрделі сын есімдер де жылқы малына қатысты заттанып қолданылады: қара көк, торы ала, қара ала т.б. Мысалы: *Қара көкті* осы жаз басынан байлап жүр еді (М.Әуезов). *Қара аланы* борбайлап, Ұмтылды батыр айғайлап (А.Байтұрсынов).

2) *Жылқыны ерекше бір белгісінің, қасиетінің атымен атау:* асау, жүйрік, қасқа, төбел, жорға, бойдақ, мәстек, шолақ, бесті, шабан, жарау т.б. Мысалы: Бір өзгеше салтанаты – осы жігіттердің бәрі де *жорға* мініпті

(М.Әуезов). *Асаумен* алысқан арпалысты жаны сүйгендей... (М.Әуезов). Аттары қан сорпа болған, өңшең желқайықтай жылмаңдаған *жараулар* (М.Әуезов).

Кейде жылқы малының түр-түсін білдіретін сын есім мен оның айрықша бір белгісін білдіретін сын есім сөздер тіркесіп келіп, заттанып қолданылады: торы шолақ, көк мәстек, ырсылдақ қара, құла бесті, бурыл шабан т.б. Мысалы: Ал, *бурыл шабан*, егер қамшыны басыңқырап алмаса, қатты жорғалар емес (С.Мұқанов). Жәмпейістің *жирен қасқасы* ойнақши, қайқаңдай жорғалап, тізгінін берік ұстамаса бетімен лағып кететін (С.Мұқанов).

Сонымен бірге, *қара* сын есімінің де заттанып, жалпы ірі қара мал (жылқы, сиыр, түйе) ұғымында қолданылатындығын жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Мысалы: Елу ауылдың мың жарымдай қойы мен барлық *ірі қарасы* шетінен жан сақтап, аман қалды (М.Әуезов). Бұл жарлық бойынша жүз *қарадан* бір *қара* салық алынады (І.Есенберлин).

Ұсақ малға байланысты заттанып қолданылатын сөздер тілімізде сирек ұшырасады. Тіліміздегі тұсақ (қой), аналық (қой), тоқал (ешкі), марқа (қозы), арамза, ақсақ-тоқсақ, жаман-жәутік сынды санаулы сөздер ғана заттанып «қой, ешкі» тәрізді ұсақ мал мағынасында қолданылады. Мысалы: Бірақ қазаққа он *ірі қарадан* бір тұсақ төледі не, жүз тұсақтан бір ірі қара төледі не, бәрібір емес пе? (І.Есенберлин). Байдың аманатқа беретін қойы да оншалық құнды қойлар болмайтын, базарға жарамай қалған *ақсақ-тоқсақтар* ғана болатын (І.Жансүгіров). Қыстыгүні *жаман-жәутік, арық-тұрағымызбен* әрбір сайға бұқпалап, паналап тіршілік етеміз (М.Әуезов). Күнкенің аулына апарып, Құнанбай өзі айтқан *көккасқаны* да сойды (М.Әуезов).

Бұл топтағы заттанулардың да біразы түбегейлі заттану нәтижесінде атау деңгейіне жеткен: **мәстек, қара, тұсақ, бесті, марқа, аналық, арамза** т.б.

Үшінші модель. *Төрт түліктен басқа жануарларға байланысты туындаған субстантиваттар.* Бұл мағынадағы субстантиваттар тілімізде онша көп емес. Оларға: **тазы, құмай, қаншық, бөрі, тағы, қорқау, көкжал, ұялас, бұралқы** тәрізді сөздер жатады. Мысалы: Бағанадан бері сойылған қойдың қанынан дәметіп отырған *ұяластар* да, өздеріне соққы тигендей мал қораға жып етіп кіріп кетті (С.Жүнісов). Сүйір тұмсықтары керекарыс, мойындары күжірейген үш *көкжал* дөң асып жоқ болды (Ә.Қалдыбаев).

Бұлардың көпшілігінің атаулық мәнге толығымен көшіп, сөздіктерде зат есім ретінде беріліп жүргендігі белгілі. Сонымен қатар, авторлық жеке қолданыстарда да кейбір сын есімдер заттанып, осы аталып отырған мағынада (хайуанат мағынасында) жұмсалады. Мысалы: Жолдаяқ, Бөрібасар, Бөрібасар! – Құнанбай үйінің көп *сары-аласын* ұран шақырғандай ғып өре тұрғызған (М.Әуезов). Мынау *сары ала* нағыз дал-дұлыңды шығаратын пәленің өзі болар (Ғ.Мүсірепов).

Осы сөйлемдердегі сары ала сын есімі ит мағынасында жұмсалып тұр. Олардың мағыналары контексте анықталады.

Демек, сын есімдердің заттанып, үй және дала хайуанаттарының мағынасында қолданылуы тілімізде аз да болса кездесетіндігі байқалады.

Төртінші модель. *Ас, тамақ мағынасын беретін субстантиваттар:* кештік, түстік, сүр, тәтті, ақ, көжелік, т.б. Мысалы: Жоқ, мен бала болсам да, *көжелікке* зар күнді ұмытпаппын (С.Шаймерденов). *Түстікті* әзірге осы шешемнің үйінен іш, *кештікті* тағы көрерміз (С.Баязитов).

Бұл қатарға **қызыл** сөзін қосуға да болады. Себебі «қызыл» сөзі кейбір жерде ет мағынасында келсе, кей тұста шарап мағынасында келеді. Сондай-ақ шарап мағынасын «ақ» сөзі де беруі мүмкін. Мысалы:

Масаң күйде отырды кабактарда,
Сыра тарттым ақ және қызылдан да,
Тәнің иіп шарапқа қызынғанда
Пенде мені түсіне алмас күйдемін! (Асқарбек Есжанов)

Бесінші модель. *Киім, бұйым мағынасын беретін субстантиваттар:* киіттік, ескі-құсқы, андай-мұндай, ұсақ-түйек, т.б. Мысалы: *Ұсақ-түйек* салатын қораптың қақпағына бір қыздың суретін жапсырыпты (Ж.Кәрменов). Бастарына *ескі-құсқы* ораған әйелдер ғана емес, сақалды ерлер де бар (М.Әуезов).

Алтыншы модель. *Табиғи және жасанды зат атауын беретін субстантиваттар:* көк, тақыр, шалғын, оттық, соқпақ, шабындық, жабағы, жуынды, еттік т.б. Мысалы: Қар кетіп, *көк* алғаш тебіндеп шығып, жер дегди бастағанда Құнанбай Қарқаралыдан шығып, Тобықтыға қайтты (М.Әуезов). Бала кезімізде ауыл сыртындағы *тақырда* асық ойнаудан әсте жалықпайтынбыз (А.Қаражігітов).

Жетінші модель. *Дерексіз мағынаны білдіретін субстантиваттар*. Тіліміздегі кейбір сын есімдердің заттанып, абстракт (дерексіз) зат ұғымында қолданылатыны да бар. Оларға мынадай заттанған сөздер жатады: қарыз (іс), жөн (іс), жыртық-тесік (жер, қуыс, саңылау), шын (сөз), сұмдық (оқиға), анық-танық (дерек), қараңғы (түн), жарық (сәуле), суық (түсті), ыстық (күн, температура), қызық (думан) т.б. Мысалы: Соларға Байсал әуелі жай ғана жөн айтты (М.Әуезов). Қаласына да өзі шығады, қорасының *жыртық-тесігін* де өзі бүтіндейді (Ж.Аймауытов). Бір *қарыздан* құтылғанына «уһ» дегендей боп, Күнкені ертіп, Байқошқарға қайтты (М.Әуезов). Әр *тереңнің* де түбі бар (Ғ.Мүсірепов). *Ескіні* еске алуға, Әдейі дыбыс бергендей... (І.Жансүгіров).

Жеке авторлық қолданыстарда да кейде сын есімдер заттанып, абстракт мағынада жұмсалады. Мысалы: Анау толқынданған қара шаш тұрған жерде ондай *ұсақтар* түк емес (Ғ.Мүсірепов).

Алдыңғы сөйлемдердегі заттанып тұрған жөннің – ақыл, жыртық-тесіктің – құлаған, қираған тұстар екендігін, қарыздың – міндет, тереңнің – терең нәрсе, ескінің – бұрынғы өткен іс екендігін бірден аңғарсақ, соңғы сөйлемдегі заттанған ұсақтар сөзінің мәнін түсіну үшін алдыңғы сөйлемге жүгінуге тура келеді. Ол сөйлемде бұл сөз «ұсақ кемшіліктер» деген мәнде жұмсалып тұр. Осы қарастырылып отырған мағыналық топтың ішінде жеке авторлық қолданыстағы заттанулар өте сирек кездесетіндігі байқалды.

Бұл аталып отырғандардың барлығы дерлік – түбегейлі заттану арқылы атаулық мәнге көшіп, заттық мағыналары тілде танылған сөздер. Сонымен

қатар, тілімізде белгілі бір қаламгер қалымынан туындаған заттанған сөздер де кездеседі. Осы мына мысалдардан байқауға болады: Ылғи қызыл бер деп, тағы керілмейді, қыл-қыбырды қоса жұтқызсаң да е-е дер емес! (М.Әуезов). Қайсыбір ауылдардың *қоңырынан*, тіпті *қарасы* ден (Ғ.Мұстафин).

Бірінші сөйлемдегі заттанып тұрған қызыл сөзінің заттық мағынасы көпшілікке танымал болып кеткен. Ол – малдың, аң, құстың еті. Сондықтан да ол осы мағынада бірден қолданылған. Ал, келесі сөйлемдегі заттанып қолданылып тұрған қоңырынан, қарасы деген сөздердің заттық мағыналары бірден аңғарылмайды, өйткені ол авторлық жеке қолданыста ғана затттанып, *қара үй, қоңыр үй* мәнінде жұмсалып тұр. Оның көпшілікке танымал емес бұл мағынасы (үй деген мағынасы) контекспен танысқанда ғана ашылады.

Заттанған сын есімдерге қатысты қарастырылған мәселелерді жинақтай келе, мынадай тұжырымдар жасауға болады: жаңа атаулар тек негізгі сын есімдер негізінде ғана емес, сонымен қатар туынды және күрделі сын есімдердің заттануы арқылы да қалыптасады; кейбір сын есімдерден заттанған тұлғада жиі қолданылу нәтижесінде жалқы және жалпы есімдер жасалады; сын есімдердің белгілі бір контексте заттануы тілде кең таралған құбылыс, бұл үдеріске сапалық та, қатыстық та сын есімдер белсенді қатысады; заттану үдерісінің жүзеге асуында тілдегі үнем заңы, әсіресе эллипсистік ықшамдалу, негізгі факторлардың бірі ретінде көрінеді және метафора мен метонимия сияқты семантикалық ауысу тәсілдері сын есімдердің заттық мағынаға көшуіне ықпал етеді; тілдегі табу, қаратпа сөздер және диалогтік қолданыстар сын есімдердің заттық мағынада жұмсалуына ықпал ететін маңызды прагматикалық факторлар; сын есімдер заттанған жағдайда да өзінің бастапқы сындық семасын толық жоймай, мағыналық сабақтастығын сақтайды; заттанған сын есімдердің ортақ белгілерін негізге ала отырып, оларды белгілі бір модельдерге жіктеуге болады; бұл модельдер өз ішінде ұсақ мағыналық топтарға сараланады.

Сан есімдердің заттануы. Сөздік қордың көне қоймаларынан орын алатын есім сөздердің бір тобы – сан есімдер. Сан есімдерді арнайы зерттеген түркологияда да, қазақ тіл білімінде де еңбектер аз. Дегенмен, қазақ тіл біліміндегі сан есімдердің зерттелу тарихын сөз ететін болсақ, қазақ тілін тұңғыш зерттеуші ғалым А.Байтұрсынұлының еңбегін айту орынды. Ол өзінің 1925 жылғы «Тіл – құрал» еңбегінде атауыш сөздер қатарына сан есімді жатқызып, ең алғаш ғылыми анықтама береді: «Заттың санын білдіретін сөздерді сан есім дейміз» [1, 45]. Бұл еңбекте бірден бастап миллионға дейінгі сан есімдер аталып, «неше?» және «қанша» сұрақтарының ара жігін ашып көрсетеді. Сонымен қатар, ғалым сан есімдерді бірнеше мағыналық топтарға бөледі.

Кейінгі жылдары сан есімді А. Ысқақов, С. Кеңесбаев, К. Аханов сынды ғалымдар өз еңбектерінде сөз етеді. С. Кеңесбаев пен К. Ахановтың «Қазақ тілі грамматикасында» сан есімдерді мағынасына қарай есептік, реттік, жинақтық, бөлшектік, топтық, болжалдық деп алты топқа бөліп қарастырған [107].

Ал М. Балақаев «Қазақ тілінің грамматикасы» еңбегінде сан есімге анықтама беріп, оның морфологиялық құрылысын дара, күрделі, қосарлы деп

үшке бөледі. Сондай-ақ, туынды сан есім жасайтын жұрнақтарға да тоқталады [72].

Сан есімді арнайы зерттеп, оның тіл біліміндегі маңызын көрсететін еңбек – Ә. Хасеновтың «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер» еңбегі. Ғалым бұл еңбегінде сан есім сөздерді жан-жақты қарастырады. Сан есімнің мағыналық ерекшеліктеріне, құрамына тоқталып, басқа да түркі тілдерінің деректерімен салыстырмалы түрде талдау жасайды. Автор сан есімдерді математика ғылымымен байланыстырып, тың ойлар айтады. Сан есімнің семантикалық ерекшеліктері де осы еңбекте талданады. Ғалым сан есімнің семантика мәселелерін сөз еткенде былай дейді: «Қазақ тіліндегі сан есімдерді семантикасына қарай есептік, реттік, жыйнақты-субстантивтік, топтық, бөлшектік, болжалдық-шамалық деп, алты түрге бөлуге тура келеді» [108, 20]. Ғалымның жинақты-субстантивтік деп сан есімдерге жеке топ ұсынуы да сан есімдердің затану қабілетінің айқын дәлелі.

Сан есімді негізгі нысаны ретінде зерттеген ғалымдардың қатарына Н.О. Оралбаеваның да еңбегін айту орынды. Профессор Н.О. Оралбаева «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі» атты монографиясында сан есімнің сөзжасам жүйесін талдайды [109]. Сан есім сөзжасамының негізгі тәсілдері көрсетіліп, олардың алатын орны басқа сөз таптыраның сөзжасамынан ерекшеліктерін көрсетілген. Күрделі сандардың жасалу үлгілері берілген. Сан есімнің сөзжасам жүйесі бұл еңбекке дейін көтерілмеген тақырып болғандықтан, аталған зерттеу жұмысы – қазақ және түркі тіл біліміндегі келелі еңбектердің бірі.

Сан есімге қатысты зерттеу жұмыстарының қатарында Т. Сайрамбаевтің кандидаттық диссертациясын, Ә. Төлеуовтің сырттан оқитын студенттерге арналған лекциялар жинағын, Ж. Ахметованың «Қазақтың өлшем атаулары жөніндегі ұғымдар» атты кандидаттық диссертациясын, А. Елешованың «Қазақ тіліндегі сан есімді фразеологиялық бірліктер» атты еңбегін, Г. Шаһарманның «Қазақ тіліндегі сан есім сөздерден жасалған туындылардың мағыналық ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясын атап кеткеніміз жөн. Ғалымдардың қай-қайсысы да өз тақырыптарының зерттеу аясы бойынша талдаулар жүргізіп, қазақ тіл білімі ғылымына үлес қосқан.

Сан есімнің заттану жайы арнайы зерттелмесе де, Г. Шаһарман өз еңбегінде туынды аталымдардың шығу төркінін сөз етеді [110].

Сан есімдерге қатысты зерттеу еңбектерді жоғарыда тізіп көрсеттік. Байқап отырғанымыздай, сан есімдердің заттануы тақырыбы әлі күнге дейін тасада қалып отыр. Бұл тақырыпқа қатысты бірді-екілі пікірлерді санамағанда, әлі күнге дейін, тіпті, мақала деңгейінде зерттелген зерттеу жұмыстары жоқ.

Сан есім – сын есім мен есімшелерден кейін заттануға бейім сөз табы. Алайда сан есімдер субстантивтенуден гөрі, адъективтенуге жақын екенін де ескере кету керек. Сан атаулары ең алдымен, нақты сандық ұғымды білдірсе, тілдік деректерден олардың заттық, сындық мағынада жұмсалатынын да аңғардық. Олардың қатарына бір, біреу, екі, үш, төрт, бес, жеті, тоғыз, тоқсан, мың, үші, жетісі, қырқы, жүзі т.б. сан есімдерді жатқызамыз.

Сан есімдердің заттануы сөз мағынасының кеңеюіне де, үнем заңына да байланысты. Заттанған сан есімдерге, соның ішінде есептік сан есімдерге жеке-жеке тоқталайық.

«Бір» – есептік сан есімнің ең алғышқысы. Бір сан есімінің семантикалық, грамматикалық мағыналары кең. Олай дейтін себебіміз, бір сөзі сан есімдер қатарынан да, есімдіктер қатарынан да, «бірге» мәнінде үстеулер қатарынан да табылады. Ал «бір» деген сан атауы түркі тілдерінің кейбіреуінде тек белгісіздік сан есімі деп аталады [111]. Қазақ тіліндегі ғылыми еңбектерде, оқулықтарда бұл жөнінде жан-жақты қарастырылып дәлелденген пікірлер бар. Мәселен, Ә. Хасенов «бір» саны туралы былай дейді: «Бір-дің аффиксіз тұлғасындағы мағынасы ұшан теңіз. Оның түрлі мағыналарын контекст арқылы, сөйлемдегі сандармен тіркесі, қатынасы арқылы ғана ажыратуға болады. Сондықтан оның мағыналық ерекшеліктерін жан-жақты қамтып, қанша мағынасы бар екенін бірден үзілді-кесілді айта қою қиын. Бұл – жеке, өз алдына арнаулы зерттеуді керек ететін мәселе» [108, 37]. Ғалым бір сан есімінің басқа сөз таптарымен тіркесіп келуін, сөйлемдегі атқаратын қызметін және көмекші сөздермен тіркесуіне тоқталып, бір сөзінің грамматикалық формалану түрлерін де сөз етеді. Ғалымның айтуынша, «Бір сан есім мағынасында да, субстантивтеніп те, тікелей немесе тәуелдік формаларында тұрып, зат есім сияқты септеле береді» [108, 40]. Ғалымның бұл сөзіне мына мысалдар дәлел бола алады: Біріне мен басымды шайқаймын, біріне ол басын шайқайды (Ғ.М.). Қазір әртүрлі маман дайындап жатырмыз. Біріне жіберейін (Ғ.М.). Бірінен бірі өтеді. Өңкей сойдауыт жігіттер (С.М.). Жүргіншілердің бірімен ілесіп, Жабай да жетпекші. Бірден бірді алса, ноль қалады; Сағат бірге кел; Байжан сағатына қараса, бірге жақындап қалыпты (С.М.).

«Бір» сөзі негізінен белгісіздік есімдік мәнінде қолданылады. Белгісіздік есімдік мәнінде қолданылуын, мағыналық аясын есімдіктердің заттануын сөз еткенде қарастырдық. Сонымен қатар, «бір» сөзі «тең, пара-пар» мағынасында да қолданылады. Мысалы, «Күйі бірдің күні бір» деген мақалда немесе «Аяз да бір ,от та бір, қарып темір басқандай (М. Әлімбаев)» деген сөйлемде бір сан атауы «пара-пар», «тең», «бірдей» деген мағынаны білдіріп тұр. Мысалдардан байқағанымыздай, бұл жердегі бір сан есімі заттық мағынаны емес, сындық мағына береді.

«Бір» сан есімінің заттық мағынасын тану барысында мынадай заттық мағыналарды беретінін байқадық:

Бір – білім дәрежесіне қойылатын баға мағынасы. Мысалы:

*Оқымап ем, **бір** алдым, кейіп қалды мұғалім (М.Жаманбалин)*

*Бүгінгі сабағынан **бір** алған бала шешесінің бетіне қарай алмады (С.Шаймерденов).* Бұл жерде «бір» сөзі ондық немесе бестік шкаламен есептелетін бағалау жүйесінде ең төменгі бағаны білдіреді. «Бір» сөзінің мағынасының кеңеюі арқылы заттық мағынаға ауысқан әрі толық заттанған сөзге жатады.

Бағалау жүйесіне орай есептік сан есімдердің қай-қайсысы да заттана береді. Мысалы, «Оқудан да *екі* екен,есептен де *екі* екен» (С.Сейітов); «Жас қанатың қатар да бекінер, Өзің болып батыл қара бетіне ел. Еңбекшіл бол еріншектік жараспас, Дәптеріңе жоламасын *екілер*» (С.Сматаев); «Не алып қайттың? – деді баласына. – *Үш*. –Е, бүгін не болды екен, - деді шешесі» (Ғ.Мұстафин); «Үздік атанып жүрген Әділбек тағы *төрт* алды» («Қаз.мұғ.»); «Ол бүгінгі алған *төртіне* де қуана қоймады» («Ақ желкен»); «*Бес*! Деп едім, бүгін кеп, Қалды бәрі күлімдеп» (М.Жаманбалин); «- Қой,папатай, есепті, білмеуіңді қарашы. *Үшті* қосса *екіге, Бес* болай ма, санашы!» М.Әлімқұлов).

Бұл сан есімдерден басқа сандар да баға атауын білдерсе, сөйлемде заттық мағынада қолданыла береді.

«Біреу» есімдігі сан есімнен бастау алса да, қазіргі таңда есімдіктер қатарынан табылады. Бұл – заттық мағынасының орнығып, тұрақталуының нәтижесі.

Сондай-ақ, «бір» сөзінің көптің ішіндегі бірі немесе таңдаулысы деген мағынасы да заттана алады. Мысалы:

Шпана, бұзақылардың *бірі* болып жүре ме деп, жоламап едік.

«Әй, қарамұрт-ай, қалаға келіп жүргенде тым болмаса осының *бірін* ала келсе ғой, ауыл әлдеқашан жарқырап кетер еді!» деген ой келеді. Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты».

Бұл мысалдарда *бұзақылардың бірі, осының бірі* деп жекелеп беріледі де, заттық мағына білдіреді. Алайда бұл толық заттанған сөзге емес, контекстік заттануға жатады.

Бір сөзі сөйлемде «бүтіннің бөлшегі» деген мағынаны бергенде де заттанады. Мысалы, екінің бірі, көптің бірі, мыңның бірі, қырықтың бірі т.б.

Қырықтың *бірі* – қыдыр (Мақал).

Елеусізді *көптің біріне* балап, запаста ұстайды (Т.Әлімқұлов «Ақбоз ат»).

Бірінші – алғашқы, реті бойынша бірінші. Мысалы:

Мен – *біріншімін.* Бұл – менің *біріншім*.

Бірінші сөзі де сандық-мөлшерлік мағынасын сақтай тұра, заттанып тұрғанын көреміз. Бірінші сөзі, кей жағдайда тұңғыш сөзінің синонимі ретінде де қолданылады.

Енді «екі» санына тоқталсақ, лексема ретінде баға атауын білдіруінен басқа, жұп, қос мағынасында да қолданылатынын байқауға болады. Алайда бұл ретте екі сөзі өзінен кейін зат есімді талап етіп (екі ғашық, екі қол, екі елі), сындық мағына береді. Ал заттық мағына беретін тұсы – «екеу» жинақтық сан есім формасында келуі. Мысалы:

Екеуің тағы бір айналып соғыңдар (Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты»)

Екеуміз көлденең жатырмыз (Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты»).

Есептік сан есімдердің ішінде түбір қалпында тұрып заттанатын сан есімдерге жоғарыда айтылған бір сан есімінен бөлек, қазақтың киелі сандарына жататын **үш, жеті, тоғыз, қырық, тоқсан, жүз, мың** сан есімдері жатады. Ал қалған есептік сан есімдер контексте бағалау дәрежесіне байланысты немесе күн немесе уақыт мағынасын бірген кезде түбір қалпында заттанады.

Есептік сан есімдер туралы ғалым Д. Әлкебаева былай дейді: «Адам ғұмырының символдық мәнін көрсетуде сан есімдер жалпыхалықтық тілдің бейнелі тіркестерінде «киелі сандармен берілген» символдық мәнге ие болған, сан есімдердің осындай қатарына 3, 7, 40 жатады. Ол сандар адамның когнитивті санадағы ақиқат ғұмырнама моделі болса, қазіргі мәтіннің мазмұнына, мән-мақсатына орай сандар өмірдің деректі, сандық, статистикалық мәліметінің шындық көрінісін нақтылау үшін беріледі, кейбір стиль түрлерінде ерекше прагмастилистикалық мақсатта қолданылады» [112, 158].

Қазақ дәстүрінде қайтыс болған адамға **үш, жеті, қырық, жүз** күннен және бір жылдан кейін еске алып, ас береді. Үш күндік немесе жеті күндік, қырық күндік т.б. асты сөйлеу барысында ықшамдап, тәуелдік формада *үші, жетісі, қырқы* деп айтады. Міне осы тұста аталған сан есімдер заттық мағына береді. Бұл сөздер туралы он томдық түсіндірме сөздікте мынадай анықтама беріледі: «Үші – өлген адамды еске түсіру үшін үш күннен кейін берілетін ас. Жетісі – діни, мұсылмандық әдет-ғұрып бойынша, жасы кәмелеттен асып өлген адамға, оның жақын туыс, дос-жарандарына ас беріп, сүйегіне түскен адамдарға киімін беретін күн, бір жетіден кейін өлген адамды еске алу күні». Мысалы: «Әйелің өлгенде, **үші** мен **жетісін** қосып өткіземін деп алған бөрте лақты қайда қоясың» (М.Мырзақұлов). «Шешемнің **қырқын** беріп жатқанда, көкемнің жанына байланған құласы жамандатып өлді» (Ғ. Мұстафин).

Жеті сан есіміне тоқталсақ, бұл сан есім реестр сөз дәрежесінде «апта» ұғымын білдіреді. Апта – ұзақтығы жеті күнге тең уақыт өлшемі. Мысалы, «Марқабай қызмет істейтін бөлімшеде бір жеті болғанын Сергеев бізге сыбырлап айтты». (С. Омаров). Бұқарбай үш жеті жүріп қайтты (М.Жұмабаев). Бүркіт бұл ауылда екі жеті болды (І.Есенберлин).

«Жетінің» апта атауы ретінде қолданылуына байланысты І. Кеңесбаев былай деген: «Мұсылман діниндегілер аптаның жеті күнін (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі) иран тілдері бойынша айтады. Ал одан бұрын не деген екен? Бұл сұраққа әзірше, үзілді-кесілді жауабымыз жоқ. Жай бағдар-болжау ретінде мынаны айтуға болады: бірінші, екінші, ... күн деген тәрізді ізбен айтылуы ықтимал. Айталық, орхон жазуларында ілкі күн (ілкі күн өлтүрім), екінчі күн (екінчі күн қоп өлтүрім) деген тіркестер бар. Бұлар аптаның жүйесімен айтылған бірінші күн, екінші күн бе, әлде болған оқиғаның алғашқы күні, екінші күні деген орайда айтылатын жай күн ретінде атау ма, ол жағы көмескі» [113, 104]. Қалай болғанда да, апта атауымен «жеті», «жұма» сөздері әлі күнге дейін жарыса қолданылады.

Тоғыз саны түбір қалпында өзінің тура сандық мағынасынан басқа этнографиялық термин ретінде қолданылады. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Қазақтың ескі дәстүрі бойынша үлкен жиын-тойда ат бәйгесіне берілетін сыйлық немесе әртүрлі дау-шарда төленетін айып» деген анықтама беріледі. Мысалы: «Он бес балуан бәйгесі: алды – жамбы бастатқан **тоғыз**, арты – төрт кез мата» (Ж.Аймауытов). «Бәйгенің бір **тоғызының** басы осы болсын! – деді» (М.Әуезов). «Алдыңғы бәйге түйе бастатқан **тоғыз**, екінші

жамбы бастатқан **тоғыз**» (М.Әуезов). «Салжан екеуі отырып, құдалардың әкелетін тоғыздарын айтып таңдай қағады» (Т.Нұрмағанбетов) .

«Тоғыз сөзінің қазақтың ескі салтынан айтарлықтай орын алғанын, бір рудың екінші руға, бір кісінің екінші кісіге беретін сыйлығының, кейде айыбының бір тоғыз, үш тоғыз, тоғыз тоғыз болып келетіндегі толық айғақ бола алады. Тоғызбен байланысты сыйлық тарту тек қазақ халқында емес, басқа елдерде қалыптасқан. Мәселен, кейбір зерттеулерге қарағанда ат баштаған тогуз деген тіркестің қырғыз тілінде бар екендігі айтылады, әсіресе, тоғыз туралы сенім, ырым-сенім монғол халқында ерекше орын алатыны көрінеді. Ханға арналатын сыйлық, берілетін тарту бір тоғыз не үш тоғыз болған» [113, 51].

Ондықтардың ішінде түбір қалпында басқа мағынада қолданылатын – **тоқсан** сан есімі. Тоқсан сөзі де тілімізде реестр сөз дәрежесіне жеткен заттанған сөз. Бұл сөз жылдың төрттен бірі және мектептегі оқу мерзімінің атауы мағынасында қолданылады. Мысалы: «Тоқсан қорытындысы туралы директор не совхоздың бас мамандарының бірі баяндама жасады» (Ш.Есмурзаев). «Мен бұл балаларды бір тоқсан оқытсам, сіздер жылдап оқытып келесіздер» (Б.Соқпақбаев).

«Қазақ халқының ескі қоғамдық қарым-қатынасында қалыңмал мөлшері «қырық жеті», «отыз жеті», «он жеті» болып өлшеніп келді. Біреудің әйелі қыз туса «қырық жеті құтты болсын» деп, қыз дегенді малмен теңеп «қыздың құны қырық жеті» (немесе «қырық жылқылы болыпсың, құтты болсын!») деп келді. Осы фразаларда сан есімдердің соңғы сыңарлары үнемі «жетіге» тынып тұр. Қызды малға сату, құдандалы болу қазақ сықылды халықтардың сүтпен еніп, сүйегіне сіңген салтынан да «жеті» сөзінің әсері байқалып тұр. Мұндағы бір ескеретін нәрсе, қалыңмалдың жалпы мөлшері жоғарғыдай «жетіге» бітіп келседағы, құдандалы кісілердің алыс-берісінде сан мөлшерінен асып түсу немесе ол межеден кем түсу бола береді. Осыған қарағанда «жеті» сөзінің тікелей лексикалық мағынасы дәл осы жерде сақталып тұрған жоқ. Әйтеуір «жетіні» ырым етіп, ол саннан «тәуеп» еткені болмаса, үнемі «жетіні» тәптіштеп, қалың малды беруде сол «...жетіге» жеткізу шарт емес. Бұл да болса ол «киелі» сан болған деген пікірді дәлелдейтін сияқты» [113, 148].

Мың және **жүз** сан есімдері өзінің тура сандық мағынасынан басқа «сансыз», «көп» ұғымын да бере алады. Сөйлемде осы ұғым беру үшін қолданылса, заттық мағынада жүреді. Мысалы, «Білекті бірді жығар, білімді **мыңды** жығар» (Мақал); «Біз енді үшеу-ақпыз... Қазір **жүздерге** айналамыз... Кешке дейін **мыңдарға** айналармыз дедім» (Қазақ солдаты). «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» (Абай). Берілген мақалда мың және жүз сан атаулары тура сандық мағынасынан басқа, «көп» ұғымын білдіріп тұрғанын байқаймыз.

««Жеті» санын халық негізгі бір желі етіп, кей уақыт өмірге керек зат не басқа бір түрлі амалды, істі (онымен байланысты ұғымды) осы жетінің шеңберіне сыйғызады. Аңшылық, ит жүгірту, құс салуға құмар болған қазақ «ит – жеті қазынаның бірі» («ит жеті қазынаның біріне қосылған») деп келеді. Ол жеті қазына мыналар: Жүйрік тазы (гончая собака), Қыран бүркіт (ловкий

сильный орел), Перен (берен) мылтық (хорошее стальное ружье), Сұлу қыз немесе сұлу әйел (красивая девушка), Жүйрік ат (скаковая лошадь), Ер жігіт (смелый юноша), Білім-ілім (наука и знание)» [113, 149].

Түркі тілдерінің біразында «жеті» («йеді», «йеті», «йетті») сөзі апта дегеннің орнына жүреді. Қазақтың өзінде де «жетісіне бір рет...», «жетісін беру» сияқтылар «жеті» деген сөздің «апта» дегеннің орнына жүруін көрсетеді.

«Біз бұл санның қазақта, сол қазақ тілімен системасы бірдей түрік елдеріндегі мысалдарды ғана келтірдік. Батыс елдеріне де бұл сан тамырын терең жайған. Мысалы, орыс тілінде «у семи нянек дитя без глазу» деген немесе грек тілінен келген «обвинять в семи смертных грехах» тәрізді фразалар толып жатыр. Бұлар өз алдына зерттелуге тиісті деп білеміз» [113, 150].

Жеті сөзіне байланысты сөздерді лексика, стилистика жағынан жазушылардың мынадай қолданыстары бар. Мәселен, Ғабит Мүсірепов «Қос шалқар» деген әңгімесінде: «Еңбек күйі, еңбек буы жеті қырға жетті...» десе, «Бір адым кейін, екі адым ілгері деген әңгімесінде: «...Рамазанды жеті атасынан бері қарай бірсыпыра боқтап түсті», «Бізге деген «жұт жеті ағайынды» болса, Рамазанмен сегіз ағайынды, Жанғалимен тоғыз ағайынды болып тұр» деп береді.

Қазақ тілінде «жеті» тәрізді көп айтылмағанмен «үш» пен «тоғыздың» да, «қырықтың» да мынадай қолданыстарын І.Кеңесбаев зерттеуінен көруге болады:

««Ешбір басы қосылмайды (бірікпейді)» деген мағынада «үш қайнатса сорпасы қосылмайды» (ничего общего не имеет), «ешбір ойына кіріп шықпаған» («еш ойында болмаған») деген мағынада «үш ұйықтаса түсіне енбеген» (даже не мечтал) деп келеміз. Қазақ тілінде «ер кезегі үшке дейін» деген мақал да бар. Ертегілерде: «Біреудің үш баласы болыпты» немесе «...хан үш қайтара сұрапты» деген сияқты фразалар жиі кездесіп отырады. Күнделікті өмірде де «үш» саны айрықша жиі қолданылып отырады.

«Үш» сөзімен байланысты ойын аты, ырым, салт, түрлі сенім, жыл маусымы (кей халықтарда ай аттары) тәрізді сөздер бар. Қазақта «үш табан» деген – асық ойынының бір түрі. Қырғызда «ордо» деген балалардың асық ойынында «үш-пен» келетін сөз тізбектері (синтагмалар) бар. Мысалы: бесті «бірдін үчү», алтыны «бірдін үчү бір», жетіні «бірдін үчү екі», онды «екінін үчү», он төртті «екінін үчү төрт», жыйырма бесті «бештін үчү», дейді. Қырғыз тілінде «азын-аулақ», «шағын» («бірнеше ғана») дегенді де «бірдін үчү» дейді (мысалы: «бірдін үчү еле малы бар» - бірер, азын-аулақ малы бар). Ұйғыр тілінде бұрынғы уақыт жылдың үшінші айын «үшінді ай» деген. Жыл айларын осы ретпен санау басқа түрік елдерінде де болған. Мұсылман елдерінің ауыз бекітетін «Ражаб», «Шабан», «Рамазан» айларын басқа айлардан бөліп алып, айрықша «үш айлар» деп атаған. Шағатай тілінде «үш» деген жақын туған, қаны бір туысқан деген ұғымды берген. Әбілғазы өзінің шежіресінде мына мысалын келтіреді: «Хасан Қалидың жақын туғандары, туысқан кісілері жоқ».

«Тоғыз» сөзінің қазақтың ескі салтынан орын тепкенін: бір руды екінші руға, бір кісінің екінші кісіге төлейтін айыбының «бір тоғыз», «үш тоғыз...», «тоғыз тоғыз» болып келуі толық айқындайды.

«Қазақтың өте бір сүйіп ойнайтын ойыны «Тоғыз құмалақты» алсақ, оның ойын тәртібінде «ұту» («айып» алу), «ұтылу» («айып» тарту, «айып» төлеу) мағынасы бар. Осыған қарағанда халықтың бұл ойыны сол «тоғыз» санының қасиетімен байланысты емес пе екен?

Тоғызбен байланысты сыйлық тарту, айып беру түрік елдерінің көбінде бар. Мысалы, қырғызда да: «төө баштаған тоғұз» немесе «ат баштаған тоғұз» деген фразалар бар. Қырғыздың ертеде қалыңмалды тоғыз-тоғыздан бөліп беру салты да болған («төө баштаған тоғұздан қалың берген» деп келеді).

Тоғыз туралы ұғымдар, түрлі сенімдер, ырым, салттар моңғол халқында өзгеше орын тепкен. Ханға арналатын сыйлық, берілетін тарту «бір тоғыз» не «үш тоғыз» болған. «Бабур-намеде» түрік елдерінде (және моңғол ықпалы болған жерлерде) бұл салт, әдеттер сол моңғолдан ауысып келген дейді. Онда: «тоғыз ат және тоғыз бөлек мата келтірді» деген сөз бар. Татарлар қалыңдыққа берілетін сыйлықты – орамал, шаршыны (киімдік мата, көйлек-көншек, т.б.) «тоғыз» деп атаған.

«Тоғыз және басқа сан есімдермен келетін айрықша ұғымдар мен фразалар әдет-ғұрыппен, қай уақыт ескі сеніммен ұштасып, қазақ тілінен де кездесіп отырады. Мәселен: «Тоғыз жолдың торабы», «қырқына шыдаған соң, қырық біріне де шыда», «баланың қырқынан шығуы», «өлген кісінің қырқын беру» т.б. Түрік елдерінің біразында көз тиген баланы «қырық ожау» не «қырық қасық» сумен щомылдыруы, ертегілерде «...қырық күн ойын, қырық күн тойын жасады» (Стамбул түркі тілінде: «аңдан қырық гүн, қырық гәжә дүн япарақ», - бұдан кейін қырық күн, қырық түн ойын-сауық жасады) деген фраза бар; «Ханның қырық уәзірі болыпты», «...қырық күн жол жүріпті» деген фразалар тым жиі айтылады. Сойылған мал етінің борша-боршасын шығарып, жілік-жілігімен бөлуді қазақ «қырық жілік» деп, қатындар ірі қараға «қаһары» түсіп, кейігенде «ой, қырық жілік болғыр!» деп келеді. Қазақ фольклорында «қырық сан қалмақ» («Қырық сан қара қалмақ») деген сөз бар. Мұндағы «қырық сан...» деген «тоқсан екі баулы өзбек» деген сықылды ру санын көрсеткен болу керек» [113, 150-152].

Жалпы, жинақтық сан есімдер контексте жіктеліп, тәуелденіп, септеліп те қолданылады. Жинақтың сан есімдер -ау, -еу аффиксі арқылы жасалған жеті-ақ сөзден тұрады. «Бұл аффикс бірден жетіге дейінгі есептік сандарға жалғанып, жинақтық сан есім категориясын жасайды» [114, 71]. Бұл сан есімдер көбіне заттық мағынада қолданылып, абстракт ұғымды білдіреді.

Жинақтық сан есімдер жеті ғана сөзден құралғанымен, грамматикалық тұрғыдан жан-жақты мағыналық сипат алады. Негізінде заттық мағынаны, заттық ұғымды білдіре отырып, сөйлемнің басында да, ортасында да, соңында да, тіпті жеке толымсыз сөйлем ретінде де қолданыла береді.

Жинақтық сан есімдерге тән тағы бір ерекшелік – бұл сан есімдердің зат есіммен тіркеспеуі.

Жинақтық сан есімдердің білдіретін семантикалық мағыналарына қарай бірнеше мағыналық топтарға бөлуге болады:

Болжалдық мағына. Бұл мағына көбінде жинақтық сан есімдердің қосарлануы арқылы жасалады. Мысалы:

Сол арада төртеу-бесеуі аттарының басын түйістіріп тұрып, жаңа сертке, антқа ортақ етіп алатын кісілерін шапшаң санасты. (М.Ә.); Алтау-жетеуін біздің үйге жіберіңдер де, қалғандарын өзді-өзің бөліп орналастырыңдар (М.Ә.)

Белгісіздік мағынасы. Бұл – «бір» сөзі арқылы бірігу, қосарлану жолымен жасалған есімдерге тән мағына. Мысалы, «Түспе жау қолына. Ал зәуі-сайтан сонда да *біреу-міреу* түсе қалса, қасыңдағы қалғанын іліп әкетуге тырыс» (М.Ә.); «Соның тырбық бұтақты жуан біреуін *әлдебіреулер* сүйреп әкеліп, шығар жерге сүйей бастады» (С.Ш.).

«Біреу» сөзіне байланысты ғалым Ә.Хасенов: «Сан есім болса да, есімдік болса да, біреу деген сөзде ешқандай жинақтық мағына жоқ, тек субстантивтік мағына бар. Сан есім ретінде қолданылғанда, біреу деген сөз екеу, үшеу, жетеу сияқты емес, бұларға қарағанда нақтырақ, конкреттілеу ұғымды білдіреді, бір нәрсені я затты айқындау, дәл бір-ақ нәрсе екенін аңғарту мағынасында жұмсалады» деп пікір білдіреді [108, 28].

Жалпылау мағынасы. Жинақтық сан есімдер стилистикалық ерекшеліктеріне байланысты жалпылау мағынасында да қолданылады. Мысалы, «Дәркенбай мен Базаралы, Абылғазы **үшеуі** оңашалап ақылдасқан да жоқ»; «Әке мен бала **екеуінде** осындай сағынышты құшақтан басқа бір ауыз сөз болған жоқ» (М.Ә.).

Бұл сөйлемдердегі *үшеуі, екеуінде* деген сөздер затты жинақтап, жалпылама түрде заттық мағына береді.

Есептік сан есімдерден жинақтық мағына білдіре алатын *үш, төрт, бес, алты, жеті* сөздерінің барлығы түбір күйінде заттануы сирек. Жоғарыда айтқан «екі» сөзі секілді жинақтық мағынасында контексте заттанады. Мысалы, «**Алтау** ала болса, ауыздағы кетеді, **төртеу** түгел болса, төбедегі келеді» (мақал); «**Үшеуміз** де аз уақыт үндемей қалдық» (Ғ.М.); «Кемедегі қазақ біткен көбінесе осы **төртеуінің** қасында» (Қазақ солдаты); «Қатындар-ау, селоға кеткен **үшеу** қалып қойды ғой, деп дауыстады бір келіншек» (Қазақ солдаты); «Біз енді **үшеу-ақпыз**...» (Қазақ солдаты).

Реттік сан есімдер де заттана алады. Бұл жағдайда олар нешіншіңіз? Қайсысы? Нешіншісі? т.б. сұрақтарға жауап береді. Реттік сан есімдерден көбіне онға дейінгі және ондық дара сан есімдер заттанады. Мысалы:

– Қасыңдағы инженер Полевойдың қызы емес пе? – деді екінші... – Егер ол болса, қасындағы жігіт соның күйеуі, – деді үшінші, ол да оқуын бітірді деген (С.М.); Екіншісі – сорайған ат жақты, көселеу келген, өткір жүзді, ұзын бойлы қара жігіт (М.Ә.); Бірің тапсырғанда, екіншің терезе алдында тұрыңдар (Ә.С.); Бұл – он екінші (С.М.).

Қазақ сөзжасамында бөлшектік сан есімдерде үнем заңы арқылы заттана алады. «Бөлшектік сан есімдердің арнаулы грамматикалық көрсеткіші жоқ, белгілі бір сөздермен синтаксистік қатынасқа түсуі арқылы жасалады.

Бөлшектік сандардың дамуы математиканың дамуымен тығыз байланысты» [108, 31]. Бөлшектік сан есімдердің контексте заттануына мысал келтірсек:

«**Жүзден бірі** ғана соны ойлар» (М.Ә.); «Әлі ертерек. **Үштен екісі** піскенде бытырлатамыз» (Ғ.Мұст.); «**Үштен екісін** жеткізе алса да, үлкен қуаныш болар» (Ғ.М.); «Бірақ сондай қатыгез тәртібі бар оқудың өзіне ол кезде **жүзден бірдің** ғана қолы жететін» (С.Қ.). «Шығын – **бір жарым**, пайда – **мың жарым**» (Ғ.Мұст.); «**Жалғанның жартысы** құлағандай болып, сұмдық шындық жетті» (М.Ә.); «**Ауданның тең жартысы** мал шаруашылығын бағып, көшіп жүреді» (С.М.).

Берілген мысалдарда заттанып тұрған сан есімдердің жасалу жолын кестеге салсақ:

Кесте 6 – Мысалдардағы бөлшектік сан есімдердің берілуі

Бөлшектік сан есім	Жасалу жолы
Жүзден бірі	Бөлшек санның бөлімі шығыс септікте, алымы тәуелдік жалғаудың үшінші жағында тұр
Үштен екісі	Бөлшек санның бөлімі шығыс септікте, алымы тәуелдік жалғаудың үшінші жағында тұр
Бір жарым, мың жарым	Есептік сан есімнің *жарым* сөзімен тіркесуі арқылы
Жалғанның жартысы	Жарты сөзі ілік септікті зат есіммен тіркесуі арқылы
Ауданның тең жартысы	Ілік септікті зат есім мен жарты сөзінің арасына тең сөзінің қолданылуы арқылы

Бұл кестеден байқағанымыздай, есептік сандармен белгілі бір синтаксистік қатынасқа түсуі арқылы немесе жарым, жарты сөздерімен есептік сан есімдердің тіркесуі арқылы жасалған бөлшектік сан есімдер сөйлемде контекске қарай заттана береді. Нәтижесінде әсірелеу, абстракт мағына немесе нақтылау мағыналарын береді.

Бөлшектік сан есімдердің ішінде контексте ғана заттанып қоймай, жалпыхалықтық деңгейде қолданыс тапқан «екінің бірі» тұрақты тіркесін айта кеткеніміз жөн. Сондай-ақ бұл тіркес туралы ғалым Д.Әлкебаева: «көптің бірі емес, жалғыз дара жанның өзінің жеке тұлғасын таныту мақсатында сан есім экспрессивтік реңкте жұмсалынған» [112, 158].

Болжалдық сан есімдер де контексте ғана заттанады. Болжалдық сан есімдер сан есімнің басқа түрлеріне қарағанда заттануға қабілетті емес. Бұл сан есімдердің контексте заттануын мына мысалдар арқылы көруге болады: «Айқын келген кезде жетпістейі өліп, жиырма шақтысы жараланған екен» (Ә.Ә.); «Жүз қаралысы іркес-тіркес, иін тіркестіре тіккен тіккен үйлерге келіп соғылды да, ең мықтағаны әр үйді бір салып өтті» (Ғ.М.); «Бер енді... Байыған

соң екі есесін қайтарам» (Ғ.М.); «Бірер мыңды місе тұтпай, бес-алты мыңнан алмақ» (Ғ.М.); «Ана сарайда жиырма шақтысы отыр...» (Ғ.М.).

Сан есімдердің заттануын талдау барысында олардың заттану дәрежесін мынадай топтарға бөлеуге болады:

1) сан есімдердің контексте заттануы;

2) реестр сөз дәрежесінде заттануы;

Жоғарыда сөз етілген сан есімдерді талдау нәтижесінде олардың заттық мағыналары көбінесе контекстік дәрежеде болғандықтан, оны сын есімдер мен есімшелер сияқты алуан түрлі семантикалық топтарға жіктей алмаймыз. Дегенмен мынадай семантикалық модельдерін атап көрсеттік:

Бірінші модель – адамның не заттың санын, ретін білдіретін субстантиваттар: бірінші, екінші, екінің бірі, қырықтың бірі, мың, жүз, қырық, біреу, екеу, үшеу, т.б.

Екінші модель – баға мағынасын беретін субстантиваттар: бір, екі, үш, төрт, бес, он, жүз, тоқсан т.б.

Үшінші модель – уақыт кезеңін білдіретін субстантиваттар: тоқсан, үші, жетісі, қырқы, жүзі т.б.

Төртінші модель – салт-дәстүр ұғымын білдіретін субстантиваттар: тоғыз, қырық жеті т.б.

Қорыта айтқанда, сан есімдер де басқа сөз таптары секілді заттана алады. Әсіресе, есептік, реттік, жинақтық, бөлшектік сан есімдердің заттану қабілетін мысалдар арқылы дәлелдедік. Сонымен қатар, оларды заттану дәрежесіне қарай семантикалық топтарға жіктеп, заттану дәрежесіне қарай да бірнеше топқа бөліп қарастырдық.

2.3 Заттанған үстеу, еліктеу сөз және одағайлардың семантикалық-коммуникативтік ерекшеліктері

Үстеулердің заттану дәрежесі мен қолданысы. Қазақ тіліндегі түрленбейтін немесе аз түрленетін сөз таптарының бірі – үстеу сөздер. Үстеулердің сөзжасам жүйесі біршама зерттелгенімен, олардың басқа сөз таптарына өту процесі осы күнге дейін назардан тыс қалып келеді. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» үстеу сөздерден жасалып реестр сөз дәрежесінде берілген екі жүзге жуық сөз берілген. Біз бұл тараушада үстеулердің заттануын олардың лексика-семантикалық мағыналарын және оның сөзжасам жүйесінде алар орнын анықтадық.

Алдымен үстеудің заттануынан бөлек, үстеулерден жасалған зат есімдерге тоқталсақ, үстеулердің туынды зат есім жасаудағы ролі ерекше. -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік – сөзжасам қосымшалары үстеуден туынды зат есім жасайтын ең өнімді тұлғалар. Мұндай жасалымдардың тіліміздегі қолданылуын ғалымдарымыз ертеден-ақ байқаған. Мәселен, ғалым Ә.Төлеуов -лық қосымшасының кейбір мезгіл және қимыл үстеулеріне жалғанып туынды зат есім жасайтынын көмектесіп, оған мынадай мысалдар келтіреді:

жылдамдық, жеделдік, теңдік, шапшаңдық [115, 79]. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде» осы тұлғада жасалған *естелік, күнделік* сөздерінің сөзжасамдық мағынасы жағынан нақтылы зат атауларын білдіретіні көрсетілген [17, 203]. Мұндай үрдісті татар тілінен де байқаймыз. Ф.Ганиев бұл жұрнақтардың кейбір үстеулерге жалғанып қасиеттің немесе белгінің атын білдіретін абстрациялық мағыналы зат есім жасайтыны айтады [116, 80].

Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігіне үстеуден жасалған реестр сөз ретінде 71 туынды зат есім берілген. Соның 63-і -лық формасы арқылы жасалған туынды зат есімдер. Олар: *шапшаңдық, битараптық, басқашалық, өзгешелік, асығыстық, жиілік, бірдейлік, көлденеңдік, айрықшалық және т.б.*

Үстеулерден жасалған осындай туынды зат есімдерді талдай келгенде зат есім жасауға қимыл-сын үстеулерінің мезгіл, мекен үстеулеріне қарағанда әлдеқайда басым екенін байқадық. Бұлардың көбі күнделікті қолданыста жиі қолданылатын сөздер болса, ал кейбірі сирек қолданылатын сөздер тобына жатады. Кейінгі топқа *қапысыздық (6,31), үстіртіндік (10,15), қапылдық (6,32), жедеғабылдық* (4,48) сөздерімен қатар, себеп-салдар үстеуінен жасалған бекерлік *«бұрыстық, терістік» (2,236)*, осы мағынадағы *тегіндік (9,93)* сөздері мен мақсат үстеуінен жасалған *қасақаналық «әдейі істеушілік»* (6,124) сөздерін жатқызуға болады. Мысалы: «Мұндай *үстірттік* адамды бақытсыздыққа да душар етеді» («Өнегелі өмір»); «Бұл шығарма дұрысында әдебиетіміздің *үстіртіндіктен* тереңдікке аяқ басуының нышаны еді» (М.Қаратаев).

Сондай-ақ түсіндірме сөздікке енбеген, алайда көркем әдебиеттерде қолданылатын бірашама сөздер кездесті. Мысалы: Оның кешегісі – *бүгіндік*, бүгінгісі – *ертеңдік* (Ғ.Мүсірепов). Қылығында да, сөзінде де *әдейілік* басым (Т.Тілеуханов). *Әдейішілігі* жоқ сыпайы ишарасын ұқтырды (Т.Тілеуханов).

Үстеуден зат есім жасайтын қосымшалардың бірі *-шылық, -шілік.* Бұл қосымша -лық тұлғасымен мағыналас болғанымен оған қарағанда әлдеқайда аз кездеседі. Мысалы: *тегіншілік (9,93), үстемшілік (10,12), бекершілік (2,236)* т.б. Кавказ деген жазға мәңгі мекенжай, Мұнда дәйім *үстемшілік* етер май (Қ.Жұмағалиев).

Жалпы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» үстеулерден жасалып реестр сөз ретінде 200-ге жуық туынды сөз берілген. Олардың барлығы да сөзжасамдық дәрежеге жеткен, толық номинациялық атауға ие болған сөздер деп айта алмаймыз. Кейбірі стильдік ыңғайда, коммуникативтік қызметте қолданылғандары да бар. Алайда бұл процесс үстеудің туынды сөз жасаудағы ролін түсіре алмайды. Сөзжасамға үстеулердің барлығы бірдей қатыса бермейді. Бұл қызметте, әсіресе, қимыл-сын, мезгіл, мекен үстеулері актив болса, ал мақсат, себеп-салдар үстеулері кейбір сөзжасамдарда ғана ұшырасады. Олардың сөз таптарына қатысы да әр түрлі дәрежеде. Туынды етістік пен зат есім жасауда қимыл-сын үстеулері, сын есім жасауда мезгіл, мекен үстеулері көп кездеседі.

Тілдегі сөз таптарының қалыптасуы белгілі бір тілдік құбылыс нәтижесінде жүзеге асады. Сөздер синтаксистік функциясына байланысты

белгілі бір мағынаны білдіру арқылы сөз табы маңына шоғырланып, ерекше сөз табындық табиғатымен дараланады. Тілдегі ерте пайда болған сөз табы өзінен кейінгі лексика-семантикалық топтардың жасалуына, сөз таптары арасында лексикалық алмасулардың процеске түсуіне әсер етеді. Сөз таптарының грамматикалық категория ретінде дербестікке ие болуы тілдің ішкі даму жүйесінде жүріп жататын жалғаспалы тарихи құбылыс нәтижесімен байланысты. Сөздердің белгілі бір грамматикалық категориядан екінші бір грамматикалық категорияға өтуі сөз таптарының лексикалық құрамын байытып, дербестікке ие болуына мүмкіндік жасайды. Академик В.В.Виноградов сөз таптары табиғатындағы мұндай құбылысты жан-жақты зерттеп, мынадай ғылыми түйін жасайды: «Не следует думать, что части речи отдельны одна от другой непроницаемыми перегородками. Напротив, в живой языковой действительности постоянно наблюдаются случай передвижения слов из одной части речи в другую» [62, 19-21].

Бұл процесс туралы зерттеушілердің пікірлерін талдай келгенде аталмыш процесс сөзжасамдағы морфология және синтаксистік тәсілдердің ұштасып, тоқайласып келуіне байланысты деп танып, жаңа сөз табына тән сөздердің жасалуына бұл екі тәсілдің қатысы бірдей деген тұжырым жасауға болады. Сөзжасамның бұл тәсілі лексика-грамматикалық тәсіл немесе конверсия деп аталады. Сөздердің белгілі бір грамматикалық категориядан ауысып, өзге лексика-семантикалық, сөз табындық дербестікке ие болуы конверсиялық сөзжасамның нәтижесі. Конверсия сөздің семантикалық даму барысында ешқандай сөзжасам қосымшаларының көмегінсіз олардың парадигмалық ауысуы. Басқаша айтқанда, бір сөз табындағы сөз сыртқы формасы бойынша еш өзгеріске ұшырамай басқа бір сөз табының қатарына өтеді. Сөздердің бір сөз табынан екінші бір сөз табына ауысуы, функциялық жақтан екінші бір грамматикалық категорияға тән болуы сөздердің сөйлем ішіндегі орны мен қоданысына байланысты болмақ.

Зат есімнен басқа сөз таптарының сөйлем ішінде бастауыштық немесе толықтауыштық қызметте ұдайы әрі тұрақты қолданыла бастаған сөз таптары әуелі уақытша немесе жарым-жартылай ғана заттанып, зат есім қатарына өтеді. Мұндай сөйлем ішінде ғана заттық мәнге ие болып тұрған сөздер өздерінің бастапқы категорияларынан мүлдем қол үзіп кетпейді, керісінше, олармен үнемі мағыналық жақтан да, қызмет аясы жағынан да үздіксіз байланыста болады. Сөздердің мұндай ерекшеліктерін ескере отырып, тілдегі болатын аралық құбылыстардың қолданысына жатқызып, уақытша ғана қолданылатын мерзімдік тұлғалар түрінде тануға болады. Аталмыш сөздердің қай категорияға тән екені көзге бірден түспейді. Ол тілдің дамуы барысында ұзақ мерзімдік дамудан, қалыптасу сатысын бастан кешеді. Осындай ұзақ процестің нәтижесінде ғана барып, өзі формалас сөздер тобын құрып, бір лексикалық ұядан таралған сөздер тобы пайда болады.

Кейбір жекелеген аралық қалыпта жүрген сөздер екінші категорияға өтпей қалады. Осындай процестің өзінде белгілі бір заңдылықтар мен арнайы

белгілер сақталады. Е.Саурықов конверсиялық сөзжасамның өзге сөзжасамдық тәсілдерден мынадай негізгі белгілерін атап көрсетеді:

а) конверсиялық сөзжасаудың лексика-семантикалық тәсілі сөздердің функциялық жақтан өзгеріп, бастапқы категориялық мағынасынан алшақтауы нәтижесінде өзге сөз табының лексика-грамматикалық ерекшеліктерін қабылдап, жаңа лексема ретінде лексикалық құрамға енуі;

ә) морфология-семантикалық тәсіл сөздердің түрлену жүйесінің (парадигма) өзгеруімен, яғни белгілі бір сөз табындағы сөздердің грамматикалық формалар көмегімен өз жүйесінен ығысып, басқа сөз табы қатарына семантикалық өзгеріске ұшырай отырып ауысуы;

б) синтаксистік-семантикалық тәсіл – күрделі сөз формасының лексикаланып (сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі), басқа сөз табына тән болуы [117, 48].

Қазіргі тіл біліміндегі конверсия тәсілі субстантивтену, адъективтену, прономиналдану, вербалдану, адвербиалдану сияқты бірнеше түрге бөлінеді. Тіл білімінде сын есімнің немесе басқа да сөз таптарының зат есімге ауысуын субстантивтену процесі деп атайды. Бірақ, түркі және қазақ тіл білімдегі субстантивтену туралы пікірлер бірдей емес. Мәселен, профессор Н.А.Баскаков сөздердің заттану процесін (оны субстантивтендіретін морфемалар деп атайды) сөзжасамның функционалды-грамматикалық жүйесіне жатқызады [27, 9-10]. А.К.Гулямов өзбек тіліндегі субстантивтенген сөздердің зат есім аффикстерін қабылдауын бұл сөздердің зат есімге айналғандығынан емес, сол зат есім қызметінде қолданылғандықтан деп түсіндіреді [118, 5-6]. Ал қазақ тіл білімінде үстеулерді арнайы зерттеген Ә.Ыбырайым «Үстеулердің грамматикалық ерекшеліктері» еңбегінде үстеудің сөзжасамдық және грамматикалық ерекшеліктеріне тыңғылықты талдау жасайды [119].

Жалпы тіл білімінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде де үстеулердің негізгі белгісі, оның – өзгермейтіндігі немесе аз өзгеретіндігі деп айтылады. Соған қарамастан үстеулердің субстантивтенуін ешкім жоққа шығармайды. Бірақ үстеулердің субстантивтенуі басқа да сөз таптарынан, әсіресе, сын есімдерден өзгешелеу.

Қазіргі тіл білімінде субстантивтенудің екі тәсілі көрсетіледі: морфологиялық және синтаксистік тәсіл. Біріншісі көптік, септік, тәуелдік жалғаулары арқылы, екіншісі – ешқандай жалғаусыз, сөз тіркесі арқылы субстантивтеніп заттық мағынада жұмсалады. Мысалы: Жомарт – жоқтығын білдірмес, жүйрік – тоқтығын білдірмес. Ал Н.А.Баскаков қарақалпақ тіліндегі үстеулердің жұрнақтар арқылы да субстантивтенетінін көрсетеді:

1.Үстеудің атрибутивті-анықтауыштық тұлғасына сөз өзгерту қосымшасын қабылдау арқылы: бир гап айттым, ендигисин езюнь бил.

2.Үстеуге заттық мағына беретін арнаулы жұрнақтар арқылы (-лық/-лик немесе -шылыкь/өшилик): джыйналыстагьлардынг кепшилиги докладчиктинг пикирин макьулдады [28, 223-224]. Алайда біз Н.А.Баскаковтың пікіріне сүйене алмаймыз, өйткені автордың көрсеткен формалары қазіргі қазақ тіл білімінде

сөзжасамның морфологиялық тәсіліне жатады. Ал заттану сөзжасамның семантикалық тәсіліне жатады.

Синтаксистік тәсіл арқылы заттану процесі қазақ тіліндегі сын есім мен есімшелерде мол кездескенімен, үстеулерде кең таралған құбылыс емес. Ж.Сарбалаев тіліміздегі бұл процесті сөйлем құрамындағы анықталушы сөздің кейде үнем заңына орай түсіріліп айтылуымен байланыстырады. Мұндай жағдайда анықтауыш қызметінде қолданылған өзге сөз таптары анықталушы сөздің мағынасын өз бойына қабылдап субстантивтенеді [23, 70].

Өзге сөз таптарының заттануының бірінші тәсілі – морфологиялық тәсіл. Ол «егер зат есім емес сөз не септеуге келсе, не тәуелденуге жараса, не көптік жалғауын қабылдай алса, онда бұл оның субстантивтенуге жарамдылығын көрсетеді» [24, 224]. Бұл ең өнімді жол. Қазіргі қазақ тілі оқулықтарының көбі үстеулердің тәуелдік жалғау арқылы (онда да III жағы) субстантивтенуінен арыға бара алмайды. Ондағы келтірілген мысалдардың барлығы бірдей дерлік: «еріншектің ертеңі бітпес» деген сөздің аясында. Тек А.Н.Кононов түрік тіліндегі кейбір үстеулердің (дышарысы, ишкериси) тәуелденіп заттық мағынаға ие болып, сөйлемде зат есімге тән қызмет атқаратынын, ал йуқары, асай, иелери, гери үстеулерінің тәуелдік жалғаудың III жағында септеліп нақты кеңістік мағына білдіретінін көрсетеді [33, 69].

Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісін зерттеген ғалым Ж. Саткенова былай дейді: «Көркем әдебиеттің қай жанрын, қай түрін болмасын көркемдеп нәрлендіруде, образ жасауда олардағы троп түрлері ерекше қызмет атқарады» [120, 75]. Сондықтан төменде үстеудің қызметін көркем әдебиеттегі мысалдар арқылы талдап көрейік.

Қазіргі әдеби тілімізде үстеудің тәуелдік жалғаудың үш жағымен де субстантивтену аясының кеңейгенін көруге болады. Оған көрем әдебиеттен, баспасөз беттерінен көптеген мысалдар ұшырасады: *Бүгіні* - байлық, *ертеңі* - берекет (М.Мағауин). Сонда *ертеңіміз* не болады («Егемен Қазақстан»). Одан әлі *талайың* тартарсың (М.Әуезов). *Ертеңі* не болмақ, *ілгерісі* не болмақ (С.Мұхтарұлы). Осы тұрғыдан алғанда болашақты ойлағанда, *бүгініміз* ұмыт қалмаса екен дейсің («Жас алаш»). Бұл сөйлемдерде үстеудің субстантивтеніп, бастауыш қызметін атқарып тұрғаны анық. Осындай мезгіл үстеулерімен қатар кейбір мөлшер және қимыл сын үстеулерінің де тәуелдік жалғау арқылы субстантивтенетінін кездестіруге болады. Мысалы: *Бірталайы* ойына ешнәрсе алмай, бірге ішіп жіберді (М.Әуезов). Біразы үйіне қайтты, енді қалғандары қызу айтыс-тартысты ары қарай жалғастырды («Егемен Қазақстан»). «Ағылшын тілін меңгерген» министрдің *қазақшасы* қатып тұрған жоқ («Жас Алаш»).

Егер ғалымдардың көпшілігі үстеулердің тәуелдік жалғау арқылы субстантивтеніп, сөйлемде бастауыштың қызметін атқаратынын айтса, ал көптік жалғауы туралы олай емес. Көптік жалғау басқа сөз таптарына жалғанып субстантивтену қызметін атқарғанымен, үстеуде ондай қызмет атқара алмайды деген түсінік қалыптасқан. Дегенмен, А.К.Боровков «көптік жалғаулардың сын есім, есімше, сан есім және есімдікті былай қойғанда, тіпті үстеулерге

жалғанып, оны субстантивтендіріп зат есімнің мағынасына ауыстыратынын», - айтады [121, 92]. Бұл пікірді М.А.Хабичев те қостап: «кейбір сын есім, сан есім және үстеулер -ла, -ле көптік жалғауын қабылдап заттанады», - дейді [122, 28-29].

Қазақ тілінде көптік жалғаудың үстеулерге жалғанып болжалдық (бүгіндері, ертеңдері) мағына беретіні белгілі, соған қарамастан кейбір мөлшер, мекен үстеулерінің көптік жалғау арқылы субстантивтеніп, зат есімге тән қызмет атқаратыны байқалады. Мысалы: Бізден соң да *бірталайлар* айтысты (Б.Нұржекеев). -Иә, әлі талайлар қызықтайды, мүсіркейді (М.Сүндетов). Біз тәрбиелеген адамдардың арасында санасы әлі де *төмендер* бар екен (М.Иманжанов). Өзінен *жоғарылар* сөз айтса мүлгіп тыңдайды да, өзінен *төмендермен* санаспайды («Ана тілі»). Бұл сөйлемдерде талай, бірталай, төмен және жоғары үстеулері көптік жалғау арқылы субстантивтеніп, сөйлемде бастауыш болып тұр.

Сөзге заттық мағына беретін қосымшалардың бірі – септік жалғаулар. Тіліміздегі кейбір үстеулердің септік жалғауларды қабылдау фактілері кездеседі. С.Фузайлов өзбек тілінде септік жалғаулардың үстеулерге екі мағына беретінін көрсетеді: біріншісі, үстеу басқа семантикаға ие болады (*кейин – кейинда,кейинга; олдин – олдинда – олдига т.б.*); екіншісі, үстеудің семантикасы толық өзгермейді, тек жартылай өзгереді (*эрталаб – эрталабдан, хазир – хазирда, тез – тездан т.б.*) [123, 14). Н.А.Кононов түрік тілінде -ша аффиксі арқылы жасалған үстеулердің жатыс септігінде (ұлт атауларына байланысты) субстантивтенетінін айтады. Мысалы: *түркшеде* [33, 279]. С.А.Гочияева қарашай-балқар тіліндегі есім сөздерден жасалған *бюгюн, быйыл, былтыр, бюрсюкюн* сияқты үстеулердің септік жалғауды қабылдай алатынын, демек субстантивтенетінін көрсетеді [124, 219].

Бұл пікірді жақтаушылар қазіргі қазақ тілін зерттеушілердің ішінде де кездеседі. Мәселен, Ә.Ибатов «кейбір мөлшер үстеулерінің ішінара, мұншаға, осыншадан, бірсыпыраға, біраздан сияқты болып, субстантивтенген кезде ғана барыс, шығыс септіктерін қабылдайтынын» айтады [125, 215]. Ал Н.Оралбаева зат есімнен басқа сөз таптарының септелуі деп – сын есім, сан есім, есімдік, есімше, қимыл атау категорияларымен қатар үстеудің де септеліп, заттық мағынада қолданылуын көрсетеді [126, 98].

Қазіргі тіліміздегі үстеулердің септік жалғаулары арқылы субстантивтеніп, сөйлемде тура және жанама толықтауыштық қызмет атқаратынын көптеп кездестіруге болады. Олар әр түрлі септік формаларында қолданылады.

Барыс септігі арқылы субстантивтенген үстеулер жай септеу формасында да, тәуелді септеу формасында да кездеседі. Мысалы: Кешегі *бүгінге*, бүгінгі *ертеңге* ұқсас бірсыдырғы күйбең (М.Мақатаев). «Расхлябанность», «разгильдяйство», «размазня» деген сияқты командирлердің өздерінен *төмендерге* кейігенде айтатын әдемі сөздер де кетіп жатыр (Т.Ахтанов). *Бүгінімізге* тәубе демей ме? («Жас Алаш»). Бір тәуірі *орысшаға* жүйрік деседі (М.Әуезов).

Табыс септігі арқылы субстантивтеніп, тура толықтауыш қызметін атқаратын үстеулер тілімізде жиі қолданылатын актив процестерге жатады. Мысалы: Азын-аулақ *қазақшаны* да долбарлайтын болған (М.Әуезов). Соншаны көріп, біліп келіп, ішке тығып тастағандай едіңіз (М.Әуезов). Сондықтан да облыс орталықтарының әкімшіліктері де енші бөлісуде ес болып, *ертеңді* ескеріп іс жасаулары керек («Ана тілі»). Өзіңнен *жоғарыны* күндей көрме, төменгіні жүндей көрме (Мақал). Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай табыс септігін қабылдауда мезгіл, қимыл-сын, мөлшер, мекен үстеулері жиі ұшырасады.

Жатыс және шығыс септіктерін қабылдаған үстеулер көбінесе пысықтауыштық қызметте жұмсалады. Дегенмен, тілімізде шығыс септігіндегі үстеудің толықтауыштық қызметте қолданылуы сирек те болса кездеседі. Мысалы: Өзі әлі семья дәмін татпағанмен *ертеңінен* үміткер (А.Байтанаев). Бірақ селтеңдеп жүрген *біразымыздан* көші озық (О.Сәрсенбаев).

Көмектес септігі арқылы субстантивтенетін үстеулер көбіне мезгіл үстеулері. Мысалы: Өткенді еске алып, *бүгінмен* марқаясың (Р.Тоқтаров). - Сен *бүгінмен*, осы шақпен өмір сүреді екенсің, соның ұнады, Айысбекжан (Р.Тоқтаров). Осы септікте заттанған мекен үстеулері де кездеседі: *Жоғарымен* санаспайтын бірбеткей адам («Қазақ әдебиеті»).

Қорыта келгенде, үстеулердің де басқа сөз таптары сияқты субстантивтенетінін байқауға болады. Бірақ бұдан үстеулердің барлығы да бірдей субстантивтенеді деген түсінік тумау керек. Субстантивтенетін негізінен мезгіл, мекен, мөлшер және кейбір қимыл-сын үстеулері. Олар көбіне тәуелдік, септік, көптік жалғаулары арқылы заттанады. Үстеулердің субстантивтенуіне әсер ететін бірден-бір тілдік фактор – тілдегі үнем заңы.

Үстеулер ең әуелі белгілі бір заттың анықтауышы ретінде қолданылған, содан тілдегі үнем заңына байланысты зат есім түсіп қалып, анықтауыш үстеу бірте-бірте заттық мағынаға ие болған. Оны төмендегі мысалдардан анық көруге болады: «Бақ» пен «қыдыр» *талайға* қона жүрген (Б.Майлин). *Талайларды* ол дүниеге аттандырдық (Қ.Жойқынбеков). Бір *бүгінмен* бітпес күннің бар мәні, Шашар талай шапағатын таң әлі (Қ.Исаұлы). Алғашқы екі сөйлемде үстеуден кейін «*адам*» (талай адамға, талай адамдарды) зат есімнің түсіп қалғаны көрініп тұрса, үшінші сөйлемде «*күн*» (бүгінгі күнмен) сөзі түсіп қалған.

Тіліміздегі субстантивтенген үстеулерді А.Ысқақовтың жіктеуі бойынша уақытша контекстік заттану тобына жатқызуға болады. Өйткені қазіргі сөз қолданысымызда толық заттанып жаңа мағынаға ие болған, реестрлік сөз дәрежесіне жеткен үстеулер байқалмайды. Ал уақытша субстантивтенген сөздер қазіргі көркем әдебиет тілі мен баспасөз беттерінде кең қолданысқа ие болып отыр. Мұның басты себептері тіліміздің дамуымен бірге жетіліп отыратын, жоғарыда айтылған, тілдік үнем заңы мен үстеу мағыналарының дифференциацияланып анықтауыштық қатынасқа көшуі деп білеміз.

Еліктеу сөздер мен одағайлардың заттану ерекшеліктері. Одағайлар – сөйлеушінің көңіл-күйін, эмоциясын білдіретін, грамматикалық жағынан басқа

сөздермен тікелей байланысқа түспейтін ерекше сөз табы. Олар номинативтік емес, экспрессивтік қызмет атқарады. Сондықтан одағайлардың заттануы – екінші дәрежелі құбылыс.

Лингвистер одағайларда лексикалық мағынаның бар-жоқтығы, олардың номинативтік қызмет атқара алатындығы немесе атқара алмайтындығы жөнінде де бір-біріне қарама-қайшы пікірлер ұстанады. Мәселен, «Қазақ грамматикасы» «Одағайлар сөйлемде белгілі бір мақсатпен қолданылғанымен, біріншіден өз алдына жеке-дара тұрып, лексикалық мағына білдіре алмайды, нақты ұғымдық мәні жоқ» деп көрсетсе [19, 564], Н.Гаджиева: «Адам өзінің сезімін білдіргенде, бұл сезім алдымен оның миында саналы түрде пайда болып, сосын барып өзінің тілдік көрінісін табады. Яғни мұндай сезімде мағына бар... Біз тілдің коммуникативтік қызметі тек ойды білдіру ғана емес, сезімдер мен эмоцияларды да білдіреді деп санаймыз» деп пікір білдіреді [127, 16]. Ол одағайларда номинативті қызмет бар деген тоқтамға келеді де, өз ойын, «одағайдың атаушылық қызметі – ақиқат шындық құбылыстар мен заттардың жиынтығы емес, соның негізінде субъектінің сезімі, жай-күйі, ерігі мен әсеріне байланысты адамның психологиялық және әлеуметтік өмірін айқындайтын лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың ара қатынасы» деп түйіндейді [127, 16-19].

Ал орыс-қазақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы одағайлардың номинативтік қызмет атқармаса да, белгілі дәрежеде ұғымға, мәнге ие екендігін алға тартады. Онда «Междометия не выполняют номинативную функцию, однако они как слова звукового языка отражают эмоции и волеизъявления говорящего. Известно, что всякое слово (кроме служебных), служащее средством общения, призвано передавать определенные понятия или мысли. Следовательно, за междометными словами, выражающими (но не называющими) чувство и волю, в какой-то степени закреплено определенное смысловое содержание» деп көрсетілген [128, 439].

Сонымен одағайлар – көптеген ғалымдардың пайымдауы бойынша, басқа сөздер сияқты атауыш қасиетінің жоқтығына, сөйлем мүшесі бола алмайтындығына, сұрақ қойылмайтындығына және сөйлемнің басқа мүшелерімен тікелей байланысқа түспейтініне қарамастан, субъектінің алуан түрлі сезімдері мен көңіл-күйін ғана емес, белгілі бір ақпаратқа, объектіге немесе құбылысқа деген қатынасын яки ойын да ықшам түрде әсерлі етіп білдіруге мүмкіншілігі мол, коммуниканттардың сөйлеу әрекетіндегі коммуникативтік-прагматикалық міндеті зор және осыдан келіп, көркем әдебиетте кеңінен жол тапқан тілдің эмоционалды-экспрессивті бірліктеріне саналатын өзгермейтін сөздер.

Одағайлар контексте өзіне ерекшеленіп оқшау тұратын құрылымдық-семантикалық мәнімен тілде қолданыс табады. Одағайлардың мұндай эмоционалды-экспрессивтілігін әрі бағалаушылық модалдылығын көрсететін коммуникативтік-прагматикалық рөлін мына мысалдар дәйекті ете түседі:

– Е, босе! Тусан – ту-ай! Ой, ер-ай!

– Ой, күлік! Ой, жаман неме! Жанның сірісі. Ой, күлік!

– Жә, әлекелетін ештеңе жоқ. Ауыл әлі қатерде.

– Шүкір, хат келіп тұрады.

– Ойбай, құрлық… У-ры…

– Шіркін-ай, қаланың көкек бас ақ шоты болар ма еді! (Ә.Нұрпейісов).

Қазақ тіліндегі одағайлардың заттануы туралы ең алғаш пікір білдірген ғалым – Ж.Амирова. Ғалым одағайлардың заттық мәнде жұмсалатынын мойындайды, алайда толық заттық атау дәрежесіне жете алмайтынын айтады: «Междометия употребляются в функции существительного, но далеко не во всех случаях можно говорить о субстантивации в полном смысле слова, так как они остаются в неизменной форме» [15, 95]. Сонымен қатар ғалым одағайдың заттануын сөз еткенде метазаттану ұғымын қолданады. Оны былайша түсіндіреді: «Использование ковычек при обозначении субстантивного употребления междометий говорит о том, что субстантивация в этих случаях имеет характер метасубстантивации» [15, 96]. Автор бұл тұжырымын одағайлардың лексика-грамматикалық табиғаты жағынан зат есім сөз табынан алшақ болуымен байланыстырады. Сондықтан одағайлардың заттануы көбінесе метазаттану ретінде танылады. Яғни сөздің өзі белгілі бір эмоцияны білдіру құралы ретінде емес, сол эмоциялық бірліктің атауы ретінде қолданылады.

Метазаттану – сөздің өзінің тікелей мағынасы емес, сол сөздің атауы, формасы немесе тілдік бірлік ретіндегі сипаты. Мысалы: «Оның «ah» дегені жүрегімді ауыртты», «Кемпірдің «ойбайы» бүкіл ауылды шулатты» т.б. Бұл мысалдарда «ah», «ойбай» сөздері эмоция білдіру құралы емес, белгілі бір күйдің атауы ретінде жұмсалып тұр. Бұл жағдайда одағайлар тырнақшаға алынады және көптік, тәуелдік, септік жалғауларын қабылдай алады.

Одағайлардың заттануы көбінесе окказионалды сипатта болады, яғни сөйлеу барысында контекстік қажеттіліктен туындайды. Тұрақты тілдік нормаға айналған заттанған одағайлар жоқтың қасы. Мәселен, «Ойбай» – эмоциялық реакция болса, «Ойбайы» – белгілі бір жағдайдағы айқай, шу атауы; «Ah» – эмоция болса, «Ahы» – өкініш эмоциясын білдіретін атау.

Одағайлар заттанған кезде зат есімнің жалғауларын қабылдап, сөйлемде уақытша ғана заттануы мүмкін, алайда олар сөзжасамдық тұрғыдан жаңа заттық атауға айнала алмайды.

Одағайлардың заттануы мынадай функционалдық қажеттіліктерден туындайды:

1) бағалау қызметі. Автор белгілі бір эмоциялық реакцияны әлеуметтік құбылыс ретінде сипаттайды: «Ойбай» – қорқақтықтың символына айналды;

2) ирония және сарказм. Оның «yhi» – жауапкершіліктен қашудың амалы ғана;

3) коллективтік эмоцияны атау. Желідегі «ahтар» мен «yhтар» мәселені шешпейді;

4) сөз актісін талдау. Президенттің «жарайдысы» нақты тапсырмамен жалғасуы тиіс еді.

Еліктеуіш сөздер XX ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап қазақ, қырғыз, шуаш, түркімен, ұйғыр т.б. көптеген түркі тілдерінде дербес сөз табы ретінде

қарастырылып келеді және ауызекі тілде де, көркем әдебиетте де кеңінен қолданылады.

Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің лексика-грамматикалық сипаты А.Ысқақов, Ш.Сарыбаев, Қ.Құсайыновтардың еңбектерінде жан-жақты талқыланған.

Қазақ тілінде еліктеуіш деген атаумен белгілі еңбектерінде А.Ысқақовтан бастап алып, білімінде жарты ғасырдай уақыттан бері қалыптасқан, тілдегі тұтас қазақ тілін үйренген осы бір тілдік категорияның мағынасына қарай екі орнына тән дыбыстық еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер деген екі компоненттен, яғни тілдің дыбыстық еліктеуіш сөздер табиғатта, күнделікті тіршілікте кездесетін әр түрлі жанды-жансыз заттардың шығаратын сан алуан дыбыстарын білдірсе, бейнелеуіш сөздер әр түрлі жанды-жансыз заттардың сан алуан қимыл-қозғалысын және күй-сипатын білдіретініне бұған дейін де айтып өткен.

Ш.Сарыбаев мағынасына қарай дыбыстық еліктеуіш сөздерді өз ішінен 3 топқа, ал бейнелеуіш сөздерді 2 топқа топтастырады: [129, 337-338].

1.Табиғат құбылыстарының дыбыстарына (желдің уілі, жапырақтың, қамыстың сыбдыры, найзағайдың жарқылдауы, күннің күркіреуі, өзеннің сылдырлап ағуы т.б.) және айналадағы заттардың қозғалуынан шыққан дыбыстарына (заттың құлап түсуінен, домалауынан және олардың бір-біріне соқтығысуынан шыққан т.б.) еліктеуден пайда болған сөздер: шымыр-шымыр, қыр-қыр, салдыр-гүлдір, зың-зың.

2. Адамның сөйлеу аппаратынан шыққан дыбыстарына (түшкіру, күлу, қырылдау т.б.) еліктеуден пайда болған сөздер: быр-быр, құрқ-құрқ, жырқ-жырқ.

3. Түрлі хайуан, аң-құстардың дауыстарына еліктеуден пайда болған сөздер: бақ-бақ, арс-арс.

Ал бейнелеуіш сөздерді былайша топтастырады:

1. Қимыл процесінің бейне-сипатын білдіретін сөздер (алшаң, маң-маң, мипың-мипің, бүжек-бүжек, бортан-бортан);

2. Адамның не заттың сыртқы қалыбын, жайын, күйін көрсететін сөздер (дода-дода, ез-ез, мылқа-мылқа, дал-дал).

Еліктеуіш сөздердің бір тобы мағынасы жағынан дыбыстарды берсе, екінші тобы бейнелейді, кейіп-сипатты, қимыл-қозғалыстарды білдіреді. Ал олардың фонетикалық сипатына қысқаша тоқталсақ, еліктеуіш сөздер қандай да бір тілді алсақ та, тілдегі басқа сөздермен салыстырғанда сол тілдің фонологиялық жүйесінің заңдылықтарына сәйкес келмейді (шыр, быж, тап, лап, сарп, қарқ, қалш, күңк). Бейнелеуіш сөздер еліктеуіш сөздерге қарағанда тілдің фонологиялық ережелеріне молырақ бағынады, әсіресе олардың қосарланған түрлері дауысты, дауыссыз дыбыстардың кезектесіп келуі арқылы құралады, мысалы, апыл-ғұпыл, ауқи-мәкі, опыр-топыр, алқам-салқам т.б.

Бұл мәселе жөнінде Қ.Құсайынов: «… что звуковой состав подражательных слов в целом подчиняется фонетическим закономерностям каждого отдельно взятого языка, а структура соответствует давно

сформировавшимся моделям. Несмотря на это в звукоподражательных словах казахского языка, как и любого другого, проявляется определенная системность, обусловленная связью подражательной формы с природным, естественным звучанием» деп көрсетеді [128, 40].

Енді грамматикалық жағынан алып қарасақ, еліктеуіш сөздер сөйлемде тек етіс көмекші етістігімен тіркесіп келсе (тарс ету, шарт ету, дурс ету т.б.), бейнелеуіш сөздер ылғи қазу, жалт бұрылу, кілт тоқтау тіркестеріндегідей қазу, болу, қылу секілді көмекші етістіктермен және басқа да бірқатар толық мағыналы етістіктермен тіркесіп келеді.

Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер одағайлар секілді уақытша заттанады, алайда заттануға бейім сөз табы емес. Еліктеуіш сөздер түбір тұлғасында заттық мәнде келсе, қандай да бір бейненің атауы ретінде тырнақшаға алынып, келуі мүмкін. Атап айтқанда, жоғарыда сілтеме берілген Ж.Амированың тұжырымы бойынша, метазаттануға ұшырайды. Мысалы, «Мыссыз бай-бай сорлы мойнын қылжия созып, «гак-к!.. гагын!» – соза жөнелді (Ә.Нұрпейісов)» деген сөйлемде автор ұнамсыз образды осы еліктеуіш сөз арқылы беріп тұр.

Сондай-ақ төмендегі мысалдан бұрқ сөзінің желден шашып көтерілген шаң, көліктің сыртына шыға келген қан тәрізді көзге көрінетін құбылыстар мен кенет шыға келген мал иісін білдіріп, заттық мағынада қолданылып тұрғанын көреміз:

1. Кенет шыға қалған бұрқ-тан шошып кетті.

2. Қан ішіп көйлектің сыртына бұрқ етті.

3. Күні бойы мал астын жайлаған қой қора мен түйе қорада жүрген келіншектердің үстінен ескі қоң мен қойдың күлімсі иісі бұрқ етті (Ә.Нұрпейісов). Алайда бұл жерде бірінші сөйлемнен басқа сөйлемдерде еліктеуіш сөз заттық мәнде қолданылмаған.

Қазақ тіліндегі зат есім тудырудағы ең өнімді жұрнақтардың бірі болып табылатын -ыл/-іл, -ыр/-ір, -ың/-ің жұрнақтары көптеген еліктеуіш және бейнелеуіш сөздерге жалғанып, зат есім түзеді: тарсыл, тырсыл, бүлкіл, ыңқыл, дүңкіл, шақыр, шықыр, қылтың-сылтың т.б. Мысалы:

1. Шанар шеберхана, қархана, ұстаханаларында күндіз-түні тынбаған балғаның дүрсілі мен көріктің дүңгі естілді.

2. Қылыш, алдаспандардың біріне бірі түскен шақыр-шұқырлары естілді (І.Есенберлин 1).

3. Жас жігіт оның реніштi күңкілін естісі келмей, атын тартып қап шаба жөнелді (Ә.Нұрпейісов).

4. Әденде балалардың шуы естіледі.

5. Ауладан ыңқыл естілді (М.Мақатаев).

6. Ыдыстың сыңғыры құлағы шалды.

Бұл мысалдарда берілген еліктеуіш сөздер заттану арқылы емес, зат есімнің сөз тудырушы жұрнағы арқылы жасалғандықтан, еліктеуіш сөздерді заттану үдерісі арқылы жасалған деп айта алмаймыз.

Қазақ тілінде кейбір еліктеуіш сөздер қандай да бір әрекет не амалдың сипатын білдіріп, заттық мәнде қолданылуы мүмкін. Мәселен, «пыш-пыш» –

жасырын айтылған әңгіме деген мағынада қолданылса, «ыңқ-сыңқ» – сылтау, құлықсыздық мағынасында, ал «тырқ-тырқ» еліктеу сөзі күлкінің бір сипатында қолданылады. Мысалы:

«Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылып,
Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың.
Ұялмаған кісіге кез келгенде,
Пыш-пыш демей қала ма ол да астығын? (Абай)» деген өлең жолдары сөзімізге дәлел бола алады.

Сонымен қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі одағайлар мен еліктеу сөздердің заттануы – сөзтабы трансформациясының теориялық тұрғыдан маңызды көрінісі. Бұл құбылыс тілдің номинативтік және экспрессивтік қабаттарының өзара әрекеттесуін, грамматикалық категориялардың динамикалық сипатын айқын көрсетеді.

Одағайлар табиғаты жағынан номинативтік емес, эмоциялық-экспрессивтік қызмет атқаратын сөздер болғандықтан, олардың заттануы толық заттану деңгейінде емес, көбінесе функционалдық және метатілдік сипатта жүзеге асады. Одағай заттанғанда сөз өзінің бастапқы эмоциялық мағынасынан ажырамайды, тек сол эмоцияның атауына айналады. Сөзжасамдық тұрғыдан олар көптік, тәуелдік, септік жалғауларын қабылдай алғанымен, бұл өзгеріс олардың сөзжасамдық табиғатын өзгертпейді. Сондықтан одағайлардың заттануы – синтаксистік-функционалдық деңгейде жүзеге асатын, контекстке тәуелді құбылыс.

Еліктеу сөздердің заттануы одағайларға қарағанда біршама өнімдірек. Себебі еліктеу сөздер объективті болмыстағы дыбыс пен қимылға негізделген. Сол себепті олар заттанғанда белгілі бір оқиғаның, дыбыстық құбылыстың немесе әрекеттің атауына айнала алады. Кей жағдайда еліктеу сөздер сөзжасамдық тәсілдер арқылы лексикаланып, дербес зат есімге айналу мүмкіндігіне ие болады. Бұл олардың номинативтік әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді.

3 ЗАТТАНҒАН СӨЗДЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК АСПЕКТІСІ

3.1 Заттанған сөздердің коммуникативтік ерекшелігі

Тілдің табиғатын толық ашу үшін оны сипаттап, жүйелеп беру жеткіліксіз. Сондықтан да соңғы жылдарда тілдің әрекет ету, жұмсалу жолдарын қарастыратын коммуникативтік аспектіде зерттеулер жүргізілуде. Бұл аспектіде зерттеу жүргізу үшін тілдің құрылымдық лингвистикасымен де, фунционалды грамматикамен де тығыз байланысты.

«Функционалдық термині тіл білімінде әр түрлі қолданысқа ие. Ең алдымен, функционалдық термині тілдік терминдік жүйеде де, сөйлеу тілінің терминдік жүйесінде де қолданылады. Тілдік терминдер жүйесінде бұл термин «қызмет» мағынасында қолданылады да, тілдік бірліктің сөйлем ішіндегі атқаратын қызметін белгілейді, ал сөйлеудің терминдік жүйесінде тілдік бірлік арқылы берілетін ойдың мәні мен мағынасын анықтайды» [130, 7].

Тіліміздегі заттанған сөздердің барлығы да өзінің төл сөз табына қатысты мағынасынан біржола ажырап, атау дәрежесіне жете бермейді. Бұл тарауда уақытша заттанған сөздердің коммуникативтік ерекшелігіне тоқталдық. Тілімізде ең жиі заттық мағына қолданылатын сөз табы сын есім болғандықтан, бұл тараушада сын есімдердің заттануының контекстік немесе уақытша заттануына көбірек тоқталдық.

Басқа сөз таптарына жататын тілдік бірліктердің белгілі бір контексте заттанып, зат есімдік қызметке көшуі кездейсоқ құбылыс емес, белгілі бір тілдік заңдылықтар мен факторлардың ықпалы нәтижесінде жүзеге асады. Сондықтан заттану үдерісінің қалыптасуына әсер ететін лингвистикалық және прагматикалық факторларды жүйелі түрде талдау өзекті болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, төменде заттанудың жүзеге асуына негіз болатын негізгі тілдік факторларға тоқталамыз.

Жинақталған тілдік деректерге талдау жасау барысында, қазақ тіліндегі сын есімдердің белгілі бір қолданыста тұрып заттануына да жағдай туғызушы негізгі фактор – тілдегі үнем заңы екендігі байқалды. Белгілі бір тілдік қолданыста тіркес құрамындағы зат есімнің түсіп қалуы нәтижесінде оны анықтап тұрған сын есім заттық мәнді бере алатындығы тіл-тілді зерттеуші ғалымдар еңбектерінде де, қазақ тілін зерттеуші ғалымдар еңбектерінде де баяндалған. Сөйлемнің көлемін қысқарту үшін және үнемдеу заңына сәйкес сөз ықшамдалады. Бұндай заңдылық сын есім – зат есім, есімше – зат есім тіркесінен байқалады. Зат есімнің қандай жағдайларда үнем заңына бейім тұратындығын тілдік фактілерге сүйене отырып жіктесек, олар төмендегідей бірнеше сипатқа бөлуге болады.

Бірінші сипат. Белгілі бір контексте сөз болып отырған зат, адам немесе құбылыс атауы алдыңғы сөйлемдерде нақты аталып, келесі сөйлемдерде үнем заңының ықпалымен түсіріліп қолданылады. Нәтижесінде түсіп қалған зат есімнің мағыналық жүктемесі оны анықтап тұрған сөзге (сын есім, есімше т.б.) ауысып, ол заттық мағынада жұмсала бастайды. Бұл құбылысты төмендегі

мысалдар арқылы байқауға болады: Асау құнанның үркетінін көріп алған соң, онан да жаман құтырып еді (М. Әуезов). Құтырып алған асау ие берер емес (М. Әуезов). Бұл мысалдарда асау құнан тіркесіндегі құнан сөзі кейінгі сөйлемде түсіріліп, асау сөзі дербес қолданылып, заттық мағынаға ие болған. Сол сияқты: Бірі – қартаң, бірі – жас қонақ. Жасын Абай біледі (М. Әуезов). Мұнда жас қонақ тіркесіндегі қонақ сөзі кейінгі сөйлемде түсіріліп, жас сөзі заттық мәнде қолданылып тұр. Бірінші, үшінші сөйлемдердегі құнан, қонақ деген зат есімдер екінші, төртінші сөйлемдерде қолданылмай, олардың мағыналары мен қызметтері асау, жас деген сын есімдерге ауысқан. Сөйтіп, зат есімдер үнем заңының нәтижесінде қолданыстан түсіп қалады да, олардың заттық мағынасы мен қызметі оның орнына қолданылған сын есімге ауысып, заттық мағына жасалатындығы байқалады.

Екінші сипат. Белгілі бір сын есім тек нақты бір затқа, құбылысқа немесе тіршілік иесіне тән тұрақты белгісін білдіретін жағдайда, сол зат атауы көбіне сөйлем құрамынан түсіріліп беріледі. Мұндай қолданыста зат есімнің орны бос қалғанымен, оның мағынасы сын есім арқылы оңай қалпына келтіріледі, яғни нысан өзіне тән негізгі қасиеті арқылы танылады. Бұл құбылысты төмендегі мысалдардан байқауға болады: Сөзшеңнің сөзі дәмсіз болады (К. Ахметов). Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады (мақал). Ұятсызға бас пенен жамбас қойсаң, қорқау қасқыр секілді жеуді білер (Бес ғасыр жырлайды). Қайғысыз қара суға семірер (мақал). Берілген мысалдарда сөзшең, білекті, білімді, ұятсыз, қайғысыз сөздері белгілі бір адамға тән қасиетті білдіре отырып, сол адамның атауын алмастырып, заттық мағынада қолданылып тұр. Яғни бұл жағдайда сын есімдер нысанды оның айырым белгісі арқылы танытып, дербес атау қызметін атқарады.

Берілген мысалдарда көрсетілген сөзшеңдік, білек күші, білім, ар-ұят, қайғы тәрізді қасиеттердің барлығы адамға тән белгілер болғандықтан, осы негізде заттанып тұрған сөзшеңнің, білекті, білімді, ұятсызға, қайғысыз сияқты бірліктердің семантикалық мазмұнынан «сөзшең адам», «күшті адам», «білімді адам», «ұятсыз адам», «қайғысыз адам» деген ұғымдар айқын аңғарылады. Яғни мұндай қолданыстарда сын есімдер белгілі бір зат есімді тікелей атамай-ақ, сол нысанды оның негізгі белгісі арқылы танытады. Нәтижесінде оқырман заттанған сөздің білдіріп тұрған «адам» мәнін контекст арқылы еш қиындықсыз қабылдайды. Осыған байланысты сөйлем құрамында түсірілген зат есімді арнайы қолданудың қажеттілігі туындамайды, өйткені аталған қасиеттердің барлығы адамның табиғатына тән екендігі жалпы тілдік тәжірибеде қалыптасқан. Бұл жағдайда сөздердің тура мағынасы сақталып, сол мағынаның негізінде заттық ұғым жүзеге асады. Кейде авторлық қолданысқа байланысты адамдардың түрлі қасиеттері кейіпкер образының қыр-сырын ашу үшін ауыспалы мағынада да беріледі. Заттық мағына осы тірек сөздер арқылы ашылады. Мысалы, сөйлеу – адамға тән қасиет болғандықтан, негізгі тірек болады да, сөзшең деген сөздің адамнан басқа еш нәрсеге қатысты қолданылмайтындығы анық байқалады.

Үшінші сипат. Егер белгілі бір сөздің өн бойынан жалпы абстракты мәндегі «адам» деген түсінік оңай аңғарлып тұрса, зат есім қолданылмай, ықшамдалады да, оның заттық мағынасын заттанған сөз толығымен атқарады. Бұл туралы толығырақ жұмысымыздың келесі тараушасында сөз еттік.

Демек, белгілі бір қолданыстағы заттанулардың да тілде қалыптасуына үнем заңының ықпалы бар екендігі байқалды. Ал тілдік элементтердің үнемделу себебін анықтай отырып, профессор Н.Оралбаева былай дейді: «Грамматикалық құрылымдардың жіктелуінде тек қана күрделену заңдылығы орын алса, онда тілдің қиын, ауыр тілге айналуы да мүмкін. Міне, мұндай жағдайға жібермейтін тілде екінші заңдылық бар. Ол – ықшамдалу, үнемдеу заңдылығы. ... Бұл заңдылықтың негізі – ойды барынша қысқа жеткізу. Ойды жеткізуге тиісті тілдік элементтердің санын да, дыбыстық, морфемдік құрамын да қысқартуға ұмтылу – осы заңдылықтың негізгі принципі [126, 29].

Сын есімдердің заттануға бейімділігін салыстыра қарастырар болсақ, сапалық сын есімдердің қолданыста қатыстық сын есімдерден гөрі жиі заттанатындығын жинақталған тілдік фактілер көрсетеді.

Енді тіліміздегі сапалық сын есімдер мен қатыстық сын есімдердің белгілі бір қолданыста заттануына жеке-жеке тоқталып өтелік.

Сапалық сын есімдердің заттануы. Сапалық сындар «жалпы сын есім деп аталатын сөз табының негізгі ұйытқысы болғандықтан да, сын есімге тән негізгі категориялық ерекшеліктер мен сипаттардың бәрі де сапалық сын есімдердің бойынан табылады» [4, 169]. Заттың түрлі қасиет-белгілерін білдіру сапалық сын есімдердің негізгі қызметі болса, кейде ол қызметінен уақытша ауытқып, сол белгілерге ие заттың атауы ретінде де тілде жиі қолданылады. Тілімізде кез келген сапалық сын есім қолданыста заттануға бейім тұрады. Олардың заттық мағыналары белгілі бір сөйлемдегі қолданыс аясынан анықталады да, ол мағыналары сол қолданыспен шектеліп отырады, одан тыс уақытта заттық мағына жойылады.

Заттық мағынада уақытша жүретін сапалық сын есімдердің ішінде осы мағынада жиі қолданылуының нәтижесінде жалпыхалықтық сипат алып кеткендері де, тек белгілі бір мәтін төңірегінде ғана заттық мәнді бере алатындары да, сөйлеу барысында бірден заттанып қолданылатындары да бар. Сапалық сын есімдердің кейбірі заттану барысында атау дәрежесіне жетпегенімен, олардың заттық мағынада қолданылулары жалпыға танылып кеткендіктен, сындық мағыналарымен қатар заттық мағыналарын да қабылдау тілдегі үйреншікті құбылысқа айналған. Мәселен*, үлкен, кіші, жақсы, жаман, жаяу, жат, соқыр, саңырау* тәрізді сөздерді атауға болады.

Мына мысалдардан олардың заттық мағыналары анық байқалады: Ол бір топ *үлкендермен* ел аралап, жолаушылап кеткен (М.Әуезов). Сақтықты *соқырдан*, кішілікті түйеден үйрен (Мақал). Ағайынмын деп отырып, *жаттан* бетер қастық етті (М.Әуезов). Алға тұрып қалған арбалар мен *жаяуларды* тез өткізіп жіберу керек (Ғ.М.).

Белгіленген сөздердің заттық мағыналарының көпшілікке кеңінен танылуының негізгі себебі мынада деп ойлаймыз: аталған сипаттағы сапалық

сын есімдерді заттық мағынада бірнеше рет қайталап қолдану оған кейінгі мағынаны тұрақтандырады. Сөйтіп, оның осы екінші мағынасының танылуына қолданыс жиілігі жағдай туғызады, бірақ аталған сөздердің бұл мағынасы жалпы көпшілікке танылғанымен, алғашқы мағынасынан толық қол үзбегендіктен, атау дәрежесіндегі жеке сөз, яғни, зат есім бола алмайды. Бұлар белгілі бір заттың атауы боларлық дәрежеге дейін заттанған жоқ, оларды заттанғанға дейінгі негізгі мағыналарында да (*үлкен кісі, жат адам, соқыр кісі, жаяу адам*) қолдануға болады.

«Кез келген сапалық сын есім белгілі бір қолданыста заттық мағынаны бере алғанымен, олардың бұл мағыналарының тілде таралуы, танылуы бірдей деңгейде болмайды. Мәселен, тілімізде кейбір сапалық сын есімдер белгілі бір мәтін төңірегінде ғана заттанып қолданылады да, сол мәтіннен тыс уақытта заттық мағыналары жойылады. Олардың заттық мағыналары сол мәтіннің басынан соңына дейін сақталады. Яғни, оның заттық мағынасы осы мәтін үшін тұрақты болып саналады. Бірақ бұған қарап оларды жалпыхалықтық сипаттағы заттану деп тануға болмайды, өйткені оның заттық мағынасын сол мәтінмен танысып отырған адам ғана қабылдайды, ал жалпы көпшілікке ол мағына танымал емес. Демек, заттанып отырған сын есім мәтінмен тығыз бірлікте болады. Мысалы: Үп-ұзын жалынның бір ұшы аспанда, бір ұшына «*қоңыр ала*» асылып қалғандай (Ғ.М.). Алдыңғы көк қырғи озып келген бойы жаудың «*қоңыр аласының*» тобына кіріп кетті (Ғ.М.). Көк қырғи үлкен бір «*қоңыр аланың*» соңына түсіп алып, өкшелеп келе жатыр еді, түтіні будақтаған «*қоңыр ала*» жерге қарай құйрығынан шашыла құлай берді (Ғ.М.).

Ғ.Мүсірепов өз шығармасының өн бойында ұшақ деген мәнді *қоңыр ала* күрделі сапалық сын есімін заттық мағынада қолдану арқылы беріп отырған. *Қоңыр аланың* бұл мағынасы (ұшақ деген) аталмыш мәтін төңірегінде ғана танылып, анықталады. Олай болса, аталған сөздің заттық мағынасы сол мәтін үшін тұрақты болады да, ол мәтіннен тыс уақытта оның ұшақ деген заттық мағынасы сақталмайды. Бұдан кейбір заттанған сын есімдердің заттық мағыналары мәтін ішінде ғана тұрақты болып, одан тыс уақытта ол мағыналарының жойылатындығы байқалады» [20].

Бір сапалық сын есімнің түрлі заттар мен құбылыстардың белгісі мен қасиетін білдіретіндігі белгілі. Мәселен, жақсы (*адам, өмір, кітап, уақыт, көйлек* т.б), жақын (*жер, ауыл, туыс, үй* т.б.), үлкен (*кісі, үміт, уақиға, бөлме, ыдыс, адам, үй, мектеп, кесе* т.б.). Ал аталған сын есімдер заттанып қолданылғанда, өздері анықтайтын зат есімдердің тек біреуінің заттық мағынасын иеленіп, соның орнында ғана жүруге қабілетті. Адам санасындағы ұғымдардың ассоциациясынан біреуі түрлі факторларға байланысты алдыңғы орынға шығып отырады. Көп ұғымның ішіндегі бір ұғымның уәжі күшті болады.

Мысалы: Шын *жақсыда* тарлық жоқ (Жыраулар поэзиясы). *Жақсыны* көзден салмаңыздар, *Жақсыдан* қапы қалмаңыздар (Ы.Алтынсарин). Қодар – *жақыны* жоқ, жалғыз үйлі Борсақ (М.Әуезов). Тілдерінен бал тамған, *Жақындарым*, келіпсің (Жамбыл). Кешегі Байсал бастаған барлық *үлкендер*

жиыны осы ауылдан тараған жоқ-ты (М.Әуезов). Ұлпан *үлкендерге* бұрылып, бір тізелеп сәлем етті (Ғ.М.).

Осы мысалдар көрсетіп тұрғандай, жақын сөзі «*жақын туыс*» мағынасын білдірсе, үлкен сын есімі заттанғанда «*үлкен кісі, адам*» мағынасын танытады. Ал осы сөздер арқылы анықталатын басқа зат есімдер бұл тұста мүлдем ескерілмейді, өйткені заттанған сөзде олардың мағынасы жоқ. Сол сияқты кәрі деген сын есімнің заттануын алайық. Өзінің негізгі сындық мағынасында ол «*кәрі мал, кәрі ағаш, кәрі адам, кәрі сиыр, кәрі жылқы, кәрі қой*» сынды тіркес құрамдарында кездесе береді. Ал бұл сөз заттанғанда, оның мағынасы тарылып, нақтыланады да, көбінесе адамға қатысты «*жасы жеткен, қартайған адам*» мағынасы ғана ұғынылады. Мына төмендегі мысалдар бұған айғақ: Қонақ жігіттер әуелі Сүйіндіктің үлкен үйіне кіріп, сондағы *кәрілерге* сәлем берді (М.Әуезов). Бұл *кәрілер* әсте сұрау салмайтын (М.Әуезов). Күлсең, *кәріге* күл (Мақал). Ілгері басатын жасты кері тартқан *кәрі* қайтарады (Мақал). *Кәріні* сыйлаймын деп ниет қылсаң, көрпені қалың сал да, майды тура (Шал ақын).

Бұл айтылғандардан аталған сөздің басқа мағынада заттануы тілде мүлдем кездеспейді деген қорытынды пікір жасауға болмайды. Мәселе заттанған сөз мағынасының тарылатындығында немесе нақтыланатындығында болып отыр. Яғни, жоғарыдағы сөйлемдердегі заттанған «*кәрі*» сөзінің «*кәрі мал, кәрі қой, кәрі сиыр, кәрі жылқы, кәрі ағаш*» тіркестерінің құрамындағы «*кәрі*» сөзіне еш қатысы жоқ болып шығады.

Кейде аталып отырған кәрі сөзі тілімізде белгілі бір қолданыста заттанып, «*кәрі мал*» мағынасында да жұмсалуы мүмкін. Төмендегі заттанып берілген арық сөзі туралы да осыны айтуға болады. Ол алғашқы сөйлемдерде «*арық мал*» заттық мәнін берсе, соңғы сөйлемде «кедей» ұғымында заттанып тұр. Мысалы: *Арықты* күтсең, тойынар, *Кәріні* күтсең, сойылар (Мақал). *Арықты* қыстай мінген қоя беріп, Бір айда құр аттай ғып ұстаушы едік (М.Жүсіпқожа). Бұрынғы өткен заманда тоқсан үйлі тобыр бар, Алпыс үйлі *арық* бар (Қамбар).

Демек, бұл айтылғандардан сын есімдер заттанғанда, жалпы сапаны білдірмей, осы сапаға, қасиетке ие нақты бір зат атауын ғана (адамды немесе жануарды, құбылыс атауын) білдіретіндігі анық болып отыр. Сын есім заттанғанда өзі анықтай алатын бірнеше зат есімнің біреуінің ғана заттық мағынасын қабылдайтындығы, соған сәйкес заттанған сөздің (сын есімнің) мағынасы нақты мәнге ие болатындығы байқалады. Олай болса, зат есімге ауысқан сын есімдердің мағыналары тарылады әрі нақтылана түседі.

Тілдегі заттанған сапалық сын есімдердің басым көпшілігі адамға қатысты қолданылады. Бұл тек қазақ тіліне ғана тән ерекшелік емес, тіл атаулының барлығына да ортақ ерекшелік болып табылады. Бұл жайында орыс тіліндегі заттанған сөздерді арнайы зерттеген ғалым И.Ф.Протченко былай дейді: «Прилагательное перешедшее в существительное, обозначает уже не общее свойство (качество) лица, а само лицо по его свойству (качеству) [131, 22].

Бұл пікірдің қазақ тіліндегі заттанып қолданылатын сын есімдерге де қатысы бар екені анық. Мысалы, *«жақсы адам», «жаман адам»* дегендердегі

жақсы, жаман сөздері сапаны білдіріп тұрса, олар заттанған кезде (*жақсымен* жолдас бол, *жаманға* жолама) сол сапа, қасиетке ие адам ұғымына ауысады. Демек, сын есім заттанғанда, сындық мағына жоғалып кетпейді, ол заттық мағынамен жымдасып, кірігіп кетеді. Заттанған сөздің бойынан әрі заттық, әрі сындық мағына қатар көрінеді. Бірақ сын мен сапа белгілері екінші орынға шығады да, заттық мағына белсенділік танытады.

Сапалық сын есімдердің ішінде көбіне адамға қатысты заттанып қолданылатын біраз сөздер бар. Мысалы**:** *үлкен, кіші, жақсы, жаман, жалқау, нашар, жат, жақын, арам, аш, тоқ, жалғыз, тентек, жуан, семіз, тапал, ұзын, қысқа, қара, ақсақ, таз, мылқау, момын, өлі, тірі, сараң, ақымақ, қорқақ* т.б. Аталған сын есімдер заттанғанда, түрлі сапа, белгілерді, адам бойындағы жетістік, кемшіліктерді ғана көрсетпейтіндігін, сол қасиет-белгілерге ие болып тұрған адам мәнін қоса беретіндігін жоғарыда айттық. Бұлардың ішінде бір сын есім сөздің өзі заттанғанда, іштей түрлі мағыналық реңктерге ие болатындығы, кейде бір сөз бірнеше мағынада заттанатындығы да тілімізге жат емес екендігі байқалады. Мысалы: *Үлкендер* бала мінезіне бір күліп, бір таңданып сүйсініп қалды (М.Әуезов). Бұрын *үлкендер* жинап алып, біреуге қисса оқытып, тыңдаушы еді (Ғ.Мүсірепов). Осы жиынға сәлем айтқан Зередей аналары екен. Сол кісідей *үлкендер* жіберіпті (М.Әуезов).

Осы мысалдардағы заттанып қолданылған үлкендер сөзі «*жасы үлкен кісі*» деген жалпы мағынадағы неғұрлым кең түсінікті білдірсе, келесі мысалдарда бұл сөздің заттық мағынасы жалпылама ұғымда қолданылмай, нақтылана түскен. Мысалы: Дәл қасында жүргенмен, мынау әкенің, мынау барлық *үлкеннің* қиын сырын сезбеген екен (М.Әуезов). Осы *үлкендердің* бұйрығын күтіп, қас-қабақтарына қарап жүрген жас жігіттердің ішінде Ербол да бар (М.Әуезов). *Үлкендер* тегі көпшілік құлақтанбасын деп, бүркеп ұстаған болу керек (М.Әуезов).

Осы сөйлемдердегі заттанған үлкендер сөзі алғашқы мысалдарда беріліп тұрған «*барлық жасы үлкен адам*» деген жалпы мағынасын сәл нақтылап, «*ел басқаратын әкімшілік қызметтегі жекелеген үлкен адамдар*» деген ұғымды білдіреді. Сол сияқты, аталған сын есім «*бір елдің, рудың ғана атақты, сыйлы, басты үлкен адамы*» деген мағыналық реңкте де заттанып қолданылады. Мысалы: Бұл рудың *үлкендері* осы түнде қырық-елудей жігіт-желеңді қастарына алып, өліктің артын күтетін қамға кірісті (М.Әуезов). Кісі көп емес, *үлкендері*: Байсал, Бөжей, Қаратай, Сүйіндік екен (М.Әуезов).

Осы тәріздес *жақсы* сөзі де заттанып, түрлі мағыналық реңктерде ұшырасады. Мына төмендегі мысалдарға назар аударалық: Шын *жақсының* ашуы бар, кегі жоқ (Ақылдың көзі). Көтергенмен кеудесін, *жақсыға* жаман теңелмес (Жыраулар поэзиясынан). Осы сөйлемдердегі жақсы сөзі заттанып, «*адамгершілік қасиеті мол, игі, ізгі адам*» деген жалпы мәнді білдіріп тұр.

Кейде жақсы сын есімі игі сөзімен тіркесе заттанып қолданылады да, осы аталған мәнде жүреді. Мысалы: Сексен жылқы сегіз ауылдың *игі жақсысын* сатып алуға жарайды (І.Есенберлин). Осы елдің *игі жақсылары* оның оңы мен

солын ала, қақ жарыла отырысты (Ә.Нұрпейісов). Мына Қарашоқыда елдің *игі жақсысы* жиналып отыр (М.Әуезов).

«Игі» сөзінің ертеректе (XY-XYII ғғ.) «жақсы» сөзінің синонимі ретінде актив қолданылғандығын, қазір бұл тұлғаның тек адамға қатысты сөздермен тіркесуге бейім екендігін профессор Р.Сыздықова атап өтеді [99, 112].

Ал мына келесі сөйлемдерде *жақсы* сөзі заттанып, «*елдің белді жуаны ақсүйек*» деген екінші бір мағыналық реңк алған. Мысалы: Болыс үйінде *жақсылардың* бастары жиі қауышатын боп жүрген-ді (Ә.Нұрпейісов). Шөмекейлердің де *жақсыларын* шақырған абзал (І.Есенберлин).

Беріліп отырған мысалдар бір сын есімнің өзі түрлі мағыналық реңктерде заттанып қолданылатындығын байқатады.

Сонымен бірге тілімізде заттанып, жоғарыда аталған мәнде қолданылатын *қасқа, жайсаң* деген сөздер де бар. Олар да заттанып, «*елдің игі жақсы адамдары, ақсүйектер, әкімшілік қызметтегі ел билеушілер*» мәндерінде жұмсалады. Мысалы: Мұндай *жайсаңдарының* көп болғанына құдайға шүкір (С.Жүнісов). Егер шындап өнер қуам десең, ел арала, жақсылармен жолық, *жайсаңдармен* жүздес (Б.Нұржекеев). Абылайды *қасқа* мен *жайсаңдарының* шешімі бойынша қазаққа хан сайлағанын толғағанда, екі көзі жайнап кетті (І.Есенберлин).

Демек, жақсы, игі, жайсаң, қасқа сын есімдері «*адамгершілігі, ізгілік қасиеті мол, жаны жайсаң адам*» деген мәнде де, «*ескі ауылдың белді жуаны, ақсүйек*» деген мәнде де заттанып келіп, бір-біріне синоним бола алады. Ал игі жақсы, қасқалар мен жайсаңдар болып бір-бірімен тіркесе келсе, экспрессивтік, эмоциялық бояуы басымдау болып келеді де, стильдік қызметі арта түседі.

Кейбір қолданыстарда жақсы сөзі заттанып, жалпыға танымал адам мағынасында емес, басқа бір зат ұғымында жұмсалады. Оны мына мысалдардан байқаймыз: Енді бір құлқын жолына бар *жақсыны* тәркі етіп отырыс мынау (А.Байтанаев). Елдос түсінігінде ие *жақсының* игілігі де ұзақ болса керек еді (А.Байтанаев). Жаман айтпай *жақсы* жоқ (Мәтел).

Осы сөйлемдердегі жақсы сөзінің заттық мағыналары абстракты ұғымды білдіреді. Мәселен, алғашқы сөйлемдердегі жақсыны – «*арын, намысын, ұятын*» деген мәндерді білдірсе, екінші сөйлемдегі жақсының – «*жақсы істің, әрекеттің*» деген мағынаны білдіріп тұр. Ал, үшінші сөйлемдегі заттанған жақсы сөзінде жалпы абстракты мәндегі «*жақсылық*» деген ұғым жатыр. Ендеше, сөйлеу тілімізде бір сын есімнің өзі заттана келіп, деректі, дерексіз зат есімнің қызметінде жүре беретіндігін байқауға болады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардан жақсы, игі, жайсаң, қасқа сын есімдерінің заттанып келіп, үш түрлі мағынада жұмсалатындығына көз жеткіздік. Оларды жинақтасақ, мынадай:

1)Адамгершілік қасиеті мол, ізгі адам;

2)Ескі ауылдың белді жуаны, ақсүйек;

3)Деректі не дерексіз ұғымдардағы жақсы бір зат, нәрсе.

Алғашқы мағынадағы заттанған сөздер тілімізде молынан ұшырасса, екінші мағынадағылар Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қолданылған және сол

кезеңді суреттейтін көркем әдебиет тілінде кездеседі. Ал үшінші мағынадағы заттанулар тілімізде сирек ұшырасады, көбіне ауызекі стильде, белгілі бір мәтін төңірегінде ғана кездеседі. Олай болса, бұл мысалдар арқылы бір сынның заттана отырып, бірнеше мағыналық реңктерде жұмсала алатындығын байқаймыз. Түрлі мағыналық реңкте заттанған сөздердің қолданыстық мағыналары ұлттық танымен, экспрессивтік, эмоционалдық ерекшеліктермен байланысты болып келеді. Бұл тәрізді сөздер қордың белсенді элементі қызметінде танылады.

Сапалық сын есімдердің қолданыс ерекшелігіне қарай әртүрлі мағынада заттанып жұмсалуы қазақ тілінде жиі байқалады. Бір ғана сөздің әр контексте әрқилы заттық ұғымды білдіруі оның семантикалық мүмкіндігінің кеңдігін көрсетеді. Мәселен, арам сөзі түрлі мағынада қолданылып, әртүрлі заттық мәнге ие бола алады. Бір жағдайда ол адамға қатысты айтылып, «жаман ниетті, сұм адам» деген ұғымды білдіреді: Адасқанның алды жөн, арты соқпақ, оларға жөн арамның сөзін ұқпақ (Абай). Ал екінші бір қолданыста арам сөзі «еңбексіз табылған дүние, мал-мүлік» мағынасында жұмсалады: Адал дүние араммен ешқашан да былғанбайды (Т. Әлжантегі). Осы мысалдардан бір сөздің бірде адамға, бірде затқа қатысты айтылып, әртүрлі ұғымды білдіретінін көреміз. Дегенмен екі жағдайда да сөздің бағалауыш сипаты сақталып, мағыналық өзегі жоғалмайды.

Сол сияқты кейбір сын есімдер әртүрлі мағынада заттанып, әрқилы ұғымдарды білдіреді. Мәселен, бұралқы сөзі де контекске қарай бірнеше мағынада қолданылады: Бұралқы – «қаңғыған, иесіз ит» мағынасында: Бұралқы иттер ауыл маңын торып жүр (сөйлеу тілінен). Бұралқы – «қисық, астарлы, кейде күлдіргі мәндегі сөз» мағынасында: Оның сөз арасында айтқан бұралқылары жұртты бір күлдіріп алды (ауызекі қолданыс). Бұл мысалдарда бұралқы сөзі бірде нақты жануар атауын білдірсе, екінші жағдайда сөздің сипатына қатысты қолданылып, абстрактілі ұғымды білдіреді. Яғни сөздің бастапқы «тұрақсыз, ауытқыған» деген жалпы мағыналық өзегі сақталып, әртүрлі бағытта дамып отырғаны байқалады.

Сапалық сын есімдердің көпмағыналылық қасиетіне байланысты әртүрлі бағытта заттанып қолданылуы бойдақ сөзінен де айқын көрінеді. Бұл сөз контекске қарай бірнеше заттық ұғымды білдіре алады: бойдақ – «үйленбеген, салт басты ер адам» мағынасында: «Бойдақ болып жүре бересің бе?» (сөйлеу тілінен)». Бойдақ – «төл бермеген, қысыр мал» мағынасында: Бойдақ малды бөлек қамады (шаруашылық тілінен). Бойдақ – «тарттырылған еркек қой» мағынасында: Қорада бірнеше бойдақ жүр (мал шаруашылығы қолданысынан). Бұл мысалдарда бойдақ сөзі әртүрлі семантикалық өрісте жұмсалып, бірде адамға, бірде малға қатысты заттық ұғымды білдіреді. Дегенмен барлық қолданыстарда «жұпсыз, ұрық бермейтін, дара» деген ортақ мағыналық өзек сақталып отырады.

Демек, бұл мысалдардан тіліміздегі сын есімдердің қолданыста бір емес, бірнеше мағынада заттана алатындықтары, олардың ол мағыналарының кейбірі жалпыхалықтық сипатта келсе, енді бірі жеке авторлық қолданыс аясында ғана

анықталатындықтары байқалды. Алғашқы мағыналары негізгі болса, кейінгілері содан өрбіген, түрлі жағдайға байланысты өз бойынан туындаған қисынды, уәжді дамыған ауыспалы мағыналары болып табылады. Олай болса, бір сөз бойына бірнеше заттық мағынаны жинақтауы мүмкін. Бұл – заттанудың коммуникативтік қызметі.

Қазақ тілінде заттану құбылысы тек сын есімдермен шектелмей, етістік негізді тұлғалар арқылы да жүзеге асады. Соның бірі – *бүлдірген* сөзі. Бүлдірген тұлғасы бастапқыда бүлдіру етістігінен жасалған есімше формасы болып табылады. Тілдік қолданыста бұл сөз екі түрлі бағытта дамыған. Біріншіден, ол толық заттанып, белгілі бір өсімдік атауын білдіретін дербес номинативтік бірлікке айналған (бүлдірген теру). Бұл жағдайда сөз өзінің бастапқы қимылдық мағынасынан алшақтап, атау ретінде қалыптасқан. Екіншіден, бүлдірген сөзі есімшелік мағынасын сақтай отырып, «бүлінген, жарамсыз күйге түскен нәрсе» деген ұғымда да жұмсалады (баланың бүлдіргенін тастау керек). Бұл қолданыста сөз толық заттанбай, контекстке байланысты заттық мәнге ие болады, яғни оның қимылдық негізі сақталып тұрады. Осылайша бүлдірген сөзі бір жағынан толық лексикалану нәтижесінде зат атауына айналса, екінші жағынан есімшелік табиғатын сақтай отырып, контекстік заттанудың үлгісін көрсетеді.

Қазақ тілінде заттану құбылысы сан есімдерге де тән. Белгілі бір контексте сан есімдер дербес қолданылып, зат есімнің қызметін атқара алады. Мұндай қолданыстарда сан есімнің бастапқы есептік мағынасы сақталғанымен, ол нақты заттың немесе құбылыстың атауын алмастырып, жалпыланған ұғымды білдіреді. Мәселен, «Білгенім – бір тоғыз, білмейтінім – тоқсан тоғыз» деген қолданыста бір тоғыз және тоқсан тоғыз тіркестері нақты сандық мәннен гөрі жалпылама мөлшерлік ұғымды білдіреді. Мұнда сан есімдер белгілі бір білім көлемін, яғни «аз» және «көп» деген қарама-қарсы ұғымдарды білдіру үшін жұмсалып тұр. Бұл жағдайда сан есімдердің заттануы метафоралық жалпылау негізінде жүзеге асады. Нақты сан атаулары абстрактілі ұғымдарды білдіруге көшіп, дербес заттық мағынаға ие болады. Сонымен қатар сөйлем құрамында білім сөзі түсіріліп, оның мағыналық жүктемесі сан есімдерге ауысқан.

Қазақ тілінде кейбір сапалық сын есімдердің заттанып келіп, образдық – бейнелік мағынаны беретін мүмкіндіктері де бар. Ондай сын есімдер метафоралық не метонимиялық тұлғада келіп барып, заттық мағынада жұмсалады. Мына бір мысалдарға назар аударалық: Күрең құнаншығардың таңдамалы *жылы-жұмсағы* ас үйге қарай әкетілді (М.Әуезов). *Соқырға* жан-тәнімен басын ұрып, *Көздісін* көшір қылып отқа жаққан (С.Торайғыров).

Алғашқы сөйлемдегі *жылы және жұмсақ* сын есімдері қосарласа келіп, өздерінің негізгі сындық мағынасынан ауытқып, «*ең дәмді, тәтті*» деген қосымша сындық мағынаны иеленіп барып, осы соңғы мағынасында заттанып тұр. Жалпы сөйлеу тілімізде «*жылы-жұмсақ*» сөзі «*ең тәтті, дәмді ас, сақталған сыйлы сыбаға*» деген ауыс мағынада жиі қолданылады. Сондықтан

да оның бұл мағынасы осы тілді меңгерген, сөздің ішкі мағыналық реңкін түсінген кез келген адам үшін жат емес.

Келесі өлең жолдарындағы заттанып тұрған сөздер – соқырға және көздісін. Бұл сын есімдер де өзінің алғашқы номинативтік мағынасында заттанып тұрған жоқ. *Оқымаған, қараңғы, көзі сау болғанымен, көкірегі соқыр* адамды да «*соқыр*» деп ауыспалы мағынада қолдану тілімізде дағдылы құбылысқа айналып кеткен. Осы сөйлемдегі заттанып тұрған соқырға сөзінің мағынасы мен «*соқырға таяқ ұстатқандай*» дегендегі заттанып қолданылған соқырға сөзінің мағынасы бір емес. Өлең жолдарында ол жоғарыда аталған ауыспалы мағынада тұрып заттанса, екінші сөйлемде «*көзі көрмейтін*» деген номинативті мағына негізінде сындық мәнін жоймай заттанып тұр. Демек, бұл сөздердің заттануы сырт қарағанда ұқсас болғанымен, беретін заттық мағыналары бірдей емес. Бұған қарап, ауыспалы мағынада қолданылған сын есімдер үнемі заттық мағынаны береді екен деген ой тумауы керек. Мәселен, «*соқыр сезім, соқыр махаббат*» деген тіркестердегі *соқыр* сөзі де метафораланып, ауыс мағынада жұмсалып тұр. Бірақ бұл жерде ешқандай заттық мағына жоқ.

Сол сияқты «*көзі ашық*» деген қолданыстың да беретін мағынасы көпшілікке танымал. Ол – *оқыған, білім алған, хат танитын* деген ауыспалы мағына. Міне, дәл осы мағынаны жоғарыда С.Торайғыров көзді сын есімі арқылы берген. Бұл тұста ол өзінің «*көзі бар*» деген тура мағынасынан ауытқып, ауыспалы мағынаны білдіріп тұр және осы екінші мағынада заттанып тұр.

Мына салыстырыла берілген мысалдардағы заттанған сын есімдерден де ауыспалы мәнді байқауға болады. Мысалы: Шөпті қораға төктір, *арық-тұрақ*қа сақ бол (Ж.Тілеков). ...Солардың жұртында қалған *арық-тұрақтар* бірін-бірі қара тартып, «Жаман өзенге» құйылып жатыр (С.Талжанов).

Алғашқы сөйлемдегі белгіленген сын есім «*арық-тұрақ мал*» деген мәнде заттанса, екінші сөйлемде ол ауыспалы сипат алып, «*жарлы-жақыбай, кедей*» деген мәнде заттанған.

Осы тәріздес мына төмендегі мысалдардағы белгіленіп тұрған сын есімдер де ауыспалы мағынада тұрып, заттанып қолданылған. Іштегі *кірді* қашырса, Адамның хикмет кеудесі (Абай). Ділдә жарық жағып, Күлбаданды қолына алды (М.Әуезов). Алғашқы мысалдағы кір сөзі метафоралық жолмен «*жамандық*» деген мағынаға ауысып барып заттанса, келесі сөйлемдегі жарық сөзі «*шам*» деген, заттық мағынаны метонимиялап барып беріп тұр. Бұдан тілдегі сын есім сөздің ауыс мағынасынан да заттану жасалатынын және олар жалпыхалықтық сипатта қолданылатындығын байқауға болады. Осыған орай, заттанған сын есімдерді *негізгі мағынасында тұрып заттанғандар және ауыспалы мағынада тұрып, қолданыста заттанған* деп бөлуге болады. Ауыспалы мағынада келіп заттанған сын есімдер тілімізде көп емес.

Заттың сыры мен сапасын, түрлі қасиет-белгілерін білдіретін сапалық сын есімдермен бірге заттануға өте бейім келетіндері – түр-түсті білдіретін сапалық сындар. Бұлар да заттанып, әр түрлі заттық мәндерде жұмсалады. Мәселен,

қара, көк, қызыл, сары ала сын есімдерінің түрлі мағынада заттанулары кездессе, торы, жирен, күрең, шабдар сынды сын есімдер көбінесе жылқыға байланысты заттанып қолданылатындығын байқадық. Мысалы*: Қызылдардың* келе жатқанын естіген Итбай тұқымдарында үрей жоқ екен (С.Мұқанов). Ақ қашып, *қызыл* келіп жатыр (Ж.Жұмақанов).

Осы сөйлемдердегі заттанып қолданылған қызыл сөзі «*қызыл армия тобындағы әскер*» мәнін беретін саяси терминге айналып кетсе, мына сөйлемдерде басқа мағынада заттанып тұр: Ақаусыз бетінде мөлдіреген тұтас *қызылы* бар (М.Әуезов). Бұрын қара болушы еді, бетінің *қызылы* да бар еді (М.Әуезов).

Осы мысалдардағы *қызыл* сөзі «*бетінің қызыл шырайы*» мәнінде жұмсалып тұрса, төмендегі сөйлемде бұл сөз заттанып, «*ет*» мағынасын беріп тұр: Арқаның аңқау батырлары *қызыл* тастап итті алдағандай, осы бір кәделі сый-құрметтерімен өздерінің түпкі ойын өткізіп кетпек болған (І.Есенберлин).

Сол сияқты мына келесі сөйлемдерде ақ сын есімі түрлі мағынада заттанып қолданылған. Мысалы: *Ақтардың* сыры белгілі болды (С.Жүнісов). Сен ебін тап та, *ақтардан* сытыл (С.Мұқанов). *Ақтар* бұрынғы тәртіпті қайта орнатқысы келеді (С.Жүнісов).

Осы мысалдардағы *ақ* сөзінің «*кеңес үкіметіне қарсы күрескен дұшпан тобы, ақ әскер*» деген мағынасы тілде әбден танылып, орныгып қалған. Бірақ, соған қарамастан, қазіргі тілімізде бұл сөздің осы мағынада қолданылуы пассивтеніп кеткен, тек сол кезеңдегі оқиғаларға байланысты деректер мен сол дәуірді суреттейтін көркем туындыларда ғана осы аталған заттық мағынада қолданылады.

Ақ сөзі мына келесі сөйлемдерде «*ақиқат, шындық*» деген басқа бір заттық мағынада жұмсалған: Ризамын елге, *аққа* жақ ел байғұс келіп қалыпты, ризамын бәріне де (Ғ.Мүсірепов). *Аққа* жаққан шырақты ақылсыз үрлеп өшіре алмайды (Мақал).

Ақ сөзінің бұл мағынасы да жалпыға танылып кеткен, қазіргі сөйлеу тілімізде де осы мағынада жиі кездеседі. Аталмыш сөздің бұл мағынасының таралуына тілдегі анология құбылысының әсері бар. Ақты – *тазалықтың, пәктіктің, шындықтың, ақиқаттың* символы, қараны – *зұлымдық пен қара ниеттің, жалпы жамандық атаулының* символы ретінде тану қай халықта да бар. Ал мына келесі мысалдағы ақ сөзінің заттық мән алуына аталып отырған *сусынның (сүттің)* түсі негіз болған. Яғни, заттың түсі сол заттың өзімен алмастырылып, метономияға айналған да, «*сүттен жасалған тағам*» деген заттық мағынаны иеленген. Мысалы: Көктем шығып, ел *аққа* ілікті (М.Әуезов). Жайлауға барып, *ақ* ішіп жатқанға не жетсін (Т.Әлжантегі).

Осы тәріздес сөйлемдердегі ақ сөзінің аталып отырған заттық мағыналарының тілде танылуына, орныгуына себеп болып тұрған – сөздің ауыспалы мағынада қолданылуы. Демек, бұдан сөзді екінші бір ауыспалы мағынада қолданудың да тілдегі заттанулардың пайда болуына азды-көпті ықпалы бар екендігін, яғни, сөздің ішкі мағыналық жағынан дамуы нәтижесінде

тілде сын есімдер заттанып қолданылатындығын және бұның түр-түсті білдіретін сын есімдерге де қатысты екендігін байқауға болады.

Олардың белгілі бір тілдік заңдылықтар жолымен дамып, мағыналық-семантикалық өрбуі негізінде туындаған атаулар атау, таңбалық-символдар ретінде ұлттың танымы, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, салт-дәстүрі, рухани-мәдени өмірімен тығыз байланысты. Соның нәтижесінде қолданыстық қызмет атқарып, белгілі кеңістікте коммуникативті-прагматикалық қызмет атқарады. Осындай атаулар ұғым, мағына жағынан *символдық мәнге* ие болған атаулар белгілі бір дәрежеде халық танымындағы дүниенің тілдік бейнесін танытады.

Қазақ халқының мәдени-рухани әлемінде ақтың антонимі ретінде *қара* түс қолданылып, *ақ-қара* қарама-қарсы жүйесін құрайды. Сонымен бірге *ақ – күннің, қара – түннің* символдық белгісі. Қазақ тілінде *қара* сөзінің ең негізгі түстік номинативтік мағынасы көптеген ауыс, символдық мағыналарының пайда болуына ұйытқы болған. Түстік, сындық мағына беретін қара сөзінің неліктен түс атауына қатыссыз мағынаға ие болғанын қазіргі синхрондық тілдік тұрғыдан әрине қиындық тудыратын тұстары бар. Сөздің жаңа мағынаға ие болуы, оның белгілі бір жағдаятта немесе мәтінде жаңа қолданысқа түсуі, функционалды-прагматикалық қызмет атқаруы, тіл иесінің жұмсалым мақсатымен тығыз байланысты. Б.Қасымның «Заттың, құбылыстың атауы жасалғанда сол нақтылы сөздің (атаудың) мағынасы ескеріледі, нақтырақ айтқанда, негізгі номинативтік мағына – сигнификат, затты бейнелеудегі маңызды белгісі немесе талданған сөздің нақтылы тура мағынасы қатысады», - деген пікірі орынды [132, 67].

Жоғарыда айтылғандардан кейбір сын есім сөздер қолданыста бірнеше мағынада заттанып келетіндігін байқау қиын емес. Заттанып тұрған сөздің бір мағынасы көпшілікке кеңінен танылып жатса, енді бірі мәтінмен тікелей байланысты болып тұрады.

Тілімізде түр-түсті білдіретін сын есімдердің ішінде үнемі жылқыға қатысты заттанып келетін *күрең, торы, жирен, баран, қылаң* сын есімдері бар. Бұл сын есімдердің басқа мағынада заттанып қолданылуы кездесе қоймайды. Осылар тәріздес жылқының түр-түсін білдіретін сын есімдердің заттануға өте бейім келетіндігін Қ.Жұбанов өз еңбегінде атап өткен. Автор кез келген түр-түсті білдіретін сын есімнің жылқыға қатысты қолданылғанда мүлдем басқа мағынаға ие болып, заттанып қолданылатындығын дұрыс аңғартқан және қазақ тіліндегі сын есімдердің барлығы дерлік анықталатын сөзі түсіп қалса, заттануға бейім тұратындығын да айтқан. Қ.Жұбанов аталған сын есімдердің заттану ерекшелігін былайша түсіндіреді: «...но подобное положение обычные прилагательные занимают лишь в форме косвенных падежей, в то время как прилагательные, специфичные для лошадиных цветов, способны субстантивироваться и без этого. Слова торы (гнедой) и күрең следует в таких случаях понимать не как прилагательные, а как эквиваленты русских существительных: гнедко, сивка и пр.» [2, 39]. Сонымен бірге, автор «торы» сын есімінің ұйғыр-шағатай тілінде toruf, torif, id формаларында бірінші *ат* деген ұғымды бергендігін, Қашқари сөздігінде де toruf арабтан аударғанда *ат*

ұғымында қолданылғандығында да ескерте кетеді [2, 44]. Бұл деректерден аталмыш сөздердің жылқыға қатысты заттанып қолданылуы жалғыз қазақ тіліне ғана тән ерекшелік емес екендігі аңғарылады.

Торы, күрең, жирен, баран, қылаң сын есімдері қазақ тілінде үнемі жылқының түр-түсіне байланысты қолданылғандықтан, «*ат немесе жылқы*» деген анықталушы зат есім сөздің қолданыста артықтығы байқалып, түсіріліп қолданылатын болған. Өйткені жоғарыдағы түр-түстерді атағанда, оның жылқы малына қатысты екендігі тілде онсыз да танылып тұр. Сондықтан да түсіп қалған сөз заттық мағынаның танылуына еш кедергі болмайды, керісінше оның жаңа формасының кеңірек танылуына, таралуына жол ашқан. Мысалы: Күлдір-күлдір кісінетіп, *күреңді* мінген жиырма бес (Бұқар). Жиырма мың *қылаңым мен бараным* бар (І.Есенберлин). Қара терге малынған *торының* үсті-басы ақ қайран (С.Жүнісов). Сумаңдаған *жиренді* қатты қамшылап, екпіндетіп соқтырта түседі (М.Әуезов).

Осы мысалдардағы баран, қылаң, күрең, торы, жирен сын есімдерінің барлығы да заттанып, сол түр-түске ие жылқы, ат ұғымында тұр. Демек, сын есім үнемі бір зат есім сөзді анықтап, үнемі сол сөзбен ғана тұрақты тіркесіп қолданылып отырса, анықталушы сөздің түсіп қалуына ықпал жасайтындығы байқалады.

Тілімізде антонимдес сын есімдер көбіне қосарлана келіп заттанады. Заттық мағынада үнемі қосарланып қолданылатын мынадай сын есімдер бар: үлкен-кіші, кәрі-жас, аш-тоқ, жат-жақын, алыс-жақын (туыс). Кейде авторлық жеке қолданыстарда тілде қалыптасқан, жалпыхалықтық сипат алған қос сөз компоненттерінің орындары ауысып, немесе басқа бір синоним сөзбен алмасып жас-үлкен (*үлкен-кішінің орнына*), жас-кәрі (*кәрі-жастың орнына*) болып қолданылатындары да кездеседі. Мысалы: ... Аңдыздап ат қойып, ағылып кеп, төгіліп түсіп, жыласып жатқан әйел-еркек, *жас-кәрінің* ұшы-қиыры жоқ (М.Әуезов). Елге қайтудың хабары бұл топтың *жас-үлкенін* тегіс сергітіп, қуантқан еді (М.Әуезов).

Тілімізде *үлкен, кіші, кәрі, жас, алыс, жақын* сын есімдерін заттық мағынада қолдану қаншалықты үйреншікті құбылыс болғанымен, сөйлемге қатыссыз, жеке тұрғанда олардың заттық мағыналары танылмайды, заттық мағыналары контексте, сөйлем ішінде, белгілі бір мәтінде нақтыланады. Ал егер олар қосарланып келсе, заттық мағынасы сөйлемге қатыссыз бірден танила береді. Демек, жоғарыда аталған сын есімдер қосарлана қолданылса, заттық мағыналары анық байқалады. Мысалы, *үлкен, кіші* десек, оның затқа қатысты екендігін, адамға қатысты екендігін контекссіз аңғару мүмкін емес. Ал *үлкен-кіші* деп қосарлап қолдансақ, оның заттық мағынасы (*үлкен-кіші адамдар*) бірден ойға оралады. Сол сияқты, жат, жақын дегеннен гөрі «*жат-жақынның*», кәрі, жас дегеннен гөрі «*кәрі-жастың*» заттық мағыналары айқын, бұдан ол бірден ұғынылады. Антонимдес сын есімдердің қосарланып келіп, заттық мағынада жұмсалуы тілден кең орын алып, тұрақты қолданымдық сипатқа ие болған. Мысалы, Тыста да, отауда да Абайды көрген *үлкен-кіші* жылы сөйлейді (М.Әуезов). Бөгде кісілерді тамашалау, елдерінің жайын білу,

хабар-ошарын есіту *үлкен-кішінің* бәріне де қарыз сияқты (М.Әуезов). Жат сыбысты естігенмен, дәл мұндай болар деген ой топтағы *кәрі-жастың* ешқайсысында да жоқ еді (М.Әуезов). Баурайында туып-өскен таудың есімі құлақтарына ыстық естіліп, *үлкен-кіші* тынып тыңдады (Н.Нұржекеев).

Қазақ тіліндегі бірталай сын есімдер өзінің антоним сыңарларымен қоса заттанып қолданылуға да бейім. Бұндай антонимдес заттанулар, әсіресе мақал-мәтелдерде, нақыл сөздерде, жұмбақтарда көптеп кездеседі. Мысалы: *Жақсы* қиынды жеңер, *жаман* басын иер (Мақал). *Үлкенді* үйретсең, *кіші* өзі үйренеді (Мақал). *Аштың* ақылы болмас, *тоқтың* қайғысы болмас (Мақал). *Ақымақтың* ақылы білегінде, *ақылдының* ақылы жүрегінде (Мақал). *Арамнан* алған түйеден, *адалдан* алған ешкі артық (Мақал).

Осы мысалдарды бере отырып, тағы бір байқағанымыз: мақал-мәтелдердің құрамында заттанып қолданылған антонимдес сын есімдердің барлығы дерлік адамға қатысты болып келетіндігі. Ал, жұмбақтарда заттанып келген сын есімдерде олай емес, онда ол жасырылған нәрсенің жанды, жансыздығымен тікелей байланысты болып отырады. Мысалы: *Тіріден* өлі туады, *Өліден* тірі туады (Жұмыртқа мен балапан). *Жанды* ұрады, *Жансыз* жарады (Балта). *Жансыз*, өзі жүрмейді, *Жанды* оны сүйрейді (Арба). Кейде жұмбақтарда сын есімдер ауыспалы мәнде келіп заттанады. Мысалы: Сүңгіп батып, сүңгіп батып бұл *мықты*, бүтіндей жыртықты (Ине). *Ызақор* бұғып жатыр, Сақалын тығып жатыр (Пияз).

Инені жасыратын жұмбақта оны *мықты* деп ауыспалы мәнде қолданылса, пиязды жасыратын жұмбақта оның қасиеті *ызақор* сөзі арқылы алмастырылып, метафоралық жолмен заттанып тұр.

Демек, тілімізде белігілі бір сын есімнің антоним сыңарымен қатар келіп заттануы да, антонимдердің қосарланып келіп заттануыда үнемі кездесіп отыратын үйреншікті құбылыс екендігі байқалады. Сонымен бірге тілімізде мәндес сыңарлардан қосарланған сын есімдердің де *(жақын-жуық*), бір сыңары мағынасыз қосарлама сын есімдердің де заттанып қолданулары (*жаман-жәутік, арық-тұрақ*) кездесіп қалады.

Қосарланып келіп заттанған сын есімдердің ішінде антонимдес сын есімдердің қосарлана заттануы жиі ұшырасады. Антонимдердің контексте жұптаса заттануы – сын есімнің заттануының ерекше бір белгісі болып табылады. Антонимдік бірліктің мұндай кең мағынаға ие болуының өзіндік сипаты бар. Олар контексте лексикалық мағынасын сақтай отырып заттануымен қатар, бір-бірімен жұптасу арқылы қосымша мәнге ие болып, белгілі бір сындық сапаны иемденуге қабілетті не қабілетсіз затты (адамды) салыстыра немесе топтастыра көрсетеді. Антонимдес заттанулардың экспрессивтік, эмоциялық бояуы да басымдау болып келеді.

Күрделі сын есім заттанулар қосарланған тұлғада ғана ұшыраспайды. Сонымен бірге тілімізде үнемі зат есім сөзбен тіркесіп келіп, ажырамас бі күрделі тұтастық ретінде заттанып қолданылатын сын есімдер де бар. Мысалы: *Аузы жаман* елді былғар, *аяғы жаман* төрді былғар (Мақал). *Жолдасы жақсы*

жауға алдырмайды (Мақал). *Білегі жуан* бірді жығады (Мақал). *Атасы жаман* алғанын жамандайды, *туысы жаман* туғанын жамандайды (Мақал).

Осы мысалдардағы *аузы жаман, жолдасы жақсы, білегі жуан, атасы жаман, туысы жаман, қолы ұзын* дегендер - күрделі заттанулар. Бұлардың барлығының да заттануына ықпал етуші – «адам» сөзінің қолданыста ықшамдалып, түсіп қалуы (*аузы жаман адам, аяғы жаман адам*). Байқап отырғанымыздай, күрделенген заттанулар көбіне мақал-мәтелдердің құрамында кездеседі. Демек, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін аз сөзбен жеткізу үшін зат есімді ықшамдап қолдану қажеттілігі байқалған. Оның мағынасы сын есімге жылысқан да, зат есім қолданыстан түсіп қалған. Бұндай заттанудың кейбірі ауыспалы мағынада келеді. Мысалы, *аузы жаман – өсекші адам* деген мәнді білдірсе, *қолы ұзын – таныс-тамыры көп, өрісі кең адам* деген мағынаны білдіреді. Бұл мағыналардың танылуы қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерімен, ұлттық танымымен, түсінігімен астасып жатыр.

Демек, жоғарыдағы сапалық сын есімдерге қатысты айтылғандарды қысқаша түйіндер болсақ, сапалық сындардың заттану мүмкіншілігінің мол екендігін, олардың түрлі мағынада келіп заттанатындығын танимыз.

Сапалық сындардың ішінде жалпы сапа белгілерімен қатар, түр-түстік, дәмдік белгілер, адамның түрлі қасиетін білдіретін сөздер заттануға бейім тұратындығы байқалды. Олардың барлығы да мағынаның уәжді, уәжсіз дамуымен сабақтасып келеді. Заттанған барлық сапалық сындар прагматикалық, бағалауыштық қызметте жүреді. Себебі кез келген сын есім сөздің заттық мағынаға көшуінің өзі осы белгілермен астасып жатады.

Қатыстық сын есімдердің қолданыста заттануы. Тілімізде сапалық сын есімдермен қатар қатыстық сын есімдердің де заттанып қолданылуы жиі кездеседі. Қатыстық сын есімдерге тән қасиет – олардың морфологиялық көрсеткіштер арқылы басқа сөз таптарынан жасалуы және өздері жасалған түбір сөздің мағынасымен байланысып, оған тікелей қатысты болып келуі. Қатыстық сын есімдер осы қасиетін сақтай отырып заттанады. Мына мысалдарға назар аударалық: *Ақылды* мақтанса, істі тындырар (Мақал). Өгізді оқалақ оздырар, *естіні* ой оздырар (Мақал). *Аттылардың* қалың ортасын ала Құнанбай келеді (М.Әуезов).

Осы сөйлемдердегі *ақылды, есті, атты* деген сын есімдердің заттануы «адам» сөзінің ықшамдалып қолданылуының нәтижесінде болып тұрғандығы анық байқалады. Қараңыз: *ақылды адам – ақылды, есті адамды – естіні, аттылардың – атты адамдардың*. Қатыстық сын есімдер мен сапалық сын есімдердің заттану жолында айырмашылық жоқ. Яғни, бұлар да сапалық сын есімдер тәрізді тілдегі үнем заңының әсерінен заттанады.

Қатыстық сын есімдер өздері жасалған түбір сөздің мағынасымен және өздерінің қатысы бар белгілі бір жанды-жансыз затпен байланыста болғандықтан, олар заттануға бейім тұрады.

Қандай морфологиялық көрсеткіштегі қатыстық сын есімдер заттануға бейім тұрады деген сұрақ төңірегінде ізденіс жасалды. Осы орайда, *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті, -сыз, -сіз* жұрнақтары арқылы жасалған қатыстық сын есімдердің

қолданыста жиі заттанатындығын тілдік деректер дәлелдей түседі. Бұлар негізінен есімдерден қатыстық сын есім жасайтын өнімді жұрнақтар деп танылып жүр. Бұл жұрнақтардың қос қызметтілігі және олардан пайда болған жаңа туылымдардың заттанып қолданылатындығы туралы К.Шаяхметовтің мақаласында сөз болған [133, 72-95]. Мағынасы жағынан антонимдес жұрнақтар болғандықтан, бұл тұлғада тұрып заттанған сын есімдер де көбінесе антонимдес жұпта жұмсалады. Олар да тілімізде мақал-мәтелдерде молынан кездеседі және түрлі экспрессивті қызметте жүреді. Мысалы: *Қайғысыздан* сақ бол *қайғылыға* жақ бол (Мақал). *Білімдімен* дос болсаң, сасқанда ақылын айтар, *Білімсізбен* дос болсаң, топ ішінде бетің қайтар (Мақал). *Болымдының* баласы он бесінде баспын дер, *Болымсыздың* баласы жиырма бесінде жаспын дер (Мақал). *Ұқыптының* тоны тозбайды, *ұқыпсыздың* жұмысы оңбайды (Мақал).

«Әлемді танудағы өмірлік тәжірибелерді ерекше айқын көрсетіп, кейінгіге әрі ақпар беретін, әрі таным тереңдігін танытатын халықтық туындының бірі – мақал-мәтелдер. Қазақ халқының ұлы тарихындағы өмірлік тәжірибесінен сыр тартып, қорытылған ойларының тұжырымды тұнығы, атадан балаға танымдық мирас болып келе жатқан мақалдары мен мәтелдері тілдік жүйедегі бай қабаттың бірі ретінде саналады» [134, 373].

Осы *-лы, -сыз* қосымшалары қатыстық сын есімдердің заттануы тілімізде өте жиі ұшырасады және бұлардың басым көпшілігі жалпыхалықтық заттанулар болып табылады. Оған мына тәрізді қатыстық сын есімдердің заттық мәнде жиі қолданулары дәлел: *білімді, білімсіз, ақылды, ақылсыз, әлді, әлсіз, қайғысыз, жазықты, атты, ойлы, ойсыз, арсыз, есті, ессіз,* т.б. Төмендегі сөйлемдерде бұлардың заттық мағыналары айқын таныла түседі: *Арсыздың* сөзінде тұрақ жоқ, өзі бар да құлақ жоқ (Мақал). Солардың ішінде де 15-20 қойлы, 30-40 қойлы *әлсіздерге* барды (М.Әуезов). Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек, Әр нәрсеге өзіндей баға бермек (Абай). Іздемейді жақсы адам *жазықтыны*, жалбырынар шындыққа қажып түбі (Қ.Мырзалиев). Терезе түбінен дүбірлетіп қатты жүріп келген *салт аттының* дыбысы естіліп еді (М.Әуезов). Айдалаға атқан оқ, *ажалдыға* тиеді (Мақал). Кез қылды ма құдайым, *ажалсыздың* жолына (С.Торайғыров).

-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес жұрнақтарынан жасалған қатыстық сын есімдер де жиі заттанып қолданылады. Бұл жұрнақтар өзінің сөзжасамдық табиғаты жөнінен сын есімге тән жұрнақ екендігі белгілі [133, 122]. Осы жұрнақ арқылы жасалған қатыстық сын есімдердің басым көпшілігі заттану нәтижесінде зат есім қатарына түбегейлі ауысқан, сөздіктерден заттық мағыналары орын алған сөздер. Олардың ішінде белгілі бір қолданыста заттанып, заттық мағыналары тарап, жалпыхалықтық сипат алып кеткендері де кездеседі. Оған *тетелес, тілектес, пікірлес, ниеттес, құрбылас* тәрізді сын есімдердің қолданыс аясындағы заттануларын жатқызуға болады. Мысалы: Ол *құрбыластарының* алдында өзін сатқын сезінді (Ж.Сармурзин). *Тілектестерге* алғыстан басқа айтарым жоқ (Т.Әлжантегі).

Осы мысалдардағы белгіленген сын есім сөздердің заттық мағыналары жалпыға танылып кеткен, бірақ сөзжасамдық деңгейге жете қоймаған, өйткені

олар өзінің сындық мағыналарында да жиі қолданылады (құрбылас қыз, тілектес адам).

Сол сияқты, *-ғыш, -гіш* жұрнағы етістіктерден сын есім жасайтын жұрнаққа жатады. Бұл жұрнақ арқылы жасалған қатыстық сын есімдер де жалпыхалықтық сипатта жиі заттанады. Мысалы: Тағы да, тағы да, Тағы да сына, *білгішім* (М.Мақатаев). Ауылдың *айтқышы* да, *күлдіргіші* де – осы Құрал (М.Омарбеков).

Жоғарыда аталған жұрнақтар арқылы қатыстық сын есімдердің заттанып қолданылуы тілімізде молынан ұшырасып жатса, *-қор, -гөй, -кеш, -лық, -шыл* жұрнақтары арқылы жасалған қатыстық сын есімдердің заттанулары бұларға қарағанда тілде сирек ұшырасады. Жинақталған тілдік деректерден әзілкеш, *бейнетқор, күлекеш, ақылгөй, қалалық, кекшіл* тәрізді сын есімдердің заттануы кездесті. Мысалы: *Бейнетқордың* бәрі ететін ащы тәжірибе, өмір сабағы болып, өміріне жол азық болды (М.Әуезов). Осы ауылдағы әйгілі *әзілкештердің* бірі – Майлыбай Жайсақов болатын (С.Адамбеков). Жас балалық албырт мінез билеген Мақсұт пен Нұрлан, шот маңдай Сәт пен Болат *күлекештерге* қосыла бірін-бірі итермелей, қағыса, жұлқыса алысып кетті (Р.Райымқұлов). Қайдан келген *ақылгөйім* едің деп таңдансаңыз да өз еркіңіз (А.Байтанаев). Бұл заман – *кекшілдердің* заманы (С.Жүнісов).

Қатыстық сын есімдердің заттануында жоғарыдағыдай жалпыхалықтық сипат алып кеткендермен бірге контекстік, жеке қолданымдық түрлері де кездеседі. Мына төмендегі сөйлемдердегі заттанған сөздер қолданылу аясы жағынан таза контекстік сипатта келген: Тыйсаңшы мынау *мазасызды* (М.Әуезов). Неғылыппын бұларға? Далада қалған *керексізін* алғаным ба? (М.Әуезов). Толықсып тобын жазбай түрленіп тұр, *Нұрсызы нұрлысынан* азық алып (С.Торайғыров). Осыған *армандының* біреуі – өзім, Тағы да өзімдей өзгені көрген көзім (Үш ғасыр). Аузының дуасы жоқ. Ащы тілдің *тыйымсызы* боп аталатын (М.Әуезов).

Осы сөйлемдердегі заттанған *мазасызды, керексізін, нұрсызы, нұрлысынан, армандының, тыйымсызы* деген сөздердің заттық мәндері контексте ғана айқындалады. Оларды жоғарыда берілген мысалдардағы затттанған *бейнетқордың, әзілкештердің, ақылгөй, қайғысыздан, әлсізбен* тәрізді сөздермен бір деңгейде қарастыруға болмайды. Себебі бұл топтағы сын есімдер жалпы адам баласына тән қасиет-белгілерді білдіретіндіктен, тілдегі заттық мағыналары да жат құбылыс саналмай, қолданыста танылып кеткен. Ал, соңғы сөйлемдердегі заттануларда олай емес, олардың нақтылы заттық мағыналары контекспен таныс оқырман үшін ғана белгілі жайт.

Сол сияқты, қатыстық сын есімдердің ішінде жеке қолданымдық (индивидуалды) заттанулар да кездесіп қалады. Мысалы: *Татымсызға* еткен жақсылықтың қайырымы жоқ (М.Әуезов). Мал қораның әр жерінде үш-төрттен, тоғыз-оннан топталып, қоралай отырып, келелі сөздерін сөйлесіп жатқан *даулылар* (М.Әуезов).

Осы сөйлемдердегі *татымсыз, даулы* сын есімдерін заттық мәнде қолдану – М.Әуезов қаламына тән жеке қолданыс. «*Татымсызға*» сөзі

ауыспалы мағынада алынып, «*Дәркембайға*» деген заттық мәнді білдірсе, «*даулылар*» сөзі – «*даулы адамдар*» деген мағынаны білдіріп тұр. Ал, тіліміздегі даулы сөзінің адам деген сөзбен тіркесуі семантикалық тұрғыдан сәйкеспейді, ал олардың *даулы мәселе, даулы сұрақ, даулы оқиға* тәрізді абстракты зат есімдермен тіркесуі тілден орын алған. Демек, бұл сөздің жоғарыдағы заттық мәні – М.Әуезовтің жеке қаламына тән мағына.

Жинақталған тілдік деректерді саралау барысында, қатыстық сын есімдердің сапалық сын есімдер тәрізді белгілі бір қолданыста ауыспалы мағынада тұрып заттанулары да кездесетіндігін анықтадық. Мысалы: Кей байлар елдегі *құттылар, сүттілер* берекелесе алмаған соң, кеселді қулар көбейіп кетіп, көп қорқытып, іздеген нәрсесі жоқ, еріксіз кім болса соған жеміт болып жүр (Абай). Кім көнбейді тағдырдың үкіміне: *Кекілді де, Тұлымды, Үкілі де!!!* (К.Мырзалиев).

Алғашқы сөйлемдердегі заттанып тұрған *құттылар, сүттілер* сөздері ауыспалы мағынада заттанып, «бай, манаптар» деген мағынаны әжуалап білдірсе, келесі сөйлемдегі *кекілді, тұлымды, үкілі* деген сөздер метонимия амалы арқылы заттанып қолданылған. Бұндай заттанулар тілде көп емес, олар экспрессивтілігімен ерекшеленеді.

Қатыстық сын есімдердің күрделі тұлғада тұрып заттанулары да тіліміздe кездесіп тұрады. Күрделі тұлғалардың ішінде қосарланған қатыстық сын есімдердің заттануы жиі кездеседі. Оған төменгі мысалдар арқылы көз жеткізуге болады:

Ағалы-інілердің арасындағы шиеленіс ұзаққа созылды (Ж.Сармурзин). Ішінде Қарагөз, Айым сияқты апалы-сіңлілер де бар (Д.Сатибеков). *Үйлі-барандылары* бар, бойдақтары бар бірі қалмай жиылыпты (Ж.Сармурзин). *Ерлі-байлының* арасына сызат түскелі қашан (Д.Сатибеков).

Қатыстық сын есімдердің қосарланған тұлғада заттануында заттық ұғым контекссіз де айқын байқалып тұрады. Оның себебі қатыстық сын есімдердің өзі зат есімдерден жасалып тұрғандығында болса керек.

Біріккен тұлғадағы қатыстық сын есімдердің заттанып қолданылуы сирек те болса тілде бар. Мысалы: Алдау қоспай адал еңбегін сатқан *қолөнерлі* – қазақтың әулиесі сол (Абай). Біз де ауылға барсақ, *жаманшұбарлықтар* ақылдасыпты да, Бірәлінің ақ киіз үйін ауылдан оқшауырақ тігіпті (С.Мұқанов).

Тіркескен қатыстық сын есімдердің заттануы тіліміздe аз кездеседі. Мысалы: *Ақ жүздіні* байлаңдар, өлтірмеңдер, Құнымды жоқтасыңдар бүгін сендер (М.Абайұлы). Оның қаланың саудагерлерін, *екі жүзділерді* сықақтап жазған өленді‌рі «Бостандық туы» газетінен көп табылады (С.Мұқанов).

Қатыстық сын есімдердің дара, күрделі түрлері қолданыста заттанған кезде үнемі дерлік «адам» мәнін білдіріп отырады. Олардың заттанып, «*зат, нәрсе*», ұғымын білдірулері өте сирек. Мысалы: Далада қалған *керексізін* алғаным ба? (М.Әуезов).

Осы сөйлемдегі *керексізін* – «*керексіз дүниесін, затын, нәрсесін*» деген заттық ұғымды білдіріп тұр.

Сапалық сын есімдер тәрізді қатыстық сын есімдерден де заттану нәтижесінде жаңа атаулардың тілде жасалып жататындығы байқалады және олардың тілімізде біршама екендігі де мәлім. Мысалы: *күздік, түстік, кештік, еттік, иттік, көжелік, қытайлық, тағалық, аналық, оттық, айлық, қатарлас, қадірлес, дәмдес, замандас, күндес, әріптес, ауылдас, бауырлас, сырлас, ұялас, деректі, екпінді, жабысқақ, ұшқыш, ашқыш, майлық, сулық* т.б. Бұлардың барлығының заттық мағыналары сөздіктерде берілген. Бірнеше мысал бере кетелік: Жабағы болды жібек шаш, Жабылып жаман *жабысқақ* (І.Жансүгіров). Бір күн *дәмдеске* – мың күн сәлем (Мақал). Ондай *иттік* өзіңде де бар (Т.Әлжантегі). Ағайынның аты озғанша, *ауылдастың* тайы озсын (Мақал).

Негізінен үш-төрт қана жұрнақ арқылы жасалған қатыстық сын есімдердің заттық статус алғандығы байқалады. Мәселен, *-лас, -лес, -лық, -лік, -ғыш, -гіш, -кер, -гер* жұрнақтарын атауға болады. Басқа сөз таптарынан осы жұрнақтар арқылы сын есімдер жасалады да, уақыт өте келе олар сол туынды тұлғасында тұрып, өз мағынасынан ауытқып, заттық мағынаға көшеді. Оған себеп зат есімнің үнемделуі болып табылады.

Осындай қатыстық сын есімдерден заттанған сөздердің ішінде жансыз атылымы өзіне назар аудартады, өйткені бұл сөз өзінің тура *жаны жоқ* деген мағынасында емес, ауыспалы мәнде тұрып заттанып, реестр сөз деңгейінде жеткен. Мағынасы – *тыңшы, астыртын жұмыс істейтін адам* дегенді білдіреді, сөздіктерде бұл мағынасы беріліп жүр. Тілдегі бұл атаудың қалыптасуында тыңшының еш әрекетін білдірмей, жаны жоқ адамша жұмыс істеуі, күмән туғызбауы сияқты түсініктер уәж ретінде танылған. Мысалы: Екеуі де Игіліктің менің соңыма салып қойған *жансыздары* еді (Ғ.Мүсірепов). Осы кезде көрші руларға бірнеше кісіні жай ғана *жансыз* етіп аттандырған (М.Әуезов).

Қорытындылай келе, заттанған қатыстық сын есімдерді сапалық сын есімдермен салыстырсақ, мынадай ерекшеліктерді байқаймыз:

1) Сапалық сын есімдер заттанып, жанды-жансыз түрлі заттың атауы ретінде жұмсала беретін болса, заттанған қатыстық сын есімдер негізінен адам мәнінде қолданылады (*өнерлі, атты, білімді, дәмдес, арманды* т.б.). Төменде берілген мысалдардағы заттанған қатыстық сын есімдер бұған толық көз жеткізеді. Мысалы: Байлауы жоқ шешен үндемеген *есті* артық (Мақал). – Курс аяқталуына қаратпай-ақ *еріктілер* қатарында майданға жіберіңіз, - дедім (Ғ.М.). Іздемейді жақсы адам *жазықтыны*, Жалбырынар шындыққа қажып түбі (Қ.Мырзалиев). Аталы сөзге *арсыз* тоқтамас (Мақал).

Осы мысалдардағы заттанып қолданылған қатыстық сын есімдер: *есті, еріктілер, жазықтыны, арсыз.* Мысалдардан байқап отырғанымыздай, бұл заттанулардың барлығы белгілі бір қасиет–белгілерге ие адам мәнін беріп тұр. Бұл – уақытша заттанған қатыстық сын есімдердің барлығына тән қасиет.

2) Сапалық сындармен келген фразеологизмдер тілде өте мардымсыз болса, қатыстық сын есімдердің қатысуымен жасалған тұрақты тіркестердің заттық мағынада қолданылатындары тілде кездесіп отырады. Мысалы: *Жаны*

тәттілердің атын аударып аламыз, қамшы береміз (Ж.Аймауытов). ...Оларды *шошақ бөріктілер* деп атаған (Қазақстан тарихынан).

3) Тілде қатыстық сын есімдердің қолданыста уақытша заттанып келуі сапалық сын есімдерге қарағанда аз екендігі байқалады. Ал, қатыстық сындардың заттануы арқылы жасалған атаулар тілде молынан ұшырасады. Бұның себебі қатыстық сындардың көбіне зат есімдерден жасалатындығында болса керек. Бұдан қатыстық сын есімдердің белгілі бір қолданыста уақытша заттануына қарағанда, толық заттанған түрінің тілімізде жиі кездесетіндігі байқалады. Мол тілдік фактілер осындай тұжырымға келуге негіз болды.

Жалпы алғанда, қолданыстағы заттануларда бағалауыштық, прагматикалық сипаттар негізге алынады. Прагматикалық мақсатта экспрессиялығымен ерекшеленетін заттанулар қолданыста жиі кездеседі.

Тіл бірліктерінің экспрессивтік стилистикалық қызметі транспозиция арқылы жүзеге асады да, коннотаттық мағынаның жасалуының негізгі тәсілі ретінде танылады. Экспрессивтілік тіл бірліктері мен грамматикалық құрылымдардың, стилистикалық құралдардың және олардың сөйлеудегі ықтимал комбинацияларының семантикалық немесе фунционалдық жолмен ауысуы арқылы жасалады. Бұл туралы профессор Г. Смағұлова да өзінің ғылыми еңбегінде айғақтайды [135].

Сөз мағынасын ұлттық таным тұрғысынан өрбіту, тіл тарихын адамның қабылдау, пайымдау, ойлау тарихымен ұштастыру бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Тілде бұрыннан бар номинативті тұлғалар семантикалық жағынан дамып, жаңа денотаттық мағына туғызады. Ол мағына кейде тілде орнығып, жаңа атау жасауға әкелсе, кейде қолданымдық сипатта қалып, әр түрлі мәтіндік тұрғыда ғана танылатын мағыналық реңктерді білдіреді.

Қорыта айтқанда, сындардың заттануында адам санасындағы ұғымдардың ассоциациясынан біреуі түрлі факторларға байланысты алдыңғы орынға шығып отырады. Сол сәтте көп ұғымның ішіндегі бір ұғымның уәжі күшті болады. Уәжделетін ұғым жеке танымдық, өзіндік санада пайда болады да, бұнда субъективті уәждендіріп, қабылдауының нәтижесінде толығып отырады. Демек, адамның ойлау жүйесі қоршаған орта мен тілдің байланысын сабақтастырып отырады.

3.2 Қазақ поэзиясындағы заттанған сөздердің қолданысы (Абай өлеңдері негізінде)

Абай мұрасы – қазақ халқының асыл мұрасы. Абайдың әдеби мұрасын зерттеу – филологтардың міндеті. Бүгінге дейін Абай өлеңдері зерттелді, зерделенді. Дегенмен, тілдік тұрғыдан зерттелу жайы кей аспектілерде жеткілікті деңгейде қарастырылды дей алмаймыз. Абай мұрасын әдеби тұрғыдан Б.Байғалиев, М.Мырзахметов, Қ.Салғарин, С.Оразалиев, Ғ.Есім, А.Машанов, Ж.Ысмағұлов, М.Бекбосынов, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Т.Нұртазин, Т.Әлімқұлов М.Әліпхан, Т.Жұртбай, Ж.Дәдебаев т.б. ғалымдар

зерттеген болса, Абай шығармаларының поэтикалық тілін Х.Жұмаелиев әдебиет теориясы тұрғысынан терең зерттеген. Ал лингвистика жағынан теориялық мәселелерді кеңінен қозғай отырып, зерттеген ғалымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, А.Ысқақов, Ш.Сарыбаев, Е.Жанпейісов, Р.Сыздықова, Т.Қордабаев, Қ.Өмірәлиев болды. Сондай-ақ, кейінгі жылдары ғалым А.Салқынбай, О.Жұбаева Абай өлеңдерінің лингвопоэтикасына зерттеу еңбектерін арнаса, Абай аудармалары бойынша метафоралық қолданыстарды Ә.Жапарова зерттеп, докторлық диссертация қорғады. Абайдың окказионал қолданыстарын Г.Мұратова тақырыбына арқау етті.

Абай өлеңдеріндегі заттанған сөздерді зерттеу барысында олардың жан-жақты қолданылғанына көз жеткіздік. Сондықтан Абай өлеңдерінде келетін заттанған сөздердің семантикасын контекске сай талдаймыз.

«Абай шығармашылығында кездесетін субстантиваттардың түбіріне мән беріп, сөз таптарына қарай топтастырдық. Соның ішінде сын есімдер мен есімшелер заттану құбылысына бейім екені бәрімізге мәлім. Сын есімдердің заттануы Абай шығармашылығында жиі кездеседі» [136, 22]. Мәселен:

«*Ақсақал* айтты, *бай* айтты,
Кім болса, мейлі, сол айтты –
Ақылменен жеңсеңіз.
Надандарға бой берме,
Шын сөзбенен өлсеңіз;
Жақынның сөзі тәтті деп,
Жақыным айтты дей көрме.
Надандықпен кім айтса,
Ондай түпсіз сөзге ерме», –

деген өлең жолдарында *бай, надан, жақын* сын есімдерінің заттанғанын байқаймыз. Сондай-ақ, біріккен *ақсақал* сөзінің заттық мәнде қолданылғанына куә боламыз. Бұл жерде *ақсақал* және *бай* сөздері заттық мәнде қолданылған. Тіпті, бұл сөздер ертеректе статустық мәнге ие болған. Мәселен, ақсақал – ауылдың не аймақтың үлкен ақылшылары болса, бай – ауылдың не аймақтың материалдық тұрғыдан байлығы бар тұлғалары, ел қамқоршысы, ел ағасы деген мәнде жұмсалған. Бірақ Абай өлеңдерінде «бай» сөзі позитивтік мағынасынан гөрі, негатив мағынасында жұмсалады. Мысалы:

Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,
Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр;

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін *бай* деп мақтап құдай қарғап;

Жаман үйде жалғыз шал,
Өзі – кедей, күңіренді.

Өзі көрген *байлардың*
Мінезінен жиренді.

Бұл өлең жолдарынан бай сөзінің «ауқатты, дәулетті» деген мағынасынан гөрі, «халықты қанаушы» деген мағынадағы қолданысын көреміз. Демек, бұл сөзді де белгілі бір тұрғыда Абайдың жеке қолданысындағы субстантиват сөз деп айтуға болады.

Абай өлеңдерінде кездесетін *надан* және *жақын* сөздеріне «Абай тілі сөздігенде»: «Надан. 1. Білімсіз, өнерсіз. 2. Топас, қараңғы» деген анықтама беріледі [137]. Абай басқа да өлеңдерінде надан сөзін қолданады:

«Атымды адам қойған соң,
Қайтіп *надан* болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?». Бұл жерде екінші тармақта надан сөзі заттанып қолданылса, үшінші тармақтағы надан сөзі өзіне тән сындық мәнде қолданылады. Ал келесі бір өлеңінде: «Басында ми жоқ, өзінде ой жоқ, күлкішіл кердең *наданның*» деп, надан сөзін тағы да заттық мәнде қолданады. Дәл осы өлең жолдарының жалғасын былай береді: «Көп айтса, көнді. Жұрт айтса болды – Әдеті надан адамның. Бұл жерде надан заттық емес, адъективтеніп қолданылған. Жалпы, осы сықылды надан сөзінің екі жақты (заттық және сындық) қолданысы Абай өлеңдерінде жиі ұшырасады. Ал жақын сөзі Абай өлеңдерінде туыстық немесе рулық жақындығы бар адамдарды меңзейді. *Жақын* сөзі тілімізде толық заттанған сөздер қатарында емес, көбінесе сын есім мағынасында жұмсалады.

Абай өлеңдеріндегі заттанған сөздер үнем заңының нәтижесінде туындаған. Олай дейтін себебіміз, өлеңнің ұйқасы, формасы, буын саны кейбір сөздерді ықшамдап беруге, үнемдеуге жетелейді. Ол туралы: «Ықшамдалу сын негізді атаулардың табиғатына тән негізгі заңдылық ретінде танылады, өйткені ықшамдалу үдерісінің нәтижесінде заттанған сындар тілде мол. Сын есім-зат есім тіркесіндегі зат есімнің ықшамдалуы нәтижесінде тілде жаңа аталым жасалады. Ықшамдалған зат есімнің мағынасы сын есімге бекиді де, сын есімнің номинативтік мағынасы көмескіленіп, не біржола жойылып, екінші заттық мағынасы белсенділік танытады. Тілде бір кезде сындық мәнде қолданылған сөз заттық мағынаға ауысып, жаңа аталым тілдік айналымға түседі. Бұл тілде бірден жүзеге аспай, кезеңдік даму сатыларынан өтеді. Қазіргі тілімізде зат есімдер қатарында танылып жүрген мына сөздерге назар аударалық: қарт, қате, үскірік, кетік, науқас, қарыз, аңызақ, қырсық, жетім, ұры, қалың, жау, тоқал, иттік, топан, төркін, туыс, тұсақ, кедей, бай, еттік, малай, жарық, соқпақ, сүр, тазы т.б. Бұл атаулар «сын есім-зат есім» тіркесіндегі зат есімнің ықшамдалып, оның мағынасының сын есімге көшуінен жасалған» деген пікірді негізге аламыз [20, 9].

Үнем заңының нәтижесінде пайда болған субстантиваттарға дәлел ретінде мына өлең жолдарын берсек болады:

Жаяуы қапты,
Аттысы шапты,

Қайрылып сөзді кім ұқсын.

Бұл жерде жаяу сөзі мен атты сөзі – заттанған бірліктер. «Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас» деген қазақ мақалында да жаяу сөзінің заттық мәнде қолдыналғанын көреміз. Ал «Аттысы шапты» деген өлең жолында Абай «аттылы адамды» меңзегені анық.

Қатыстық сын есімдердің заттануына қатысты Абай өлеңдерінен мына өлең жолдарын беруге болады:

«*Білімдіден* шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз.
Түзу сөзге сенер ме
Түзелмесін білген *ез*?
Ойлағаны – айт пен той,
Ыржаң – қылжаң ит мінез».

Бұл өлең жолдарынан *білімді, талапты* қатыстық сын есімдерінің заттық мәнде қолданылғанын байқаймыз. *Талапты* және *ез* субстантиваттары окказионал субстантиваттарға жатады да, *білімді* субстантиваты қалыпты субстантиватқа жатады. Осы тұста ғалым Г.Мұратова: «ең әуелі стильдік жаңа сөздің ішкі мағына-мазмұнына назар аударып, одан соң сыртқы түріне, мазмұнның берілу тәсіліне, сөз формасына көңіл бөлдік. Сондай-ақ, бұл сөздің жарық көрген ортасы немесе қызмет етер аясын анықтап, ең соңында окказионал сөздің қызмет етер шегі, жұмсалу жиілігі есепке алынды» деп пікір білдіреді [138, 51].

Абай өлеңдерінде сын есімнен жасалған антонимдік жұптардың заттануын жиі кездестіруге болады. Мәселен, **жақсы – жаман** (*Жақсыға* айтсаң, жаны еріп, Ұғар көңіл шын беріп; *Жамандар* қыла алмай жүр адал еңбек, Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек), **өнерлі, өнерпаз – өнерсіз** (*Өнерсіздің* қылығы – Тура сөзін айта алмай, Қит етуге бата алмай, Қорлықпенен шіруге; Әсемпаз болма әрнеге, *Өнерпаз* болсаң, арқалан), **ақылды – ақылсыз, ақымақ, надан** (*Ақылды* қара қылды қырыққа бөлмек, Әр нәрсеге өзіндей баға бермек; Таразы да, қазы да өз бойында, *Наданның* сүйенгені – көппен дүрмек; *Ақымақ* – көп, *ақылды* – аз, Деме көптің сөзі бұл; Рас сөздің кім білер қасиетін, *Ақылсыз* шынға сенбей, жоққа сенбек), **есті – ессіз, надан** (*Естілер* де ісіне қуанбай жүр, Ел азды деп *надандар* мұңаймай жүр), **жасы үлкен – жасы кіші кіші** (*Жасы кіші үлкеннен* ұялмай жүр, Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр), **талапты – талапсыз, тасыр** (Бұл сөзді *тасыр* ұқпас, *талапты* ұғар, Көңілінің көзі ашық, сергек үшін), **бай – кедей** (Ерте барсам жерімді жеп қояр деп, Ықтырмамен күзеуде отырар *бай*; *Кедейдің* өзі жүрер малды бағып, Отыруға отын жоқ үзбей жағып), **алыс – жақын** (Көлеңке басын ұзартып, *Алысты* көзден жасырса; Алашқа іші жау боп, сырты күлмек, *Жақынын* тіріде аңдып, өлсе өкірмек), **білімді – білімсіз** (Ақсақалдың, әкенің, *білімдінің*, Сөзінен сырдаң тартып, тез жиренбек), жас – кәрі (*Жас* қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек, Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек) т.б.

Берілген мысалдардан *өнерлі, өнерсіз, өнерпаз, талапты, тасыр, жасы кіші, жасы үлкен, өнерсіз, бай* және *кедей* сөздері Абай өлеңдерінде жиі қолданылып, заттанған сөздер қатарынан табылады. Ғалым А.Б. Салқынбай: «Авторлық интенцияда «өнер» сөзінің мағынасы қазіргі біздер түсінетін «исскуства» ұғымынан тереңірек. Білім алған, оқыған адам – өнерпаз! Ойлағанын, ішкі түйгенін айта алмай, туралықты бетің бар, жүзің бар деп айта алмай, іштен тынып, қорлыққа көніп, пікірін үнсіздікпен ішке бүгіп, қорқақтау, сөйтіп қорлықпен шіру – «өнерсіздің қылығы», білімсіз наданның ісі», - деп пікір білдіреді [139, 176].

Абай өлеңдерінде антонимдік жұп болатын сын есімдерден бөлек, басқа да сын есімдердің заттық мәнде қолданылғанын байқаймыз. Мәселен:

Бір *күшті* көп *тентекті* жыға алмай жүр,
Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр;
Немесе:
Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,
Еріншек ездігінен көпке көнбек;
Немесе:
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай;
Мал семірер, *ақ* пенен ас көбейер,
Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер;
Қара тастан басқаның бәрі жадырап,
Бір *сараңнан* басқаның пейілі енер;
Немесе:
Шапандарын белсенген,
Асау мініп теңселген
Жылқышылар кеп тұрса,
Таңертеңнен салпылдап;
Немесе:
Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,
Көзбен көр де ішпен біл, –

деген өлең жолдарында *күшті, тентек, асау, еріншек, жастар, ақ, сараң, ғашық* сөздері заттық мәнде қолданылған.

Сөз тудырушы жұрнақ арқылы үстеуден жасалған сын есімдерді де Абай шығармашылығынан кездестердік:

Домбыраға қол соқпа,
Қайғылы көңілім қайдағы
Бұрынғымды жаңғыртар;
Сондай-ақ:
Асау жүрек аяғын шалыс басқан
Жерін тауып *артқыға* сөз болмай ма?
Немесе:
Ортаға алып *әлгіні*
Бәрі бірдей сыйлайды.

Бірі сүйіп құлақтан,

Бірі жүнін сыйпайды.

Бұл өлең жолдарында Абай «*бұрынғы»* деп өткен шағын меңзейді. Ал «*артқы»* деп кейінгі ұрпақты айтады. Абайдың өз сөзін дәлел ретінде беруге болады: «Алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер». Үшінші өлең жолдарындағы «әлгі» сөзі арқылы «жаңағы, сол» деген мағынаны білдіреді.

Етістіктен сын есім тудырушы жұрнақ арқылы жасалған «құрығыр» (құрғыр) сөзі заттанып, Абай өлеңдерінде заттық мәнде жұмсалады:

Есіткендей болады

Құлағы ескі сыбырды.

Ескі ойға көңілім толады,

Тірілтіп өткен *құрғырды*.

Сондай-ақ, «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңінде «Біреудің қызын алып малға сатып, *Баяғыны* іздеген қандай *құрғыр*?» деген өлең жолдарында кездеседі.

«Абайдағы өзге де сын есімдер сияқты -лы жұрнақты туынды сын есімдер де сөйлем ішінде субстантивтеніп келеді. Абайда –лы арқылы өзі жасаған жаңа сөздер аса көп емес. Біздіңше, өнерлі және қолөнерлі, сәулелі, жетімді (жеткілікті сөзінің дублеті), мінді (мінсіздің антонимі), кеселді (түйін, қылық) сөздерін ғана Абай өзі жасаған болар немесе кейбіреулерін активтендірген болар» [138, 235].

Абай өлеңдерінен заттанған сөздерді іздеу барысында, метафоралы қолданыстарды, тұрақты сөз тіркестерін, күшейту мағынасындағы сөздер арқылы берілген сын есімдерді және т.б. тың қолданыстарды кездестірдік. Соның бірнешеуіне мысал келтірейік:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы

Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.

Бұл өлең жолдарында Абайға ғана тән окказионал субстантиватты атаймыз. Ақын сұлу қызды «*Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы*» деп тапқырлықпен суреттейді. Келесі тармақтарында «Әуелде *сұлу* жайы бізге мәлім, Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған» деп сұлу қыз образын аша түседі.

Ақын «Өзгеге, көңілім, тоярсың» еңбегінде «Қара басқан, қаңғыған, *Хас надан* нені ұға алсын?», - дейді де, надан сөзін түрлендіріп, күшейту мағынасындағы сөзбен тіркестіре қолданады.

Абай тілі – метафораларға бай. Сөзімізге дәлел ретінде мынадай статистикалық ақпаратты келтіреміз: «Зерттеу қорытындысы бойынша, Абай өлеңдеріндегі дәстүрлі метафоралар саны – 523, ал авторлық метафоралар саны – 524. Демек, өлеңдерінде кездесетін метафоралардың тең жартысы – өзінің төл туындысы. Бұның өзі ақынның шеберлігін айғақтайды» [140].

Субстантиват метафораларының біріне «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңіндегі (Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп, *Қандыкөз* қайқаң қағып шықса аспанға) «қандыкөз» сөзін жатқызамыз. Сондай-ақ, мына өлеңде:

Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға

Бәрі де анық тұрмай ма ойланғанда, - деген ақын ойшыл адам образын осылайша ұтымды сипаттайды.

Ал Әбдірахманның келіншегі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы туралы ғалым Х.Жұмалиев былай дейді: «Тыянағым, тұрлауым, Енді кімге асылдым... Мұның метафора екенін тәуелдік жалғауы «-ым» мен жасырынып, ойда тұрған «ол» деген сөз арқылы білеміз [141, 102].

Сөз айттым *«Әзірет Әлі», «айдаһарсыз»,*

Мұнда жоқ «*алтын иек, сары ала қыз*» деген өлең жолдарында кейбір ақындардың өлеңінде келетін теңеу сөздерін сынайды. Ал келесі тармағындағы «*алтын иек, сары ала қыз*» метафорасы кейбір ақындардың сұлу қыз бейнесін суреттейтін теңе сөзін әжуалаған. Осындай тың қолданыс заттық мәнде көрініс табады.

«Концептуалдау, тұжырымдамалау – Абайдың ең маңызды эстетикалық қағидасы болып табылады. Абай поэзиясы – жаңа эстетикалық жүйе, ол шынайы ақындық көріністің құрылымдық көрсеткіштері бойынша да, интровертті психологиялық параметрлер бойынша да толық жүйе болып табылады. Бұл жүйеде интертекстуалдық тұрғыдағы мағыналар мен мотивтердің қанықтылығы мен суггестиясы жүреді, сондықтан троптарға, әсіресе, метафораларға үлкен салмақ түседі. Абайдың концептуалдық, стратегиялық бағдарланған поэтикасында, метафоралар поэтикалық мағыналарды ұйымдастырудың ең маңызды құралы болып табылады» [140].

Абай өлеңдеріндегі етістіктердің заттануына келер болсақ, заттанған сөздер түрлі формада кездеседі. Мысалы, есімшелердің, етістердің, қимыл есімінің заттануын көреміз. Заттанған етістік формалары заттық мәнге ие болғандықтан, олар септік, жіктік, тәуелдік, көптік жалғауларын қабылдайды. «Наиболее очевидным является разграничение контекстуальных субстантиватов по внешнему, чисто формальному признаку. Субстантивируясь, языковая единица либо сохраняет свою первичную форму, либо изменяет ее, приобретая парадигму имен существительных. Подобное разделение не несет в себе никакой семантической нагрузки. Если окказионально субстантивированное слово сохраняет свою начальную форму, оно остаётся неизменяемым, независимо от того, изменяется оно в несубстантивированном виде или нее» [35, 67].

Абай өлеңдерінде есімшелердің заттанған формалары жиі кездеседі. Есімшенің -ған, -ген және оның фонетикалық варианттары арқылы жасалған субстантиваттарға мына өлең жолдарынан үзінді келтіреміз:

Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, *қуғанға*.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар *туғанға*.
Немесе:
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз,

Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.
Немесе:
Біреу үшін үйренсең,
Біреу білмес, сен білсең,
Білгеніңнің бәрі – тұл.
Немесе:
Білгенге жол бос,
Болсайшы қол бос,
Талаптың дәмін татуға.

Бұл өлеңдерден есімшелердің анықтауыштық, толықтауыштық қатынаста тұрып, окказионал субстантиват қызметін атқаратынын көреміз. Сонымен қатар есімшенің басқа да жұрнақтары арқылы жасалған сөздердің субстантиват дәрежесінде жұмсалуын көреміз. Ғалым Рәбиға Сыздық: «Қазіргі қазақ тілінің нормативтік-ғылыми грамматикаларында мұндай тұлғаның (-ған+дық) бар екендігі туралы ауызға да алынбайды, ал, шындығында, бұл – қазіргі нормамызда өнімді тәсіл болмаса да, тіл тәжірибесінде мүлде жоқ тұлға емес. Абай туынды сөздің бұл түрін өте актив қолданған, өткен шақтық есімшелерге -лық жұрнағын жалғау – есімшені субстантивтеудің, ал кей жерде адъективтеудің (зор болғандық әсері) грамматикалық тәсілі болып табылады» дейді [99, 241].

Есімшенің -ушы, -уші формасы арқылы жасалған субстантиватқа:
Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, *тыңдаушы*, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдап, - деген өлең жолдарындағы»тыңдаушы» сөзін келтіруге болады.

Ал есімшенің -мақ, -мек және оның фонетикалық варианттарынан жасалған заттанған сөздер де Абай өлеңдерінде кездеседі. Мәселен, мына жолдарға назар аударайық:
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер *мал шашпақ* –
Бес дұшпаның, білсеңіз;
Сонымен қатар:
Екі *күймек* бір жанға әділет пе?
Қаны қара бір жанмын, жаны жара.

Бұл өлеңдердегі бекер мал шашпақ қасиетін сынап, бес дұшпанға жатқызады. Ал сынаққа түсіп, жығылған адамның хәлін Абай «екі күймек бір жанға әділет пе?» деп дөп басады. Бұл екі субстантиват та Абайдың жеке қолданысына тән сөздер.

Есімшенің -ар, -ер, -р және болымсыз түрі -с жұрнақтары арқылы жасалған субстантиваттарға қатысқан мынадай өлең жолдарын кездестіреміз:

Білгенге маржан,

Білмеске арзан,

Надандар бәһра ала алмас;

Қимыл есімі арқылы жасалған субстантиват ретінде «*Тілеуің*, өмірің алдында, Оған қайғы жесеңіз» деген жолдардағы «тілеуің» сөзі дәлел.

Абай өлеңдерінде дербес сөз табы бола алмайтын, бар және жоқ модаль сөздері заттық мәнде жұмсалады:

Өзіңде *бармен* көзге ұрып,

Артылам деме өзгеден.

Күндестігін қоздырып,

Азапқа қалма езбеден.

Бұл өлеңде ақын қолда бар нәрсенің бәрін жалпылап, бір ғана «бар» модалі арқылы беруді жөн көреді. Ал келесі өлең жолдарында:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін, - дейді де, өткен-кеткен әңгімені жалпылап, жоқ және бар модаль сөздерін қосарлап, «жоқ-барды» деген сөздердің заттануы арқылы беріледі. Ал жоқ модалінің заттануын мына жолдардан көреміз:

Бір күйгізіп, сүйгізіп,

Ескі өмірді тіргізер.

Өмір тонын кигізіп,

Жоқты бар қып жүргізер.

Абай өлеңдерінде сын есім, етістіктерден басқа заттанған сан есімдерді де жиі кездестіреміз. Әсіресе, мың сөзі субстантиват ретінде жиі жұмсалады. Жалпы, тілімізде мың сөзі жиі заттанады. Абай да мың сөзін «көпшілік, көп» мағынасында қолданады:

Батырды айтсам ел шауып алған талап,

Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,

Әншейін күн өткізбек әңгімеге

Тыңдар едің әр сөзін *мыңға* балап;

Немесе:

Амалдап қарағайды талға жалғап,

Әркім жүр алар жердің ебін қамдап.

Мақтан қуған, малқұмар нені ұға алсын,

Шықпаса *мыңнан* біреу талғап-талғап;

Немесе:

Соқтықпалы-соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, күнә қойма!

Немесе:

Бір кісі- *мыңға*,

Жөн кісі-сұмға,

Әлі жетер заман жоқ.

Сонымен қатар екеу және бір, бес, алты сан есімдерінің заттық мәнде жұмсалуын кездестіреміз:

Бастапқы *екеу* соңғысыз
Біте қалса қазаққа,
Алдың – жалын, артың – мұз,
Барар едің қай жаққа?
Немесе:
Ойшылдың мен де санды *бірімін* деп,
Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп;
Немесе:
Пысықтықтың бір белгісі – арыз беру,
Жоқ, тұрса, *бес* бересі, *алты* аласы.

Байқап отырғанымыздай, ақын өлеңдерінде сан есімнен жасалған субстантиваттар да жетерлік. «Абай поэзиясы – өзіне дейінгі ұлттық поэтикалық қағидалардан батыл түрде бас тартқан, ұйқасы мен ырғағы әрқашан оқыс, қазақ көркем әдебиетінің шыңында тұрған туындылар» [142, 15].

Ғалым О.Жұбай Абай шығармашылығын талдаған монографиясында ақын өлеңдерін терең талдау қай заманда да өзекті екенін ескертеді [143].

Қорыта келе айтарымыз, Абай тілі – бай, көпқырлы, иірімді тіл. Абай өлеңдеріндегі заттанған тілдік бірліктер жан-жақты екенін анықтадық. Соның ішінде, сын есімнен, сан есімнен, етістіктің есімше формасы мен қимыл есімінен пайда болған заттанған сөздер көптеп кездеседі. Сонымен қатар Абайдың өлең жолдарында метафоралар мен тұрақты сөз тіркестерінің заттық мәнде жұмсалғанына көз жеткіздік.

3.3 Қазақ паремиологиясындағы заттанған сөздер: семантикалық даму және коммуникативтік қолданыс

Қазақ паремиологиясы – тілдің бай әрі терең қабаты. Мақал-мәтелдерден ұлт тілінің ерекшеліктеріне негізделген түрлі грамматикалық тұлғаларын, сөзжасам тәсілдерін, сөздің әр алуан мағынасын молынан кездестіруге болады. «Әлемді танудағы өмірлік тәжірибелерді ерекше айқын көрсетіп, кейінгіге әрі ақпар беретін, әрі таным тереңдігін танытатын халықтық туындының бірі – мақал-мәтелдер. Қазақ халқының ұлы тарихындағы өмірлік тәжірибесінен сыр тартып, қорытылған ойларының тұжырымды тұнығы, атадан балаға танымдық мирас болып келе жатқан мақалдары мен мәтелдері тілдік жүйедегі бай қабаттың бірі ретінде саналады» [144, 301].

Қазақ паремиологиясы – тілдің қатпарлы әрі жүйелі қабаты. Паремияларды жинақтау, хатқа түсіру ісі XI ғасырда М.Қашқаридің «Түрік сөздігінен» бастау алады. Ал XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтың фольклорлық мұрасын жинақтап, ауызша деректерді жариялаумен айналысқан Ы.Алтынсарин болды. Одан кейін түрколог В.В.Катаринский қазақтың мақалдары мен мәтелдерін жинақтаумен айналысты. Алайда бұл еңбектерге қазақ паремиологиясының бай қоры толық енбеген еді. XX ғасырдың бірінші жартысында Мәскеуде, Ташкентте, Алматыда қазақтың мақал-мәтелдері жинақ

болып басыла бастады. Ал кейінгі жылдары мақал-мәтелдердің толық жинақталған үлгісі филолог ғалымдардың жетекшілігімен жинақ болып шықты. Мәселен, Ә.Қайдардың «Халық даналығы» еңбегін [145], Қ.Алпысбаева, Т.Әлібеков, С.Қасқабасов құрастырған «Бабалар сөзі» жүзтомдығын, «Ғибратты фольклор. Шағын жанрлар» көптомдығын атап өтуге болады [146]. Жалпы алғанда, қай кезеңде болса да, мақал-мәтелдерді жинақтау, хатқа түсіру, толықтырып басу, түсіндірмесін жазып, ғылыми айналымға енгізіп, түрлі тақырыпта зерттеу жүргізген ғалымдар сөз болған тұста Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ә.Диваев, В.Катаринский, Т.Мелиоранский, А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, Б.Адамбай, Ә.Қайдар, А.Б.Салқынбай, С.Нұрышев, Б.Хасанұлы, А.Байғұтова, т.б. ғалымдардың есімдерін атаймыз.

Паремиология – мақал-мәтелдерді, нақыл сөздер мен қанатты сөздерді зерттейтін тіл білімінің саласы. Жалпы тіл білімінде паремиология XIX ғасырда зерттеле бастаса, қазақ ғылымында әдеби және тілдік тұрғыдан зерттеу XX ғасырдан бастап қолға алына бастады. Мақал-мәтелдерді тілдік тұрғыдан негізгі нысан ретінде зерттеген ғалым Р.Сәрсенбаев болды. Ол 1961 жылы «Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің лексика-стилистикалық ерекшеліктері» тақырыбында диссертация жазып, мақал-мәтелдердің лексика-стилистикалық ерекшеліктеріне арнайы тоқталды [147]. Қазақ тілтанымында зерттеу еңбектеріне мақалдарды сөз еткен ғалымдардың қатарына І.Кеңесбаев, Ө.Айтбаев, Н.Уәлиұлы, С.Сәтенова, Ш.Сейітова, А.Нұрмаханов, Б.Уызбаева, Ғ.Тұрабаева, С.Кенжемұратова, Д. Бекзат, т.б. ғалымдарды жатқызамыз. Байқағанымыздай, мақал-мәтелдер уақыт өткен сайын тілші ғалымдардың назарын аударып қана қоймай, еңбектеріне негізгі нысан ретінде алған. Бұл қазақ паремиологиясының байлығы әлі де сан алуан тілдік мәселелерге арқау бола алатын дәрежеде екенін көрсетеді.

Қазақ паремиологиясын зерттеу барысында мақал-мәтелдерде заттану құбылысы жиі кездесетінін байқадық. Соның ішінде сын есімнен болған субстантиваттар саны жағынан ең көбі болса, одан кейінгі орындарда есімшенің, сан есімнің, үстеудің заттануы тұрады. Мақалдарда кездескен субстантиваттар зат есімнің қызметін атқарады, зат есімдерше түрленеді және сөйлемде бастауыштың, толықтауыштың, пысықтауыштың қызметін атқарады.

Мақал-мәтелдердегі заттанған сөздердің кездесуінің негізгі себебі – үнем заңы. Себебі мақал-мәтелдер белгілі бір ұйқасқа, ритмикаға құрылады да, кейбір сөз тіркестерін, сөз қолданыстары ықшамдалады. Бұл туралы ғалым Х.Нұрмұқанов: «Бұл – азсөзділік, яғни аз сөзбен көп мағына аңғарту. Мұның көне де, көрікті үлгісі - мақал-мәтелдер» дейді [148, 254]. Ықшамдау үнемдеу заңдылығынан туындайтын болғандықтан, оның тілдегі көрінісі бірнеше. Мәселен, грамматика тұрғысынан алғанда, ғалымдар сөз таптарының заттануын эллипсиске тән деп көрсетеді. Қалай болғанда да, мақал-мәтелдердегі басқа сөз таптарының заттануы басым көпшілігі эллипсис тәсілі арқылы немесе ықшамдау құбылысы арқылы жүзеге асады. Әсіресе мақал-мәтелдерде

тіліміздегі анықтауыштық қатынасқа құрылған сөз тіркестерінің басыңқы сыңары түсіріліп, сапа не сын мәнді сөз заттанған күйде беріледі. Мысалы,

«Екі *жақсы* қосылса, бірін бірі сыйлап өтер,

Екі *жаман* қосылса, бірін бірі қинап өтер»;

Жақсының сөзі шамдай жарық, айдай анық;

Жақсының өзі де жақсы, сөзі де жақсы;

Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген мақалдарда адам, кісі сөздері қысқарып, олардың сипатын білдіретін «жақсы», «жаман» сөздері заттық мәнді иеленеді.

Дәл осындай үлгідегі мақалдарды көптеп мысалға келтіруге болады. Мақал-мәтелдердің тағы ерекшеліктерінің бірі – бинарлық оппазиция түзуші бірліктердің жиі қолданылуы. Солардың ішіндегі ең жиі заттанатыны бинарлық оппозициядағы – «жақсы – жаман», «бай – кедей», «бар – жоқ», «өнерлі – өнерсіз», «ақылды – ақылсыз», «көп – аз», «үлкен – кіші» т.б. ұғымдары. «Бинарлық оппозициялық жұптар классификациясын лингвистикалық әдіс-тәсілдер қатарында қолдану тілдік фактілерді логика-философиялық, логика-когнитивтік, логика- мәдениеттанымдық тұрғыдан талдауға жаңаша реңк үстемелеп, лингвистикалық ғылыми талдаудың әдістемесін белгілі дәрежеде жасауға ықпал етеді. Мысалы, тілдік санамыздағы ұғымдарды классификациялау кезінде бинарлы классификацияның жинақтаушы әсері барын байқаймыз» [149, 10].

Біз алдымен «жақсы», «жаман» ұғымдарына тоқталайық. «Жақсы» сөзінің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» төрт түрлі мағынасын көрсеткен:

«1. жаман емес, оңды, тәуір.

2. тәрбиелі, саналы, адамгершілік қасиеті мол (адам).

3. Ауылдың белді, беделді азаматы.

4. Иә, қош, мақұл деген сөздердің орнына жүреді» (ҚТТС, 342). Ал «Жаман» сөзі сөздікте мынадай мағыналарды береді:

«1. Сапасы төмен, жақсы емес, әсіре нашар.

2. Жағымсыз, ұнамсыз, кейіпсіз.

3. Өте, қатты.

4. Ауысп. Сәби, нәресте, бала» (ҚТТС, 342).

«Мақал-мәтелдердегі «жақсы» сөзінің қолданысын саралай келе, оның төрт түрлі заттық мәндегі мағынасын кездестірдік.

Оның алғашқысы – ақылды, саналы адам мағынасында келуі. Мысалы:

Қысың қатты болса, қопалы көлді қыста,

Заманың бұзық болса, бір *жақсының* етегінен ұста;

Жаманның өзін алғанша,

Жақсының сөзін ал, - деген мақалдарда көрініс табады» [150, 86].

Ал «жаман» сөзі үнемі «жақсы» сөзіне оппозициялық мәнде беріледі де, «тәрбиесіз, санасыз адам» мағынасында жұмсалады:

Жақсы байқап сөйлер,

Жаман шайқап сөйлер;

Жақсының сөзі ақыл шақырады,

Жаманның сөзі ашу шақырады.

Жоғарыда аталған «жақсы», «жаман» сөздерінің заттық мәні мақал-мәтелдерде жиі ұшырасады. Сонымен қатар, «жақсы» сөзі әлдекімнің немесе бір нәрсенің тәуірі мағынасында қолданылады. Ал «жаман» сөзі керісінше, бір нәрсенің немесе бір адамның нашары мағынасында жұмсалады. Оған мысал ретінде мына мақалдар дәлел:

Баланың *жақсысы* қызық,
Жаманы күйік;
Ердің *жақсысы* елмен ойласады,
Әйелдің *жақсысы* ерімен ойласады,
Ең болмаса жеңімен ойласады;
Ат *жақсысын* мақта,
Адам *жақсысын* жақта;
Ер жігіттің *жақсысын* жақыны білмес, жат білер;
Жаттың *жақсысы* досың,

Жақынның жаманы қасың. Бұл мысалдардан байқағанымыздай, баланың жақсысы, баланың жаманы немесе ердің жақсысы, әйелдің жақсысы, ат жақсысы, адам жақсысы, ер жігіттің жақсысы, жаттың жақсысы, жақынның жаманы деген ілік септігімен келген анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері заттық мәнде тұр.

«Жақсы» және «жаман» сөздерінің заттық мәнді иеленіп, жаңаша қырынан көрініс тапқан тұсы – күшейтпелі мәндегі «қас» және «шын» сөздерімен келуі. Мысалы:


Шын жүйрікте сын болмайды,
Шын *жақсыда* мін болмайды;
Қас арғымақ белгісі аз оттар да, көп жусар,
Қас *жақсының* белгісі аз сөйлер де, көп тыңдар. Бұл жерде *шын жүйрік, шын жақсы, қас арғымақ, қас жақсы* деген тіркестер сөзімізге дәлел бола алады.

«Жақсы» және «жаман» сөзінің заттанып, «Не?» сұрағына жауап беріп, жансыз зат есімдердің қызметін атқарған тұстарын да кездестірдік. Мәселен:


Жаман айтпай, *жақсы* жоқ.

Күн ортақ, ай ортақ, *жақсы* ортақ. Бұл мақалдардан «жақсы» және «жаман» сөзінің тек кісіге ғана қарата айтылмағанын көреміз.

Жақсы және жаман сөздерінің заттық мәндегі қолданылу стилі бойынша qazkorpus.kz сайтынан статистикасын көруге болады. Ол үшін «жақсы» және «жаман» сөзінің заттанған формада ең жиі қолданылатын ілік септігі формасындағы тұлғасын алдық:



Сурет 1 – Мақал-мәтелдердегі «Жақсы» сөзінің ілік септігі тұлғасында (жақсының) тұрып, заттық мәнде қолданылу стилі бойынша әдебиеттердегі статистикасы



Сурет 2 – Мақал-мәтелдердегі «Жаман» сөзінің ілік септігі тұлғасында (жаманның) тұрып, заттық мәнде қолданылу стилі бойынша әдебиеттердегі статистикасы

Мақал-мәтелдерді зерделеу барысында бір ғана «жақсы» сөзінің қолданылу жиілігіне статистикалық талдау жүргізіп көрдік. Санақ жүргізуге ыңғайлы болуы үшін qazcorpus.kz сайтының іздеу жүйесін пайдаландық. Байқауымызша, «Жақсы» сөзі заттанған 72 мақал-мәтелдің ішінде «жақсы» сөзінің атау септігі, яғни нөлдік тұлғада қатысуы 25 рет, ілік септігі жалғауында келуі 23 рет кездеседі. Ал барыс септігі тұлғасында 2, жатыс септігі тұлғасында 3, табыс септігі тұлғасында 1, шығыс септігі тұлғасында 5, көмектес септігі

тұлғасында 6 рет кездеседі. Сонымен қатар, тәуелдік жалғауының үшінші жағында 7 рет кездеседі. Осы сандардың барлығын төмендегі диаграммаға пайыздық мөлшермен көрсеттік:



Сызба 3 – «Жақсы» сөзінің мақал-мәтелдерде заттық мәнде қолданылуы

Бинарлы оппозиция түзуші сөз бірліктерін атаған тұста «бай – кедей» ұғымдарының заттанатынына куә болдық. Бұл сөздер заттық мәнде қатысқан мынадай мақалдарды мысалға келтіруге болады:

Байдың асын байғұс қызғанады;

Кедей «бай» болсам дейді,

Бай «құдай» болсам дейді, - деген мақалдарда бай мен кедей сөздері заттану арқылы жасалған. Халық арасында «бай» сөзі ерте ғасырлардан заттық мәнде қолданылады. Мәселен, бұл сөздің сын есімдік мағынасы ауқатты, жеткілікті мағынасында болса, заттанған мағынасында «Меншігінде қыруар мал-мүлкі бар ауқатты адам» мен қоғамда белгілі бір орны «тілге жүйрік, шешен адам» деген мағынаны білдіреді (ҚТТС, 87).

Сонымен қатар, жоғарыда аталған қарсы мәндегі сын есімдер «бар – жоқ», «өнерлі – өнерсіз», «ақылды – ақылсыз», «көп - аз», «үлкен – кіші» ұғымдарының заттануына мақаланың көлемі көтермейтін болғандықтан, қысқаша тоқталсақ:

Ағасы *бардың* жағасы бар, інісі бардың тынысы бар;

Барымен базар;

Өлім байдың малын шашады, *жоқтың* артын ашады;

Өнерлінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын;

Өнерліге өлім жоқ;

Ақылдының соңына ер жолың болады,

Тиянақтының ісін көр көңілің толады;

Ақымаққа күнде той,

Ақылдыға күнде ой;

Дүние *ақылдыға* жарық, ақылсызға тамұқ;
Адассаң, *көппен* бірге адас;
Көп қорқытады, *терең* батырады.
Азға қанағат, көпке шүкір
Үлкеннен өнеге, кішіден ізет.

Қазақ паремиологиясында заттанған есімшелердің де көптеп кездесетінін аңғардық. Заттанған есімшелердің заттанған сын есімдерден айырмашылығы – олардың контекстік тұрғыда заттануы. Олай дейтін себебіміз, заттану құбылысында толық заттанған сөздер, жартылай заттанған сөздер немесе семантикалық заттану, синтаксистік заттану сынды ұғымдар бар. Қысқаша айтқанда, толық (семантикалық) заттанған сөздер – жалпыхалықтық тілде заттық мәнді толық иеленген, сөзтізбеде жеке заттық мағынаға ие сөздер. Ал жартылай (контекстік, синтаксистік) заттанған сөздер – белгілі бір лебізде не ойда ғана заттық мән қабылдаған сөздер. Заттану құбылысының ішінара бөлінісіне қатысты терминдік жүйе әлі толықпағандықтан, ғалымдардың тарапынан әртүрлі пікірлерді кездестіреміз. Айтар ойымызға қайта оралсақ, толық заттанған сын есімдер (бай, кедей, жомарт, ақсақал, жақсы, жаман, жалғыз, ақ, қара, т.б.) саны жағынан толық заттанған есімшелерге (ағарған, туған, туысқан, берешек, т.б.) қарағанда едәуір көп.

Есімшенің -ған, -ген, -қан, -кен формаларының заттануы мына мақалдардың құрамында кездеседі:

Алған мұрат емес,
Алмаған ұят емес;
Берген жомарт емес,
Алған жомарт;
Ақылсыз *алғанына*, ақылды бергеніне қуанады;
Алғанды өтеу парыз;
Төрде *отырған*
Есікте *отырғанға* ет асатады.

Есімшенің -ар, -ер, -р формаларының заттануын мақалдарда кездестірмегенізбен, адъективтенуі былайша көрініс табады:

Жолы болар жігітке,
Жолдан жолдас қосылар;
Егіз болар жігітке,
Алғаны сырлас қосылар.

Алайда есімшенің -ар, -ер, -р формаларының болымсыз тұлғасы -с арқылы да заттанған сөздерді кездестіруге болады:

Көрмес – түйені де көрмес;
Соқырдан *көрмес* туады,
Сараңнан бермес туады.

Жоғарыда көрсетілген заттанған есімшелер сөйлемдегі қызметіне қарай бастауыштың, анықтауыштың, толықтауыштың қызметін атқарады.

Есімшенің -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек формасы арқылы:

Алмақтың да салмағы бар.

Еңбектің *өнбегі* жақсы. Бұл жерде алмақтың, өнбегі сөздерді контексте заттанып тұрғанын байқаймыз.

Етістіктің ауқымды категорияларының бірі саналатын етістердің заттануы туралы ғылыми еңбектерде айтыла бермейді. Дегенмен, етістердің ішінде ортақ етіс басқа етіс түрлеріне қарағанда жиірек заттанады. Алайда ортақ етіс формасын иемденген сөздер, уақыт сынынан өте келе заттық мәнді толықтай қабылдаған сөздер қатарында. Солардың біршамасына мысал келтірсек:

Тамыр болдың, *айтыс* жоқ,
Қолдан бердің, қайтыс жоқ;
Жығылған *күреске* тоймайды;
Ағайынға керегі *барыс-келіс*,
Құда-андаға керегі алыс-беріс;
Жақсымен сауда қылсаң, керіс болмас,
Жаманмен сауда қылсаң, тегіс болмас.

Бұл паремиялардағы айтыс, қайтыс, күрес, алыс-беріс, барыс-келіс, керіс сөздері субстантивтеніп, реестр дәрежесінде сөздер қатарынан орын алған. Мағынасы жағынан іс-әрекеттің жалпы сипатын білдіріп, заттық мәнде жұмсалады.

Тіліміздегі сан алуан мақал-мәтелдерден сан есімнің заттанған тұлғаларын көрдік. Мәселен, есептік сан есімдерден бір, екі, жүз, қырық, мың, т.б. сан есімдер заттанса, жинақтық сан есімдерден біреу, екеу, үшеу, төртеу, алтау сан есімдері және реттік сан есімдер контекстке қарай заттанатынын байқадық.

Мысалы:

Дауға барсаң, *бірің* бар,
Жауға барсаң, бәрің бар;
Қырықтың *бірі* қыдыр;
Ерегісте ер өлер,
Екі батыр егессе,
Екеуінің *бірі* өлер;
Тентектің таяғы сегіз,
Бірі тимесе, *бірі* тиеді;
Базарда екі ақымақ: біреуі сатушы, *екіншісі* сатып алушы;
Біріккен *жүз*
Бытыраңқы мыңды алады;
Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді;
Алармаңға алтау аз,
Берерменге *бесеу* көп.

Сан есімдердің заттануы паремияларда көбінесе жалпылау мағынасын береді. Мәселен, қырық, жүз, мың сан есімдері «көп» сөзінің орнын ауыстырады.

Қазақ тіл білімінде есімдіктердің заттануы туралы да сөз қозғаған ғалым аз. Себебі есімдіктің заттануы қалыпты құбылыс. Есімдіктің терминдік атауының өзі айтып тұрғандай, бұл сөз табына жататын сөздер есім сөздердің орнын баса алады. Мақал-мәтелдерде есімдіктердің заттық мәнде жұмсалған тұсы жиі кездеседі. Атар болсақ, есімдіктің барлық мағыналық түрлері заттана алады. Алайда жіктеу есімдіктері мақал-мәтелдерде эллипсиске ұшырағандықтан, көп кездеспейді.

Сілтеу есімдігінің заттануына тоқталсақ, мынадай паремияларды кездестірдік:

Қазанға не салсаң, шөмішке *сол* ілінер;

Келіннің бетін кім ашса, *сол* ыстық. Бұл жерде «сол» сілтеу есімдігі нақты нені, кімді меңзеп тұрғанын айқындайды.

Ал сұрау есімдіктерінен кім, не сұрау мәнді сөздері заттанатынын байқадық:

Қызды *кім* сүймейді, қымызды *кім* ішпейді;

Кіммен қарайсаң, сонымен ағар.

Арқада аяз болмаса, арқарлар ауып *несі* бар?

Сонымен қатар, әр тұлғада түрленіп қолданылатын өз деген бір ғана өздік есімдігі де заттана алады:

Араны ашынған қыран не аңды алады, не аңшының *өзін* алады;

Еріншекті жұмсасаң, *өзіңе* ақыл үйретеді.

Мақал-мәтелдерден байқағанымыздай, өз есімдігі көбіне субстантивтенуден гөрі, адъективтенуге бейім. Мәселен: «Әркімнің *өз* жері *өзіне* Мысыр» деген мақалда бірінші келген «өз» сындық мағынада тұрса, екінші келген «өзіне» сөзі заттық мағынаны береді және осы секілді мақалдар өте көп.

Жинақтау мағынасын беретін жалпылау есімдіктерінен барлығы және бәрі есімдіктері заттанады:

Еңбек еткеннің мұқтажы табылар,

Еріншек *барлығынан* қағылар;

Дауға барсаң, бірің бар,

Жауға барсаң, *бәрің* бар;

Ел-елдің *бәрі* жақсы, өз елің *бәрінен* де жақсы.

Ал болымсыздық есімдіктерінен тілдік қолданыста ешкім, ештеңе, ешқайсысы есімдіктері заттанғанымен, паремиологияда «Орташа болсаң, ақыңды *ешкім* жемейді» деген паремияны ғана дәлел ретінде ұсына аламыз.

Мақал-мәтелдерде жорамалдау, тұспалдау арқылы заттық мағына білдіретін белгісіздік есімдіктерінен «бір» және оның қосарланған вариантын, «біреу» есімдігін анықтадық:

Біреу »бас» десе, *біреу* »құлақ» дейді;

Біреу білмегенді *біреу* білер,

Біреу жылағанға *біреу* күлер;

Енді үстеулердің заттануына тоқталсақ, қазақ сөзжасамында көбінесе мезгіл үстеулерінің ішінде бүгін, ертең сөздерін мақал-мәтел компоненттерінен байқадық:

Әйелі азған елдің *ертеңі* (болашағы) жоқ;

Өркенсіз елдің *ертеңі* тұман;

Еріншектің *»ертеңі»* таусылмайды;

Еріншекке бүгіннен *ертең* оңай;

Өткенге қарап шүкір айт, *бүгінге* қарап пікір айт.

Ал мекен үстеулеріне жататын жоғары, төмен, ылди, шет сөздерінің де алдымен сындық, одан кейін заттық мәнге иеленуін мына мақал-мәтелдерден кездестіреміз:

Жақынға өтірік айтпа,

Шетке сырыңды айтпа!;

Ылдидың да өрі бар,

Өтіріктің де жөні бар.

Бұл мақалдардағы «жақын» сөзінің мағынасына тоқталсақ, негізгі мағынасы үстеуден туындайды да, кейіннен сындық мағынаға, одан соң заттық мағынаға ауысады:

«*Жақын* (үстеу): 1. Аралығы жуық, таяу, таман. 2. ауыс. Көңілдес, ашына-жайлас. 3. Дос, тілеулес, ниеті бір. *Жақын* (зат есім): 1. Ағайын-туған, жегжат. 2. а у ы с. Араласатын туыстай адам, өз адамы» (ҚТТС, 103-б.).

Ал «шет» сөзінің сөздікте: «1. Заттың бір жақ ұшы, жиегі, бұрышы. 2. Сырт жер, жырақ, оқшау маң. 3. Шек, шекара. 4. Жақ, тұс. 5. Алыс, шалғай жер. 6. Сырттан келген, шетелдік. 7. Дала, далалық жер» деген мағыналары бар (ҚТТС, 401). «Ылди» сөзі де мекен үстеуге жатқанымен, мақалда заттық мәнді иеленеді.

Қазақ паремиологиясындағы заттанған сөздердің семантикалық табиғаты мен қолданысын талдау арқылы алынған нәтижелерді негізге ала отырып қорытындыласақ, паремияларда кездесетін заттанған сындарды, сандарды, есімдіктер мен етістіктерді, үстеулерді анықтадық. Мақал-мәтелдерде кездесетін заттанған тілдік бірліктерге мағыналық талдау жасап, олардың қолданысы мен грамматикалық ерекшеліктерін айқындадық. Сондай-ақ бинарлық оппозициядағы заттанған тілдік бірліктер салыстырыла зерттелді. Сондай-ақ, мақал-мәтелдер тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бір ойға сыйдырып, қысқа әрі кең мағынаны беретін болғандықтан, айтуға жеңіл болуы үшін ұйқасқа негізделгендіктен, көп сөздер ықшамдала беріледі. Осы ықшамдалудың нәтижесінде кейбір сөз тіркестерінің бір ғана сыңары қолданылып, оның бағыныңқы сыңары заттанып, сөйлемде заттық мәнді қабылдайтынын анықтадық.

Мақал-мәтелдердегі заттанған сын есімдердің ең жиі кездесетін «жақсы» және «жаман» сөздерін мағыналық ерекшеліктеріне қарай, бірнеше қолданысын анықтап, «жақсы» сөзінің қолданылу жиілігіне статистикалық талдау жүргіздік. Паремиологиядағы заттанған сөздер туралы қорыта келе айтарымыз, заттану құбылысы – сөзжасамда атау жасау барысында маңызды

рөл атқарады және заттанған атаулар сөздік қорымызды байытуға үлес қосады. Қазақ паремиологиясындағы заттанған сөздер кейде толық заттану дәрежесінде, кейде контекстік сипатта көрініс тапқан.

3.4 Жасанды интеллект мәтіндеріндегі заттанған сөздердің жиілік көрсеткіші (ғылыми мәтіндер негізінде)

Қазіргі кезеңде ғылыми коммуникация кеңістігінде жасанды интеллект жүйелерінің белсенді қолданылуы тілдік материалдың жаңа түрін қалыптастырып отыр. Ғылыми мәтіндерді автоматты түрде тудыратын жасанды интеллект модельдері академиялық стильдің құрылымдық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін белгілі бір деңгейде меңгеріп, оны қайта өндіру қабілетін көрсетуде. Осы үдеріс лингвистика ғылымында бұрын табиғи мәтіндер аясында ғана қарастырылып келген тілдік құбылыстарды жаңа қырынан зерттеуге мүмкіндік береді.

Бұл туралы ғалым Д.Алкебаева мен Е.Сұлтан бірлескен мақалаларында былай дейді: «Жалпы әлемдегі қазіргі ЖИ тілінің қызметі – адам баласын таңқалдырып жатқаны ақиқат шындық. Бір елдерде ЖИ тілінің көмегімен фан-тастикалық романдар жазылып жатса, екінші бір елде ұлы суретшілері салған тамаша сурет өне-рінің жетістіктерінен де аса танымал туындылар жасалынуда. Бұл сала әдемдігі елдердің ақыл – ойының тамаша жетістігін көрсетсе, оның адам баласына қарама – қарсы тұратын күш болып кете ме деген қауіп қатерін де жоққа шығаруға болмайды. ЖИ қызметі сан алуан: сирек кезде-сетін тілдерді зерттеуге көмектеседі, деректерді жинау және талдау процесін жеңілдетеді. Коммуникативтік қажеттілікті өтеуі, негізінен, оның стильдік, тілдік бірліктерінің қасиет-сапаға ие болу ерекшеліктерімен тығыз байланысты» [151, 22].

Соның ішінде ғылыми стильге тән маңызды белгілердің бірі – номинативтілік, яғни әрекет пен процестің заттанған атаулар арқылы берілуі. Ғылыми мәтіндерде етістік формаларға қарағанда зат есімдер мен заттанған тұлғалардың басым қолданылуы ойды жинақтап, абстракт түрде жеткізуге жағдай жасайды. Бұл ерекшелік ғылыми дискурстың дәлдігі мен логикалық тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі тілдік құралдардың бірі болып саналады.

Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект тудырған ғылыми мәтіндердегі заттану құбылысының көрінісі мен оның жиілік сипатын анықтау өзекті мәселе болып табылады. Себебі мұндай мәтіндер адам авторының тікелей қатысуынсыз, алдын ала берілген мазмұндық сұраныстар негізінде қалыптасады. Демек, мәтіндегі тілдік бірліктердің таңдауы мен құрылымдалуы жасанды интеллекттің ғылыми стильді модельдеу деңгейін көрсететін индикатор ретінде қарастырылуы мүмкін.

Бұл тараушада жасанды интеллект арқылы жасалған ғылыми мәтіндер арнайы зерттеу материалы ретінде алынып, ондағы заттанған сөздердің қолданылу жиілігі сандық тұрғыдан талданады. Зерттеу барысында әртүрлі ғылым салаларын қамтитын мәтіндер таңдалып, олардың лексикалық

құрамындағы заттанған тұлғалар айқындалып, пайыздық көрсеткіштері анықталды. Мұндай тәсіл жасанды интеллект мәтіндерінің ғылыми стиль нормаларына сәйкестігін бағалауға мүмкіндік береді.

Айта кету қажет, аталған тараушада жасанды интеллект мәтіндері негізгі зерттеу нысаны ретінде емес, эксперименттік корпус ретінде қарастырылады. Зерттеудің басты мақсаты – табиғи ғылыми мәтіндермен салыстырмалы түрде жасанды интеллект тудырған мәтіндердегі номинативті құрылымдардың көріну деңгейін сипаттау. Сондықтан бұл талдау лингвистикалық заңдылықтарды жоққа шығару емес, керісінше, олардың жаңа мәтіндік ортада қалай сақталатынын көрсетуге бағытталған.

Осы тараушаның нәтижелері ғылыми стильдің тұрақты белгілерінің жасанды интеллект арқылы қалыптасқан мәтіндерде де белгілі бір жүйелілікпен көрініс табатынын айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар алынған деректер сандық (корпустық) талдау әдісінің қазіргі лингвистикалық зерттеулерде қолдану аясын кеңейтіп, диссертациялық жұмыстың әдіснамалық базасын толықтырады.

Қазіргі жаһандану жағдайында ғылыми коммуникацияның сипаты елеулі өзгерістерге ұшырап отыр. Сандық технологиялардың, соның ішінде жасанды интеллект жүйелерінің қарқынды дамуы ғылыми мәтіндердің жасалу, таралу және қабылдану үдерісіне жаңа талаптар қоя бастады. Бүгінгі таңда жасанды интеллект негізіндегі тілдік модельдер ғылыми мазмұндағы мәтіндерді автоматты түрде құрастырып, академиялық стильдің негізгі белгілерін белгілі бір дәрежеде қайта өндіруге қабілетті екендігін көрсетуде. Осы жағдай лингвистикалық зерттеулер үшін жаңа, бұрын арнайы қарастырылмаған мәтіндік материалдың қалыптасуына себеп болып отыр.

Ғылыми стиль – тіл білімінде жан-жақты зерттелген функционалдық стильдердің бірі. Оның негізгі белгілеріне логикалық дәлдік, дерексіздік, жинақылық және номинативтілік жатады. Әсіресе әрекеттер мен процестердің заттанған сөздер арқылы берілуі ғылыми мәтіндердің құрылымдық негізін құрайды. Алайда бұл құбылыс дәстүрлі түрде тек адам автор жасаған табиғи мәтіндер негізінде қарастырылып келді. Ал жасанды интеллект арқылы түзілген ғылыми мәтіндердегі заттану құбылысының сипаты мен жиілік ерекшеліктері әлі де жеткілікті деңгейде арнайы зерттеу нысанына айнала қойған жоқ.

Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект мәтіндеріндегі заттанған сөздердің жиілік көрсеткішін ғылыми мәтіндер негізінде талдау – қазіргі тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі. Себебі мұндай зерттеу ғылыми дискурстың тілдік заңдылықтарының жаңа мәтіндік ортада қалай сақталатынын немесе трансформацияланатынын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл бағыттағы зерттеулер функционалдық стилистика, мәтін лингвистикасы және қолданбалы лингвистика салаларының тоғысқан тұсында орналасқан өзекті ғылыми проблемаларды қамтиды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі жасанды интеллект мәтіндерінің ерекшелігін тек техникалық немесе информатикалық тұрғыдан емес,

лингвистикалық қырынан қарастыру қажеттілігімен де айқындалады. Қазіргі таңда жасанды интеллектке қатысты зерттеулердің басым бөлігі алгоритмдерге, модельдердің өнімділігіне немесе этикалық мәселелерге бағытталған. Ал тілдік құрылым, сөзжасамдық үрдістер мен грамматикалық заңдылықтардың жасанды интеллект мәтіндерінде көрініс табуы әлі де жүйелі түрде зерделеуді талап етеді.

Аталған тараушаның өзектілігі – зерттеуде сандық талдау әдісінің қолданылуымен де байланысты. Қазіргі лингвистикада тілдік құбылыстарды тек сапалық сипаттаумен шектелмей, жиілік, үлес салмақ, пайыздық көрсеткіштер арқылы дәлелдеу үрдісі кеңінен дамып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект арқылы жасалған ғылыми мәтіндердегі заттанған сөздердің жиілік көрсеткішін анықтау зерттеудің әдіснамалық деңгейін арттырып, алынған нәтижелердің объективтілігін қамтамасыз етеді.

Жасанды интеллект мәтіндерін пайдалану арқылы ғылыми стильдің тұрақты белгілерінің жасанды мәтіндерде де сақталу дәрежесін көрсету – қазіргі тіл біліміндегі антропоөзектілік пен технологиялық дамудың тоғысу нүктесін айқындайды. Бұл өз кезегінде лингвистиканың дәстүрлі мәселелерін жаңа зерттеу кеңістігінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Бұл эксперименттік бөлімде зерттеу материалы ретінде жасанды интеллект арқылы түзілген ғылыми мәтіндер қолданылды. Атап айтқанда, кездейсоқ таңдалған 5 түрлі ғылым саласын (физика, география, медицина, психология, экономика) қамтитын 50 мәтіннен тұрады. Әр мәтін ғылыми стиль талаптарына сәйкес мазмұндық сұраныстар негізінде қалыптастырылды және орташа көлемі 110-130 сөз аралығында болды. Жиілік көрсеткішін түзу барысында мәтіндердің тақырыптық әртүрлілігі сақталып, бір стильдік үлгінің шектен тыс қайталанбауын бақыладық. Жасанды интеллект арқылы алынған мәтіндерді А қосымшасынан көре аласыз.

Зерттеу барысында сандық талдау әдісі негізгі әдіс ретінде қолданылды. Алдымен мәтіндердегі заттанған сөздер анықталып, олардың саны тіркелді. Заттанған сөздер қатарына қимыл, әрекет, процесс, күй, қатынас мағынасын білдіріп, сөйлемде заттық мәнде жұмсалған тілдік бірліктер енгізілді. Әр мәтін бойынша заттанған сөздердің саны және мәтіндегі жалпы сөз саны есептеліп, пайыздық жиілік көрсеткіші анықталды.

Жүргізілген сандық талдау нәтижелері жасанды интеллект арқылы түзілген ғылыми мәтіндерде заттанған сөздердің қолданылуы жүйелі сипатқа ие екенін көрсетті. Барлық мәтіндер бойынша заттанған сөздердің жиілік көрсеткіші 7,7 %-дан 11,7 %-ға дейінгі аралықта өзгерді. Орташа жиілік деңгейінің 9-11 % шамасында сақталуы ғылыми стильге тән номинативті құрылымдардың жасанды интеллект мәтіндерінде де тұрақты қолданылатынын айғақтайды.

Салалар бойынша талдау нәтижесінде медицина, география және экономика бағытындағы мәтіндерде заттанған сөздердің үлесі жоғары екені анықталды. Бұл салаларда процестер мен әрекеттердің дерексіз түрде берілуі, ұғымдық аппараттың күрделілігі номинативті құрылымдардың жиі

қолданылуына ықпал етеді. Ал география мен биология мәтіндерінде сипаттамалық элементтердің басымдығы заттанған сөздердің салыстырмалы түрде аз қолданылуына әсер еткен.

Эксперимент нәтижелері жасанды интеллект тудырған ғылыми мәтіндердегі заттану құбылысы кездейсоқ емес, ғылыми дискурсқа тән тілдік үлгілерге негізделгенін көрсетеді. Бұл жағдай жасанды интеллект модельдерінің ғылыми стильдің негізгі заңдылықтарын, соның ішінде номинативтілікті белгілі бір деңгейде меңгергенін дәлелдейді. Сонымен қатар алынған деректер ғылыми мәтіндердің құрылымдық ерекшеліктері жасанды түрде қалыптастырылған жағдайда да сақталатынын айқындайды.

Жүргізілген талдау нәтижелері жасанды интеллект арқылы түзілген география саласына қатысты мәтіндерде заттану құбылысының жүйелі әрі жоғары жиілікте қолданылатынын көрсетеді. Әсіресе заттанған сын есімдер (*дамығандар, әлсіздер, ластанғандар, қорғалғандар*), заттанған етістіктер (*өлшенгендер, өзгергендер, жойылғандар, сақталғандар*), сондай-ақ заттанған сан есімдер мен реттік сан атаулары (*біріншілер, екіншілер, үшіншілер*) ғылыми баяндаудың негізгі тірек бірліктері ретінде көрінеді.

Жасанды интеллект мәтіндерінде заттанған тілдік бірліктердің жиі қолданылуы, біріншіден, ақпаратты жинақтап беруге тырысады, екіншіден, ғылыми стильдің бейтараптығын сақтайды. Заттану арқылы сапалық, қимылдық немесе сандық белгілер дербес нысан ретінде ұсынылып, күрделі сипаттамалар ықшамдалады. Мысалы, *өзгергендер мен сақталғандар, артқандар мен кемігендер* сияқты қолданыстар белгілі бір процесті немесе құбылысты жеке атау деңгейіне көтереді.

Сонымен қатар талдау жасанды интеллект мәтіндерінде узуалды заттанумен қатар, функционалды заттанудың да белсенді екенін аңғартады. Атап айтқанда, контекст аясында пайда болатын *ең жоғарылар, ең төмендер, жиі қолданылатындар* тәрізді бірліктер сөйлеу актісіне тәуелді, уақытша заттанған қолданыстар ретінде көрінеді. Бұл – жасанды интеллекттің тілдік үлгілерді статистикалық жиілік негізінде қайта өндіруінің нәтижесі.

Заттанған формалардың басым бөлігі көпше тұлғада берілуі де назар аударарлық. Мұндай ерекшелік ғылыми мәтінге тән жалпылау, топтау, жіктеу тәсілдерін күшейтеді және географиялық деректерді категориялық деңгейде ұсынуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде мәтін құрылымы бірізді, логикалық әрі аналитикалық сипат алады.

Экономика саласына қатысты жасанды интеллект құрастырған мәтіндерді талдау барысында заттану құбылысының жүйелі, бірақ шамадан тыс емес деңгейде қолданылғаны байқалды. Заттанған формалар көбіне топтау, салыстыру және динамиканы көрсету мақсатында жұмсалған.

Мысалы, нарық құрылымы туралы мәтінде: *«ұтқандар мен ұтылғандар айқын байқалады»* деген сөйлемде ұтқандар, ұтылғандар – есімше тұлғалы етістіктердің заттануы. Бұл жерде қимыл иесі жалпыланып, дербес экономикалық субъект ретінде берілген. Дәл осындай қолданыс баға динамикасын сипаттауда да кездеседі: *«өскендер мен төмендегендер динамика*

тұрғысынан бағаланады». Мұндағы өскендер, төмендегендер – көрсеткіштердің өзгерісін жинақтап атау үшін қолданылған заттанған бірліктер. Мемлекеттік қаржы саясатына қатысты мәтінде: *«жоспарланған көрсеткіштер мен нақты орындалғандарды салыстыру»* тіркесінде орындалғандар заттық мағынада жұмсалып, қаржылық деректер тобы ретінде берілген. Сонымен қатар *«артқандары байқалса, қысқарғандар тіркелді»* деген құрылымда заттанған есімшелер бюджет баптарының өзгерісін жалпылап көрсетеді.

Еңбек нарығына арналған мәтінде *«жұмыспен қамтылғандар саны»*, *«қысқарғандар тіркелді»* деген қолданыстар кездеседі. Мұнда жұмыспен қамтылғандар – тұрақты терминденген заттану, ал қысқарғандар – контекстік (функционалды) заттану үлгісі.

Халықаралық сауда мәтінінде: *«өңделген өнім үлесінің көбейгендерін оң өзгеріс ретінде бағалайды»* деген сөйлемде көбейгендері нақты сандық көрсеткіштерді жинақтап атау үшін қолданылған.

Жалпы талдау нәтижесінде экономика саласындағы ЖИ мәтіндерінде заттанған бірліктердің мынадай қызметтері анықталды:

1. Категориялау қызметі – (*ұтқандар, жұмыссыздар, сенімділер*);
2. Динамиканы көрсету қызметі – (*артқандар, төмендегендер, қысқарғандар*);
3. Салыстыру қызметі – (*жоспарланғандар мен орындалғандар*);
4. Жалпылау қызметі – нақты субъектіні атамай, топ ретінде беру.

Бұл мәтіндерде заттану негізінен есімше тұлғалар арқылы жүзеге асқан. Сын есімдердің заттануы сирегірек қолданылған, ал сан есімдердің заттануы (біріншілер, екіншілер) табиғи стильде өте шектеулі көрінді. Бұл – ғылыми экономикалық дискурстың нақты деректерге сүйенетін ерекшелігімен байланысты.

Медицина тақырыбында жасанды интеллект құрастырған мәтіндерді талдау барысында заттану құбылысы табиғи ғылыми стиль шеңберінде, шектеулі әрі функционалды деңгейде қолданылғаны байқалды. Заттанған бірліктер көбіне пациенттер тобын жалпылау, клиникалық көрсеткіштерді топтау және нәтижелерді салыстыру мақсатында жұмсалған.

1. Есімше тұлғалы заттану

Мәтіндерде ең жиі кездесетін түр – есімше формалардың заттануы.

Мысалы:

- *«екпе алғандар саны артты»*
- *«ем қабылдағандардың жағдайы тұрақтырақ»*
- *«уақытында тексерілгендерде асқынулар сирек»*
- *«кеш жүгінгендерде емдеу күрделірек»*
- *«ота жасалғандардың жағдайы»*
- *«физиотерапия алғандардың қозғалысы артты»*

Бұл қолданыстарда *алғандар, қабылдағандар, тексерілгендер, жүгінгендер, жасалғандар* сияқты формалар бастапқыда қимылды білдіргенімен, контексте белгілі бір пациенттер тобының атауына айналған.

Яғни, қимыл иесі жалпыланып, дербес медициналық категория ретінде берілген.

Мұндай заттану медицина дискурсына тән, себебі клиникалық зерттеулерде науқастар көбіне нақты есіммен емес, топтық белгімен беріледі.

2. Тұрақтанған (узуалды) заттану

Кейбір қолданыстар терминденуге жақын сипатта көрінді:

- *жұмыспен қамтылғандар* (экономикада)
- медицина мәтіндерінде:
  - *жұмыссыздар* (контекстік қолданыс)
  - *ауыратындар*
  - *инсульт алғандар*
  - *диабетпен ауыратындар*

Мысалы:

- *«Қант диабетімен ауыратындар тұрақты бақылауда болуы тиіс»*
- *«Инсульт алғандар ұзақ мерзімді оңалтуды қажет етеді»*

Мұнда заттанған бірлік белгілі бір аурумен сипатталатын тұрақты топты білдіреді. Бұл – узуалды заттануға жақын құбылыс, себебі медицина мәтіндерінде жиі қайталанып, категориялық мәнге ие болған.

Сын есімдердің заттануы

Медицина мәтіндерінде сын есімдердің заттануы сирек кездеседі:


- *созылмалы ауруы барлар*
- *тәуекелі жоғары топтар*
- *артық салмағы барлар*

Эксперименттік бөлімнің нәтижелері диссертациялық жұмыстың жалпы теориялық тұжырымдарын толықтырып, зерттеудің қолданбалы және әдіснамалық құндылығын арттырады. Жасанды интеллект мәтіндерін эксперименттік корпус ретінде пайдалану лингвистикалық зерттеулерде сандық әдістерді қолданудың әлеуетін кеңейтеді.


Кесте 7 – Жиілік талдауы

Ғылым саласы	Заттанған сөздер саны	Етістіктен заттанған	Сын есімнен заттанған	Сан есімнен заттанған
Экономика	100	60 (60%)	25 (25%)	15 (15%)
Медицина	70	40 (57%)	15 (21%)	15 (22%)
География	60	30 (50%)	20 (33%)	10 (17%)

ЖИ мәтіндерінде ең жиі кездесетін заттанған сөздер етістік тұлғасынан заттанған сөздер болып шықты. Ал есім сөздерден жасалған заттанған сөздер орташа жиілікте кездеседі. Биология мен математика салаларында заттанған сөздер көбірек қолданылған. Графикалық көрінісі төмендегіше көрініс табады:



Сызба 4 – Заттанған сөздердің салалар бойынша жалпы үлесі



Сызба 5 – Заттанған сөздердің сөз табына қатыстылығы

Сонымен қорыта келе, ЖИ мәтіндерінде заттану құбылысы кеңінен кездеседі, әсіресе етістік тұлғасы арқылы қалыптасқан заттанған сөздер басым. Ғылыми салалар арасында заттанған сөздердің үлесі әртүрлі, бірақ барлық салаларда жалпы тенденция сақталады. Алынған жиілік көрсеткіштері болашақ зерттеулерде салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект тудырған ғылыми мәтіндерде заттану құбылысы тілдік үнемдеу, ғылыми абстракция және деректерді жүйелеу функцияларын атқарады. Бұл ерекшелік заттануды тек грамматикалық құбылыс ретінде емес, ғылыми дискурс қалыптастырудың маңызды прагматикалық құралы ретінде қарастыруға негіз береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Заттану немесе субстантивация – басқа сөз таптарының зат есімдер тобына ауысуын білдіретін күрделі үдеріс. Заттану конверсиялық процестің бір түріне жатады. Қазіргі қазақ тіл білімінде барлық сөз табы заттану құбылысына ұшырайды. Себебі зат есімдердің тілдегі қызметі, лексикалық аясы өте кең болғандықтан, басқа да сөз таптары функционалды, семантикалық, коммуникативті аспектіде заттық мәнді иеленіп отырады. Сондықтан тілдегі заттану құбылысының зерттеу аясы – кең әрі күрделі мәселе.

Зерттеу жұмысымызда отандық және орыс тіл білімінде, түркологияда заттану мәселесіне байланысты айтылған пікірлерге сүйене отырып, заттанған сөздердің негізгі ерекшеліктерін, пайда болу жолдарын, заттану дәрежелерін анықтап, олардың семантикасын талдап, коммуникативтік қызметін анықтадық.

Заттану үдерісіне қатысты терминдер қолданысында әлі күнге дейін бірізділік сақталмаған. Мәселен, зерттеулерде «субстантивация», «субстантивтену», «субстантиват», «заттану», «заттанған сөз», «субстантив» сияқты терминдердің қатар қолданылуы байқалады. Бұл көпнұсқалық ең алдымен басқа тілдердің ықпалына және аудармадағы сәйкессіздіктерге байланысты. Осыған байланысты жұмыста терминдер қолданысы көрсетіліп, оларды барынша қазақша атауға икемдеу қажеттілігі айтылды. Атап айтқанда, «заттану» атауын ұлттық ғылыми дәстүрге барынша сай болғандықтан, осы терминді қолдану ұсынылды.

Сөз таптарының заттану процесі біркелкі емес, кейбір сөздер бүтіндей заттанып біржола заттық ұғымды білдіруге көшіп кетеді. Сөйтіп, тілде семантикалық конверсия тәсілі арқылы сөзжасамдық процесс жүзеге асады, жаңа сөз туады.

Кейбір реестр дәрежесінде заттанған сөздер басқа да тілдік факторлардың нәтижесінде заттанады. Атап айтар болсақ, ықшамдалу құбылысы, тілдегі құбылту түрлері арқылы, т.б.

Зат есімнен басқа сөз таптарының заттану үдерісі сөйлеу кезіндегі әртүрлі коммуникативтік факторларға байланысты. Сөйлеушінің ойды ықшам беруге ұмтылуы сөйлем құрамындағы белгілі бір сөз табына тиесілі сөз бен зат есімнің тіркесін бір-ақ сөзбен беруге ықпал етеді.

Бейнелі мағына жасау тәсілдері метафора мен метонимия, ал бейнелі емес ауыспалы мағына жасау жолдарының қатарына сөздің денотаттық мағыналарының әлсіреуі, көмескіленуі немесе керісінше дамуы, эллипсистік ықшамдалу мен жеке қолданым негізінде өзгеріске түсуі нәтижесінде де сөздер белгілі бір дәрежеде заттық мағынаға иеленіп отырады.

Тіліміздегі кейбір сөздердің заттанып қолданылуы – белгілі бір мәтіндік жағдаятпен тығыз байланысты болады. Бұл тұста да ықшамдалу құбылысының ықпалы жоқ. Яғни, мәтіндегі заттанатын сөз бірден заттық мәнде қолданылады.

Ауызекі сөйлеу тілінде сөйлеушінің тілдік қолданысынан заттанған сөздер кездейсоқ тууы да ықтимал. Ондай қолданыстар белгілі бір ортада, мекемеде, тағы басқа да ұжымдарда қалыптасып, оның заттық мағынасы сол

ортада ғана танылуы немесе жалпыхалықтық сипатқа көшуі ықтимал. Олар адамның қызметіне, жағымды, жағымсыз мінезіне, физиологиялық қалпына байланысты сырттай берілген қосымша ат болып келуі де мүмкін.

Сөз мағыналарын тану, сөз мағынасын астарлы қолдана білу қабілеті ықпал ететіндігі анық. Жеке адам жасаған кездейсоқ заттанудың тілде орнығуы оны көпшіліктің қабылдауына байланысты болып келеді.

Қолданыстық қызметіне қарай заттанған сөздер адамның мінез ерекшеліктерін сипаттау үшін және прагматикалық мақсатта адресатқа әсер ету үшін жасалады. Олар экспрессиялығымен, эмоционалдылығымен ерекшеленеді.

Тілдегі табу, диалог, қаратпа сөздер де заттанудың тілде пайда болуына жағдай жасайды. Мысалы:

а) табу көбіне заттық мәнде жұмсалады. Тілімізде қолданылатын шырайлым, тетелес, еркем, кекілдім тәрізді қайын сіңілінің, қайынның атын тікелей атамаудан қалыптасқан, еркелете қойылған екінші атаулар (табу) заттанудың пайда болуына ықпал етеді.

ә) тілдік қолданыста қарым-қатынас жасаушылар арасындағы жақындық байланысты білдіретін сын есім қаратпа сөз ретінде алынады да, ол заттық мағынаның жасалуына ықпал етеді. Мысалы: - *Жалғызым-ау*, біреудің ала жібін аттамауға ант бергенің қайда? (А.Қаражігітов).

б) диалогтердің тілдік табиғатына сөйлемдегі ойды қысқа қайтару тән болып келетіндіктен, көбіне зат есімдер ықшамдалады да, сол арқылы тілде сын есімдердің заттанып қолданылуына жағдай жасалады. Мысалы:

- Бұларды бастап келген қайсы екен?
- Мына бір *толық сарысы* (К.Ахметов).
- *Бөтендердің* ұзын-қарасы – үшеу.
- Бәрі де өзіміз *тұстастар* ғой деймін.
- Басшылары анабіреу *төртбақ* болса керек (Т.Әлжантегі).

Диссертациялық жұмысымызда ғалымдардың пікірі мен қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, заттанған сөздерді құрамына қарай екіге, тұлғасына қарай екіге, заттану дәрежесіне қарай екіге бөліп қарастырдық:

Құрамына қарай:

1) дара субстантиваттар (құрамы бір сөзден тұратын субстантиваттар): *арзан, шал, ыстық, туысқан, ақтар, қызылдар*;

2) күрделі субстантиваттар (бірігу, қосарлану, тіркесу арқылы кемінде екі сөзден жасалған субстантиваттар): *ақсақал, екінің бірі, барыс-келіс, айтыс-тартыс, туыс-туған.*

Тұлғасына қарай:

1) түбір субстантиваттар (семантикалық тәсіл арқылы жасалған субстантиваттар): *«Аққа* құдай жақ», «Жауға барсаң кесерді ал, дауға барсаң *шешенді* ал», «*Жаяудың* шаңы шықпас»; «*Соқырдың* тілегені – екі көзі»;

2) туынды субстантиваттар (синтетикалық немесе аналитикалық тәсіл арқылы жасалған субстантиваттар): «*Жыртқыштар – сүтқоректілердің* дербес

атауы», «Бір Алла осы аруға кез келтір деп, Жылаймын ертелі-кеш *Жаратқанға*».

Заттану дәрежесіне қарай:

1) уақытша заттану (мәтінде уақытша заттану, контекстік заттану, окказионалды заттану): «*Бөріктінің* намысы бір»;

2) толық заттану: Есіне *шал* түсті де ет бауыры елжіреп кетті (Б.М.).

Етістік тұлғаларының ішінде заттану үдерісіне ең бейімі – етістіктің есімше тұлғалары. Жұмыста алдымен М.Қашқари сөздігіндегі есімшелерге тоқталдық. М. Қашқари «Сөздігінде» есімшелердің мынадай формаларын кездеседі:

«1. =ған, =ген, =қан, =кен: айытған – сұрайтұғын, йоғұрқан – қабылған, жөрмелген, иүгүрген – жүгірген;

2. =ғу, =гу, =ку, =ағу: йорығу – жүретін, иенігу – туатын, жеңілдейтін, тұтұрғу – тұтататын;

3. =р, =үр/=ур, =ер /=ар: пушмасар – зерікпеген, евмесер – саспаған;

4. =мыш/=міш: болмыш – болған, пітміш – біткен, қашмыш – қашқан;

5. =дачі/=тачы, =ғчы/=ғчі, =ғлы/=ғлі: бардашы – барушы, турдашы – тұрушы, құрғушы – құрушы, сувғаруғшы – суарушы;

6. =дуқ».

Сондай-ақ, М.Қашқиридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі өнімді есімше формаларына жеке тоқталып, еңбектен нақты мысалдар келтірдік. Сонымен қатар, есімшелердің заттық және сындық сипатта жұмсалуын зерттеу жұмысымызда алғаш рет сөз еттік. Атап айтқанда, есімшенің -ған/ген, -мыш/-міш, -р/-үр/-ур/-ер/-ар, -дуқ, -тук/-туқ формаларының заттық мәнде жұмсалуын сөздіктен нақты мысалдар арқылы дәлелдедік. Есімшелердің -ған/ген, -мыш/-міш, -дуқ формалары арқылы адъективтенген тұлғаларына да мысал келтіре отырып, талдау жасадық.

«Сөздіктегі» есімшелерді және оның заттанған тұлғалары туралы қорыта келе айтарымыз, есімшенің заттануы процесі ерте ғасырлардан басталған. Жұмысымыздың зерттеу нысаны болған «Түрік сөздігінде» бұл сөздер әбден кемеліне жетпесе де, контекстік сипатта көрініс тапқан. Сонымен қатар, сол заманда-ақ есімшелердің бірнеше формалық түрлері белсенді қолданыста болған және де XI ғасыр саңлағы М.Қашқари есімшелердің есім сөздерден бөлек екенін ажыратқан.

Есімшеге грамматикалық табиғаты жағынан төмендегідей белгілер тән:

1. есімше субъект пен объект арасындағы қимылды білдіріп, етістікке тән процессуалдық мәнге ие болады;
2. етістік категориясына тән шақтық мағынаны сақтайды;
3. етістіктің болымды және болымсыз түрлеріндегі мағынаны қабылдай алады;
4. етістікке тән салт және сабақты қимыл мәнін білдіреді.

Ал субстантивтенген есімшелер грамматикалық қызметі мен мағынасы жағынан зат есімдерге жақындап, төмендегідей қасиеттерімен сипатталады:

1) зат есімдерше көптеліп, дерексіз немесе жалпылау мағынаны білдіреді;

2) тәуелдік жалғауларын қабылдап, меншіктілік қатынасты білдіреді;

3) зат есімдерше септеліп, сөйлемде атау тұлғасында бастауыштың, басқа

септік тұлғаларында толықтауыштың, сондай-ақ сөйлем соңында келіп баяндауыштың қызметін атқара алады;

4) жіктік жалғауларын қабылдау арқылы предикаттық қызметке ие болады.

Бұл жұмыста есімшелердің ең негізгі мынадай жұрнақтарын басшылыққа алып, оларжың заттық мағынасын талдадық:

1) -ған/-ген, -қан/-кен;

2) -ар/-ер/-р;

3) -атын/-етін, -йтын/-йтін;

4) -ушы/-уші;

5) -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек.

Жұмысымызда заттанған есімшелерді де заттану дәрежесіне қарай толық және контекстік деп екіге бөліп, толық заттанған есімшелерді 13 семантикалық модель бойынша топтап шығардық:

Бірінші модель – кісі есімдерін білдіретін субстантиваттар: Төлеген, Өтеген, Тұрар, Көпжасар, Майбасар, Жауқашар, Аңсаған, Тілепберген т.б.

Екінші модель – жануар аттарын білдіретін субстантиваттар: Бөріалған, Бөрібасар т.б.

Үшінші модель – туыстық атауды білдіретін субстантиваттар: туысқан, туған, ағайын-туған т.б.

Төртінші модель – гендерлік атауды білдіретін субстантиваттар: кесте тігер, атқамінер, тақым ұстар, атұстар, қамшы ұстар, шайқұяр, ізбасар, атбайлар, моншақ тағар, күл шашар, құрық ұстар т.б.

Бесінші модель – географиялық атауларды білдіретін субстантиваттар: Итөлген, Тайсойған, Биесойған, Терісаққан, Барсакелмес, Ордақонған, Қалмаққырылған, Қызқашқан, Қойсойған т.б.

Алтыншы модель – кісіні балағаттау, сөгу, кемсіту мәніндегі субстантиваттар: оңбаған, дым көрмеген т.б.

Жетінші модель – белгілі бір қызмет иесі немесе белгілі бір мәндегі қимыл иесін білдіретін субстантиваттар: тергеуші, тыңдаушы, айтушы, оқушы, шығарушы, жазушы, сатушы, сатып алушы т.б.

Сегізінші модель – салт-дәстүр, наным-сенімге байланысты туындаған субстантиваттар: ұйқы ашар, селт еткізер, т.б.

Тоғызыншы модель – тағам атауларын білдіретін субстантиваттар: ағарған, бүлдірген т.б.

Оныншы модель – ұран мәніндегі субстантиваттар (ру немесе тайпалардың ұранын білдіретін сөздер): жауқашар, жауқорқар, жауатар т.б.

Он бірінші модель – қару атауын білдіретін субстантиваттар: бесатар, алтыатар т.б.

Он екінші модель – ертеректегі лауазым атаулары немесе қоғамдық статус атауларын білдіретін субстантиваттар: атқамінер, атшабар т.б.

Он үшінші модель – жануарларды сипаттау мәнін білдіретін субстантиваттар: қашаған, қашар, баспақ.

Он үшінші модель – уақыт мәнін білдіретін субстантиваттар: өткен-кеткен т.б.

Жұмыста контекстік тұрғыда уақытша заттанған есімше формаларына тоқталдық. Уақытша заттанған есімшелер тек қолданыста ғана заттық мәнді иеленеді, бірақ жеке тұрғанда етістік қызметін атқарады.

Есімшенің -ған/-ген/-қан/-кен формаларының уақытша заттануында субъектінің белгілі бір қимылды өткен шақта жасағанын білдіреді. Сөйлемде контекстік не болмаса окказионалды заттанған сөздің қызметін атқарады:

Есімшенің -ушы/-уші формаларының толық емес заттануында субъектінің әрекетті тұрақты орындауын білдіреді. Көркем әдебиет беттерінде былайша көрініс табады:

Көне түркі тілдерінде қолданылған есімшенің өткен шағының бірі ретінде -мыш,-міш қосымшасын тоқталдық. Алайда бұл қосымшалар қазіргі қазақ тілінің есімше формалары ретінде -мыш, -міш қосымшасы қолданылмайды. Бұл қосымша етістік мәнінде тілімізде қолданылмаса да, заттық мәнде әлі күнге дейін сақталып қалған. Мысалы: тұрмыс, болмыс, жасамыс, тарамыс т.б.

Етістік тұлғаларының ішінде заттануға бейім тұлғалардың бірі – қимыл есімі. Қай тілде болмасын, қимыл есімдері әрі заттық, әрі әрекет мағынасын білдіреді. Тілімізде қимыл есім тұлғалары арқылы толық заттық мағынаға өткен сөздер өте көп. Қимыл есім тұлғалары арқылы заттанған сөздерді 7 түрлі семантикалық модель бойынша топтастырдық. Атап айтар болсақ:

Бірінші модель – кісі есімдерін білдіретін субстантиваттар: *Медеу, Қалау, Сайлау, Тілеу, Төлеу* т.б.

Екінші модель – дерексіз мәндегі субстантиваттар: *оқу, тілеу, тергеу* т.б.

Үшінші модель – зат атауларын білдіретін субстантиваттар: *көсеу, сабау, оқтау, егеу, бояу, жабу* т.б.

Төртінші модель – кеңістік категориясын білдіретін сөздер – *жайлау, күзеу, қыстау, асу, бастау* т.б.

Бесінші модель – салт-дәстүр атауларын білдіретін субстантиваттар: шашу, ұрын бару, жасау, ат тергеу т.б.

Алтыншы модель – термин мағынасындағы субстантиваттар. Бұл моделді іштей бірнеше топқа бөлуге болады:

5) лингвистикалық терминдер: үстеу, жалғау, шылау т.б.

6) математикалық терминдер: қосу, алу, бөлу, қысқарту т.б.

7) әдебиет терминдері: теңеу, шендестіру, салыстыру, құбылту т.б.

8) физика терминдері: кернеу, үдеу, тежеу, тұйықтау т.б.

Осылайша, әртүрлі ғылым салаларына қатысты терминдік топты тізе беруге болады. Байқап отырғанымыздай, -у қимыл есімінің терминжасам қабілеті жоғары.

Жетінші модель – қоғамдық, әлеуметтік үдерісті білдіретін субстантиваттар: сайлау, байқау, талқылау, тағайындау, қабылдау, бекіту, тіркеу т.б.

Қимыл есімдерінің уақытша да заттанады. Уақытша заттану кезінде белгілі бір контексте ғана заттық мәнде қолданылуы орын алады. Зат есімдерше сөйлемде түрленіп қолданыла береді, сондай-ақ зат есімнің синтаксистік қызметін атқарады. Қимыл есімі сөйлемде уақытша заттық мәнді атқарса, көбіне қимылдың жалпы атауында, дерексіз мағынада, процессуалдық мәнде қолданылады. Қимыл есімі де етістік тұлғасы болғандықтан, сөздің негізгі мағынасынан қимыл, іс-әрекет мәні алшақтамайды.

Тіліміздегі заттанған қимыл есімдерінің тілімізде көп қолданылатынын және уақытща заттанған қимыл есімдерінің формаларын байқау үшін «Қазақ тілінің ұлттық корпусында» жинақталған тілдік фактілер негізінде жасалған сандық мәліметтерді де жұмыстың негізгі бөлімінде келтірдік.

Сын есім – қай тілде болмасын, жиі заттанатын сөз табы. Ғалымдар сын есімнің жиі заттануын оның байырғы қызметімен байланыстырады. Қазақ тілінде заттанған сөздердің, әсіресе сын есімдердің көп бөлігі тілдегі ықшамдалу нәтижесінен туындайды.

Сын есімнің заттануы үнем заңының нәтижесінде ғана жүзеге аса бермейді. Кей жағдайда сөздің мағыналық жағынан тарылуы сын есімнің заттық мағынада орныгуына себеп болады. Мысал ретінде ару, шал, бала, құлаш т.б. сөздерді талдадық.

Кей сөздердің мағыналық аясы тарылуы нәтижесінде заттық мағынаны иеленсе, кей сөздердің мағынасының кеңеюі арқылы заттық мағынаға ие болған. Мәселен, *ақ, көк, қызыл, салқын, ыстық, суық, бай, жарық, кір, қышқыл, орташа, шала, тамаша, жансыз, қызық* т.б. сын есімдердің семантикалық өрісі дамып, реестр дәрежесіндегі заттанулар пайда болған.

Тілімізде түбір сын есімдердің ішінде уақытша заттанатыны да, реестр сөз дәрежесіне жеткен заттанған сөздер де кездеседі. Соның ішінде түбір сын есімдердің заттануынан жасалған жалқы есімдердің өзі біршама.

Қазіргі тілімізде туынды (қатыстық) сындардың заттануы негізінде жасалған атауларды анықтадық. Бұл сөздердің сөздіктерде берілген заттық мағыналарын талдадық.

Сын есімнің заттануы арқылы жасалған сөздер күрделі тұлғада да кездеседі. Олар қосарлану, тіркесу, бірігу арқылы жасалады және кемінде екі сыңардан келеді де көбіне жалпылау, топтау мағынасын береді. Мысалы: *арық-тұрақ, ақсақ-тоқсақ, жетім-жесір, кір-қоқыр, ұсақ-түйек, кәрі-жас, ақ-қара, анық-танық, өлі-тірісі, тамыр-таныс, артық-кем, кәрі-құртаң, кем-кетік, жақын-жаран, думан-қызық* тәрізді қос сөздерде сөздіктерде зат аталымы ретінде танылған. Осы үлгідегі сөздердің алғашқыда сын есім болғандығы сырт тұлғаларынан бірден аңғарылады. Қосарланған тұлғада келіп заттанған сын есімдердің заттық мәні заттанған дара сын есімдерден де айқынырақ танылады. Оларда заттық мағынаны жинақтап, топтап көрсету ұғымы бар.

Жұмысымызда сын есімнің заттануынан жасалған атаулардың бірнеше моделін ұсындық.

Бірінші модель. *Адам, кісі, тұлға мәнінде қолданылатын субстантиваттар*: қарт, ақсақал, жақсы, жаман, науқас, шал т.б. сөздер. Бұл аталған модельдің өзі іштей бірнеше ұсақ мағыналық топтарға жіктеліп кетеді:

- *адамды сырт келбетіндегі ерекше бір белгісімен атау:*

а) адамды киген киіміне байланысты атау (бөрікті, етікті, шапанды, тымақты);

ә) адамды дене бітіміндегі, кескін-келбетіндегі бір ерекшелігімен атау (ару, сұлу, тапал, қысқа, дәу, ұзын, қара, сары, семіз, жуан, т.б.);

б) адамды бет-әлпетіндегі көзге ерекше көрінерлік бір белгісімен атау «жирен сақалды, қырма сақалды, қара мұртты, т.б.);

в) адамды дене бітіміндегі физиологиялық бір кемістігімен атау (ақсақ, соқыр, қитар, мылқау, таз, саңырау, керең, т.б.);

- *адамды жас ерекшелігіне қарай атау:* қарт, шал, бала, жас, кәрі, үлкен, кіші, кәрі-жас, үлкен-кіші т.б.

- *адамды туыстық қатынасына байланысты атау:*

а) ересектерге қатысты туыстық ұғымдарды білдіретін сын есімдердің заттануы: жақын, жақын-жаран, жақын-жуық, жақын-жұрағат, жат, жат-жақын, туыс, ағайын, ерлі-зайыпты, ағалы-інілі, бөтен, бауырлас, аталас, туыстас т.б.

ә) балаға қатысты ұғымдардың заттануы: үлкені, кішісі, тұңғышы, кенжесі, жалғызы немесе ұсақ, қара домалақ, жаман т.б.

- *адамды жағымды-жағымсыз қылығымен, жақсылы-жаманды қасиетімен атау:* момын, ашқарақ, ұятсыз, екіжүзді, жақсы, жаман, бейкүнә, сараң, еріншек, арам, адал, сұм, қорқақ, мазасыз, сыйымсыз, тыйымсыз, қу т.б.

- а*дамды оның бойында белгілі бір қабілеттің бар-жоқтығымен байланыстара атау:* өнерлі, өнерсіз, дарынды, дарынсыз, талантты, талантсыз, білімді, білімсіз, жігерлі, жігерсіз т.б.

- *адамды әлеуметтік жағдайына қарай атау:* күшті, әлсіз, малды, малсыз, бай, аш, тоқ, кедей, жалаңаш, жуан, жарлы, мықты т.б. Мысалы: Ырғызбай жағынан келген он бес қыстауды азулы *мықтылар* басқанын бір есітті (М.Әуезов). *Нашарды* талай адам талап жеп жүр, Бөріден артық дейміз оның несін?! (А.Байтұрсынов). Базар – *ақшалыға* базар, *ақшасызға* назар (Мақал).

- *адамды физиологиялық жағдайына, денсаулығына байланысты атау:* тірі, өлі, ауру, сау, жаралы, науқас, сырқат, есуас т.б.

- *адамды мінген көлігімен немесе қолданған құралының атымен байланыстыра атау:* атты, аттылы, арбалы, мылтықты, көлікті, көліксіз, жаяу т.б.

- *адамды отбасының жағдайымен байланыстыра атау:* үйлі, үйсіз, балалы, баласыз, жетім, жесір, жалғызбасты, бойдақ, егіз, ұялас т.б.

- *адамды қоғамдағы қозғалыстарға, саяси ұйымдарға қатысы жағынан атау:* ақтар, қызылдар, оңшылдар, солшылдар, саясатшылдар т.б.

- *адамды тұрғылықты жерімен астастыра атау:* қалалықтар, далалықтар, ауылдықтар, қарағандылықтар, жабаншұбарлықтар т.б.

- *адамды ішкі психологиялық күйімен, сезім дүниесімен байланыстыра атау:* ғашық, сүйікті, ардақты, зарлы, мұңлы, арманды, армансыз, қайғысыз т.б.

- *адамды басқа бір адаммен жақындық, ортақтық белгілеріне қарай атау:* қадірлес, сыйлас, дәмдес, сырлас, құрдас, көңілдес, мұндас, пікірлес т.б.

Екінші модель. *Төрт түлік малға байланысты туындаған субстантиваттар:*

- *жылқыны оның түр-түсімен байланыстыра атау:* күрең, торы, құла, баран, қылаң, жирен, шабдар т.б.

- *жылқыны ерекше бір белгісінің, қасиетінің атымен атау:* асау, жүйрік, қасқа, төбел, жорға, бойдақ, мәстек, шолақ, бесті, шабан, жарау т.б.

- *ұсақ малға байланысты заттанып қолданылатын сөздер*: тұсақ (қой), аналық (қой), тоқал (ешкі), марқа (қозы), арамза, ақсақ-тоқсақ, жаман-жәутік т.б.

Үшінші модель. *Төрт түліктен басқа жануарларға байланысты туындаған субстантиваттар:* тазы, құмай, қаншық, бөрі, тағы, қорқау, көкжал, ұялас, бұралқы т.б.

Төртінші модель. *Ас, тамақ мағынасын беретін субстантиваттар:* кештік, түстік, сүр, тәтті, ақ, көжелік т.б.

Бесінші модель. *Киім, бұйым мағынасын беретін субстантиваттар:* киіттік, ескі-құсқы, андай-мұндай, ұсақ-түйек т.б.

Алтыншы модель. *Табиғи және жасанды зат атауын беретін субстантиваттар:* көк, тақыр, шалғын, оттық, соқпақ, шабындық, жабағы, жуынды, еттік т.б.

Жетінші модель. *Дерексіз мағынаны беретін заттанулар.* қарыз (іс), жөн (іс), жыртық-тесік (жер, қуыс, саңылау), шын (сөз), сұмдық (оқиға), анық-танық (дерек), қараңғы (түн), жарық (сәуле), суық (түсті), ыстық (күн, температура), қызық (думан) т.б.

Сан есім – сын есім мен есімшелерден кейін заттануға бейім сөз табы. Алайда сан есімдер субстантивтенуден гөрі, адъективтенуге жақын екенін анықтадық. Сан есімдердің заттануы сөз мағынасының кеңеюіне де, үнем заңына да байланысты.

Жұмыста есептік сан есімдердің ішінде бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, тоғыз, қырық, жүз, мың т.б. сан есімдері жеке-жеке нақты мысалдар арқылы талданды. Аталған сан есімдердің мағыналық аясы мен қолданыстық сипаты зерделенді.

Сонымен қатар бірден жетіге дейінгі жинақтық сан есімдердің заттануын қарастырдық. Жалпы, жинақтық сан есімдер контексте жіктеліп, тәуелденіп, септеліп те қолданылады. Бұл сан есімдер көбіне заттық мағынада қолданылып, абстракт ұғымды білдіреді. Жинақтық сан есімдерге тән тағы бір ерекшелік – бұл сан есімдердің зат есіммен тіркеспеуі.

Жинақтық сан есімдердің білдіретін семантикалық мағыналарын мынадай бірнеше топқа бөлдік:

- болжалдық мағына;
- белгісіздік мағынасы;
- жалпылау мағынасы;

Диссертациялық жұмыста реттік сан есімдердің де заттана алатынын анықтадық. Бұл жағдайда олар нешіншіңіз? Қайсысы? Нешіншісі? т.б. сұрақтарға жауап береді. Реттік сан есімдерден көбіне онға дейінгі және ондық дара сан есімдер заттанады.

Қазақ сөзжасамында бөлшектік сан есімдер де үнем заңы арқылы заттана алады. бұл сан есімдер көбіне уақытша контексте заттық мәнде көрініс табады. Мысалы: *жүзден бірі, екінің бірі, үштен екісі, мың жарым* т.б.

Бөлшектік сан есімдердің ішінде контексте ғана заттанып қоймай, жалпыхалықтық деңгейде қолданыс тапқан «екінің бірі» тұрақты тіркесін де жұмыста талдап көрсеттік.

Сан есімдердің заттануын талдау барысында олардың заттану дәрежесін мынадай топтарға бөлеуге болады:

1) сан есімдердің контексте заттануы;

2) реестр сөз дәрежесінде заттануы;

Жоғарыда сөз етілген сан есімдерді талдау нәтижесінде олардың заттық мағыналары көбінесе контекстік дәрежеде болғандықтан, оны сын есімдер мен есімшелер сияқты алуан түрлі семантикалық топтарға жіктей алмаймыз. Дегенмен мынадай семантикалық модельдерін атап көрсеттік:

- адамның не заттың санын, ретін білдіретін субстантиваттар: бірінші, екінші, екінің бірі, қырықтың бірі, мың, жүз, қырық, біреу, екеу, үшеу, т.б.
- баға мағынасын беретін субстантиваттар: бір, екі, үш, төрт, бес, он, жүз, тоқсан т.б.
- уақыт кезеңін білдіретін субстантиваттар: тоқсан, үші, жетісі, қырқы, жүзі т.б.
- салт-дәстүр ұғымын білдіретін субстантиваттар: тоғыз, қырық жеті т.б.

Зерттеу жұмысымызда үстеулердің заттануын да нақты мысалдармен талдадық. Алайда үстеулердің реестр сөз дәрежесінде емес, уақытша заттанатын болғандықтан, үстеулердің коммуникативтік қызметіне байланысты мысалдар келтіріп, олардың семантикасын анықтадық.

Үстеулердің ішінде заттанатыны мезгіл, мекен, мөлшер және кейбір қимыл-сын үстеулері. Олар көбіне тәуелдік, септік, көптік жалғаулары арқылы заттанады. Үстеулердің заттануына әсер ететін бірден-бір тілдік фактор – тілдегі үнем заңы.

Қазақ тіліндегі одағайлар мен еліктеу сөздердің заттануы – сөз табы трансформациясының теориялық тұрғыдан маңызды көрінісі. Бұл құбылыс тілдің номинативтік және экспрессивтік қабаттарының өзара әрекеттесуін, грамматикалық категориялардың динамикалық сипатын айқын көрсетеді.

Одағайлар табиғаты жағынан номинативтік емес, эмоциялық-экспрессивтік қызмет атқаратын сөздер болғандықтан, олардың заттануы толық заттану деңгейінде емес, көбінесе функционалдық және метатілдік сипатта жүзеге асады. Одағай заттанғанда сөз өзінің бастапқы эмоциялық мағынасынан

ажырамайды, тек сол эмоцияның атауына айналады. Сөзжасамдық тұрғыдан олар көптік, тәуелдік, септік жалғауларын қабылдай алғанымен, бұл өзгеріс олардың сөзжасамдық табиғатын өзгертпейді. Сондықтан одағайлардың заттануы – синтаксистік-функционалдық деңгейде жүзеге асатын, контекстке тәуелді құбылыс.

Еліктеу сөздердің заттануы одағайларға қарағанда біршама өнімдірек. Себебі еліктеу сөздер объективті болмыстағы дыбыс пен қимылға негізделген. Сол себепті олар заттанғанда белгілі бір оқиғаның, дыбыстық құбылыстың немесе әрекеттің атауына айнала алады. Кей жағдайда еліктеу сөздер сөзжасамдық тәсілдер арқылы лексикаланып, дербес зат есімге айналу мүмкіндігіне ие болады. Бұл олардың номинативтік әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыстың соңғы бөлімінде заттанған сөздер коммуникативтік аспект тұрғысынан талданды. Атап айтқанда, олардың қолданыстағы сипаты сараланды. Сондай-ақ Абай өлеңдеріндегі окказионал субстантиваттар, қазақ паремиологиясындағы заттанған сөздердің семантикасы мен қолданысы, ЖИ құрастырған ғылыми мәтіндердегі заттанған сөздердің жиілігі анықталды.

Жалпы алғанда, қолданыстағы заттануларда бағалауыштық, прагматикалық сипаттар негізге алынады. Прагматикалық мақсатта экспрессиялығымен ерекшеленетін заттанулар қолданыста жиі кездеседі.

Сөз мағынасын ұлттық таным тұрғысынан өрбіту, тіл тарихын адамның қабылдау, пайымдау, ойлау тарихымен ұштастыру бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Тілде бұрыннан бар номинативті тұлғалар семантикалық жағынан дамып, жаңа денотаттық мағына туғызады. Ол мағына кейде тілде орнығып, жаңа аталым жасауға әкелсе, кейде қолданымдық сипатта қалып, әр түрлі мәтіндік тұрғыда ғана танылатын мағыналық реңктерді білдіреді.

Қорыта айтқанда, заттану үдерісінде адам санасындағы ұғымдардың ассоциациясынан біреуі түрлі факторларға байланысты алдыңғы орынға шығып отырады. Сол сәтте көп ұғымның ішіндегі бір ұғымның уәжі күшті болады. Уәжделетін ұғым жеке танымдық, өзіндік санада пайда болады да, бұнда субъективті уәждендіріп, қабылдауының нәтижесінде толығып отырады. Демек, адамның ойлау жүйесі қоршаған орта мен тілдің байланысын сабақтастырып отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы [Мәтін]. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

2 Жубанов К. Исследования по казахскому языку [Текст]. – Алматы: Ғылым, 1965. – 362 с

3 Аманжолов С.А. Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім. Морфология. – Алматы. Қазмембасп., 1939. – 103 б.

4 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Екінші басылым [Мәтін]. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 282 б.

5 Лингвистикалық түсіндірме сөздік [Мәтін] / А. Б. Салқынбай Е. М. Абақан ... – Алматы : Сөздік-Словарь, 1998. - 301 б.

6 Қазақ тіл білімінің онтологиясы. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 192 б.

7 Н. Оралбай, К. Құрманалиев, Ж. Балтабаева «Қазақ тілінің сөзжасамы». Алматы, Інжу-Маржан баспаханасы, 2014. – 290 б.

8 Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 2007. – 336 б.

9 Қалиев Ғ. Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері (Оқу құралы). Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. 190 б.

10 Қалиев Б. Тіл білімі теориясының негіздері. Алматы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, 2014. -300 б.

11 Төлеуов Ә. Қазақ тіліндегі есім сөздердің жасалуы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 100 б.

12 Төлеуов Ә. Қазақ тіліндегі есім категориясы. – Алматы: Қазмемоқупедбас, 1964. – 91 б.

13 Әміров Р., Жақыпақынова С.Б., Әділова З. Субстантивтену, оның грамматикалық орны. – Қазақстан мектебі, 1982. №7. 70-72 б.

14 Шәкенов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы. – Алматы: Қазмемоқубас., 1961. – 80 б.

15 Амирова Ж. Функциональные аспекты субстантивации в казахском языке. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 232 с.

16 Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам: монография. 2-бас. / А.Б. Салқынбай. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 316 б.

17 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.

18 Матжанова, М.А. Субстантивация причастий в русском и казахском языках: Автореферат дис. ... канд. филол. наук: 10.02.20. – Алматы, 1994. – 25 с.

19 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. - Астана, 2002. - 784 б.

20 Саменова С. Заттанған сындардың танымдық және функционалдық қызметі: Фил. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. – Алматы. – 130 б.

21 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері [Текст] / Б. Сағындықұлы. - Павлодар : С.Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік ун-ті, 2010. - 262 б.

22 Салқынбай А. Қазақ тіліндегі қимыл есімі. Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 213 б.

23 Сарбалаев Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі конверсиялық тәсіл және адъективация. Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 224 б.

24 Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім. Морфология. – Алматы: Ғылым, 1967. – 264 б.

25 Искаков А. Наречие в современном казахском языке. – Алматы: Изд. АН КазССР, 1950. – 142 б.

26 Малаева М. Сын есімнің зат есімге айналу дәрежесі // Қазақстан мектебі. – 1986. - №4. – 74-76 бб.

27 Баскаков Н.А. Ногайский язык и его диалекты. Грамматика, тексты и словарь: монография / Н. А. Баскаков; АН СССР, Ин-т языка и письменности. – М. : Изд-во АН СССР, 1940. – 271 с.

28 Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Ч. 2. М., 1952, с.175.

29 Аймурзаева А.А. Субстантивация имен прилагательных и причастий в современном каракалпакском языке: диссер. канд. филол. наук. – Ташкент, 1985. – 151 с.

30 Сабиров К.С. Современный татарский литературный язык. М., 1969, 312 с.

31 Гайнутдинова А.Ф. Частеречная транспозиция (субстантивация) в татарском языке в сопостовлении с русским языком: диссер. докт. филол. наук автореф. – Казань, 2011. – 365 с.

32 Саматов К. Кыргыз тилиндеги өң-түс сөздөрүнүн лексика-семантикалык жна стилистикалык мүнөздөмөлөрү (диахрондук жана синхрондук аспекттер): филол. ғыл. докт. автореф. – Бишкек, 2003. – 58 б.

33 Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литератураного языка. М. – Л., 1956, 446 с.

34 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974.

35 Улуханов И.С. Сопоставительная грамматика тюркских языков. – М.: Наука, 2004.

36 Шарафутдинова Г.Ш. Функциональные особенности тюркских языков. – Казань: Изд-во Казанского университета, 2010.

37 Мамедов Б.Р. Субстантивация в разносистемных языках (на материале английского и азербайджанского языков): автореф. … докт. филол. наук. – Баку, 1973. – 56 с.

38 Джафаров Д.А**.** Переходные процессы в частях речи в современном азербайджанском языке: диссер. … докт. филол. наук. – Баку, 1992. – 313 с.

39 Греч Н.И. Практическая русская грамматика. Спб, 1834. 319 с.

40 Востоков А.Х. Русская грамматика Александра Востокова. – СПб., 1874. – 284 с.

41 Потебня А.А. Из записок по русской грамматике. Т.I. Харьков, 1888. – 536 с.

42 Буслаев Ф.И. Историческая грамматика русского языка. Ч. I. – изд. 3-е. – Москва, 1874. – 374 с.

43 Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. Изд. 7-е. – М.: Учпедгиз, 1956. – 139 с.

44 Синтаксис русского языка / А. А. Шахматов; [под редакцией и с примечаниями Е. Истриной]. - Ленинград: Российская государственная академическая типография, 1925 - 1927. - 2 т.; 26 см.

45 Виноградов В.В. Русский язык (Грамматическое учение о слове). – Москва, 1986. – 639 с.

46 Кубрякова Е.С. Типы языковых значений. Семантика производного слова. – М.: Наука, 1978. – 200 с.

47 Золотова Г.А. Очерки по функциональному синтаксису русского языка. – М.: Наука, 1973. – 352 с.

48 Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений: оценка. Событие. Факт. – М.: Наука, 1988. – 341 с.

49 Вербицкая Г.Я. О частеречной трансформации в современном русском языке // Вопросы языкознания. – 1960. – № 4. – С. 35–46.

50 Липкин С.Д. Явление субстантивизации прилагательных и причастий в языке советской художественной литературы: автореф... канд. филол. наук. - Самарканд, 1949. - 23 с.

51 Доконова О.М. Субстантивации прилагательных и причастий в древнерусском языке: дисс. ... канд. филол. наук. - М., 1953. - 240 с.

52 Барзилович А.М. Субстантивации прилагательных в русском языке: дисс. .... канд. филол. наук. - Киев, 1952. - 143 с.

53 Подгаецкая И.М. Переход прилагательных и причастий в существительные в истории русского литературного языка: автореф. ... канд. филол. наук. - М., 1950. - 17 с.

54 Постникова И.И. Стилистическое использование субстантивированных прилагательных и причастия в современном русском языке: дисс. ... канд. филол. наук. - Саратов, 1962. - 161 с.

55 Лопатин В.В. Части речи и межклассовая омонимия в русском языке. – М.: Наука, 1979.

56 Парикова Н.Б. К вопросу о переходных явлениях в морфологии // Вопросы грамматики и орфографии. – М., 1981. – С. 65

57 Рахилина Е.В. Когнитивная семантика: история, персоналии, идеи. – М.: Языки славянской культуры, 2001. – 224 с.

58 Редькина О.В. Субстантивация как семантическое явление: языковой и функциональный аспекты. – Киров, 2003.

59 Смолянинова М.И. Субстантивация причастий в современном русском языке: автореф. ... канд.филол.наук. - Москва, 1970. - 21 с.

60 Лукин М.П. Переход причастий в существительные // Русский язык в школе. – 1957. – № 4. – С. 43–46.

61 Потебня А.А. Мысль и язык**.** Харьков, 1862.

62 Виноградов В.В. Основные типы лексических значений слова // Избранные труды. Лексикология и лексикография. М.: Наука, 1977.

63 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва, 1966.

64 Гак В.Г. К типологии лингвистических номинаций / Языковая номинация. Общие вопросы. – Москва, 1977, 205 с.

65 Салқынбай А. Қазақ тілі сөзжасамы: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 318 б.

66 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.

67 Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматтикасы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, - 2014. – 392 б.

68 Абдирасилова Г.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің аналитикалық тәсіл (бірігу, қосарлану, тіркесу) арқылы жасалуы: Филология ғыл.канд.диссерт. – Астана, 2003. – 140 б.

69 Шойбекова Ғ.Б. Семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің мағыналық ерекшелігі мен уәжділігі. Монография. – Алматы, 2021. – 168 б.

70 Мұхтаров С. Қазақ тіл біліміндегі сөздерді таптастыру мәселесі (Оқу құралы). – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 70 б.

71 Ысқақов А. Қазақ тіліндегі сөздерді таптастыру мәселесі // «Халық мұғалімі» журналы. – 1950.

72 Балакаев М. Б. Современный казахский язык / Синтаксис /. Алматы, 1959. – 221 с.

73 Д. Әлкебаева. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы: оқулық / Д. Әлкебаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 200 б.

74 Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: Филология ғыл.канд.диссерт. – Алматы, 2002. – 313 б.

75 Бекназарова Ұ.Ө. Метафораның тілтанымдық жүйедегі қызметі мен рөлі. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, №1 (189), 21-30 бб.

76 Қазақ тілінің ұлттық корпусы, 2010-2024 ж. [Электрондық ресурс] }

77 Ақжігітова, А., Сәрсенбай, Ж. . (2024). М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі есімшелердің адъективтенген, заттанған тұлғалары. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы, 148(3), 18-28. https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-18-28

78 Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том /Аударған А.Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 592 б.

79 Қашқари М. Түрік сөздігі. 2-том /Аударған А.Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 528 б.

80 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы [Мәтін] / М. Томанов . – 2-бас. ., толықт.. – Алматы : Мектеп, 1988. – 264 б.

81 Қашқари М. Түрік сөздігі. 3-том /Аударған А.Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 600 б.

82 Муталлибов С. «Дивану лугат-ит-турк» М.Кашгарского (Перевод, комментарии, исследования) Автореф.дисс.канд., Ташкент, 1967, 75 с.

83 Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов. М. -Л., 1962.

84 Шағырова Б.Д. М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі және қазіргі қазақ тіліндегі етістік категориясы: Филология ғыл.канд.диссерт. – Алматы, 2004. – 143 б.

85 Мелиоранский И.М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. 1984

86 Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескертшкіштеріндегі қосымшалар.Қазақ ССР Ғылым академиясы; Тіл білімі институты. – Алматы, 1976. – 239 б.

87 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.

88 Әлімтаева Л.Т. Қозғалыс атаулары ретіндегі етістіктердің семантикалық сипаты және грамматикалық потенциалы: Филология ғыл.канд.диссерт. – Алматы, 2010. – 130 б.

89 Ерғалиев Т. Қазақ тіліндегі есімше категориясы. – Алматы: Рауан баспасы, 1958. – 80 бет.

90 Иманқұлова С.М. Қазақ тілі морфологиясы туралы зерттеулер: монография / С.М. Иманқұлова. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 202 б.

91 Өмірбекова Р.Қ. Есімшелі құрылымдардың тілдік табиғаты: монография. – Стер. Бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 130 бет.

92 Ақжігітова А., Салқынбай А., Шалабай Б. (2024). Қазақ сөзжасамындағы есімшелердің заттануы. Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы, 169(4), 78-90.

93 Мешадиева А.Э. Грамматический статус и семантика причастий в тюркских языках. Издательство «Шуша». – Баку, 2017. – 236 с.

94 Болатов Ж. Синтаксические функции причастия в казахском языке: Автореф. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1955. – 36 с.

95 Асенова А.Х., Ақжігітова А.О., Сөйлемез О., Салқынбай А.Б. (2025). Қазақ және ноғай тілдеріндегі заттанған есімшелердің семантизациясы. Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы №2, 2025 жыл, 128-138 б. https://doi.org/10.31489/2025Ph1/128-138

96 Жанузаков Т. Очерк казахской ономастики. – Алма-Ата.: Наука., 1982. – 176 с

97 Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – М., Изд. АН СССР, 1939. – 237 с.

98 Әміров Ә.Ж. Қазақ терминологиясы (Қазақ баспасөз материалдары негізінде). Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 132 б.

99 Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы: Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. 384 б.

100 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.

101 Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1998. – 304 б.

102 Күркебаев К.Қ. Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты (ұзындық, арақашықтық, салмақ-көлем өлшемдері негізінде): Филология ғыл.канд.диссерт. – Алматы, 2003. – 150 б.

103 Моисеев А.И. Основные вопросы морфологии. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1963. – 216 с.

104 Сауранбаев Н. Қазақ тіліндегі сөз таптары. – Алматы, 1948.

105 Байтелиев А. Қазақ тіліндегі номинативтік және коммуникативтік фразеологизмдердің тілдік табиғаты және контексте қолданысы: филол. ғыл. докт. автореф. – Алматы, 2009. – 53 б.

106 Қасым Б. Қ. Қазақ тіліндегі күнделі сөздер: уәждеме және аталым. – Алматы, 2001. – 183 б.

107 Кеңесбаев С., Аханов К. Қазақ тілі грамматикасы. – Алматы: Қазақ мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1954. – 300 б.

108 Хасенов Ә. «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер». – Алматы. Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1967. – 91 бет.

109 Оралбаева Н.О. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 168 б.

110 Шаһарман Г. Қазақ тіліндегі сан есім сөздерден жасалған аталымдар. – Алматы: «Ғылым», 2002. – 114 б.

111 Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп, 1978.

112 Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 247 б.

113 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст. ф.ғ.д. Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.

114 Мұхамади Қ. Қазақ тілінің сөзжасамы: оқулық. – Алматы: SDU университеті, 2017. – 159 б.

115 Төлеуов Ә. Қазақ тіліндегі есім сөздердің жасалуы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 100 б.

116 Ганиев Ф.А. Суффиксальное словообразование в современном татарском языке. – Казань: Татар. кн. изд-во, 1974. – 231 с.

117 Саурықов Е.Б. Адвербиалдану процесінің құрылымдық-семантикалық сипаты. Филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. –Алматы, 1998. – 123 б.

118 Гулямов А.Г. К вопросу об адвербиализации в узбекском языке // Уч. записки ТГПИ. – Ташкент, 1954. 3-16 с.

119 Ыбырайым Ә. Үстеулердің грамматикалық ерекшеліктері: филол. ғыл. канд дисс. – Алматы, 2010

120 Сәткенова Ж.Б. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б.Соқпақбаев шығармалары бойынша): монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 152 б.

121 Боровков А.К. О частях речи в языках тюркской системы // Революция и письменность. – 1936. – № 2. – 90-97 с.

122 Хабичев М.А. Карачаево-балкарское именное формообразование и словоизменение: опыт сравнительно-исторического изучение. – Черкесск, 1977. – 110 с.

123 Фузайлов С. О наречиях в современном узбекском языке // Труды Ташкентского государственного университета. Новая серия. XXIX, филолог. науки. – Ташкент, 1952. – 15-26 с.

124 Гочиева С.А. Особенности наречий в карачаево-балкарском языке // Труды Карачаево-Черкесского НИИИ ЯЛ. – Черкесск, 1968. – II. – 213-247 с.

125 Ибатов Ә. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983. 146 б.

126 Оралбаева Н. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысының совет дәуірінде дамуы. – Алматы, 1998. – 278 б.

127 Гаджиева Н. З. Тюркские языки // Языки мира: Тюркские языки / Редколлегия тома: Э.Р. Тенишев (отв. ред.), Е.А. Поцелуевский, И.В. Кормушин, А.А. Кибрик; Институт языкознания РАН. – М.: Индрик, 1997. – 544 с.

128 Хусайынов К. Звукоизобразительность номинации в казахском языке: Дис. ... д-ра филол. наук. — Алматы, 1988. — 300 с.

129 Еліктеуіш сөздер. Методикалық кеңес және бақылау-пысықтау жаттығулары [Мәтін]: педагогика институттарының филология факультеттеріне арналған / Ш. Ш. Сарыбаев; [ред. Б. Қасымова]; – [2-бас.] .. – Алматы: 1982. - 55 б.

130 Салқынбай А. Функционалды грамматика очерктері. – Алматы, 2003. – 119 б.

131 Протченко И.Ф. О субстантивированных прилагательных и причастих со значением лица // Русский язык в школе. 1958, №4, с 7-22

132 Қасым Б. Метафоралы аталымдар: когнитивті-семантикалық сөзжасам. – Алматы, 2018. – 254 б.

133 Шаяхметов К. -лы, -лі, -сыз, -сіз жұрнақтарының қос қызметтілігі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы: ҚазМУ баспасы, 1976. – 8-шығуы. – 72-97 бб.

134 Салқынбай, А.Б. Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар. Күретамыр: монография [Мәтін]. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 456 б.

135 Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы: оқу құралы / Г.Н.Смағұлова ; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2002. - 111 б.

136 Ақжігітова, А., Салқынбай А., Сәрсенбай, Ж. (2024). Абай өлеңдеріндегі окказионалды субстантиваттар. А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы, 154(4), 27-39.

137 Абай тілі сөздігі. – Алматы : Өнер, 2011. - 616 б.

138 Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: фил.ғыл.док. дисс. – Алматы, 2009. – 320 б.

139 Салқынбай А.Б. Абай сөзінің лингвопоэтикасы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 242 б.

140 Zhaparova A. Translating the Kazakh poet Abay // Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 4. November, 2016, Scopus, - P.307-314

141 Жұмалиев Х.Ж. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. Қазақтың мемлекеттік оқу құралдар баспасы. Алматы. – 1948.

142 Sultangaliyeva O.K., Erdembekov B.A., Soylemez O. The relationship of national character and ethnocultural worldview in modern kazakh poetry // Opcion, Ano 36, Especial No.26 (2020): 1497-1513 ISSN 1012-1587/ ISSNe: 2477-9385

143 Жұбаева О. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректің иесі еді… //Атырау. - 2021, 16 наурыз. https://atr.kz/zhanalyqtar/ystyq-qajrat-nurly-aqyl-zhyly-zhurektin-iesi-edi/

144 Салқынбай А.Б. Түптамыр. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 242 б.

145 Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу) [Мәтін]. – Алматы: Толғанай Т, 2004. – 520 б.

146 Бабалар сөзі: Жүзтомдық: Қазақ мақал-мәтелдері. [Мәтін]. – Астана: Фолиант, 2010. – Т. 65 – 488 б.

147 Сәрсенбаев Р**.** Лексико-стилистические особенности казахских пословиц и поговорок: Автореф. Дис. Канд [Текст]. – Алматы, 1961. – 26 с.

148 Нұрмұханов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1987. - 287 б.

149 Бегимова, Г., Абдиров, Ө. Қазақ тіліндегі «бай-кедей» тақырыбындағы мақал-мәтелдердегі бинарлық оппозиция // *Л.Н.* Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, 2023. – 145(4). – 8–18 б. – https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-8-18

150 Ақжігітова, А., Салқынбай А., Сәрсенбай, Ж. Қазақ паремиологиясындағы заттанған сөздер: семантикасы мен қолданысы // С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, №4, 2025 жыл, 81-97 б. – https://doi.org/10.48081/IACQ7202

151 Алкебаева, Д., & Сұлтан, Е. (2025). Қазақ тілді жасанды интеллекттегі лингвистикалық өзгерістер. *ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы*, *198*(2), 19–33. https://doi.org/10.26577/EJPh202519822

ҚОСЫМША А

Экономика саласына қатысты ЖИ арқылы жазылған мәтіндер

1-мәтін. Нарық құрылымы

Нарық құрылымы экономикадағы бәсекенің сипатын анықтайды. Жетілген нарықта кәсіпкерлердің мүмкіндігі тең дәрежеде қарастырылады, алайда іс жүзінде ірі компаниялар мен шағын кәсіпорындардың әлеуеті бірдей емес. Дамыған елдерде нарықтық институттар тұрақты жұмыс істейді, ал дамып келе жатқандарда құрылымдық өзгерістер әлі жалғасуда. Баға қалыптасу процесінде сұраныс пен ұсыныс шешуші рөл атқарады. Кей жағдайларда ұтқандар мен ұтылғандар айқын байқалады, бірақ бұл нарық заңдылығының бір көрінісі саналады. Экономикалық талдау барысында негізгі көрсеткіштер салыстырылып, өскендер мен төмендегендер динамика тұрғысынан бағаланады. Мұндай тәсіл нарықтың ішкі тепе-теңдігін түсіндіруге мүмкіндік береді.

2-мәтін. Мемлекеттік қаржы саясаты

Мемлекеттік қаржы саясаты бюджеттік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталады. Кірістер мен шығыстардың арақатынасы экономикалық ахуалды айқындайды. Егер жиналған қаражат жоспарланғаннан артық болса, профицит қалыптасады, ал керісінше жағдайда тапшылық туындайды. Сарапшылар жоспарланған көрсеткіштер мен нақты орындалғандарды салыстыру арқылы тиімділікті бағалайды. Салық жүйесінде төлеушілер мен жеңілдік алушылар арасындағы тепе-теңдік сақталуы маңызды. Соңғы жылдары әлеуметтік шығындардың артқандары байқалса, кейбір инвестициялық бағыттарда қысқарғандар тіркелді. Мұндай өзгерістер мемлекеттік басымдықтардың ауысқанын көрсетеді.

3-мәтін. Инфляция үдерісі

Инфляция – бағаның жалпы деңгейінің өсуі. Бұл құбылыс халықтың сатып алу қабілетіне тікелей әсер етеді. Сараптамада қымбаттаған тауарлар мен тұрақтылар жеке қарастырылады. Әсіресе импортқа тәуелді салаларда өскендер жиі байқалады. Баға индексін есептегенде ең жоғарылар мен ең төмендер арасындағы айырмашылық талданады. Инфляция қарқыны баяулаған кезеңдерде төмендегендер үлесі артады. Дегенмен экономикалық тұрақтылыққа жету үшін ақша-несие саясатының үйлесімді жүргізілуі қажет.

4-мәтін. Еңбек нарығының дамуы

Еңбек нарығы жұмыс күші мен жұмыс орындарының өзара байланысын сипаттайды. Жұмыспен қамтылғандар саны экономикалық белсенділіктің негізгі көрсеткіші саналады. Соңғы кезеңде қызмет көрсету саласында артқандар байқалды, ал өндірісте қысқарғандар тіркелді. Жұмыссыздар деңгейі аймақтар бойынша әркелкі. Біліктілігі жоғары мамандар мен тәжірибесіздер арасындағы айырмашылық жалақы мөлшеріне әсер етеді. Сарапшылар жастар

мен зейнет жасына жақындағандардың еңбекке қатысу деңгейін бөлек талдайды. Бұл мәліметтер еңбек саясатын жетілдіруге негіз болады.

5-мәтін. Халықаралық сауда қатынастары

Халықаралық сауда елдер арасындағы экономикалық байланыстарды нығайтады. Экспорт көлемінің артқандары ұлттық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Ал импорттың өскендері ішкі нарықтағы сұраныстың жоғары екенін білдіреді. Сауда балансында оң көрсеткішке ие болғандар экономикалық тұрақтылыққа жақындай түседі. Дегенмен шикізатқа тәуелді салаларда тәуекел сақталады. Сарапшылар өңделген өнім үлесінің көбейгендерін оң өзгеріс ретінде бағалайды. Мұндай үрдістер ел экономикасының әртараптануына ықпал етеді.

6-мәтін. Инвестициялық ахуал

Инвестиция тарту экономикалық өсудің маңызды шарты болып табылады. Шетелдік және отандық капитал ағындары өзара толықтырып отырады. Соңғы жылдары өндіріс саласына салынғандар артса, кейбір инфрақұрылымдық жобаларда баяулағандар байқалды. Сарапшылар тәуекелі жоғары бағыттар мен тұрақтыларды жеке қарастырады. Инвестициялық рейтингте сенімділер алдыңғы орындарға шығады. Мұндай талдау капиталдың қай салаға тиімді жұмсалғанын анықтауға мүмкіндік береді.

7-мәтін. Кәсіпкерлікті қолдау

Кәсіпкерлік экономиканың қозғаушы күші саналады. Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны жыл сайын өзгеріп отырады. Жаңадан тіркелгендер мен қызметін тоқтатқандар арасындағы айырмашылық нарықтағы жағдайды көрсетеді. Мемлекеттік бағдарламалар қолдауға алынғандардың тұрақтылығын арттыруға бағытталған. Әсіресе инновациялық жобаларда табысқа жеткендер көбейіп келеді. Дегенмен қаржыландыруға қолы жетпегендер де бар. Бұл факторлар кәсіпкерлік ортаның сапасын айқындайды.

8-мәтін. Қаржы нарығы

Қаржы нарығында банктер мен инвестициялық қорлар маңызды рөл атқарады. Пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі несие алушылар мен салымшыларға әсер етеді. Соңғы айларда депозит көлемінің артқандары байқалды. Ал тәуекелі жоғары активтерде төмендегендер тіркелді. Сарапшылар сенімділер мен әлсіздерді рейтинг арқылы анықтайды. Қаржы тұрақтылығы үшін реттеуші органдар жүйелі бақылау жүргізеді.

9-мәтін. Аймақтық даму

Аймақтық экономикада өндірістің орналасуы мен инфрақұрылым сапасы ескеріледі. Дамыған өңірлерде өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласы қатар дамыған. Кейбір артта қалғандарда инвестиция көлемі жеткіліксіз. Соңғы жылдары инфрақұрылымға бөлінген қаржының көбейгендері байқалды. Бұл өңірлік теңсіздікті азайтуға бағытталған. Сарапшылар өскендер мен баяулағандарды салыстыра отырып, даму қарқынын бағалайды.

10-мәтін. Цифрлық трансформация

Цифрлық технологиялардың енгізілуі экономиканың құрылымын өзгертуде. Онлайн қызметтерге сұраныстың артқандары айқын байқалады. Дәстүрлі форматта жұмыс істегендердің бір бөлігі жаңа модельге көшті. Енгізілген цифрлық шешімдердің тиімділері өндірістік шығындарды азайтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бейімделе алмағандар нарықтан кетуге мәжбүр болды. Сарапшылар жаңашылдар мен консерватившілер арасындағы айырмашылықты атап өтеді. Цифрлық трансформация экономикалық бәсекеге қабілеттілікті күшейтеді.

География саласына қатысты ЖИ арқылы жазылған мәтіндер

1-мәтін. Табиғи зоналар және климат

Жер шарындағы табиғи зоналардың әртүрлілігі климаттық жағдайларға тікелей байланысты. Ыстық, суық, құрғақ және ылғалды географиялық кеңістіктердің басты сипаттары ретінде қолданылады. Солтүстіктегі суықтар мен оңтүстіктегі ыстықтар табиғатқа ғана емес, адам тіршілігіне де әсер етеді. Климатты зерттеуде өзгергендер, тұрақтылар және құбылғандар ерекше назарға алынады. География ғылымында бірінші, екінші, үшінші климаттық белдеулер деп бөлінуі жиі кездеседі. Бұл үшіншілердің ерекшелігі – маусымдық ауытқудың айқындығы. Табиғи зоналарды сипаттауда көпжылдықтар, жылдықтар, мәңгіліктер сияқты заттанған бірліктер жиі қолданылады. Климаттық деректерді талдауда өлшенгендер мен болжанғандар салыстырылады. Осындай тілдік қолданыстар ғылыми мәтіннің нақтылығын арттырады.

2-мәтін. Жер бедері және оның қалыптасуы

Жер бедері географиялық кеңістіктің ең маңызды құрамдас бөлігі саналады. Таулар, жазықтар, ойпаттар өзара ерекшеленгенімен, биіктер, төмендер, орташалар деген жалпылама атаулармен де беріледі. Геоморфологияда көтерілгендер мен шөккендер негізгі нысан ретінде қарастырылады. Миллиондаған жылдар бойы болғандар мен жойылғандар жер бедерінің қазіргі келбетін қалыптастырды. Ғалымдар алғашқыларды тектоникалық күштермен, кейінгілерді сыртқы факторлармен байланыстырады. Жер қыртысын зерттегенде қаттылар, борпылдақтар, араласқандар ажыратылады. Сондай-ақ географиялық талдауда біріншілер, екіншілер, үшіншілер деп жіктеу тәсілі қолданылады. Бұл жіктелімдер ғылыми сипаттаманың жүйелілігін қамтамасыз етеді.

3-мәтін. Су ресурстарының географиясы

Су ресурстары – адамзат үшін ең қажетті табиғи байлықтардың бірі. Географияда тұщылар мен тұздылар деп бөліну кең таралған. Өзендер мен көлдерге қатысты ағындылар, тұйықтар, уақытшалар деген атаулар қолданылады. Су айналымында жоғалғандар мен қайта оралғандар маңызды рөл атқарады. Ғалымдар біріншілердің табиғи жолмен, екіншілердің жасанды әсер арқылы өзгеретінін айтады. Су қорын есептеуде өлшенгендер,

есептелгендер, болжанғандар бірге қарастырылады. Сонымен қатар көпжылдықтар мен маусымдықтар су режимін сипаттауда жиі кездеседі. Азайғандар мен көбейгендер климаттың өзгерісін айқын көрсетеді. Мұндай заттанған бірліктер географиялық мәтіннің аналитикалық сипатын күшейтеді.

4-мәтін. Халық географиясы

Халық географиясы адамдардың кеңістікте таралуын зерттейді. Бұл салада көптер, аздар, тығыздар, сиректер деген ұғымдар заттық мағынада қолданылады. Урбандалу процесінде қоныстанғандар мен көшкендер негізгі нысанға айналады. Алғашқылар қалаларға шоғырланса, кейінгілер ауылдық жерлерде қалады. Демографиялық талдауда біріншілер, екіншілер, үшіншілер деп жас ерекшелігіне қарай бөлу жиі кездеседі. Сонымен бірге жұмыс істейтіндер, оқитындар, зейнеттегілер халық құрылымын сипаттайды. Халық санына қатысты артқандар мен кемігендер әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді көрсетеді. Осындай заттанған формалар географиялық баяндаудың жинақтылығын арттырады.

5-мәтін. Экономикалық география

Экономикалық география өндірістің аумақтық ұйымдасуын зерттейді. Бұл салада дамығандар мен дамып кележатқандар жиі салыстырылады. Біріншілердің өнеркәсібі жоғары деңгейде болса, екіншілердің әлеуеті әлі толық ашылмаған. Өндіріс салаларын талдауда ауырлар, жеңілдер, араласқандар деп жіктеу қолданылады. Экономикалық аудандастыруда алғашқылар, кейінгілер, соңғылар деген атаулар кездеседі. Сонымен қатар экспорттаушылар мен импорттаушылар халықаралық байланыстарды сипаттайды. Өскендер мен төмендегендер экономикалық көрсеткіштердің өзгерісін аңғартады. Мұндай заттанған тілдік бірліктер экономикалық-географиялық мәтіннің құрылымын нақтылайды.

6-мәтін. Табиғатты қорғау географиясы

Табиғатты қорғау географиясы экологиялық мәселелерді аумақтық тұрғыдан қарастырады. Бұл бағытта ластанғандар мен тазалар басты салыстыру объектісі саналады. Қорғалғандар мен қорғалмағандар табиғи аймақтардың жағдайын көрсетеді. Ғалымдар біріншілердің биологиялық әртүрлілігі сақталғанын, екіншілердің қатер аймағында екенін атап өтеді. Экологиялық мониторингте өлшенгендер, тіркелгендер, болжанғандар бірге талданады. Сонымен қатар қайта қалпына келетіндер мен қайта қалпына келмейтіндер ресурстарды сипаттайды. Азайғандар мен жоғалғандар экологиялық дағдарыстың белгісі ретінде қарастырылады. Осындай заттанған құрылымдар ғылыми пайымдауды ықшам әрі нақты етеді.

7-мәтін. Климаттың өзгеруі

Климаттың өзгеруі қазіргі географиядағы өзекті мәселелердің бірі. Бұл құбылысты сипаттауда жылынғандар мен салқындағандар деген ұғымдар қолданылады. Өткендер мен қазіргілер деректерін салыстыру климаттық үрдісті анықтауға мүмкіндік береді. Ғалымдар біріншілерді тарихи кезеңдермен, екіншілерді қазіргі бақылаулармен байланыстырады. Температуралық қатарда ең жоғарылар, ең төмендер ерекше назарға алынады.

Сонымен қатар көпжылдықтар мен қысқамерзімділер климаттық өзгерісті бағалауда маңызды. Көбейгендер мен азаюдағылар атмосфералық құбылыстардың қарқынын көрсетеді. Мұндай заттанған бірліктер ғылыми мәтіннің дәлдігін арттырады.

8-мәтін. Ландшафт географиясы

Ландшафт географиясы табиғи кешендерді тұтас күйінде зерттейді. Бұл салада таулылар, жазықтар, ормандылар заттанған түрде жиі қолданылады. Қалыптасқандар мен өзгергендер ландшафттың даму кезеңін көрсетеді. Алғашқылар табиғи күйінде сақталса, кейінгілер антропогендік әсерге ұшыраған. Ландшафтты жіктеуде біріншілер, екіншілер, үшіншілер деп сатыландыру тәсілі қолданылады. Сонымен қатар ылғалдылар мен құрғақтар климаттық жағдайды сипаттайды. Сақталғандар мен бұзылғандар табиғатты пайдаланудың нәтижесін көрсететін маңызды көрсеткіштер саналады.

9-мәтін. Ауыл шаруашылығы географиясы

Ауыл шаруашылығы географиясы жер пайдалану ерекшеліктерін зерттейді. Бұл салада егілгендер мен игерілмегендер басты ұғым ретінде қарастырылады. Суармалылар мен тәуелділер климатқа байланысты ажыратылады. Ғалымдар біріншілердің өнімділігі жоғары, екіншілердің тәуекелі көп екенін атап өтеді. Дақылдарға қатысты біржылдықтар, көпжылдықтар заттанған түрде қолданылады. Сонымен қатар артқандар мен кемігендер ауыл шаруашылығының дамуын сипаттайды. Ең тиімділер мен ең әлсіздер көрсеткіштерді салыстыруда жиі кездеседі. Мұндай қолданыстар географиялық талдауды ықшамдайды.

10-мәтін. Көлік географиясы

Көлік географиясы аумақтық байланыстарды зерттейді. Бұл салада құрлықтылар, теңізділер, әуеліктер деп көлік түрлері заттанған түрде аталады. Дамығандар мен әлсіздер көлік инфрақұрылымының деңгейін көрсетеді. Алғашқыларда желі тығыз болса, кейінгілерде байланыс шектеулі. Жүк айналымында көбейгендер мен азайғандар экономикалық белсенділікті сипаттайды. Сонымен қатар біріншілер, екіншілер, үшіншілер деп бағыттар жіктеледі. Жиі қолданылатындар мен сиректер көлік ағынын талдауда маңызды. Осындай заттанған тілдік бірліктер көлік географиясының ғылыми стилін қалыптастырады.

Медицина саласына қатысты ЖИ арқылы жазылған мәтіндер

1-мәтін. Қоғамдық денсаулық сақтау

Қоғамдық денсаулық сақтау жүйесі халықтың жалпы денсаулығын жақсартуға бағытталады. Бұл салада аурудың алдын алу шаралары ерекше маңызға ие. Соңғы жылдары екпе алғандар саны артты, бұл жұқпалы дерттердің таралуын шектеуге ықпал етті. Дегенмен екпе алмағандар арасында қауіп жоғары күйінде қалып отыр. Мамандар скринингтен өткендерді және уақытылы қаралмағандарды салыстыра отырып, ерте анықтаудың тиімділігін дәлелдейді. Алдын алу бағдарламалары әсіресе тәуекелі жоғары топтарға

бағытталады. Осындай жүйелі шаралар қоғамдағы дені сау адамдар үлесін көбейтуге мүмкіндік береді.

2-мәтін. Кардиология саласы

Жүрек-қантамыр аурулары әлем бойынша өлім-жітімнің негізгі себептерінің бірі болып саналады. Дәрігерлер қауіп факторлары бар науқастарды тұрақты бақылауда ұстайды. Соңғы зерттеулерде қан қысымы жоғарылағандар мен холестерині артқандар арасында асқыну жиі кездесетіні анықталды. Ем қабылдағандардың жағдайы бақылаусыз қалғандарға қарағанда тұрақтырақ болады. Кардиологияда алдын алу шаралары мен өмір салтын өзгерту маңызды орын алады. Уақытында тексерілгендерде ауыр асқынулар сирек тіркеледі. Сондықтан халық арасында түсіндіру жұмыстары күшейтілуде.

3-мәтін. Инфекциялық аурулар

Инфекциялық аурулардың таралуы қоғамдық денсаулыққа тікелей әсер етеді. Эпидемиологиялық бақылау барысында анықталғандар мен байланыста болғандар жеке есепке алынады. Ауру белгілері байқалғандар дереу оқшауланады. Зертханалық талдаудан өткендердің нәтижесі негізінде диагноз қойылады. Вакцинацияланғандарда ауру жеңіл өтетіні жиі байқалады. Дегенмен созылмалы дерті барлар үшін қауіп жоғары болуы мүмкін. Сондықтан инфекциялық бақылау шаралары кешенді түрде жүргізіледі.

4-мәтін. Педиатрия

Балалар денсаулығы – медицинаның басым бағыттарының бірі. Педиатрлар дамуында кешеуілдеу байқалғандарды ерте анықтауға тырысады. Уақытылы екпе алғандарда жұқпалы аурулар сирек кездеседі. Тамақтануы дұрыс ұйымдастырылғандардың иммунитеті мықты болады. Ал дәрумен жетіспегендерде әлсіздік белгілері жиі байқалады. Дәрігерлер ата-аналарға профилактикалық тексеруден өткендердің нәтижесін түсіндіреді. Ерте диагностика болашақтағы асқынулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

5-мәтін. Онкология

Онкологиялық аурулардыемдеуде ерте анықтау шешуші рөл атқарады. Скринингтен өткендер арасында ісікті бастапқы кезеңде анықтау мүмкіндігі жоғары. Кеш жүгінгендерде емдеу күрделірек жүреді. Химиотерапия қабылдағандардың бір бөлігінде жанама әсерлер байқалуы мүмкін. Дегенмен заманауи терапия алғандардың өмір сүру ұзақтығы артқаны тіркелді. Қауіп тобына жататындар тұрақты тексерістен өтуі тиіс. Мамандар обырдан жазылғандардың оңалту кезеңіне де ерекше назар аударады.

6-мәтін. Неврология

Неврологиялық аурулар жүйке жүйесінің қызметіне әсер етеді. Инсульт алғандар ұзақ мерзімді оңалтуды қажет етеді. Ерте көмек көрсетілгендерде қалпына келу мүмкіндігі жоғары болады. Созылмалы ауруы барлар дәрігер бақылауында болуы тиіс. Зерттеулерде ұйқысы бұзылғандар мен күйзеліске ұшырағандар арасында неврологиялық бұзылыстар жиі кездесетіні айтылған. Оңалту бағдарламасына қатысқандардың нәтижесі салыстырмалы түрде жақсы. Сондықтан кешенді емдеу тәсілі қолданылады.

7-мәтін. Хирургия

Хирургиялық ем кейбір ауруларда негізгі әдіс болып саналады. Ота жасалғандардың жағдайы операциядан кейінгі күтімге байланысты өзгереді. Асқыну байқалғандар қосымша бақылауға алынады. Уақытында жүгінгендерде ота нәтижесі тиімдірек болады. Заманауи технология қолданылғандардың жазылу мерзімі қысқарады. Дегенмен созылмалы ауруы барлар үшін қауіп жоғары болуы мүмкін. Хирургтар әр науқастың жағдайын жеке бағалайды.

8-мәтін. Эндокринология

Эндокриндік жүйе ағзадағы гормондық тепе-теңдікті реттейді. Қант диабетімен ауыратындар тұрақты бақылауда болуы тиіс. Инсулин қабылдайтындардың жағдайы дәрігер нұсқауын сақтауына байланысты. Қандағы қант деңгейі жоғарылағандарда асқыну қаупі артады. Диета ұстанғандардың көрсеткіштері жақсарғаны байқалады. Артық салмағы барлар үшін алдын алу шаралары маңызды. Эндокринологтар тексерілгендердің нәтижесін динамикада қадағалайды.

9-мәтін. Психиатрия

Психикалық денсаулық адамның жалпы әл-ауқатына әсер етеді. Күйзеліске ұшырағандар мен ұзақ мазасызданғандар арнайы көмекке мұқтаж болуы мүмкін. Уақытында кеңес алғандардың жағдайы тұрақтанады. Ем қабылдамағандарда симптомдар күшеюі ықтимал. Терапияға қатысқандардың әлеуметтік бейімделуі жақсарады. Мамандар психикалық бұзылысы барларды қоғамнан оқшауламау қажеттігін атап өтеді. Ерте араласу оң нәтижеге жеткізеді.

10-мәтін. Реабилитология

Оңалту медицинасы аурудан кейінгі қалпына келуді қамтамасыз етеді. Жарақат алғандар үшін жеке бағдарлама құрылады. Физиотерапия алғандардың қозғалыс белсенділігі біртіндеп артады. Ерте басталған оңалтуға қатысқандар жақсы нәтижеге жетеді. Ұзақ уақыт қозғалыссыз қалғандарда бұлшықет әлсіздігі байқалады. Мамандар емдеу курсын аяқтағандардың жағдайын бақылауда ұстайды. Кешенді тәсіл денсаулықтың толық қалпына келуіне мүмкіндік береді.